

# Қазақ музыкасы

Антология 1




«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛДЫ

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., бас редактор
Тәжин М.М., бас редактордың орынбасары
Тәуекел С.Т., жауапты хатшы
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.



# Қазақ музыкасы

## Антология

**Бес томдық**

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ФОЛЬКЛОРТАНУ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӨНЕРТАНУ
СЕКЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

Қасқабасов С., төраға,
Қорабай С., төрағаның орынбасары,
Жұмасейітова Г., жауапты хатшы,
Күзембаева С.,
Қирабаев С.,
Мамыраев Б.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚА:
Рахмадиев Е., төраға,
Қасқабасов С., төрағаның орынбасары,
Қирабаев С.,
Күзембаева С.,
Мұсақожаева А.,
Әубәкірова Ж.,
Ахмедияров Қ.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

# ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫ

## Антология

### 1-том

### (Көне музыкалық фольклор)

Алматы
2005

ББК 85.31
Қ 17

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томның редакция алқасы:**
Күзембаева С.Ә., өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор,
Құндақбаев Б. Қ., өнертану ғылымдарының докторы, профессор,
Ерғалиева Р. Ә., өнертану ғылымдарының докторы,
Жұмақова Ү.Р., өнертану ғылымдарының докторы,
Омарова А. Қ., өнертану ғылымдарының кандидаты,
Нұрбаев Ә.А. (жауапты шығарушы).

Қ 17 **Қазақ музыкасы.** Антология: Бестомдық. 1-том. Көне музыкалық фольклор. — Алматы: «ҚАЗақпарат», 2005. — 516 бет.

ISBN 9965-643-88-1

Қазақ музыкасының тарихында тұңғыш рет жарық көріп отырған бес томдық «Қазақ музыкасы» антологиясының бірінші томына ұлттық мұрамыздың көне түрлері: сарындар, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт әндері және байырғы қобыз, шаңқобыз, сыбызғы, домбыра күйлерінің нұсқалары жүйелі түрде жинақталып берілді.

**ББК 85.31 (2 Қаз)**

Қ $\frac{4905000000}{00(05)-05}$

ISBN 9965-643-88-1 (т. 1)
ISBN 9965-643-87-3

© Әдебиет және өнер институты, 2005
© «ҚАЗақпарат» баспасы, көркемдеу, 2005

# Құрастырушылардан

Қазақ халқының музыкалық қазынасы үшінші мыңжылдықтың алғашқы кезеңіне дейін өзінің сан қырлы көркемдік сипатымен сақталынып, көшпенділердің руханияттық және эстетикалық талғамдарына сәйкес болып, ұлттық менталитетіміздің сарқылмас бұлағына айналуда. Антологияда жинақталған көне музыкалық-поэтикалық үлгілер — ұмытылмас бабалар даналығы, өшпес ғасырлар үні. Теңдесі жоқ рухани байлығымыз ауызекі түрде қалыптасып, әр заманда сұрыпталып, тек өзіне типтес сұлу да сүйкімді әуенімен, қайталанбас ұлттық ерекшеліктерімен, сан түрлі колорит-бояуларымен XXI-жүзжылдықта өз жалғасын табуда.

Қазақ фольклорының байырғы түрлерінен құрастырылған басылым тарихи маңыздылығымен қатар, жалпы түркі тілдес халықтардың көне мәдениетіне тән көптеген ортақ тамырларын байқататын қырларымен де құнды. Мысалы, ол — архаикалық мәтіндерде кең орын алған — (ноғай-татар, қырғыз-хақас, түркімен, балқар-қарашай, башқұрт және т.б. халықтардың фольклорындағы) тақырыптық-сюжеттік үндестіктері, алғашқы музыка үлгілерінде кездесетін (оның ішкі және сыртқы құрылымындарындағы) интонациялық, ырғақтық, өлшемдік ұқсастықтары, аталған халықтардың рухани өмірінде ерекше дамыған әдет-ғұрыптық, тұрмыс-салттық, наным-сенімдік ұғымдарындағы синкреттік бақсылық-шамандық өнеріндегі, көп циклді үйлену және ритуалдық рәсімдердегі ортақ бірліктері жеткілікті деуге болады.

Антологияның құндылығы туралы айта кететін тағы бір маңызды мәселе — музыкалық материалдардың әртүрлі варианттарымен құрастырылып, ғылыми ұстанымдармен сұрыпталып, олардың көнелік, сюжеттік, алғашқы көркемдік жанрлық белгілермен реттеліп, мейлінше жүйелендірілуінде. Сонымен қатар, мұнда музыкалық үлгілер ұлттық музыканың кейбір аймақтық ерекшеліктерін де қамтиды.

Антологияның бірінші томында ерте заманнан бергі ауызекі түрде сақталған байырғы фольклор үлгілері, яғни көне квинталық және кварталық күйлер, А.В.Затаевичтің іргелі жинақтарынан бастап, басқа да көптеген музыкалық-этнографиялық басылымдардан, Қытай және Моңғол республикаларында мекендеген қазақ диаспорасының фольклорынан көне музыкаға қатысты материалдар молынан алынып келтірілген.

Антология екі тарауға бөлініп, 374 нұсқадан тұрады. Олар 251 ән және 123 аспапты музыка. Бірінші бөлімге бақсы сарындары, жай сарындар, ақындар сарындары мен отбасылық әдет-ғұрып, тұрмыс-салт әндері (олардың ішіне арбау-байлау әндері, жарапазан, бесік жыры, үйлену салтының әндері), әдет-ғұрып, мұң-шер әндері енді.

Екінші бөлім аңыз күйлерден құрастырылған. Домбыра және қобыз күйлері ресоль бұрауына көшірілді.

Антологияның құрылысы — кіріспе, нота үлгілері, түсініктер (орындаушылар, нотаға түсірушілер, томға енгізілген жинақтар мен басқа да қосымша мәліметтер), қысқартулар, түйін (орыс және ағылшын тілдерінде) және пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады.

«Көне музыкалық фольклор» деп аталатын бірінші томдағы нұсқалар өзінің

реттік санымен орналасқан, ал басқа жинақтардан алынған халық музыкасының түрлері өз нөмірлерімен қалдырылған, кейбір түсініктемелер орысшадан қазақ тіліне аударылып, жаңа деректермен толықтырылған. Ноталық мәтіндер түпнұсқасымен сақталып, ал кейбір қажетті өзгерістер қазіргі графика мен ережелерге сәйкестендіріліп, оларға керекті қағыс белгілері қойылған.

Кейбір жағдайларда ән мәтіндері және қосымшалар қазақ тілінің бүгінгі кезеңдегі грамматикасы және стилистикасына байланысты жүйеге келтірілді.

Антологияны баспаға дайындағандар – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері мен Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының оқытушы-ұстаздары – жауапты әрі ғылыми жетекшісі, профессор **С.Ә.Күзембаева**, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР халық әртісі профессор **Қ.А.Ахмедияров**, ғылым кандидаты **З.Қ.Қоспақов**, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **К.С.Сахарбаева**, ҚР мәдениет қайраткері, ҚҰК доценті **Б.А.Ысқақов**, жауапты шығарушы, ғылыми қызметкер **Ә.А.Нұрбаев**, ғылым кандидаты **Е.Т.Үсенбаев**, ғылыми қызметкер **А.Ж.Қазтуғанова**, аспирант **Л.Ә.Жұмабекова**, нота теруші **Т.А.Ахметбеков**.

# ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫ

Үшінші мыңжылдықта — Тәуелсіздікке ие болған кезеңде ұлтымыздың материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін іздестіру, анықтау, табу және зерттеу жаңа бағыттар белгіленді. Бірнеше ғасырлық көркемдік сипаттарымен, тарихи маңызымен сақталған және ауызекі түрде қалыптасқан қазақ мәдениеті жалпы түркі руханиятының бір бөлігі бола тұра, Еуразия аумағында, сонымен қатар, дүниежүзілік адамзат прогресіне өзіндік үлесін қосуда.

Зерттеу тақырыбының күрделілігі мен өзектілігін, сондай-ақ, көне мұрамыздың қазіргі заманға дейін жеткен прозалық, поэтикалық, музыкалық үлгілері арқылы олардың нақты ғылыми-практикалық шешімі табылады. Фольклордың әр түрлі нұсқаларын қарастырғанда, оның тұрақталған өлшемдік, ырғақтық, мақамдық элементтеріне сүйене отырып, олардың көнелік, жанрлық және типологиялық сипаттамаларын ашу мүмкіндіктері туады. Сол тұрғыдан тұжырымдап, «Қазақ музыкасы. Антологияға» енгізілген сарындарды фольклордың ескі түрлеріне жатады деп айтуымызға болады. Байырғы музыканың бұл саласы негізінде тек ауызекі түрде ғана сақталғандықтан, бізге оның санаулы ғана ноталық үлгілері белгілі болды.

Сарынның рухани мәдениетіміздің өзегі ретінде, оның ғасырлар тереңінен бізге жеткендігі «Қазақ өнері» энциклопедиясында ғылыми түрде дәлелденеді. Сонымен қатар, мұнда сарын музыкалық-поэтикалық фольклордың көне түрі деп келтірілген [28, 603]. Сарын тек өзіне тән мақамымен, әуенімен, өлшемдік-ырғақтық иірімдерімен ерекше сипатталады. Оның этимологиясы — «әуен», «мақам», «мотив» және «сарындату», «сарындатып айту» деген ұғымдармен тығыз байланысты және оның мағынасы қазақ әдебиетінде, филология ғылымында жан-жақты зерттеліп, кең қолданылады. Сарын көптеген мән-сырымен көркем шығармаларда, музыкада орын алады: әдебиетте — ерекше стильдік бағыт ретінде, табиғат көріністерін сипаттауда, романның негізгі кейіпкерлерінің ішкі дүниесін ашуда, олардың ой-пікірлерінің бірліктігін көрсетуде, сонымен қатар, қысқа да нұсқа да поэтикалық өлеңдер түрінде де [3, 232-233] кездеседі. Ал музыкада, дәлелдеп айтқанда, опера өнерінде — лейтмотив, лейт-интонация ұғымдары негізгі сарын түрінде және басқа да көркемдік тәсіл ретінде пайдаланылды. "Сарын" деген термин тұңғыш рет ұлы ғалым-энциклопедист Ш.Уәлихановтың еңбектерінде, нақты айтқанда, Қорқыт туралы зерттемелерінде кездеседі. Шоқанның пікірі бойынша: «Қырғыз (қазақ — С.К.) бақсыларында ең алғашқы бақсы болған Қорқыт туралы аңыз кең тараған. Онда Қорқыт қазақтарға, қобыз ойнап, сарын айтуды үйреткен" [10, 168].

Сарын — архаикалық сөз, оның мағынасы жалпы түркі халықтарында жиі кездеседі. Мысалы, балқар-қарашайларда, ноғай, башқұрт-татарларда, тувалықтарда — сарын, сарнау, жылау-сықтау деп айтылып, рәсім-салттық функцияларды орындау ұлттық дәстүрлерінде кеңінен орын алған [44, 28]. Ал қазақ халқының рухани өмірінде сарын — көп мағыналы және көп түрлі болып келеді. Мысалы, жай сарындарды адам өзінің ішкі дүниесіне сәйкес өзіне үндесе, бақсы сарындары (сарындардың ішіндегі ең күрделі және синкреттік түрі): арбау, емдеу — адамның және тірі жандардың сырқаттанған кезінде гипноздық жағдайға келтіру үшін магиялық және шипагерлік мақсатпен орындалады. Сопылық сарындарға келсек, олар діни ұғымдарды уағыздауға, ислам дінін насихаттауға бағытталады. Ақындар сарындары туралы айтсақ, олар тек сол ақынға тән, өзіндік ерекшеліктері бар мәнерлерімен қолданылады. Қазақтың Шығыс өлкесінде кейбір сарындар

қыз ұзату, келін түсіру салттарында диалогті түрде айтылады. Түйінделе келгенде, сарын байырғы фольклордың ерекше түрі ретінде халықтың тұрмыстық-рухани дүниесінде кең және тұрақты орын алып, жан-жақты дамып, тарап, көне рухани дүниеміздің сарқылмас бұлағына айналды.

Сарын туралы құнды ой-пікірлерді көрнекті ғалым-түркітанушы А.Байтұрсыновтың [5, 298] (оның ғылымға енгізген термині — «сарын — сөз саласы») еңбектерінде, оның көп мәнді мағыналары туралы Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, А.Ісімақова және т.б. ғалымдардың зерттемелерінде айтылған.

Жалпы тұжырымдағанда, сарын — ұлттық мәдениетіміздің ежелгі дәуірінде пайда болып, одан әрі өмір талабына сәйкестене келе, ғасырлар бойы саралануы, өзінше дамып, бірнеше тарихи кезеңдерді қамтиды. Фольклордың алғашқы бұл түрі тұрмыс-салттық, эпикалық жанрлардың, сонымен қатар, басқа да халық музыкасының негіздерін қалап, лирикалық әндердің, айтыстық, аспапты музыканың өзектерін құрастырып, халық композиторларының — сал-серілердің, ақындардың, күйшілердің шығармашылығына елеулі ықпалын тигізді. Сондықтан сарындардың мәдени мұрамыздың тарихында орны өте маңызды және ерекше. Бұл тұрғыдан атақты ағылшын оқымыстысы, мәдениеттанушы және этнограф Э.Тайлор (1832–1917) өзінің «Алғашқы мәдениет» атты белгілі еңбегінде: «Мәдениеттің әр түрлі кезеңдері оның бірте-бірте дамуын көрсете келе, өткен дәуірдің мұрасы болып, келешектің қалыптасуында маңызды рөл атқарады» [46, 18], — деген.

Сарындарды көне фольклордың саласы ретінде зерттеу — оның көркемдік және құрылымдық сипаттарын, ұлттық музыканың генезисін, өзіндік және аймақтық ерекшелігін анықтап, жанрлық және композициялық түрлерінің эволюциялық жолымен дамуын көрсету — дәстүрлі өнеріміздің көптеген күрделі тарихи-теориялық мәселелерінің сыр-сипатын шешеді.

«Қазақ музыкасы. Антологияға» енгізілген сарындар алғашқы музыка мәдениетінің бұлағы ретінде қабылданып, бізге жеткен ноталық нұсқалары бойынша бақсылық және жай сарындар, сонымен қатар оның ақындық түрлері болып жүйеленеді.

**Қазақтың отбасылық әдет-ғұрып, тұрмыс-салт әндері** ұлттық өнердің бастау көзі. Музыкалық фольклор жүйесіндегі бұл байырғы жанрларда ғасырлар бойы қалыптасқан ырым-ұғымдар сақталған. Қазақ халқының өмірінен үлкен орын алған ғұрыптық әндер жанрлық-тақырыптар жағынан төмендегі салаларға бөлінеді: арбау-байлау әндері — «Бәдік», «Күләпсан», «Жарапазан»; үйлену тойларында айтысатын — «Жар-жар» («Аужар», «Бике-ау», «Үкі-ау»), «Сыңсу» («Қыз сыңсуы», «Корісу», «Қоштасу», «Сарын»), «Тойбастар», «Беташар»; нәрестенің дүниеге келуімен байланысты айтылатын — «Бесік жыры» («Әлди бөпем», «Бала жұбату»); қайғы-қасірет, мұң-шер әндері — «Естірту», «Жоқтау» («Жылау», «Зарлау», «Дауыс айту», т.б.).

Қазақтың әдет-ғұрып, тұрмыс-салт әндерінің тарихы қазақ қауымы өз алдына жекелене бастаған (б.д.д. VII-V ғғ.) кезінде-ақ пайда болған. Әрине, ол кезеңнің музыкалық мәселелерін зерттеудің өзіндік қиындықтары жеткілікті. Көне үлгілердегі ән-өлеңдердің ауызекі түрде таралуы себепті олардың жазбалары сақталмады.

Қазақтың дәстүрлі алғашқы фольклоры заман елегінен өткен сайын мүлдем жоқ болып кетпегенімен, бастапқы қалпында сақталмай, үлкен өзгерістермен жаңарып, бізге жеткені мәлім. Антологияға енген ғұрыптық үлгілердің бәрі де әуендік, интонациялық, ырғақтық, ладтық жағынан дами түскендігін көрсетеді (дыбыс

көлемі тұрғысынан кеңейген). Ал өлең-мәтіндерінде әр уақыттың жырын жырлайтын осы дәуірдің өмір тіршілігін суреттейтін сөздер кездеседі. Ғұрыптық әндердің конелігі, біздіңше, олардың жанрлық жағымен байланыстылығында. Сондықтан да ғұрыптық үлгілердің ритуалдығын да нақты түрде, арбау-байлау, емдеу, үйлену салты, өлікті жерлеу, т.б. салт-жоралармен біртұтас деп тұжырымдаймыз.

Арбау-байлау, емдеу ән-өлеңдері «Бәдік» пен «Күләпсән» белгілі бір аурудан адамды немесе малды емдеу үшін қолданылады. Бәдіктің айтылуын С.Сейфуллин былай түсіндіреді: «Адам ауырса, яки мал ауырса, әйел-еркек жиналып, ауырған малды қамап алып, екі-екіден қосылып, шулап өлең айтады. Өленді орындағанда ауру «иесін» қорқытып, «жын ойнағандай қылып ойнап айтады. Бұл өленді «бәдік» дейді» [45, 177]. Бақсы-балгерлік халықтың нанымы бойынша, әр аурудың өз иесі, тәңірісі бар, тілін тапсаң оны қуып, аластауға болады деп сенген.

Бәдік және бақсы сарындары ауруды емдеу кезінде ән-өлеңмен қатар, түрлі қимыл-қозғалыстармен, жора-жосық, би элементтерімен қосылып, синкреттік сипатта әсер етеді. Емдік тәсілдердің қасиеті мен сиқырлы күші де осы ерекшелікте деп ойлаймыз.

Халықтың ән шығармашылығындағы синкретизмнің тарихилығы мен жалпы белгілері жөнінде фольклор зерттеушісі Э.Е.Алексеев былай дейді: «Синкреттік мәдениеттің негізгі белгісі көптеген халықтардың дәстүрлі фольклорында бүгін де көрініс тауып жалғасуда, поэзия мен музыка жеке-жеке бөлек өмір сүрмеген, олар тұтас бір дүниенің бөлінбейтін екі жағы болған» [1, 88].

«Жарапазан» әні ораза айында, «ауызашар» кезінде, сондай-ақ таңертең, кейде түн ішінде де айтылады. Жарапазанның өзін шартты түрде үш кезеңге бөліп қарауға болады. Алдымен — орындаушы үй иесін мақтаудан бастайды. Одан кейін ислам дінінің негіздерін уағыздап, имандылыққа шақырады. Соңы бата берумен аяқталады. Жарапазанның негізгі мақсаты — ораза айында ислам дінін насихаттаумен бірге, халықты имандылыққа ұйыту, береке-бірлікке, ізгілікке шақыру болып саналады.

Әдет-ғұрыптық әндері орындалған кезде әсерлі бимен, көңілді ойындармен өткізілетін және соларға байланысты сенімдер өте көне замандарда, адам баласы аңшылықтан – қарабайыр жер өңдеушілікпен және мал өсірумен айналыса бастаған кезде, б.з.д. V-IV мыңжылдықтарда, ал кейбір жерлерде одан да бұрын — III-II мыңжылдықтарда қалыптаса бастаған [49, 84].

**Жар-жар** — қыздың ұзатылу тойы аяқталып, үйден аттанар алдында орындалады. Әнді екіге бөлінген қыз бен жігіт топтары диалогпен айтады. Жігіттер бастап, қыздың жат-жұртқа жаралғанын, жаңа тұрмыс құруының, жарын сүюдің, нәресте көрудің қызығын айтып, барған жерінде «құтты келін бол» деген тілектер білдіреді. Ол жаңа да ата-енесінің барын ескертіп, қызды жұбатады. Әрбір өлең жолдарынан кейін «жар-жар» деген қайырма сөздер қайталанып отырады. Қыздар тобы ұзатылып бара жатқан қалыңдықтың атынан жігіттерге жауап береді. Жат-жұртқа барғанда елде қалған ата-анасын, туған жерін, туыстарын, құрбы-құрдастарын сағынатынын әнге қосады.

Қыздар айтатын «Жар-жардың» әуенінде әрқашанда мұңды сарын бірге жүреді. Өлең сөзі 11-буынды «қара өлең» үлгісімен, кейде 7-8 буынды жыр ағымымен келеді. Әуені шағын диапазонда айтылып, ырғақтық-өлшемдік құрылымы қарапайым болып келеді.

«Жар-жар», «Сыңсулардың» т.б. түрлері өзге түрік-моңғол халықтарының біразында бар. Қазақ жұртымен көршілес отырған туысқан қырғыздарда «Жар-жар»,

өзбектерде «Ёр-ёр», қарақалпақтарда «Хәу-жар», татарлар мен әзірбайжандарда «Яр-яр» деп аталады.

**"Сыңсу"** — қазақтың салт-жорасы бойынша, ұзатылып бара жатқан қыздың елжұртымен, туған-туыстарымен, құрбы-құрдастарымен қоштасардағы әні. Сыңсудың әуені мен өлең мазмұны жүрек тебірентерліктей мұңды сазымен, қайғылы, аянышты сезімімен әсер етеді.

**«Тойбастар».** Әдет-ғұрып, салт дәстүрі бойынша, қазақ халқының мәдени өмірінде ежелгі заманнан бері үлкен орын алатын той-томалақ қуанышы. Шілдехана, бесікке салу, қыз ұзату, келін түсіру және басқа адам көңілі көтеріңкі кезеңдердің бәрі де той-жырмен өтеді. «Тойбастар» көбінесе қыз ұзату, келін түсіру жиындарында айтылады. Ән оның мәтініне қарай көңілді, құлпырып отырады. «Тойбастарды» әркім өзінің білгенінше әр түрлі әуенмен айтады, ал кейбір кезеңдерде арнайы ақын-өлеңшіні шақыртады.

**«Беташар»** — қазақтың ілгері заманнан келе жатқан келін түсіру тойындағы ғұрыптық әндердің бірі. Оны ақын, жырау немесе осындайға бейімі бар ауылдың әнші жігіті шырқатады. «Беташар» әні жоғарғы биік дыбыстан басталып, терме сарынында желдіртіп, қызу леппен көңілді де сергек саздармен орындалады. Өлең құрымы 7-8 буынды жыр үлгісінде дамиды. Ән үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде әнші жігіт келіннің көрік-келбетін жырлай келе, оған өсиет-өнегелі сөздер айтады. Екінші бөлімде ата-енесімен, абысын-ажындарымен, қайын, қайын-ағаларымен жеке-жеке таныстырып, әрқайсысына сәлем жасатады. Үшіншісінде ақын келіннің жүзін көргендері үшін үлкендерден көрімдік сұрайды.

**«Бесік жыры».** «Туғанда дүние есігін ашады өлең», — деп данышпан Абай жазып кеткендей, бала шыр етіп жерге түскеннен бастап өмір бойы ән ырғағына бөленіп жүреді. Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты ырымдар: «Шілдехана», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару», – бәрі де ән, өлеңсіз өтпейді. Бесік жыры барлық халықтарда бар. Оның түп тамыры тереңнен бастау алып, алғашқы қауымдық дәуірмен ұласады. Әуел баста ыңылдаған әуен ырғағында келетін бұл әннің алдымен музыкалық сазы пайда болған да, кейінірек мәтіндер қосылып, бас-аяғы бар шығармаға айналады. «Бесік жырлары» көбінесе 7-8 буынды, кейде 11-буынды өлеңдермен, дыбыс қатары шағын көлемде, кейде бір, ал кейде қайырмасы бар екі бөлімнен тұратын қысқа-қысқа әуендермен қайталанады. Әуендік-интонациялық құрылымы, ырғақтық-өлшемдік жағынан бесіктің тербелісіне сай бірқалыпты сарында үнделеді.

**Мұң-шер әндері** — «Жоқтау», «Жылау», «Дауыс» деп түрліше аталғандарымен, бұлар адамның қазасына байланысты келетін азалы рәсімдер. Қазақ дәстүрі бойынша өлген адамның артында қалған жұбайы, қызы, қарындасы, келіні, т.б. ең жақын туыстарының әйелдері оның жылы толып, асы берілгенше қара жамылып үш мезгіл (таңертең, түсте, кеште) жоқтау айтады. Ән 7-8 буынды өлең шумағында құрылып, формасы жағынан жоқтаудың музыкалық-интонациялық әуен-сазы сыңсу, қоштасу, естірту, көңіл айту, т.б. ғұрыптық ән-әуендердің стиль ерекшеліктерімен сабақтасады.

Жоқтау әндерінің үлгілерін салыстыра қарағанда, дыбыс диапазоны жағынан тар көлемдегі (трихорд, тетрахорд, пентахорд, гексахорд) аралығында және ауыспалы өлшемдер (5/4, 7/8, 3/8, 2/4, 5/8, 6/8) арқылы өрістеумен қатар, көпшілігі дәстүрлі саздарда (ладтарда), секундтық, терциялық интонациялардан, дауыс ырғақтарынан құрылатыны анықталды. Поэтикалық мәтіндері 7-8 буынды өлең жолдарымен айтылып, кейде лепті үндермен шығып, «Оу!», «А-ей!», «Ах!» немесе «Ох!» деп, кварта,

квинта аралығындағы дыбыстармен көтеріңкі дауыспен басталып, әр түрлі биіктіктегі дыбыстарда аяқталады.

Ұлттық аспаптық музыканың тарихында **көне аңыз күйлер** басты орын алады. Олар — мәдениетіміздің маңызды да көркем саласы. Бұл күйлердің мазмұндық, жанрлық, жүйелік қырлары дәстүрлі төкпе күймен салыстырғанда тек өзіне типтес шегінде сипатталады. Бұл күйлердің негізгі формалық ерекшелігі — күй тарауларының қайталануында. Домбыраның табиғи перне дыбысы күйдің композициялық тұрғысын ашып, саз дыбыстарының өзара ұйымдастырылуын айқындайды. Квинталық бұрау және ашық ішек дыбысына негізделген бұл аспаптың музыканың шығу тегі және оның бурдондық тәсілдегі композициялық құрылымы көшпелі түрік-монғол халықтарының дүниетанымымен ұштасады. Қағыс және ырғақтың да алар орны ерекше, олар күйдің образын бейнелеп, мән-мағынасын тереңдете түседі. Көне аңыз күйлер – сөз-сөйлемге икемді болып келеді. Мысалы, "Антологияда" кең орын алған «Балаң өлді, Жошы хан», «Әке-ке-ау, ерке атан кетті, қайтейін», т.б. күйлер.

Күйлерде жиі кездесетін «жоғарғы», «ортаңғы», «төменгі» деген ұғымдар — халық санасында «өзгермейтін» мәңгіліктің символы. Осындай әлем кеңістігінің үшке бөлінуін көшпелі халықтар қасиетті санап, өзінің дәстүрлік түсініктерінде кеңінен дамытқан. «Күй» деген сөздің арғы тегі Көкпен байланысты болғаны рухани ілімдерге жаңаша көзқарастан, ежелгі сенім-ырым, аңыз, эпос, жыраулық өнерден белгілі. Көк пен Су екеуі көне заманда біртұтас пікірмен қабылданған: бірі — жоғарғы аспан, бірі — төменгі аспан. Алғашқы адам түсінігінде екеуі де — жаратылыс. Барлық табиғат адамның сыртқы күйі болып қабылданған. Музыканың алғашқы шығатын өзегі адамның сыртқы ортамен біртұтастығы, сонымен тығыз байланысуы болса, күй сөзінің Аспан мағынасында мақұлдануы осы пікірді дәлелдейді. "Антологияда" берілген көне аңыз күйлердің негізгі дені осы құрылымдық сипатқа негізделген.

Аспан — шамандықтағы ең құдіретті дүниетаным. Көк тәңірі — көк аспан. Қазақтардың ұғымындағы бірінші аталатын сын есім «көк» көріністі бейнелейді және заттың түсін білдіреді, ол зат есім (тәңірі) «көк» атауының баламасы (синонимі). Аспан өзінің әрекеттерінде жақсылықты да, жамандықты да Көк биігінен іске асырады. Бүкіл адамзаттың аман- саулығы — Көктің күшінде. «Тәңірі жарылқасын», «көк соққыр», «көк соққан» деген сөз тіркестері шамандық кезінде пайда болды. Антологияда «Ақсақ қыз», «Қыз туралы аңыз», «Сау қаз», «Сал жігіт» секілді көптеген күй аңыздары осы мифологиялық сенім, ұғым санасымен ұштастырылған.

Жинақта берілген аңыз күйлердің келесі үлгілерінде ырғақ өрнектері басым келеді. Олардың аңызына байланысты жан-жануарлардың шабысы, тағы басқа қимыл-әрекеттері ырғақ өрнектерімен келтіріледі. Сонымен қатар, жетекші орынға шығады, яғни, шығармалардың басынан аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, сол шығарманың лейт-ритмі (негізгі ырғақ) ретінде пайдаланылады. Ырғақ өрнегі жиынтығынан тұратын күйлер – «Боз айғыр», «Қара жорға», «Ақ боран». Бұл күйлердің ерекшелігі — сюжетіне, аңызына байланысты көбінесе қозғалыс, жүрісті бейнелеу. Сонымен бірге, бұл шығармаларда жанрға сәйкес күй тарауларының халық әндеріндегідей сөйлемдерден құралуы да кездеседі. Мәселен, «Айналайын, Тепеңкөк, кекіліңе болайын, күлтеленген жібектей, сауырыңа болайын, түбі түскен шелектей» деп еркелеткен сөз сарыны «Тепеңкөк» күйінің негізгі әуенімен жалғасады. Назар аударатын жай — мұнда аттың шабысы сөз-сөйлемге құралған, үнемі өзгеріссіз қайталанып отыратын қайырымы бір ырғақ жүйесінен тұратындығында.

"Антологияға" енгізілген «Аққу» күйлері халқымыздың жан-жануарларды киелі санаған тотемдік ой-сенімдеріне байланысты туған. Киелі құс аққуды қасиетті ана, тылсым күштің иегері, сұлулық пен мейірімнің жаршысы деп ой-армандарына арқау еткен. Бұл күйлердің ішкі құрылысының ең кіші бөлшегі — сол қолмен іліп ойнау әдісі құстың музыкалық образын елестетеді. Бұл бейнелеу «Аққу» күйінің тұла бойында құстың дыбыстық үнімен үйлесім табады. Оның композициялық құрылымы осы іліп ойнау тәсілімен шектеліп, бүкіл күйдің басынан аяғына дейін алма-кезек келетін «қара қағыс» түрімен орындалады.

Осы тұста түйіндейтін ой — ғасырлар бойы қалыптасып, бүгінгі күнге жеткен көне музыкалық мұрамыз мәдениетіміздің ең байырғы үлгілері. Өйткені бұл күйлердің түп-тамыры ежелгі архаикалық салт-санамен ұштасып, ұғым-түсінікпен байланысады. Олардың көпшілігінде байырғы замандардағы мифологиялық наным-сенімдердің таңбасы, ізі күні бүгінге дейін сақталған. Әр ұрпақтың тағдырында тәрбиелік маңызы бар, жаңа заманда жаңаша үнмен нәрленген күй дүниесі — бұған толығымен дәлел.

**Сыбызғы күйлері** қазақтың аспапты музыка мәдениетінде домбыра және қобыз өнерімен қатар тұратын асыл қазына. Тереңнен тамыр бойлаған сыбызғы күйлерінің шығу тегі көне заманнан басталады. Олардың ежелгі дәуірден етек жайған тарихы аңыз-әңгімелер мен музыкалық ерекшеліктерінен байқалады.

Сыбызғы тектес аспаптар түркі-монғол халықтарында кең таралған. Оның түрлері, ұзындығы, дыбыс ойығы ерте кезде құрайдан істелетін (қарақұрай, көккұрай, таңқұрай, жаужапырақ құрай). Бұл аспап туралы деректерді көптеген зерттеушілердің еңбегінен кездестіреміз. Атап айтқанда — П.Тихов, А.Левшин, А.Эйхгорн, А.Жұбанов, Б.Сарыбаев, П.Аравин, Т.Бекхожина, Ә.Мұхамбетова, Ә.Райымбергенов, С.Аманова, П.Шегебаев, Т.Мұқышев, Н.Жолдасова,[1] т.б.

Сыбызғы күй аңыздарын тақырыптық тұрпатына қарай діни наным-сенімдік, мифологиялық, тұрмыс-салттық және әдет-ғұрыптық деп жіктеуге болады. Мысалы, тотем-жануарларының құдіретіне арналған күйлер қатарына — «Көкбұқа», «Желмая», «Бозінген», «Қызылқан», «Бейжін сары атан» және т.б.; мифологиялық аңыз-күйлерге: егіздер, жетімдер мифінің бейнесінде жазылған күйлер — «Аңшының зары», «Бөкен жарғақ», «Тоқта баяу», «Жетім ұл», «Жетім қыз»; ақсақтар мифін көрсететін күйлер — «Ақсақ марал», «Ақсақ қой»; жер асты әлемімен байланысты өзен-суға кеткен адамдар мен жан-жануарлар мифіндегі күйлер — «Жорға аю», «Зарлау», «Талшыбық бәйбішенің зары» және т.б.

---

[1] Абай журналы. № 3, 2004, 24-29-бб.; Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева) – Алматы: Санат, 1996. - 656 с., с. 354.; Эйхгорн А. Музыкальная фольклористика Узбекистана: ч.1. Музыка казахов. Ташкент, 1963. - 179 с., с. 49-55; Жұбанов А. Ән-күй сапары. Алматы: Ғылым, 1976. -478-б., 144-146-бб.; Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. — Алматы: Ғылым, 1976. -478-б., 144-146-бб.; Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы: Өнер, 1981. — 208-б., 96-107-бб.; Аравин П. Степные созвездия: Очерки и этюды о казахской музыке. Алма-Ата: Жалын, 1978. - 184 с., с. 6.; Бекхожина Т. Даламның назды саздары. Алматы: Өнер, 1996.- 208 -б., 20-25-бб.; Мухамбетова А. Казахский кюй (очерки истории, теории, эстетики). Алматы: Дайк-Пресс, 2002. — 208 с., с. 23.; Күй қайнары. / А.Райымбергенов, С.Аманова. - Алматы: Өнер, 1990. - 208-б., 46-48-бб.; Шегебаев П. Стилевые особенности восточно-казахстанской инструментальной музыки.-// Музыкальное искусство: наука и образование. Сб. науч.трудов. Астана: КазНАМ, 2004. - 303 с., с. 154-158; Мұқышев Т., Бекхожина Т. еңбегіндегі сыбызғышылық дәстүр және сыбызғының түрлері.// Музыкадағы этномәдени дәстүр: Т.Бекхожинаны еске алуға арналған Халықаралық конференция материалдары. Алматы: Дайк-Пресс, 2000. - 326-б., 230-235-бб.; Жолдасова Н.К. Казахско- башкирские флейтовые аэрофоны.// Музыкальное искусство: наука и образование. Сб. науч. трудов. Астана: КазНАМ, 2004.- 303 с., с. 170-174.



Бақсы ойыны. Қола дәуірі.
Тамғалы. Жетісу.



Биші және сүйемелдеуші.
Қола дәуірі. Тамғалы.
Жетісу.



Сарын. Бақсы сарыны. XX ғ.



Бақсының асатаяғы
(асай-мүсейі).



Сыр бойында өмір сүрген
Есақай бақсының бала қобызы.

Аспап негізі көшпенділердің бақташылық өмірімен тығыз байланысты болғандықтан, ол қазақ ұлтының тұрмысында жан-жақты орын алған — мал және қоршаған орта, табиғатпен үндестік табатын күйлер кең тараған. Олар — «Тепеңкөк», «Өрелі кер», «Балжыңкер», «Жеті атым», «Өрелі көк», «Қара жорға», «Ат келді» және т.б. Қазақ халқының әдет-ғұрпына сәйкес келген сыбызғы күйлері той-думандарда, үйлену («Қыз алып қашқан», «Арбиянның жастық шағы») және жерлеу рәсімінде жиі қолданылған («Естірту», «Хан жұбату», «Жұбату»). Жерлеу салт жораларына қатысты «Күй қайнары» жинағында: «...Шоқан қайтыс болғанда әкесіне қаралы хабарды Қанғожа мен Тулақ қобыз бен сыбызғы арқылы естірткен» [26, 46-48], — деген дерек берілген.

Сондай-ақ, сыбызғы күйлерінің аңыздары аңшылық әлемімен де сабақтасады («Жаралы ақ бөкен»). Аңшылықтың сәтті өтуіне жебеуді ниет етіп, аң аулау алдында сол жердің, сол елдің аруақ-иесіне арналған рәсімдердің болғаны белгілі. Бұл рәсімді аңшының өзі немесе рухани дүниеміздің өкілдері: бақсы, жыршы және күйшілер жүргізген [51].

Талдау барысында жүйеленген шығармалардың музыкалық ерекшеліктері көне күйлер нышандарын аңғартады: ең алдымен күйлердегі екі дауысты, яғни бурдон (төменгі дыбыс) мен әуеннің қатар жүруі. Төменгі дыбыстың көмей дауысымен үнделуі, ал жоғарғысының — аспаппен орындалуы. Бұл ерекшелік туралы фольклор зерттеуші, ғалым П.Шегебаев: «... орындаушының дауысы өзінің табиғи, вокальдық қасиетінде пайдаланылмайды (яғни өлең тілінің жабық яғни анық емес феномені), аспап үнінің күшейту және байыту жолындағы тембр фонының әдістемесін жүзеге асырады» [53, 156] — дейді. Бурдон екі дауыстылығының көнелігі жайында башқұрт музыкатанушысы Х.Ихтисамовтың көшпенді жұртшылық пен орман аңшыларының (тува, моңғол, башқұрт, ұйғын, қазақ, қырғыз, телеуіт, торғауыт) көмеймен ән салу немесе аспапты музыкасындағы екідауыстылы-остинатолық орындау шеберлігінің көнеден тамырлағанын болжамдап: «Екідыбысты үнделу кезінде адамның әншілік аппараты адам қауымының тіл және ән салу кезеңіне дейін болған акустикалы-физиологиялық қалыпқа иеленген» [20, 180] — деп түйіндейді.

Сыбызғы күйлерінде имитациялық әдіспен орындау басыңқы келеді. Әуені мен ырғағының қарапайымдылығы; әуенінің көбінесе квинта интервалынан басталуы; саздық-интонациялық және құрылыстық негізі ретінде табиғи дыбыс қатарының пайдаланылуы (бұл орайда сыбызғы күйлерінің акустикалы-обертонда негізделуін ерекше айта кеткен жөн); дәстүрлі музыкаға тән суырып салма өнерін танытатын өлшем еркіндігі және ұстамды, байсалды, сабырлы екпіндерінің жиі кездесуі де көнеліктің нышандарын айқындайды.

Сыбызғы күйлерінің даму кезеңі XVII-XIX ғасырлар аралығын қамтиды. Себебі, бұл уақытта сыбызғы дәстүрінде ауқымды авторлық шығармалар пайда болумен қатар, замана қойнауынан қалыптасқан күй-тартыс өнері өзінің дамуы шыңына жетті. XIX ғасырда көшпелі өркениетте болған тарихи, саяси, әлеуметтік өзгерістер сыбызғы аспабының тағдырын күрделі дағдарысқа ұшыратты. Соның нәтижесінде, сыбызғы дәстүрі сиреп, ол тек Қазақстанның жеке аймақтарында ғана (Батыс және Шығыс өлкелерінде) сақталып қалды. Қазіргі тәуелсіздік кезеңде бұл аспапқа көңіл бөлініп, ол қайта жаңғыру белесіне көтерілуде.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жоспарланған «Қазақ музыкасы. Антологияға» сыбызғы күйлерінің бүгінгі күнге дейін жарық көрген жинақтардағы көне фольклорлық үлгілері: «Әдет-ғұрып, тұрмыс-салт күйлері» және «Аңыз күйлер» еніп, олар екі бөлім бойынша жіктелді.

Көне заманнан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан қазақтың төл музыкалық аспаптарының бірі — ысқымен ойналатын **қыл ішекті қобыз өнері** ұлттық мәдениетімізде айрықша орын алады. Оның тарихы Қорқыттан (VIII — IX ғғ.) басталады деп болжануда. Одан арғы дәуірлерде бұл аспап туралы нақты мәліметтер әзірше белгісіз. Кейбір деректер бойынша IV — V ғасырларға жататын тас мүсіндерде қобыздың суреті бейнеленген. Мысалы, ежелгі Қытай жазбаларында ғұндардың кезінде қылқобыз бен сыбызғы болғаны жөнінде мағлұмат беріледі [39, 20].

Қазақ халқының тарихында қылқобыз аспабы, оның күйлері мен сарындары тек Қорқыттың есімімен байланысты сақталып жеткен. Оның құнды асыл музыкалық мұрасы мен дәстүрі, негізінен, бақсы-балгерлердің емшілік ойын-өнерлерінде, ғұрып салттарында тұрақты түрде сақталып келген. Академик Әлкей Марғұланның пікірінше, бұрынғы дәуірлерде ғұмыр кешкен қазақ бақсылары: Қойлыбай, Кет-Бұға, Есей-Бұқа, Балқыбай, Шыңғыс ханға кеңесші болған әкелі-балалы — Мұңлық-Ежеке мен Көкше (Төбе тәңірі), Бағаналы Балақай, Қыпшақ Барақ, Қарамырза, Бексейіт, Жаман-сарт, Мешітбай, Шүмен, т.б. Қорқыт дәстүрін жалғастырып, жолын қадірлей ұстай білген даңқты өнерпаздар. Олардың әрбірі «халықтың ақылшы батагөйі, ақыны, музыканты, көмескіні болжайтын сәуегей қариясы, керемет ой иесі, әулиесі саналған...» [37, 212-225].

Аспаптың қолдану әдістерінен туған көне қобыз күйлерінің көпшілігінде бақсылар зікірінің ырғағы анық сезіледі. Сондықтан олар тақырыптық және әуендік ерекшеліктері арқылы бақсы сарындарымен үндеседі.

Қазақ халқының көне замандардағы дүниетанымынан шыққан өміршең, мәнмағынасы зор философиялық-эстетикалық болмысы, тыныс тіршілігі Қорқыт туралы шежіре-аңыздардың тарихи мазмұнымен сәйкес. Әулие бабамыздың аңыздарын зерттеген ұлы ғалым, академик Мұхтар Әуезов: «...Аңыздарда оптимистік мағына басым.... Қорқыт жазмыш тағдыр даярлап қойған талайына қарсы алысады» — деп түйіндейді [4, 228]. Сонымен қатар, оның күйлеріне де терең философиялық толғаныс, қайғы-мұң, зарлы тебіреніс тән.

Ежелгі дәуірде адамзат болмысы қоршаған айналасымен біртұтас тіршілік еткен. Сондықтан, күңіренген қобыздың үнделенуі табиғат дыбыстарын бұлжытпай келтіреді. Яғни, жел ызыңы, су сылдыры, жапырақ сыбдыры аспаптың дыбысталуында еліктетіліп көрсетіледі. Жан-жануарлардың шығаратын дауыстары, қимылдары да дәл суреттелінеді: иттің немесе қасқырдың ұлуы, балапандардың шырылдауы, аққудың сұңқылы, түйенің жүрісі мен желісі, құстың бебеу қағып шырылдағаны — көне музыкаға типтес образдардың бірі. Сонымен бірге, қобыздың қоңыр үні адамның даусына да ұқсас болғандықтан, оның көңіл-күйіне ортақтасып, қайғы-қасіретімен үндесіп, мәңгілік өмірдің жырын төгіп, өнердің өшпес мәнін жырлайды.

Қылқобыз күйлерінің тарихы мен мазмұны көне, ескі мақамды болып қалыптасады. Олар өзінің шығу тегі бойынша ең байырғы, архаикалық салт-сананың айнасы. Сол тұрғыда Қорқыт туындыларының мазмұнымен, әуезімен үндесетін өлең шумақтары бар. Мәселен, «Ұшардың ұлуы» күйіндегі ананың:

Жалғызымнан айрылдым,
Қанатымнан қайрылдым,
Ұшар, Ұшар, кә, кә... —

деп баласын жоқтауы; «Тарғыл танадағы» тананың:

Менің өзім қара едім,
Қарадан туған ала едім,

Туған жерім — Қазалым,
Мына тау болды-ау ажалым, —

деп жылағаны; «Әуппай» күйіндегі Қорқыттың:

Айналайын балам-ай,
Жас балаңа алаңдай,
Аш болсаң да, ойында,
Аман сақтау баланды-ай, —

деп күңіреніп, баласын жұбатқан анаға Қорқыттың айтқан сөздері күй әуеніне қосыла айтылып отырады. «Бұл ежелгі өнердің ерекшелігін, ондағы синкретизм (күй, ән, жыр бірігіп келетін) белгілерін білдіретін айшықтың бірі болып табылады» [35, 8].

Қобыз өнерінің толық сипаттамасын анықтау үшін музыкалық тіліне тән заңдылықтары мен ерекшеліктерін айқындау қажет. Бұл бағытта саз өзгешеліктерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі ережелері (этногенезистік процестері) тарихта болған елеулі оқиғалар мен сан-алуан құбылыстардың әсері мен ғасырлар бойы бақсылық дәстүрінің шеңберінде жетілгенін байқатады.

Қорқыт туындыларының жалпы құрылымы — барынша қарапайым, көбінесе жай екпінде, қысқа-қысқа нақыш-саздардан тұрады. Ондай шағын әуендерде ашық және жасырулы түрде, кейбір ырғақты немесе фактуралық сілемдері өзгеріп, түрленгенімен, ортақ саздық байланысы сақталады. Сонымен қатар, күйлерді біріктіретін тағы бір жағдай — көбінің соңғы бөлімі ортақ қайырыммен аяқталуында. Бұл — Қорқыт шығармашылығының айрықша тәсілі және көнелігінің нышаны.

Жинақталған аталмыш күйлердің жалпы тізімі тарихи құбылыстардың хронологиялық үдерісіне негізделеніп, сонымен қатар, Қорқыт туралы аңыздардың мазмұнына да байланысты жүйеленді.

"Антологияда" келтірілген көне қылқобыз шығармаларының топтамалары, бірінші ден, Қорқыттың өмірімен ұштас «Қорқыт» (төрт нұсқасы, Дәулет Мықтыбаевтың орындауында), «Ұшардың ұлуы», «Желмая», «Тарғыл тана», «Башпай», «Әуппай», «Байлаулы киіктің зары», «Елім-ай» (Нышан Шәменұлының орындауында) күйлері мен мазмұны бойынша байырғы үлгілерге өздерінің жанрлық сипатына сай жатқызылған «Қоңыр», «Жолаушының қоңыр күйі», «Шыңырау» және «Аққу» туындыларынан жүйеленген.

«Қорқыт», «Қоңыр» және «Аққу» күйлерінің күрделігі мен көлемділігі олардың құрылымында, әуені мен ырғақтылығында анықталады. Оның себебі — музыка тілінің тарихи дамуымен қатар, қобыз мұрасын бізге жеткізген Қорқыт дәстүрінің мұрагерлері мен жалғастырушыларының үлесі. Өйткені сан ғасырдан бері әрбір қобызшы күйлердің құрылысын байытып, жалпы айтқанда, музыкасын одан әрі дамытып, өз дүниетанымына, күйшілік шеберлігіне қарай импровизациялық (суырып салмашылық) өрнектер арқылы түрлендіріп орындаған.

«Қоңыр» сөзінің этимологиясы қазақ халқының бағзы тарихи кезеңдерінде философиялық ой-толғау мағынасында кең қалыптасқан. Академик, тіл ғылымының көрнекті өкілі Ісмет Кеңесбаевтың түсіндірмесінде аталған сөздің «қоңыр дауыс», «қоңыр ән», «қоңыр үн» синонимдері бір қалыпты ырғақпен айтылатын құлаққа жағымды, жұмсақ үн» деген мағынада беріледі. «Қоңыр» компоненті басқа да кейбір сөздерге қосылып, тиянақты ой тіркесін құрағанда, көбінесе орташа деген

ұғымды да білдіреді [25, 350]. Бұл сөз «қоңыр ән», «қоңыр күй» деген сипаттамаларға үндесіп, интонациясы, мақамы, сазы — сүйкімді, тартымды, көңілге ұнамды деген мазмұнды білдіреді. «Қоңыр» күйінің жанрлық нышандары жоғары айтылған пікірге толығымен сәйкес келеді.

Жаңа деректер бойынша, нақты айтқанда, Іле Қазақ автономиялы облысында (Қытай Халық Республикасы) 2004 ж. «62 қоңыр» атты жинақ жарияланды[2]. Сол кітаптың ішінде «Аққу қоңыры» деген қылқобызға арналған күй келтірілген. Бұл дерек — «қоңыр» атауымен тараған күйлердің терең тарихи маңызын, жанр ретінде қалыптасып, тұрақталғанын қосымша дәлелдейді.

Қазақ халқының аспапты шығармалары көбінесе бағдарламалы болатындығы белгілі. Халық таланттары: әнші-күйшілер, ақын-жыраулар көптеген күйлерін басыңқы түрде елеулі оқиғаларға, ірі құбылыстарға, атақты тарихи тұлғаларға арнап, сонымен қатар, аңыз-ертегілермен байланысты шығарған.

Сондай туындылардың бірі — Ықыластың «Шыңырауы». Мұндағы күйге негізгі арқау болған тақырып — шыңырау құстың балапандарын айдаһар жыланнан қорғап, аспанда шырылдап жанұшыра зарлауы. Жалпы шыңырау туралы мифологиялық аңыз-ертегілердің көне түрі қазақтың Ер-Төстік ертегісінде, шумер халқының Гильгамеш туралы эпосында кездеседі. Аңыздың әрбір кейіпкері тек өзіне тән нышандармен сипатталады. Мифологиялық тұрғыдан құс пен оның балапандары — аспан немесе жоғарғы әлеммен, жылан (айдаһар) — төменгі, жер астындағы дүниемен үйлеседі. Оқиғаның орны — биік бәйтеректің өзі — үш әлемді біріктіріп, сонымен қатар, олардың арасында байланыс орнатады. Аңыздың мазмұнында әлсіздік пен жауыздықтың, жақсылық пен зұлымдылықтың айқасы баяндалады. «Шыңыраудың» көнелігі оның музыкалық тілінде де айқындалады. Мәселен, мұнда «Қорқыт» күйіндегідей байырғы сарын үндері сезіледі. Халық дәстүрінде осы аңыздың мазмұнына қарай аттас домбыра күйлерінің болғандығы оның жанрлық белгілерін айқындайды. Сонымен, «Шыңыраудың» мақамында және оның сюжеттік желісінде күйдің көнелігін білдіретін және оны жанр тобына жатқызатын ерекшеліктері анық көрінеді.

Жанрлық күйлердің санатын «Аққу» жалғастырады. Оның негізгі мағынасында бағзы замандағы мифологиялық ұғымның таңбасы сақталып қалған. Тарихи дәстүрде қобыздың ұзын мойынды формасын да аққудың бейнесіне еліктетіп жасайтын. Себебі қазақтарда аққу ерекше қадірлейтін киелі құс саналған, оған еш уақытта қол көтермейтін (табу), су бетінде жүзіп жүрген аққуды көрсе, оған жаны қуанып, сүйсініп, жақсы ырымға болжайтын. Ұлы ғалым, академик Ә.Марғұлан айтқандай, "мүмкін, тарихи заманда аққу түркі тайпаларының бір тотемі [37, 212-228] болуға тиіс». Қазақтың дүниетанымында қалыптасқан наным-сенім бойынша, адамдар құстың ғибадаттық мәнді бейнесіне табынып, оған көптеген аттас шығармаларын арнаған. Сондықтан да «Аққу» күйі бірнеше варианттармен орындалатын байырғы нұсқалардың санатына кіреді.

Ертедегі сазгерлер күйді тартудың алдында оның мазмұнын баяндап, тиянақты, мәнерлі түрде әңгімелеген. Яғни олардың репертуарында музыка мен оның аңыз-әңгімесі бірге жүретін. Осындай түрде шығарманың мәнін тыңдаушы жетік қабылдайды. Антологияда сол әдіспен «Аққудың» екі нұсқасы келтірілді. Біріншісінде — шығарманың аңыз-әңгімесі қобыздағы музыкалық тақырыптағы үзінділермен кезектесіп, ал екіншісінде — тұтас түрінде басынан аяғына дейін түгелдей орындалады.

[2] Қазақтың 62 қоңыры. Аққу қоңыры. – Құлжа (ҚХР), 2004. – 190-б.



Айқас кезінде музыка ойнап тұрған әскери музыканттар. Қ.С. Ахметжановтың "Жараған темір кигендер" кітабынан.



Қазақ жауынгерлері соғыста қолданған музыка аспаптары (ұран және сырнай).



Ұрмалы музыкалық аспаптар: даңғыр және қолдабыл.



Бақсы тас. VI-XIII ғғ. Көне түрік дәуірі. Ұлытау төңірегіндегі Жанғабыл өзенінің бойынан табылған тас мүсіннің бір жақ бүйірінде – қобыздың суреті, арқасында бақсы қоңырауының суреті бар. Тас республикалық халық музыка аспаптары музейінде сақтаулы.



Қыш мүсін. Б.д.д. III-I ғғ. Базар қала.



Маңғыстау, Торғай және Баян-Өлгий өңірінде кеңінен тараған сыбызғы түрлері

Аты аңызға айналған Қорқыт бабамыздың мұрасын халқымыз ғасырлар бойы қадірлеп-қастерлеп, көзінің қарашығындай сақтап келген. Халқымыздың шежіресі бойынша қазақтың сайын даласында көптеген атақты бақсылар, абыздар мен қобызшылар болғаны айтылады. Мысалы, бақсылар — Берікбай, Нұрғали, абыздар — Құрманбай, Сабырбай, Сары; соның арасында атақты күйші Қанғожа Уәлиханов (Шыңғыс Уәлихановтың туған ағасы), Молықбай, Көзбен, Нышан, Тама Алтынбек, оның баласы Дүкен. Қобыз өнерінің кемелдену кезеңі — XIX ғасырда өмір сүрген атақты классик-композитор — Ықылас Дүкенұлының (1843-1916) шығармашылығымен байланыстырылады. Өйткені ол Қорқыт дәстүрін жалғастырумен қатар түрлендіріп, одан әрі дамуына зор үлес қосты. Ықыластың дарынды композиторлық және шебер орындаушылығының деңгейі әрі соған тікелей қатысты ел ішінде кеңінен танымалдығы — оның өз күйшілік мектебінің қалыптасуында аңғарылады. Оның шәкірттері: Ашай Балмағамбетұлы, Әбікей Тохтамысұлы, Төбел, белгілі домбырашы Сүгір, т.б. Ол Сүгірден қобыз күйлерін үйреніп, бізге жеткізген Жаппас Қаламбаев (1909-1969), ал Дәулет Мықтыбаев (1905-1976) Ықыластың баласы Түсіпбектен тікелей дәріс алған.

Әр заманның елеулі оқиғалары, тарихи құбылыстары, даңқты жеке тұлғалары халықтың рухани өмірінде мәңгі сақталып, музыкалық өнерінде кең орын алды. Бүгінде қобыз дәстүрінің ғасырлар бойы қалыптасқан қасиетті мазмұны мен болмысы заманның талабына қарай өзгеріп-дамып, XXI ғасырдың бастапқы кезеңінде өзінің жалғасын табуда. Республикамыздың орта және жоғары музыкалық оқу орындарында қобыз өнерінің руханияттық маңызын қадірлеп, келесі ұрпақтарға жалғастыратын жастар тәрбиеленуде. Мемлекетіміздің Тәуелсіздік кезеңінде қылқобыз дәстүрі ұлттық мұрамыздың алтын қорының асыл қазынасы ретінде өресін биікке көтеріп, өркендеу жолында.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жасалған Антология — күрделі және іргелі, көпсатылы жұмыс. Бұл ұжымдық еңбек халқымыздың жиырма ғасырлық рухани мұрасының панорамасы болып, алғашқы түпнұсқа нота жазбаларынан бастап, музыка мәдениетінің қалыптасу, даму процестерін мейлінше қамтиды. Егеменді еліміз үшін «Қазақ музыкасы. Антология» — өткен дәуірмен диалог ретінде қабылданып, ал жаңа заманға ата-бабамыздың аманаты, ұрпақтар жалғасы болып бағаланады. Бұл — халқымыздың көпғасырлық асыл мұрасын бүкіл дүние жүзіне паш етудің сара жолы.

«Антологияны» дайындаудың жауаптылығы мен мемлекеттік маңызын түсіне отырып, бұл ғылыми-практикалық және тарихи мағынасы құнды жинақтың жалғасы болашаққа бағытталған деп сенеміз.

**Сара КҮЗЕМБАЕВА,**
**профессор.**

# Бақсы сарындары



## 1. БАҚСЫ (III)

Жылдам ♩ = 68




## 2. БАҚСЫ

Жылдам. Мыңқылдаған дауыспен ♩ =168




T.C.C

## 3. БАҚСЫ (IV)

Тез ♩ =144




Біркелкі екпінмен



Айналайын атыңнан Мұхамметім!
Анасы өліп жасында қалды жетім!
Әй! Алла-ай!

Жан, Алла-ай! Жан, Алла-ай!
Жан-ай, перім, жан-ай, гүлім,
Жан-ай, сылқым, Жан-ай, жау!

## 4. ШҰҢҚЫР БАҚСЫНЫҢ САРЫНЫ




## 5. ЫНТЫҚ БАҚСЫНЫҢ САРЫНЫ



## 6. АЙБЕРГЕН БАҚСЫНЫҢ ЖЫНЫН ШАҚЫРҒАНЫ




Ай, ақбурам, ақбурам!
Екі өркешің аспанда,
Жер солқылдар басқанда,
Қара асаукер, асаукер,
Бұлғақтамай жылдам кел!

## 7.АЙБЕРГЕН БАҚСЫНЫҢ САРЫНЫ






Ей!
Үйеңкінің түбінен
Ойып алған қобызым.
Жалғыз біткен ағаштан,
Тиек қылған қобызым.
Жүйрік аттың құйрығын,
Ішек қылған қобызым.
Желмаяның терісін,
Қапшық қылған қобызым.
Әй, қобызым, қобызым.
Дұрыс сөйле, доңызым.

## 8. БАҚСЫ САРЫНЫ




Керегімде, кер жылан,
Көлбеңдемей кел, бермен.
Аруағым, кел біраз-ей.

# 9. БАҚСЫ САРЫНЫ






Жасаған пірім, қолдай гөр,
Әулиелер, жолдай гөр.
Оң жолыңа бастай гөр.
Тем, тем, тем, тем, тем, тем бе екен,
Тең құрбыдан кем бе екен.
Тең құрбының алдында,
Теңселе басқан кім екен?
Әулие, қожа пірім-ай,
Жолымды өзің оңдағай.
Желкеңде бар ма жеті көз,
Маңдайыңда жалғыз көз.
Қызыр бір бабам қолдағай,
Әулиелер сондағы-ай.
Әулие бабам сұрасаң,
Арғы атамда Жанатай бабам-ай,
Қолдай гөр.

Терезең неге терлейді-ау,
Керіліп тұрған мал бар ма,
Теңселіп тұрған мал бар ма?
Ауырып тұрған жан бар ма,
Өлетұғын мал бар ма?

Қызыр бабам, қолдай гөр,
Әулиелер, оңдай гөр.
Табаның жалпақ тарлан боз,
Маңдайында жалғыз көз,
Желкеңде бар ма жеті көз.
Өзіңді біліп айтамын,
Айналайын, аруақ-ай.

Табаныңда бар ма еді-ай,
Төбені деймін барлады-ай.
Қос бүйректе бар ма еді-ай,
Тоспағанда бар ма еді-ай,
Соны да қалай алайын.

## 10. СҮЙІНДІК БАҚСЫНЫҢ САРЫНЫ






Айналайын, Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Өзіңнен басқа дәрмен жоқ,
Бере гөр, Алла, Құдайым,
Әйел мен ер адамды,
Он сегіз мың ғаламды
Топырақтан жаратқан.
Отыз үш мың сақаба бар,
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
Баршаңызға сыйындым.

Оң жолын бер деп сұраймын,
Медет бер деп сұраймын.
Жарылқай гөр, ей, аллай,
Жарылқайтын күнің болар ма-ай.
Бүгінгі іс қиынды-ай,
Кешегі болған құлыңыз,
Баршаңызға сыйынды-ай.
Енді сізден тілеймін,
Тілегімді бере гөр.
Алдымдағы ғаріптің
Дауасын, алла, бере гөр.

# 11. БАҚСЫ САРЫНЫ

(ЕМДІК ӘУЕН)




17
сін.
лап.
Ге-ги-ге - ге, ге - ге-ги-ге-
19
ге, Ге-ги, ге-у ге - ге, - ге - ге-ги, ге,-
21
2
ге, - ге-ги, ге,-ге, - Ә-кем - ге ге-ги-ге-ге А-
23
Тез, сырлы (жасырып)
І Екпін
ги-ги-ги-ги-гай а - ги-ги-ги-ги-гай - А-ге-ги ге - ге -
25
ге - - - ге-ги-ге-ге - ге-ги-ге - ай.
27
f
Көк - те - ме - де жыл - қы ой - нар,
28
Кө - бік - ті қар - да тұл - кі ой - нар, Қу шөп - пе -
29
нен бө-рі ой-нар, Құ-да-ша мен құ-да ой - нар,
30
Құй - ын - ды жер - де жын ой - нар,


31
То - лы-бек жаз - ған қай-да ой - нар?
32
Қай - да сай - тан кө - рін - се
33
То - лы - бек жаз - ған сон - да ой -
34
f
Кең, толғай
нар. Ге - ги - ге - ге - ге, ге - ги - ге -
36
= 112
ге, ге - ге - ге - ай. Шың - ғыс - тың бір а - су - ы Дос-бо - лай-
38
ды, Ша-қыр - дым жын а - ға - сы Бос-то - най-
40
ды. А-руа-ғы Ны-сан а - быз жәр-дем-ші боп, Әр жер -
44
де ме - - - ні жау - ға тас - та - май -
46
f
Тездете
ды. Ге - ге - ге - ге - ге - ге - ге - ги -
48
ге ге - ге - ге - геу, ге - ге - ге -


50
ге, ге - ге - ге - ги - ге, ге - ге - ги - ге,
52
pp Тез, қорқынышты сабырмен
ге - ге - ги - ги, а - ги - ги - ги - ги - га а - ги - ги - ги - ги -
54
f
ги - ги - ги - га - ге - ге - ге - ге - ге -
56
ге. ге - ге - ге - ге, ге - ге - геу.
58
Батыл ♩=108
f
Тоқ - сан қой - дың те - рі - сі, Тон шық - па - ған То - лы - бек,
60
Жет - піс қой - дың те - рі - сі, Жең шық - па - ған То - лы - бек,
62
Ал - пыс қой - дың те - рі - сі, Ау шық - па - ған То - лы - бек,
64
Ал - бас - ты - мен сыр - лас - қан, Ақ мар - ту - мен мұң - дас - қан,
66
ff
Пе - ріш - те - мен тың - дас - қан, Пе - р(і)а - та - сы То - лы - бек. Ә - ге - ге -
68
Кең толғаныспен
ге - ге, ге - ге - ги - ге, ге - ге - ги -


70
ге, Ә - ге - ге - ге - ге, ге - ге - ги -
72
ге, ге - ге - ги - ги.
74
♩=96 f
Қа - зу-лы тұр-ған көр барма? Қай-ғы-лы тұр - ған ер бар ма?
76
Қа-мы-ғып жы-лар ел бар ма? Те-бін-гі - де тер бар ма?
78
Бірте-бірте тездете, дауысты күшейте, буырқануға дейін
Те-ріс-тен со-ғар жел бар ма? Бү-гі - ліп тұр-ған бел бар ма?
80
Біл-ге-нің-ді ай-тып бер, Көк-ке шық та қайтып кел,
Әсерлене желігу, дауысты қатты шығарады
82
ff pp
Кел, кел ме - нің пір - ле - рім! Ақ сөй-ле! А -
84
Мазасыздана, тез, сыбырмен
Мазасыздана, қыза
ff
ті - гі - ті - гі-дің, а - ті - гі - ті - гі - дің, ті - гі-дің! ге - ге - ге -
86
f
ге ге ге-ге-ге - ге ге - ге-гі ге, ге - ге-ге




Ге-ге, ге-ги-ге-ге, ге-ги-ге-ге,
Ге-ги, ге-ги, ге-ги-ге-ге, ге-ги-ге-еу

Әкемді-ау, ақ боз атқа мінгізгесің,
Қолына-ау, қылыш алып жүргізгесің.
«Ақ» десе ауруға-ау, шипа болып,
Атағын Алты Алашқа білгізгесің.

Ге-ги-ге -ге-ге, ге-ги-ге, ге-ги-ге-у,
Ге-ге-ге, ге-ги-ге, ге-ги-ге-ге.
Әкемнің-ау, зұлпықарын қайрап-қайрап,
Кесуге-ау, дерттің басын келдім сайлап.
Толыбек, Қарақожа, Қарабура,
Қайдасың дерт анасын, алмай байлап.

Ге-ги-ге-ге ге, ге-ги-ге-ге-ге-у
Ге-ге-ге, ге-ги-ге-ге, ге-ги-ге-ге.
А-ги-ги-ги-ги-гай, а-ги-ги-ги-ги-гай,
А-ге-ги-ге-ге, ге-ге-ги-ге-ге- ге-ги-ге-ай!

Көктемеде жылқы ойнар,
Көбікті қарда түлкі ойнар,
Қу шөппенен бөрі ойнар,
Құдаша мен құда ойнар,
Құйынды жерде жын ойнар,
Толыбек жазған қайда ойнар?
Қайда сайтан көрінсе,
Толыбек жазған сонда ойнар.

Ге-ги-ге-ге-ге, ге-ги-ге-ге, ге-ге-ге-ай.

Шыңғыстың бір асуы Досболайды,
Шақырдым жын ағасы Бостонайды.
Аруағы Нысан абыз жәрдемші боп,
Әр жерде мені жауға тастамайды.

А-ги-ги-ги-ги-ги, а-ги-ги-ги, ги-ги-ги-ау
Ге-ге-ге-ге-ге, ге-ге-ге-ге, ге-ге-ге-геу.

Тоқсан қойдың терісі,
Тон шықпаған Толыбек,

Жетпіс қойдың терісі,
Жең шықпаған Толыбек,
Алпыс қойдың терісі,
Ау шықпаған Толыбек,
Албастымен сырласқан,
Ақ мартумен мұңдасқан,
Періштемен тыңдасқан,
Пері атасы Толыбек.

Ә-ге-ге-ге-ге, ге-ге-ги-ге, ге-ге-ги-ге,
Ә-ге-ге-ге-ге, ге-гө-ги-ге, ге-ге-ги-ге.

Қазулы тұрған көр бар ма?
Қайғылы тұрған ер бар ма?
Қамығып жылар ел бар ма?
Тебінгіде тер бар ма?
Терістен соғар жел бар ма?
Бүгіліп тұрған бел бар ма?

Білгеніңді айтып бер,
Көкке шық та қайтып кел,
Кел, кел, менің пірлерім!
Ақ сөйле!

А-ті-гі-ті-гі-дің, а-ті-гі-ті-гі-дің, ті-гі-дің!
Ге-ге-ге-ге, ге-ге-ге-ги-ге, ге-гі-гі-ге.
Ге-ге-гі-ге, ге-ге-ге-ге-ге, ге-ге-гі-ге-ги
Ге-ге-ге-ге-ге, ге-ге-ге, ге-ге-ге-ге-ге,
А! А! Не дейсің! Дәл айт! Дәл айт!
Ге-ге-ге-ге-ге, а-ди-ги-ди-ди-ди,
А-ди-ги-ди-диди
Дәл айт! Дәл айт!
Ге-ге-ге-ге-ге, ге-ге-ги-ге, ге-ге-ги-ги.

## 12.КӨЛБЕУБЕТТІҢ САРЫНЫ






## 13. САРЫ БАҚСЫ (II)



# 14. АЙДАҺАР ЖЫЛАНДАРДЫҢ АРБАУЫ






Ге-ге-ге-е-ей, гей, ай, ай, ай, ге-е-ей.
Кереге бойлы кер жылан,
Орта да бойлы сұр жылан.
Алты құлаш сары жылан.
Ге-е-е ге-е-е-е е-е е-е ге-ге-го-го-е-е
Ге-е-е ге-е-е-е е-е е-е ге-ге-го-го-е-е

# 15. ДҮРСІЛДЕГЕН ШҰБАР АТ



Әлгі бір менің шұбарым,
Жаңадан таққан тұмарым.
Ақ бөкендей дүрсілі,
Тау текедей гүрсілі.

Ғай, ғай, ғай-ай;
Ғай-ай, ай-ай-ай-ғай,
Е-ге-о-о-ге-е-е.

## 16. САРЫН (I)






## 17. САРЫН (II)

**Баяу**






## 18. АБЫЗ-ТОЛҒАУ

**Ойлы, терең сезіммен**





# Арбау-байлау, емдеу әндері

## 19. БӘДІК

**Жай, кең үнмен** ♩ =76




Көшер болсаң, әй, бәдік, жыланға көш!
Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құланға көш!
Көш айласын білмесең, мен айтайын!
Жердің жүзін жайлаған тұманға көш.

## 20. БӘДІК ӨЛЕҢ




**Жігіт:**
Дегенге-ай, қара тауым, қара тауым-ай,
Соғады тау басынан қара дауыл-ай.
Бір бәдік-ай сіздің үйде бар дегенге-ай,
Келеді қаптай көшіп біздің ауыл-ай.

**Қыз:**
Қалыпты-ай бәдік кетіп таудан асып-ай,
Таудан арғы бұлтпенен араласып-ай.
Бәдікті-ай енді екеуміз тауып алып-ай,
Шығамыз шын құмардан сабаласып-ай.

## 21. БӘДІК (I)



Барады бәдік кетіп Сусамырға,
Қайқайып жолда жатыр қу қабырға.
Бәдікті құдай оңлап қолға берсе,
Кетейік басын байлап бір тамырға.
Ай, көш!

Айтайын айт деген соң бәдік бастап,
Жылайды жесір қатын балам жас деп.
Бәдіктің ілгерісін іліп тастап,
Қоялық кейінгісін қой айдас деп.
Ай, көш!

Дегенде бәдік десе, бәдік десе,
Жарасар елтірі тон әдіптесе.
Бәдікті көптеп айтып көшірелік,
Көңіліне иесінің кәдік келсе.
Ай, көш!

Ендеше бұқпа бәдік, бұқпа бәдік,
Жегенің күндіз-түні жұқ па, бәдік.
Ішіне шұқанақтың түсіп кетіп,
Ойбай өлдім десе де шықпа, бәдік.
Ай, көш!

## 22. БӘДІК (II)






Көшер болсаң, әй, бәдік, арқаға көш,
Қой ішінде жайылған марқаға көш,
Көшер болсаң, әй, бәдік, жылқыға көш,
Жапырақтың ішінде жалқыға көш.

Көшер болсаң, әй, бәдік, жыланға көш,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құланға көш.
Көш айласын білмесең, мен айтайын,
Жердің жүзін қаптаған тұманға көш.

## 23. БӘДІК ӨЛЕҢІ



Дегенде-ой, бұқпа бәдік, бұқпа, бәдік,
Жегеннен күні-түні-оу, жұққан бәдік, игай-ай.
Ішіне Қарақұлдың кіріп кетіп,
Десе де-ау, ойбай, өлдім шықпа, бәдік, игай-ай.

Дегенде-оу, бәдік пісті, бәдік пісті,
Бәдікті көшірейік шаңқай түсте, игай-ай.
Тілімді-оу, ежелгідей алсаң бәдік,
Жағыңды қарыстырып тілін тісте, игай-ай.

Әй, бәдік, енді көшсең, долыға көш,
Даланың даңғырынан жолына көш, игай-ай.
Тілімді-оу, ежелгідей алсаң бәдік,
Қыздардың кесте тіккен қолына көш, игай-ай.

Дегенде-оу, темір бәдік, темір бәдік,
Қыздардың кесте тіккен қолына көш, игай-ай.
Дегенде-оу, темір бәдік, темір бәдік,
Шекесін Пердебайдың кемір, бәдік, игай-ай.

Дегенге кемір-кемір, көп кемірме,
Жегенде бүйрек майын семір, бәдік, игай-ай.
Ай, бәдік, енді қашсаң, айнаға көш,
Айнаны маған десең айнала көш, игай-ай.
Тілімді-оу, ежелгідей алсаң бәдік,
Беліне Қарақұлдың айнала көш, игай-ай.

## 24. БӘДІК






Пышаққа көш, ағатай, пышаққа көш,
Қойдан қойға жүгірсін, тұсаққа көш, ай.
Жайыңды одан көшер мен айтайын,
Отырған әріптесті құшақтай көш, ай.

Бұрма, бәдік, тағы да бұрма, бәдік,
Босағада бұралып тұрма, бәдік, ай.
Бұралып босағада тұрсаң, бәдік,
Көңіліне иесінің келер кәдік, ай.

## 25. КҮЛӘПСАН




Күләпсан көшкелі отыр, Арқаға көш.
Жаралған қарағайдан жаңқаға көш!
Таппасаң жайлауыңды және айтайын,
Жүгірген қойдан қойға марқаға көш!
Көш, көш, көш!

# 26. КҮЛӘПСАН




Дегесін күлапсанды-ау, күлапсанды-ау,
Бұл жерге күлапсанды-ай, кім ап салды-ау.
Кетерін жау күлапсан білгеннен соң,
Көрісіп әкесіне жылап салды-ау.

# Жарапазан



## 27. ЖАРАПАЗАН




Жарапазан айта келдік еліңізге,
Барша белбеу байлай гөр белімізге.
Барша белбеу байласаң белімізге,
Мақтай-мақтай барамыз елімізге.

## 28. ЖАРАПАЗАН (I)






Үйің, үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі ши екен.
Ақ сарайдай көрінген,
Қайсы байдың үйі екен?

**Қайырмасы:**
Бай Мұхамбет үмбетіңе жарапазан,
Оразаң қабыл болсын ұстаған жан.

Ассалаумағалейкум, Дәуіт ғалам,
Байларға осы үйдегі бердік сәлем.
Байларға осы үйдегі берсек сәлем,
Жеткізер сәлемімді Алла тағалам.

## 29. ЖАРАПАЗАН (II)




Ы(с) - ма - ғұл пай - ғам - бар жа - ра - па - зан,
О - ра - заң қа - был бол - сын ұс - та - ған жан!
Ү - йің, ү - йің үй е - кен,
Үй - дің көр - кі ши е - кен.
Са - ба - көр - кі би(е) - е - кен,
Сан - дық - көр - кі ши - е - кен.
Ақ - са - рай - дай кө - рін - ген. Қай - сы бай - дың ү - й(і)е - кен?
Бай, Ы(с) - ма - ғұл пай - ғам - бар
жа - ра - па - зан, О - ра - заң
қа - был бол - сын ұс - та - ған жан!

Айтамыз жарапазан үйіңізге,
Туырлық үй айнала шиіңізге
Осы үйдің шаңырағы шапшақ екен,
Жеңгеміз осы үйдегі аппақ екен.

Бай, Ысмағұл пайғамбар жарапазан,
Оразаң қабыл болсын ұстаған жан!

Үйің, үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі ши екен.

Ақсарайдай көрінген
Қайсы байдың үйі екен?

Айтамыз жарапазан есігіңе,
Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе.
Қошқардай қос ұл берсе бесігіңе,
Құдайым айырмасын несібіңнен.

Бай, Ысмағұл пайғамбар жарапазан,
Оразаң қабыл болсын ұстаған жан!

## 30. ЖАРАПАЗАН (III)

**Бір қалыпты, әндете**



Айтайын жарапазан жөніңізге,
Байлай бер барша орамал белімізге.
Байласаң барша орамал белімізге,
Барамыз мақтай-мақтай елімізге.

**Қайырмасы:**
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан,
Меккеде, Мединеде тұрады азан.

Мінгені пайғамбардың ақ атан-ды,
Әр үйде мұндай тұрсаң таң атады.
Бұл үйдің ұлы қайда, қызы қайда?
Кемпір-шал ыңыранып көп жатады.

**Қайырмасы.**

Осы үйдің шаңырағы шап-шақ қана,
Осы үйде жеңешем бар аппақ қана.
Жеңешем осы үйдегі мырза болса,
Береді орамалын баптап қана.

**Қайырмасы:**
Мұхаммед айтты деген жарапазан,
Меккеде, Мединеде тұрады азан.
Ил-ла-лоу, әтір мазан, сайра мазан,
Мұхаммед айтты деген жарапазан,
Меккеде, Мединеде тұрады азан.

## 31. ЖАРАПАЗАН (I)






Арайлап ақ таңдары атқан байлар,
Отыз күн оразасын тұтқан байлар.
Абайлап жатырмысың ұйқылы-ояу,
Тұсыңа Қыдыр келді атты-жаяу.

Бітірі оразаның ылақ дейді,
Бітірін оразаның берген адам
Барғанда ақыретке шырақ дейді.

Бітірі оразаның серке дейді,
Бітірін оразаның берген адам
Барғанда ақыретке ерке дейді.

## 32. ЖАРАПАЗАН






Бұл үйдің шаңырағы шап-шақ қана,
Ішінде құдағайлар аппақ қана.
Беліме беріш орамал байласаңдар,
Кетеміз елімізге айдай, мақтап қана-ай.

Жарапазан айта келдім еліңізге,
Байлаңдар бес орамал белімізге.
Байласаң бес орамал белімізге,
Кетерміз мақтай-мақтай, айдай, елімізге, ай.

## 33. ЖАРАПАЗАН (I)

(Сahар)






Сәһәр айтқан балалар,
Елден елді аралар.

Сәһәршы бала жатпайды,
Айтудан күнә таппайды.

## 34. ЖАРАПАЗАН (II)

(Сәһәр)




Ағуз билла сыйынайын,
Әуелі алла құдірет.
Қаққа биби шапағатшы,
Расул Алла Мұхаммед.

Сәһәр айтқан балалар,
Елден елді аралар.
Сәһәршы бала жатпайды,
Айтудан күнә таппайды.

Көп беруге, жеңгейлер,
Қолың неге батпайды?
Бидай-сидай алмаймын,
Күміс пенен сақина.

Қиямет-қайым болғанда,
Пайғамбарды панала.
Ләй-илләи-ил-алла,
Ләй-илләи-ил-алла,

# 35. ЖАРАПАЗАН (III)

(Сағар)



Саһар айтып біз мұнда,
Үйде тұрып, сіз тыңда.
Ататұғын таң келді-ау,
Беретін болсаң қимылда.

Саһаршы бала жатпайды,
Айтудан күнә таппайды.
Тәтесі жүзік берсе егер,
Саһаршы бала тоқтайды.

Асырсын-ау, асырсын,
Жамандығын жасырсын.
Осы үйге қастық қылған адамды
Қара таспен бастырсын.

Басындағы кимешек шап-шақ қана,
Ішіндегі жеңешем аппақ қана.
Бір жүзік пен сақина бере салса,
Кетер едім жеңешемді мақтап қана.

## 36. ЖАРАПАЗАН




**Қайырмасы:**
Уәлейком ассалау ма жаңа келдік,
Көргелі көріскелі сәлем бердік.

Айтайық жарапазан есігіңе,
Ұл берсін Қошқарбайдай бесігіңе.
Ұл берсе Қошқарбайдай есігіңе,
Тумай ма өзі батыр несібеңе.

**Қайырмасы.**

Айтайық жарапазан есігіңе,
Қыз берсін Зылиқадай бесігіңе,
Қыз берсе Зылиқадай бесігіңе,
Тумай ма өзі шебер несібеңе.

# 37. ЖАРАПАЗАН




Бисмиллә, ой, о Рахман,
Жарапазан тыңда, жан,
Жарылқа жаратқан,
Лә Иллахи ил Алла.

Бисмиллә, ой, о Саттар,
Әбубәкір, Жағумар,
Оспанғали, Шахайдар,
Лә Иллахи ил Алла.

Бисмиллә, ой, о Ахат,
Қолын сана-ай, айтып зат,
Ұл болмай нұр қанат,
Лә Иллахи ил Алла.

Ол жұмақтың панасы,
Қияметтің пайдасы.
Екі дүние жайнайды,
Лә Иллахи ил Алла.

Сахара айтқан балалар,
Әр ауылды аралар.
Түк үзілмес шариғат,
Лә Иллахи ил Алла.

Сахара айтқан біз мұнда,
Үйде отырып жыр тыңда.
Керек болса күй тыңда,
Лә Иллахи ил Алла.

# 38. АЙТАМЫН ЖАРАПАЗАН ЕЛІҢІЗГЕ






Айтамын жарапазан еліңізге,
Байлаңдар бір орамал белімізге.
Байласаң бір орамал белімізге,
Барамыз мақтап, мақтап елімізге.

**Қайырмасы:**
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.
Әсіре мазан, сайра мазан,
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

## 39. ЖАРАПАЗАН






Жарапазан еліңізге,
Байлай гөр барша орамал белімізге.
Байласаң барша орамал белімізге,
Барамыз мақтай-мақтай елімізге.
Айтамын жарапазан елім жаса,
Осы үйге шолпан түссін белден баса.
Келіппін жарапазан мен де айтып,
Осы үйге орнай кетсін шопан ата,
Жарапазан, жарапазан.

## 40. ЖАРАПАЗАН






Оу, айтайын жарапазан елім сағаң,
Ел жаңа елу жылда, жүз жыл қазан.
Айт десең жарапазан сені көрмес,
Шариғат жолын қуған біз бір адам.

**Қайырмасы:**
Мұхамбет, Үмбет айтқан жарапазан,
Бір келген он екі айда рамазан.

Оу, айтайын жарапазан елімізге,
Байлап көр барша орамал белімізге.

Байласаң, барша орамал белімізге,
Барайық мақтай-мақтай елімізге.

**Қайырмасы.**

Оу, мінгенім дәйім менің ақ атан-ды,
Әр үйде мұнда түрсаң таң атады.
Орамал тон болмайды, жол болады,
Әкел де орамалды ал батаңды.

**Қайырмасы.**

## 41. ЖАРАПАЗАН-БАТА






Жарапазан батасы,
Сөзімнің жоқ қатасы.
Ораза тілеп айтқан,
Мұсылманның атасы.
Тағы-тағы берейін,
Таусылмас менің көп батам.

Бата беріп қолыңнан,
Жақсылықпен дәм татам.
Ай жағына қарасаң,
Алтыннан діңгек орнасын.
Күнде келген мейманның,
Оған аты байлансын.

Күн жағыңа қарасаң,
Күмістен діңгек орнасын.
Оған келген мейманның,
Күнде аты байлансын.
Менің атым Сарыбай,
Сақалыма сары май.
Таң мезгілі болғанда,
Жастығыңның астынан,
Текеметтің үстінен,
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр ата келіп дарығай,
Алла, һакпар.

## 42. ЖӘДИТ-ЖАРАПАЗАН




17
Ес - кі жыл ке - тіп қал - ған е - сір - кей - д(і)ау,
19
Жа - ңа жыл же - тіп кел - ген не - н(і)іс - тей - д(і)ау.
21
Жа - ңа жыл же - тіп кел - ген жүк - пен ке - лер,
23
Жұ - бай - лар жа - ңа - жа - ңа жұп - пен ке - лер.
25
Өйт - ке - ні жа - ңа жыл - дың та - бы - сы көп,
27
Қа - зақ - тың жа - ңа жыл - да а - бы - сы - н(ы)ау.
29
Ал, ен - ді мен ай - та - йын сә - би - ле - рін,
31
Сә - би - дің жа - ңа ту - ған әл - ди - ле - рін.
33
Жа - ңа жыл жа - ңа ту - ған жа - ра - па - зан,
35
Жа - ңа жыл жа - ң(а)ө - мір - мен әл - ди - ле - дім.

Айтайын жарапазан есігіңе-ау,
Сәби бітсін осы үйдің бесігіне-ау.
Жарапазан тек қана дін жолы емес,
Бұйыртсын деп айтайын несібеңе-ау.
Айтайын жарапазан қадіріңе-ау,
Есіктен жұрағаттың өміріне-ай.
Жаңа жыл, жаңа туған айың үшін,
Сәбидің мен айтайын қадіріне-ау.
Ескі жыл кетіп қалған есіркейді-ау,
Жаңа жыл жетіп келген нені істейді-ау.
Жаңа жыл жетіп келген жүкпен келер,
Жұбайлар жаңа-жаңа жұппен келер.
Өйткені жаңа жылдың табысы көп,
Қазақтың жаңа жылда абысыны-ау.
Ал, енді мен айтайын сәбилерін,
Сәбидің жаңа туған әлдилерін.
Жаңа жыл жаңа туған жарапазан,
Жаңа жыл жаңа өмірмен әлдиледім.

# Жай сарындар

## 43. ЖАЙ САРЫН
(ОЙҒА ШОМУ)




## 44. САРЫН (III)
(ӘУЕН)



# 45. САРЫН (IV)


Еркін, асықпай, импровизациялай ♪ = 208
Кең
f
f
5
9
mf
13
f
17
f
21
25
f
29
Асықпай
mf
33
Созыңқырай
p

## 46. САРЫН (III)

(ЖІГІТТЕРДІҢ АЙТАТЫН САРЫНЫ)




Мінген де атың бозғана, бике-ау,
Күйеуің сенің бозбала, бике-ау.
Өксігің сенің басылмас, бике-ау,
Әлдилеп бала сүйгенше, бике-ау.

## 47. САРЫН (IV)

(ҚЫЗДАРДЫҢ АЙТАТЫН САРЫНЫ)






Ақ ат мініп боз атқа жеттім, әкем,
Көп көргенің мен болсам кеттім, әкем.
Тоғыз қабат торқа екен сіздің үйің,
Торғай басым сыймастай неттім, әкем,

А-ей, сәулем-ай,
Хош, аман бол, аулым-ай!

## 48. САРЫН (I)

(ҚЫЗДАРДЫҢ АЙТАТЫН САРЫНЫ)




Ақ ат мініп, көк атқа жеттім, әкем,
Көп көргенің мен болсам кеттім, әкем.
Тоқсан торкөз ақ орда сенің үйің,
Торғай басым сыймастай неттім, әкем.
**Қайырмасы:**
Ай-ей, сәулем-ау,
Енді аман бол, ауылым-ау, ей.

## 49. САРЫН (II)

(ҚЫЗДАРДЫҢ АЙТАТЫН САРЫНЫ)






Ақ отауым тіккен жер ойран болсын,
Ақ жүзімді көрерге айнам болсын.
Кісі әкесі кісіге әке дейді,
Айналайын, әкемдей қайдан болсын

А-ей, сәулем-ай,
Қош есен бол, ауылым, ай-ей.

## 50. САРЫН




19
же - рім - ау.
Ал - ды - ме - нен
Термелете
22
ай - та - йын, а - на жа - ным, Көп бөл - дің ғой
25
ұй - қың - ды та - ғы ма - ған.
28
Бар деп ә - кем о - тыр ғой жат жұр - ты - на,
31
Қайыр-
А - на қай да жат жұрт-т(а)та-был - ма - ған. Ах,
масы:
34
е - - - - - е - ей, е - лім, оу,
6 рет
37
Тәр - би - е - ле - ген же - рім - ау.
Жігерлі
Жігіттің сөзі:
40
Жы - ла - ма, би - к(е)ау, жы - ла - ма,
Кө - зің - нің жа - сын, бұ - ла - ма,
43
шір - кін, Жі - гіт - ті кел - ген
шір - кін, А - та - сы о - ның




сы - на - ма, шір - кін.
а - тақ - ты, би - к(е)ау.

**ҚЫЗДЫҢ СӨЗІ:**

Ауылыма мен айтам арызымды,
Ана сүтін ақтайтын қарызымды-ау.
Жат жер менен жат елге бересің ғой,
Әке, қалай ақтаймын қарызыңды-ау.

**Қайырмасы:**

Ах, ей, елім-оу,
Тәрбиелеген жерім-ау.

Алдыменен айтайын, ана жаным,
Көп бөлдің ғой ұйқыңды тағы маған.
Бар деп әкем отыр ғой жат жұртына,
Ана қайда жат жұртта табылмаған.

**Қайырмасы:**

Мен барайын, әкешім, қалың малға,
Қызың қанша қажетті басқа жанға.
Әкем малға сатқан соң құлмын ғой мен,
Қайта айналып келем бе осы маңға.

**Қайырмасы:**

Қыз боп туған сорымның қалыңына,
Қыз боп туған адамның салымына.
Шал болса да, жас болса кете бердім,
Малға сатқан ата-ана жағымына.

**Қайырмасы:**

Әке, мені жат жұртқа қалай қидың!
Жат адамдар сіздерге қалай сыйлы!
Жалғыз анам, көз жасын көрмеймісің,
Жағдайыңды әкежан, неше қилы.

**Қайырмасы:**

Әке жаным, көз жасым көрмеймісің,
Бір тілеген тілегім беремісің!
Жүрегіңді жарған мен жалғызың ғой,
Малға сатып жат жұртқа беремісің!

**Қайырмасы:**

Әке, менің жүректен шыққаныңмын,
Босағаңда адам деп тұтқаныңмын.
Малға сатып, әке, шын бергенің бе,
Жат елдің босағасында мен тұтқынмын.

**Қайырмасы:**

Әке, саған қай мінез ұнамаған,
Не деген жан жағдайда сынамаған.
Күйеуді әкеп бетіме көрсетпедің,
Жігітім бе, білмеймін, ұнамаған.

**Қайырмасы.**

**ЖІГІТТІҢ СӨЗІ:**

Жылама, бике-ау, жылама, шіркін,
Жігітті келген сынама, шіркін.

Көзіңнің жасын, бұлама, шіркін,
Атасы оның атақты, бике-ау,
Шығарма оған шатақты, бике-ау.

Саған бір келді мал төлеп, бике-ау,
Келген жоқ жігіт із төлеп, бике-ау,
Жігітіңді қинама, бике-ау.

Баратын елің біздің жақ, бике-ау,
Қайтесің енді бізді қинап, бике-ау.

# 51. САРЫН

**Сабырмен ♩ = 82**

**Жігіттің айтқан сарыны:**




19
Glissando
бас та йын, ү кіу, Қат ты бір ай тып
21
сас па йын, би к(е)ау. Пай ғам бар дың
23
тұ сын да, ү кіу, Ал тын нан дү кен
25
құ рыл ған, би к(е)ау. Те ріп те бұ н(ы)ау,
27
Gliss.
ай ту ға, ү кіу, Ұл ту ған жоқ
Екі әйелдің жауабы:
29
ұ рудан, би к(е)ау. Ақ о тау ым тік кен
31
жер ой ран бол сын, Ақ жү зім ді
33
кө ру ге ай нам бол сын.
35
Қыз ә ке сі кі сі ге ә ке бол мас,


37
Ай на лай ын ә кем дей қай дан бол сын.
39
Ай, ей, сәу лем ай,
41
қош а ман бол ау(ы) лым ай.
43
Был ға ры то кым ай шықтым ау, был тыр ғы құ лын тай
45
шық т(ы)ау. Ті рі де шы ғар,
47
өл ген де шы ғар. Үй ім нен ті рі дей сүй реп а лып
49
шық т(ы)ау. Был ға ры то қым
Өз - ге - ні өз - ге
51
пұл бол мас, Қыз а тау лы
қай - тей - ін, өз ер - кім - дей
Сабырмен
Жігіттің айтқаны:
53
ұл бол мас, Мін ген д(е)ей, а тым
бір бол-мас.




**Жігіттің айтқан сарыны:**
Сарынның басы әлікті, ү-кіу,
Қалыңмал әкең алыпты, бике-ау.
Бәтима, Айша — екі апаң, ү-кіу,
Солардан үлгі қалыпты, бике-ау,
Сарыныңды сарнайын, ү-кіу,
Білмеймін сырын қандайын, бике-ау.
Кітаптан шыққан сарынды, ү-кіу,
Жинаған жанды алдаймын, бике-ау.
Бисмиллә, сарын бастайын, ү-кіу,
Қатты бір айтып саспайын, бике-ау.
Пайғамбардың тұсында, ү-кіу,
Алтыннан дүкен құрылған, бике-ау.
Теріп те бұны-ау, айтуға, ү-кіу,
Үл туған жоқ ұрудан, бике-ау.

**Екі әйелдің жауабы:**
Ақ отауым тіккен жер ойран болсын,
Ақ жүзімді көруге айнам болсын.
Қыз әкесі кісіге әке болмас,
Айналайын әкемдей қайдан болсын.

Ай, ей, сәулем-ай, қош-аман бол ауылым-ай.

Былғары тоқым айшықтым-ау,
Былтырғы құлын тай шықты-ау.
Тірі де шығар, өлген де шығар,
Үйімнен тірідей сүйреп алып шықты-ау.

Былғары тоқым пұл болмас,
Қыз атаулы ұл болмас.
Өзгені өзге қайтейін,
Өз еркімдей бір болмас.

**Жігіттің айтқаны:**
Мінгенде-ей, атым көк ала, ү-кіу,
Ішіңнен кетпес кек-әлің, бике-ау.
Біз шығарған жол емес, ү-кіу,
Әкеңде болсын обалың, бике-ау.
Мінгенде-ей, атым жиренше, ү-кіу,
Әркім де сарын айтар білгенше, бике-ау.
Өз еліңдей болады, ү-кіу,
Әлдилеп бала сүйгенше, бике-ау.

## 52. ЕКІ ЖІГІТ ПЕН ҚЫЗДЫҢ САРЫНЫ




15
Кі - с(і)ә - ке - сі кі - сі -
17
ге ә - ке дей - д(і)ау, Ай - на - лай - ын ә - кем - дей
19
қай - дан бол - сын.
21
Қайырмасы:
f
Ай - ей, же - рім - оу, қош - а - ман
24
бол, е - лім - ой, ай.
27
Жігіт:
Са - рын - ның ба - сы са - мал - д(ы)ау, би - к(е)оу,
29
то - йы - на жүр - сем қа - мал - д(ы)ау, би - к(е)оу.
31
Күй - е - уің - мен
33
қол жа - рыс, би - к(е)оу, Сей - фул де Мү - лік
35
Жа - мал - дай, би - к(е)оу.


Қыз:
37
Жау - лы - ғым - ның төрт ба - уын жел кө - те - рер - ау, А - тақ -
39
сыз қыз - ды қай(ы)н а - там хан кө - те - рер ау.
41
А - тақ - сыз қыз - ды қай(ы)н а - там
43
хан кө - те - рер - ау, Жа - ман бол - са жы - лау - мен
45
Жігіт:
күн өл - ті - рер - ау. Жа - рат - тым қа - ра
47
ат - ты, би - к(е)оу, Жал - құй - ры - ғын
49
та - рат - тым, би - к(е)оу.
51
Бә - ти - ма, Ғай-ш(а)оу, е - к(і)а - паң би - к(е)ау,
53
со - лар - дан қал - ған сан ат - ты, би - к(е)оу.
56
Ә - уе - ден ұш - қан дүз құс - ы, би - к(е)оу,




**Жігіт:**
Сарынның басы бисмиллә, бике-оу,
Бисмиллә деген мың жылда, бике-оу.
Насихат айтайын, бике-ау,
Шуылдама сөз тыңда, бике-ау.

**Қыз:**
Ақ отауым тіккен жер ойран болсын,
Ақ жүзіңді көруге айнам болсын.
Кісі әкесі кісіге әке дейді-ау,
Айналайын әкемдей қайдан болсын.

**Қайырмасы:**
Ай-ей, жерім-оу,
Қош аман бол, елім-ой, ай.

Жаулығымның төрт бауын жел көтерер-ау,
Атақсыз қызды қайын атам хан көтерер-ау.
Атақсыз қызды қайын атам хан көтерер-ау,
Жаман болса — жылаумен күн өлтірер-ау.

**Жігіт:**
Жараттым қара атты, бике-оу,
Жал құйрығын тараттым, бике-оу.
Бәтима, Ғайша-оу, екі апаң бике-оу,
Солардан қалған санатты, бике-оу.

Әуеден ұшқан дүз құсы, бике-оу,
Әдеппен жылар қыз кетсе, бике-оу.
Бәтима, Ғайша-ау, екі апаң, бике-оу,
Солардың салған үлгісі, бике-оу.

# 53. САРЫН-АЙТЫС

**Батыл, еркін ♩ = 108**

**Бірінші.Жігіттердің айтатыны:**



**Екінші.Әйелдердің айтатыны:**




**Бірінші. Жігіттердің айтатыны:**
Сен жыларсың анам деп, үкі-оу,
Анаң да жылар балам деп, үкі-оу.
Қайысып тұрсың, қарағым, үкі-оу,
Жат елге қайтіп барам деп, үкі-оу.
Сен жыларсың атам деп, үкі-оу,
Атаң да жылар ботам деп, үкі-ау.
Қайысып тұрсың, қарағым, үкі-оу,
Жат елге қайтіп барам деп, үкі-оу.

**Екінші. Әйелдердің айтатыны:**
Е-ей, жұртым-ай,
Қош есен-бол, жұртым-ай.
Ақ отауым тіккен жер ойран болсын-ей,
Ақ жүзіңді көруге айнаң болсын-ей.
Өз әкесі кісіге әке дейді-ей,
Өз әкемдей қайын атам қайдан болсын-ей.

# 54. САРЫН



# Ескі ән



## 55. ЕСКІ ӘН (VIII)




## 56. ЕСКІ ӘН (VI)




## 57. ЕСКІ ӘН (IX)




## 58. ЕСКІ ӘН (II)






## 59. ЕСКІ ӘН (III)




## 60. ЕСКІ ӘН (X)



## 61. ЕСКІ ӘН (IV)




## 62. ЕСКІ ӘН (V)




## 63. ЕСКІ КҮЙ (VIII)






## 64. АРҒЫМАҚТАН АТ ЖАҚСЫ

**Асықпай, әндете**




Арғымақтан ат жақсы шабыт болса, ей,
Ағайыннан жат жақсы, таныс болса, ей,
дәкудай-ай.
Досың тұрмақ дұшпаның табалайды-ей,
Бір нәрседен аяғың шалыс болса-ей,
дәкудай-ай.

# Ақындар сарыны

## 65.ҚИССА ӘНІ, САРЫН (VIII)




## 66. ШАҚАРДЫҢ САРЫНЫ






Хай, ай, а хай, ай, а
Хай, ай ой, ой, а, ой, яй,
Ой, ой, ой, ой, ой.
Хай-и и-и-ай,
Хай-и и-и-ай,
Хай-и и-и хай-и-и-хай-и-и
Ке, ра, ри, яу, ке, ра, ри, яу
Ке-ре-ру-кер-ау, а, ай
Тең, тең, тең, тең, тең сорлы,
Теңдігі жоқ ел сорлы,
Тепкіні жоқ көл сорлы,
Тебіні жоқ бел сорлы.
Теріскей соққан жел сорлы.
Тең құрбыдан кем сорлы.
Теңдіксіз елге телмірген
Тентіреген мың сорлы.
Тентіреген мың баққан-ай,
Тілеуі жоқ бір сорлы.
Ке, ра, ри, я,
Ке, ра, ри, а,
Ке, ре, ке, а, а, а, ай.

# 67. ЖАНАҚТЫҢ САРЫНЫ




Бұл күнде хан мен қара тең болған кез,
Бағалы бағасыздан кем болған кез.
Ғаламат аспандағы жерге түсіп,
Ғажайып түсте көрген өң болған кез.
Сөз байлаусыз, уағыда жел болған кез,
Қайғы — теңіз, көз жасы — сел болған кез.
Шалқыған шалқар көлің тандыр болып,
Шалшық су тепкіні жоқ көл болған кез.
Хай-әй, хай-әй-и-и-әй ха-й ай әу.

## 68. ҚУАНДЫҚТЫҢ САРЫНЫ




Отырған мен қасыңда Қуандығың,
Сәукелеге қадаған алтын мығың.
Бір ауыз өсиетіңді есітсем деп,
Құрып отыр ертеден бар ынтығым.
Ау-ги-ги-ай
А-ри-ги-хау, ай.

## 69. АЖАРДЫҢ САРЫНЫ






Әкем аты Шұртыбай, атым Ажар!
Жүрген жері-ай Ажардың күнде базар
Бес жасымда құдайым көзімді алып,
Сол себептен атандым соқыр Ажар
Ха-лә-лә-ләй лем лә-лә-лә-лә-лә-лә-ләй.

## 70. ОРЫНБАЙДЫҢ САРЫНЫ




Базарға базаршылар қой айдайды,
Далаға жауса жаңбыр қона алмайды.
Басынан ер жігіттің бағы тайса,
Абыройлы ол елге бола алмайды-ай.

# 71.БАЛУАН ШОЛАҚТЫҢ САРЫНЫ



Атандым Балуан Шолақ бала күннен, а-ау,
Ту ұстап, ерлік етіп, тұлпар мінген, а-ау.
Ешкімге опасы жоқ жалған дүние,
Өтті ғой талай, талай кемеңгерден.

Бұл дүние шын емес, жалған дүние,
Адамды әрбір жолға салған дүние.
Ойласаң, ау, түбің заһар сондай ащы, сондай ащы.
Ләззәтті болсаң-дағы
Ау! А-а-а-хай балдан дүние, ау,
әй, о-у, о-ой!

Жалғанның алданбадық, несін біліп,
Жастықта тәуба етпедім есім біліп.
Дүниеге жаяу келіп, жаяу кеттім,
Үстіме жеңсіз көйлек тесіп іліп.

Өлімнен құтылу жоқ батыр болып,
Сөзге шешен, әнге жүйрік ақын болып.
Баратын алыс сапар қайтып келмес,
Қалыңдар, елі-жұртым, бақұл болып.

## 72. САРЫН (II)



# 73. ЖАРЫЛҒАПТЫҢ САРЫНЫ (IV)




А-а-ай!
Торыны жапырандатып мінген қандай,
Сыртынан қызды ауылдың жүрген қандай.
Болғанда ақшам мезгіл сапыраң етіп,
Үйіне ақбілектің кірген кандай.
Халә-ләй-ләй, лә-лә-ләй-ләй-ләй-ләй-ләй-ләй-лә!!!

## 74. ШӨЖЕНІҢ (II) САРЫНЫ (VII)




## 75. КӘМЕШТІҢ САРЫНЫ






Би, батыр болмасам да бағлан шешен,
Жұрт асып ел билеген мағлұм көсем.
Атымды дүние танып, шежіре ұмытпас,
Демеймін дүниенің сырын шешем.
Сүйтсе де екі көзім аман болса,
Өмірде кетпес еді менің де есем-ай.

## 76. КЕМПІРБАЙДЫҢ САРЫНЫ






Ұраным қаракесек Кемпір едім,
Жасымда кедейлікпен тентіредім.
Даусымның шықпайтұғын себебі сол,
Бақырдан ұрлық етін жеңкіредім.
Ги-гәй, ги-гәй, ги-гәй, ги-гой, а,
Ги-гәй, ги-гәй, а-хау.

Байлардың ту биесін жетеледім,
Жемесем ұрлық етін жөтелемін.
Тұра алмай көрнеу қарсы жуандарға,
Зорлығын ұрлықпенен өтегенмін.
Ги-гәй, ги-гәй, ги-гәй, ги-гой, а,
Ги-гәй, ги-гәй, а-хау.

## 77. САБЫРБАЙДЫҢ САРЫНЫ






Екпінім-ау тау еңсеріп, көл толқытқан,
Өрекпіп өрлеп ұшып шыңға шыққан.
Желге айтып, асыл сөзді селге ағыздым,
Сөзімді кім бар дейсің желден ұққан.
Секілді керуен көшкен көне сарай,
Мен түгіл, кеткен жоқ па нелер құтпан.
Елім, елім, елім-ау, елім-ау.

## 78. БАЙКӨКШЕНІҢ САРЫНЫ






Ай! Сұрасаң менің атым Байкөкшемін,
Кісіге қадір білмес жай Көкшемін.
Алдымда, артта көмек, сенерім жоқ,
Тайғақпын бұдыры жоқ еті өкшемнің.

Қабаспын атам азған туысым ол,
Күшіктің Мәмбет сұпы зорлығы мол.
Екеуі екі өкпемнен қысқаннан соң,
Болатын тілім ащы себебі сол-а.

## 79. БОРАНБАЙДЫҢ САРЫНЫ






Тобышақ құйрық-жалсыз құлан болды,
Шаңқаным шағаладай қылаң болды.
Бас алқа бірлік айтар басшы орнына,
Арашыл азғырушы-ау, ой-ой, хай, ылаң болды.
Тура сөзде туған жоқ турашыл би,
Түлкінің құйрығындай бұлаң болды.
Бесіктен белі шықпай балаң жат боп,
Ақ некең қойныңдағы жылан болды.

## 80. БАЙБАЛАНЫҢ САРЫНЫ






Оу, іздесең мен сұраған Байбаламын,
Сендейдің қолы жетпес ай боламын.
Қанатым күн нұрына шағылысып,
Аққудай айдын көлді айналамын.
Көз жетпес көк теңіздің көркі менмін.
Аң емес сен ілетін айдаланың.
Көкте ұшқыш, суда жүзгіш, жерде жүйрік,
Атсаң оқ, шапсаң қылыш сай баламын-ай.

## 81. ТҮБЕКТІҢ САРЫНЫ (I)






Шақар-ау, өлемін бе, өлмеспін бе,
Бостанай Терек жынға сөйлестің бе?
Ішінде Қарағанның қалдым жалғыз-ай
Елімді көрермін бе, көрмеспін бе?
Ба-ау, ба, бай, а, ры, да, ай, а ри, да, хау, ай.
Хай, а, ха, би, а-ри-да-ха-бий,
Ой, да, рау, дай, да, ра-у, ай.

Үш жүзге өлеңменен өрнек төккен,
Мен едім күйсіз озған күлік өкпең.
Құты кетіп есе тиген, осы күнде
Әй, Шақар, көңілім қалды Жанкөбектен.
Ба-ау, ба, бай, а, ры, да, ай, а ри, да, хау, ай.
Хай, а, ха, би, а-ри-да-ха-бий,
Ой, да, рау, дай, да, ра-у, ай.

# 82. ТҮБЕКТІҢ САРЫНЫ (II)




Бар қызықты кәрілік алды тонап-ай,
Бет-ауызды шиырлап салды жолақ-ай.
Ошарылып келді де жатып алды,
Күндіз болса түстеніп, түнде қонақ.
Тіл икемі тісті алып, көздің нұрын,
Ебі кетіп еріннің болдым олақ-ай.
А, а, я, я, а, и, и іи-и, и, іи ай, ай, я, я, я, а, ай.

# 83. КӨЗБЕННІҢ САРЫНЫ



# ЖАР-ЖАР



## 84. ЖАР-ЖАР




Қара насар, замандас, қара насар, жар-жар!
Қара мақпал сәукелең, шашың басар, жар-жар!
Мұнда әкем қалды деп қам жемегін, жар-жар!
Жақсы болса қайын атаң, орын басар, жар-жар!

## 85. ЖАР-ЖАР






Ақ отауым тіккен жер майдан болсын, жар-жар.
Ақ жүзімді көруге айнам болсын, жар-жар.
Қайын енесі бар дейді білген қазақ, жар-жар,
Айналайын, әжемдей қайдан болсын, жар-жар.

**Қайырмасы:**
А, ей, сылқым-ай,
Аманда бол, жұртым-ай.

Шымылдықты серпи сал, көрсін апам, жар-жар,
Көздің жасын көл қылып, төксін апам, жар-жар.
Қайта-қайта дүние өстуші едің, жар-жар.
Бір міндеттен құтылдым десін атам, жар-жар.

**Қайырмасы.**

## 86. ЖАР-ЖАР (I)






Бісміллә деп бастайын
Аужар басын, жар-жар-ай.
Күйеу келді алғалы
Жан жолдасын, жар-жар-ай.

Ата-ана, ел-жұртың
Бата берсін, жар-жар-ай.
Өмір жасы ұзақ боп
Келін жастың, жар-жар-ай.

Шымылдықты серпіп сал,
Көрсін шешең, жар-жар-ай.
Көзінің жасын көл қылып
Төксін шешең, жар-жар-ай.

**Шешесі:**
Ана таудың бауырында
Ел бар, қалқам, жар-жар-ай.
Маңайында жайылған
Мал бар, қалқам, жар-жар-ай.

Тумақ бірге болса да,
Жүрмек басқа, жар-жар-ай.
Амал қанша, қайтейін,
Бар, бар, қалқам, жар-жар-ай.

## 87. ЖАР-ЖАР (II)



Тоқпақ жалды торы айғыр,
Жоқ па екен, жар-жар-ау.
Төркін деген үйімнен,
Кеттім, әке, жар-жар-ау.

## 88. ЖАР-ЖАР (I)




Ақ отауым тіккен жер,
Майдан болсын, сылқым-ау.
Ақ жүзімді көруге
Айнам болсын, жұртым-ау.

Қанша жақсы болғанмен,
Қайын атамыз, сылқым-ау
Қайран менің әкемдей,
Қайдан болсын, жұртым-ау.

## 89. ЖАР-ЖАР (II)






Ақ тоқымның шетіне шектім, шеше, жар-жар-ау,
Жек көргенің мен болсам кеттім, шеше, жар-жар-ау.
Тоқсан басты, тор көзді сенің үйің, жар-жар-ау,
Торғай басым сыймастай неттім, шеше, жар-жар-ау.

## 90. ЖАР-ЖАР (III)




Ақ отауым тіккен жер ойыл-қиыл-ей,
Ұзатайын деп жүр ме әкем биыл-ей.
Үйдің көркі қыз екен бермейік деп,
Шешем байғұс айтпайды-ау мені биыл-ей.

Бір бешпентім бар еді дүриядан-ей,
Екі сұңқар ұшырдым бір ұядан-ей.
Бұл жалғанда бар ма екен қыздан сорлы
Өз елінен топырақ бұйырмаған-ей.

Өлең айтқым келмейді үнім бітіп,
Кетейін деп отырмын күнім бітіп.
Әлпештеген біреудің баласы едім,
Әлдекімнің отырам жүнін түтіп.

## 91. ЖАР-ЖАР (IV)



Есіктің алды құмдақты, бикем, жар-жар,
Құмдақтан қоян зымғапты, бикем, жар-жар.
Атасы басқа сұм жеңгем, бикем, жар-жар,
Отауға салып тыңдапты, бикем, жар-жар.

Есіктің алды тастақты, бикем, жар-жар,
Тастақтан қоян баспақты, бикем, жар-жар.
Атасы басқа жау жеңгем бикем, жар-жар,
Отауға салып тастапты, бикем, жар-жар.

## 92. ЖАР-ЖАР (V)




Шымылдығым серпе сал, көрсін апам, жар-жар-ай,
Көздің жасын аямай төксін апам, жар-жар-ай.
Қыз ержетті деуші едің, аяу апам, жар-жар-ай,
Бір міндеттен құтылдым дерсің, апам, жар-жар-ай.

## 93. ҮКІ-АУ!






Сарының басы сары дала, үкі-ау,
Сауыққа шығар бозбала, үкі-ау.
Үйде де туып, түзде өскен, үкі-ау,
Күні де құрысын қызбала үкі-ау.

Бір ағаң аты Бақтыбай, үкі-ау,
Өтті ғой жалған тоқтамай, үкі-ау.
Қыздың да күні құрысын, үкі-ау,
Борышқа берген жылқыдай, үкі-ау.

Орыстар ұстар қашаған, үкі-ау,
Үйретер байдың асауын, үкі-ау.
Дүниелік көзге көрінбес, үкі-ау,
Тоқсан бір берсең жасауын, үкі-ау.

## 94. БИКЕ-АУ (I)




Сарынның басы бисмиллә, бике-ау,
Бисмиллә келер мың жылда, бике-ау.
Аз өсиет айтайын, бике-ау,
Құлағың салып сөз тыңда, бике-ау.

Қамшының сабы бояма, бике-ау,
Жалғанда пенде тоя ма, бике-ау.
Бермеймін әкең десе де, бике-ау,
Мал берген жерің қоя ма, бике-ау.

## 95. БИКЕ-АУ (II)




Бисмиллә, сарын айтайын, бике-ау,
Айтайын да қайтайын, бике-ау.
Аузыма сарын түспесе, бике-ау,
Қамығып саған не айтайын, бике-ау.

Ақша отау тіктім тас жерге, бике-ау,
Би болып келер даугерлер, бике-ау.
Орамал-шарщың жоқ болса, бике-ау,
Алдында бар ғой қой дейді, бике-ау.

## 96. ЖАР-ЖАР (I)






Шымылдықтың етегін серіпсін шешем-ау , жар-жар-ау,
Көздің жасын аямай төксін шешем, жар-жар-ау,
Көздің жасын аямай төге салып, жар-жар-ау,
Бір міндеттен құтылдық дерсің шешем, жар-жар-ау,
Көк тегешке су құйсам көтермейді, жар-жар-ау,
Өгей ме еді әкеміз өкірмейді, жар-жар-ау,
Өкірмеген әкемді өкіртейін, жар-жар-ау,

## 97. ЖАР-ЖАР (II)




Мінген де атың жиренше, бике-ау,
Тоқтап та тұрмас мінгенше, бике-ау.
Өксігің сенің басылмас, бике-ау,
Әлдилеп бала сүйгенше, бике-ау.

## 98. ЖАР-ЖАР (III)




Сарының басы Сарытау, бикем, жар-жар,
Сәукеле кисең барша бау, бикем, жар-жар.
Тырнақтап жиған мүкәмал бикем, жар-жар,
Құтты да болсын ақша отау, бикем, жар-жар.

## 99. ЖАР-ЖАР (IV)



Ақ отауым тіккен жер ойран болсын,
Ақ жүзімді көрерге айнам болсын.
Кісі әкесі кісіге әке болмайды,
Айналайын әкемдей қайдан болсын.

**Қайырмасы:**
А-ей! Сәулем-ау,
Хош аман бол, аулым-ай!

Бұл жалғанда не тәтті тарлау тәтті,
Тарлау жеген жылқының еті тәтті.
Әке, шеше туыстың көңілі қатты,
Өз баласын жылатып малға сатты.

**Қайырмасы.**

## 100. ЖАР-ЖАР




22
қо-лы-ма то-ла м(а)е-кен, сыл-қым-ай.
25
Қош-е-сен бол, жұр-тым-ай. Қа-йын а-та
28
бар дей-ді, бө-тен кі-сі, сыл-қым-ай,
31
ай-на-ла-йын, ә-кем-дей бо-ла м(а)е-кен,
34
сыл-қым-ай. Қош-е-сен бол, жұр-тым-ай.
Күйеу жағы:
37
Ақ қо-ян қа-шар жо-та-лап, би-кем, жар-жар,
40
Ақ ін-ген ө-сер бо-та-лап, би-кем, жар-жар.
43
Ту-ыс-тар-дан кет-тім деп жы-лай бер-ме,
46
жар-жар, Қа-йын сің(і)-лің, қа-йы-ның
49
жұр-тың-ай, жү-рер тә-те-леп, би-кем, жар-жар.

**Қалыңдық жағы:**






**Күйеу жағы:**
Бір толарсақ, бір тобық санда да бар, бикем, жар-жар,
Сан кісінің ақылы ханда да бар, бикем, жар-жар.
Ата-анамнан кеттім деп көп жылама, жар-жар,
Жақсы болсаң қайын атаң онда да бар, жар-жар.

**Қалыңдық жағы:**
Қолымдағы жүзігім қола ма екен, сылқым-ай,
Қола жүзік қолыма тола ма екен, сылқым-ай.
Қош-есен бол, жұртым-ай.
Қайын ата бар дейді, бөтен кісі, сылқым-ай,
Айналайын әкемдей бола ма екен, сылқым-ай.
Қош-есен бол, жұртым-ай.

**Күйеу жағы:**
Ақ қоян қашар жоталап, бикем, жар-жар,
Ақ інген өсер боталап, бикем, жар-жар.
Туыстардан кеттім деп жылай берме, жар-жар,
Қайын сіңілің, қайын жұртың-ай, жүрер тәтелеп,
бикем, жар-жар.

**Қалыңдық жағы:**
Ақ отауым тіккен жер ойран болсын, сылқым-ай,
Ақ жүзімді көрерге айнам болсын, сылқым-ай.
Қош-есен бол, жұртым-ай.
Қайын жұрты бар дейді бөтен қазақ, сылқым-ай,
Туып өскен елімдей қайдан болсын, сылқым-ай.
Қош-есен бол, жұртым-ай.

**Әкесіне қарап:**
Шымылдығым серпи сал әкем көрсін, сылқым-ай,
Көзінің жасын көл қылып төксін әкем, сылқым-ай.
Қош-есен бол, жұртым-ай.
Көпсінгенің мен болсам кеттім әкем, сылқым-ай,
Бір міндеттен құтылдым дерсің әкем, сылқым-ай.
Қош-есен бол, жұртым-ай.

## 101. ЖАР-ЖАРҒА ЖАУАП

**Шабытпен, көтеріңкі**




Қуанышты той болса, тілеу болар, е-е-ей,
Тілейтұғын тілеуін біреу болар-ей.

Қуаныштың орнына қайғы болса-ей,
Көңіл қаяу, көз мұңды жылау болар, жар-жар-ау.

# 102. АУЖАР (I)




Аужар басы, ендеше, аужар басы
Аужарменен тұрылды қыздың жасы.
Ах-ей, он бес жаста беріпті-оу, қыздың жасы,
А-ей, қайран аулым, ой-ай.

Ақ шәйнекке су қойсам жылымайды,
Өгей емес өз анам жыламайды.
Жыламаған анамды жылатайын,
Неден көңілі қалды екен сұратайын,
А-ей, қайран аулым, ой-ай.

Не тәтті де, тәтті де тарлау тәтті,
Тарлау жеген жылқының еті тәтті.
Әке менен шешенің діні қатты,
Өз баласын жылатып малға сатты.
А-ей, қайран аулым, ой-ай.

# 103. АУЖАР (II)




Ей, ол бір кісі ағайын
Сізден рұқсат алайын.
Тыңдауға құлақ салсаңыз,
Аужар айтып қалайын,

Бұрынғыдан қалыпты,
Жар айтқанды тыңдамақ.
Жақсы-жаман іс болса,
Етіңдер, қыздар, қанағат.

Аужар басы осы еді,
Он үште көзге көріндің.
Арасында екі үйдің,
Бұланда көзге іліндің.
Дәулетіне атаның

Батсайы, берен, түрлі асыл,
Киімдер киіп бөлендің,

Шырағым, сонда жар-жар-ай,
Шырағым, сонда жар-жар-ай.

## 104. АУЖАР

**Асықпай**






Есік аштық шашумен,
Келін келіп, жар-жар.
Жастар келіп орнына-ау,
Осы есіктен жар-жар.
Дастарханды жаяйық,
Кеңімен жер, жар-жар.
Жігіт кірсін осы үйге,
Келінмен-ау, жар-жар.
Дастарханның басында,
Шашу болсын, жар-жар.

Өлең менен әндерің,
Қосу болсын, жар-жар.
Жұрағатың жиылып,
Басын қоссын, жар-жар.
Жұрағат пен достарың,
Тойды тоссын, жар-жар.
Той тосқанның бәріне,
Бәрекелді, жар-жар.
Тойың болсын ұлғайып,
Мерекелі, жар-жар.

## 105. АУЖАР
(ЖІГІТТІҢ ӘНІ)






Бисмиллә деп бастаймын, аужар басын, жар-жар,
Аужарменен сұраймын қыздың жасын, жар-жар.
Саған менің үйреткен өсиетім, жар-жар,
Ерте тұрып түндік аш, қарындасым, жар-жар.
Мынау үйдің жапсарын ашшы былай, жар-жар,
Өрік-мейіз алдымнан шашшы былай, жар-жар.
Осы қыздың аужарын өзім айтам, жар-жар,
Топырламай алдымнан қашшы былай, жар-жар.

## 106. АУЖАР

(ҚЫЗДЫҢ ӘНІ)






Ақ отауым тіккен жер ойыл-қиыл,
Беремін деп келіпті-ау, әкем биыл.
Жақсы көрген бір жеңгем барып айтшы,
Ауыл көркі мен едім қойсын биыл.

**Қайырмасы:**

Ой, елім-ау,
Қош-есен бол дедім-ау-ай.

## 107. АУЖАР
(ҚЫЗДЫҢ ЖАУАБЫ)



Шашбауымның аяғы шашыраған,
Ақ сүт беріп анамыз асыраған.
Сүйтіп баққан анаға не көрсеттік,
Жат кісінің баласын жолдас еттің-ау.

**Қайырмасы:**
Қазына қалады қайран бауырым-ай.

Жылқы түсер күн жауса сауырларым,
Ойнап-күліп тамаша ауылдарым.
Сапар жолға жол шықтым қайран елім,
Аман-есен көрелік бауырларым-ау.

**Қайырмасы:**
Қазына қалады қайран бауырым-ай.

## 108. АУЖАР




Аужар айта біз келдік,
Күйеу жарға, жар-жар.
Пайғамбар да қыз берген,
Қали ерге, жар-жар-ай.

Қызды неге, Құдайым,
Жаратасың, жар-жар.
Желке шашын майдалап,
Таратасың, жар-жар-ай.

Біз де өзіңдей біреудің,
Баласы едік, жар-жар.
Қандай жанның қолына,
Қаратасың, жар-жар-ай.

Қыздар мұңдық айрылған,
Шешесінен, жар-жар.
Оқ тигендей жылайды,
Денесіне жар-жар-ай.

Қыздар мұңдық айрылған,
Атасынан, жар-жар.
Атаң қайтіп жаңылсын,
Батасынан, жар-жар-ай.

## 109. АУЖАР

(ҚЫЗ БЕН ЖІГІТТІҢ ӘНІ)




5
сың-сы-лап, би-кем, Ме-йі-рің қан-сын тас-тай-ын.
7
Қайырмасы:
4 рет.
Қа - йыр қош ен-д(і)оу, а-ман бол.
Әндете ♩ = 84
9
Қыздың айтатыны:
Ақ ки-із-ді ба-са-мын түң-лік қы-лып, жар -
11
- - жар - ау. Қыз-ды құ-дай жа-рат - қан-ау,
13
мұң(ы)-лық қы-лып, жар - - жар-ау.
15
Қы-зы бол-май ә-кем-нің ұ-лы бол-сам, жар -
17
- - - жар-ау, Өз е-лім-де жү-рер ем-ау,
19
би-лік құ-рып, жар - - - жар-ау,
21
а - ей, е - ау.

## ЖІГІТТІҢ АЙТАТЫНЫ:

Аужарды айтып бастайын, бикем,
Өлеңді қалай тастайын.
Жыламайсың сыңсылап, бикем,
Мейірің қансын бастайын.

**Қайырмасы:**
Қайыр қош енді-оу, аман бол.
Есіктің алды беткейлі, бикем,
Беткейдің қары кетпейді.
Әлдилеп бөбек сүйгенше, бикем,
Өз елің естен кетпейді-ай.

**Қайырмасы:**

Есіктің алды шие еді, бикем,
Шиеге бойың тиеді-ай.
Әлі де бір еске түскенде, бикем,
Ішің бір оттай күйеді-ай.

**Қайырмасы:**

Мінгенде атың жиренше, бикем,
Даңғырлап тұрмайды мінгенше-ай.
Өз елің естен шықпайды, бикем,
Әлдилеп бала сүйгенше-ай.

**Қайырмасы:**

Есіктің алды ебелек, бикем,
Жаңбыр да жауар себелеп.
Алғаның жақсы жолықса, бикем,
Бәйбіше болар мәпелеп.
Алғаның жаман жолықса, бикем,
Жатыңды алар төбелеп.

**Қайырмасы:**

## ҚЫЗДЫҢ АЙТАТЫНЫ:

Ақ киізді басамын түңлік қылып, жар-жар-ау,
Қызды құдай жаратқан-ау, мұңлық қылып, жар-жар-ау.
Қызы болмай әкемнің ұлы болсам, жар-жар-ау,
Өз елімде жүрер ем-ау, билік құрып, жар-жар-ау, а-ей, е-ай.

Сұр құнажын, ендеше, сұр құнажын, жар-жар-ау,
Байлап қойған жеріңде тұр, құнажын, жар-жар-ау,
Елден кетіп барамын тіптен енді, жар-жар-ау,
Ақ палуа замандас барар өзі, жар-жар-ау, а-ей, е-ай.

Етік сұлу көрінер тағасы боп, жар-жар-ау,
Ақша сұлу көрінер баласы болып, жар-жар-ау.
Қызы болмай әкемнің ұлы болсам, жар-жар-ау,
Кішілердің жүрер ем ағасы боп, жар-жар-ау, а-ей, е-ай.

Өз елімде жүруші ем барқыт пішіп, жар-жар-ау,
Біреуінен-біреуін артық пішіп, жар-жар-ау,
Астың алдын бермесе ішпеуші ем, жар-жар-ау,
Енді қайтып жүремін сарқыт ішіп, жар-жар-ау, а-ей, е-ай.

Мені шешем күтіп еді айдай қылып, жар-жар-ау,
Алақанға еріткен майдай қылып, жар-жар-ау.
Өз елімде жүруші ем қалқып-шалқып, жар-жар-ау,
Кісі елінде жүремін қандай болып, жар-жар-ау, а-ей, е-ай.

# СЫҢСУЛАР

## 110. ҚҰДАЛАРМЕН АЙТЫСУ




Айт дегенде, өлеңді айта алмаймын,
Түйеге алған торы аттай жайтаңдаймын.
Өзге кісі айт десе айтпас едім,
Құдалардың көңілін қайтармайын,

Өлең гүйрей дегенге, өлең гүйрей,
Он қап өлең әкелдім аузын түйрей.
Он қап түгіл, бірінің аузын ашсам,
Тұра қашар құдалар тонын сүйрей.

Ахау, Семей,
Тіл мен көмей.
Көтере сал әніңді,
Төмендемей-ай.

## 111. ҚҰДА НАЗЫ






Құдалар, сөзің алтын, тілің майда,
Қазақта жылаған қыз азғантай ма?
Қалдырмай дос-дұшпанның табасына,
Құдалар, баламызды сақта ондайдан.
А-ау, сақта ондайдан а-ай.

Ал сөйле, қызыл тілім, келді кезек,
Болмасын осыменен ойды тежеп.
Өзіммен айтысатын құда болса,
Көрейін құлашымды біраз сермеп.

Дегенде аңғал құда, аңғал құда,
Сөзіме менің айтқан таң қал, құда.
Бас қосып, мәжіліс қып отырғанда,
Кеудеңде жаның болса, қозғал, құда.

Бірінші дұғай сәлем сіздің жаққа,
Кез болды осы той да біздің баққа.
Өленді қайрай-қайрай айтар едім,
Баяғы әдет болған шапшаңдықта.

## 112. СӘУКЕЛЕ (I)



## 113. СӘУКЕЛЕ (II)




Құдаларды көрейік,
Сәукелені киейік.
Бұрынғының жолы деп,
Той-думанды көрейік.

Бір ата мен бір ене,
Қатесі жоқ білгенге.
Бақыт тілеп балаға,
Беріңдер бата бәрің де.

## 114. СӘУКЕЛЕ (III)






Алыстан келген құда, сәлем бердік,
Келген соң біз сіздерге көңіл бөлдік.
Дәстүрі баяғының болғаннан соң,
Сәукеле байғазысын сұрай келдік.

**Қайырмасы:**

Құдаларым, келіпсің,
Тамашаны көріпсің.
Сәукелеге байғазы,
Мен сұрадым бересің.
Берсең дағы бересің,
Бермесең де бересің.
Егер, құда, бермесең,
Сүйресек те көнесің.

## 115. СӘУКЕЛЕ (IV)






Ассалаумағалейкүм, құдаларым,
Белгілі бұл сәлемді құп аларың.
Құда мен құдағилар сұраймыз деп,
Білдірді көкейдегі жобаларын.

Сәукеле бұрынғыдан қалған мирас,
Еш адам байғазымен дүние жимас.
Орамал тон болмайды, жол болады.
Құдалар, азды-көпті білдір ықылас.

Берсең дағы берерсің,
Бермесеңде берерсің.
Арқан салып сүйресек
Көресіңді көрерсің.

## 116. АРЫЗ ӨЛЕҢ (I)




Ақ көйлек аппақ-аппақ кір болады,
Ақ көкем мен кеткен соң не болады.
Оң жақта иіліп тұрған келіні жоқ,
Төсегін бір салуға мұң болады.

Басыма қама бөрік қырын кидім,
Ақ көкем қырын жүріп жүгін жидым.
Әкеме қыз да болсам, ұлдай едім,
Өтерін бұл дүниенің бүгін білдім.

## 117. АРЫЗ ӨЛЕҢ (II)




Қарағай ерге қас болмас,
Қыз бала елге бас болмас.
Оз үйімнен кеткен соң,
Бал жесем де ас болмас.

Әуеде торғай ұшып жүр,
Балапаны еріп жүр,
Көз көрген едің жеңеше-ау,
Сағындырмай келіп жүр.

## 118. СЫҢСУ (I)




Алтын да менің босағам,
Аттап бір шығам деп пе едім.
Күміс те менің босағам,
Күңірентіп шығам деп пе едім.
Базардан келген кеселер,
Шай суындай еселер.
Енді айналып келгенше,
Хош-есен бол, шешелер.

## 119. СЫҢСУ (II)






Қарадан қамзол пішіңдер,
Жібектен арқан есіңдер.
Енді айналып келгенше,
Хош-есен бол, шешелер.

Қаладан келген ақ мақта,
Бұлғақтап өстім оң жақта.
Айналайын әкеке-ау,
Қолыңды жай, бер бата.

## 120. СЫҢСУ (III)




Қарағай ма екен, тал ма екен,
Талдан да биік бар ма екен.
Үйде бір жүріп, түзде өлген,
Қыздан да мұндық бар ма екен.

Қалайы сандық кілтім-ау,
Жылама дейсің, жұртым-ау.
Жыламай қайтып шыдайын,
Барасың қалып жұртым-ау.

## 121.СЫҢСУ (IV)






Шашбау тақтым шашақтап,
Сәукеле кидім моншақтан.
Айналайын, жеңеше-ау,
Көрісейін құшақтап.

Айналайын, жеңеше-ау,
Мінезің еді өзгеше-ау.
Ақ орамал алғайсың,
Артымнан іздеп барғайсың.

## 122. СЫҢСУ (V)




Айналайын, әжекем!
Бөтен де елге бағынып,
Қайтіп те адам болармын-ай!

## 123. КӨРІСУ (I)




Қолымда шынжыр оймағым,
Бір елде-ау қалай ойнармын.
Қадірлес өскен, жеңеше-ау,
Сағынып сені ойлармын.

Жүруші едім біріңдей,
Арабы кілем түріндей.
Кәдірлес өскен, жеңеше-ау,
Айрылдым сенен тірідей.

## 124. КӨРІСУ (I)




Шағи да көйлек сөкпелі,
Біз әкеге өкпелі.
Өкпелі болмай қайтейін,
Биылша маған көп пе еді.

Шағидан ба еді көйлегім,
Жібектен бе еді өрмегім.
Еркелеткен, әкекем,
Биылда ма еді бермегің.

## 125. КӨРІСУ (II)



Еркеледім бір қыздай,
Жағаға басқан құндыздай.
Енді бір кетіп барамын,
Үркерден қашқан жұлдыздай.

Қара ат міндім тағалап,
Соңыңнан ердім ағалап.
Айналайын, ағаске-ау,
Малға бір саттың бағалап.

## 126. АНАСЫНЫҢ ҚЫЗЫМЕН КӨРІСУІ




Балапандай баптадым,
Жұмыртқадай шайқадым-ай.
Он тоғыз жасқа келгенше,
Сипалап баққан құлдығым,
Бір жат елге қиярмын ба-ай.

## 127. ҚЫЗДЫҢ ӘКЕ–ШЕШЕСІМЕН КӨРІСУІ






Мылтық арман-ай, аттың ба апа-ау,
Ие малға мені аямай-ау, саттың ба, апа-ау.
Тор көзді тоқсан басың-ау, сенің үйің,
Сыймастай жалғыз басым-ау, не еттім, апа-ау.
Мен болсам жек көргенің-ау, кеттім ба апа-ау.

Шашағы шашбауымның алым-салым,
Үйінде мама-екемнің мен бір ханым.
Барғанда бір елдерге келін дейді-ау,
Үйінде мама-екемнің шықсын жаным.

## 128. СЫҢСУ (I)



Беліме белбеу бумадым,
Анадан ұл боп тумадым.
Жан бауырым, бауырым,
Жаныңа серік болмадым.

Қаптырма бетін қаптырдым,
Қарадан жабу жаптырдым.
Жаның басқа, жан әкем,
Бір Аллаға тапсырдым.

Келді ме екен бұл уайым,
Көздің жасын бұлайын.
Жаным бір басқа, жан әкем,
Құшақтасып жылайын.

## 129. СЫҢСУ (II)

**Нәзік сезіммен ♩ = 96**




Айналайын жан әке,
Алдыңа келген мен ботаң.
Алдыңа келген ботаңа,
Оң қол жайып бер бата.

Қой ішінде қозы едім,
Жылқы ішінде құлын ем.
Жан әке, сенің қолыңда,
Асыранды қаз едім.

## 130. СЫҢСУ (III)

**Нәзік сезіммен ♩ = 76**






Ақ көйлегім кестелі,
Мен бауырыма өкпелі.

Өкпелемей не дейін,
Осы қыс маған көп пе еді?

## 131. СЫҢСУ (Ү)




**Әкесіне:**
Өсіп едім желкілдеп,
Жүруші едім әкелеп.
Көнбеймін деген бұл іске,
Көндірді алдап, желкелеп.

**Атасына:**
Базардан барып мата алсам,
Атажан, сізден бата алсам.
Бергенде батаң қабыл боп,
Жақсы бала атансам.

Есіл бойы ел қыстар,
Пүлішпенен тон тыстар.
Қарағым, қалқам десе де,
Сіздей қылып кім ұстар?

**Жеңгесіне:**
Теңге, теңге, теңгелер,
Тетелес өскен жеңгелер.
Теңгедей теңге табылар,
Сіздердей жеңге табылмас.

Шыр, шыр, шыр, шыр, шырқырай,
Шырылдап ұшып жүр торғай.
Енші алып тұрғанда,
Неғып тұрсың, ағатай?

## 132. ҰЗАТҚАН ҚЫЗДЫҢ ЖЫРЫ




Жүруші едік айдай боп,
Қосақтаған тайдай боп.
Енді де-ау, қайтып барамын,
Үркерден қайтқан айдай боп.

Қоғалы көлден қой өтер,
Қорасын басып көш өтер.
Кешегі жүрген жан бауырым,
Жылауменен күн өтер.

# 133. ШЕШЕСІНІҢ ҚЫЗЫНА АЙТҚАНЫ






а.
Әй! Әй!
Қарағым-ай, халқыңа қалаулы бол,
Жұртыңа елеулі бол.
Ертемен ерте тұрарсың,
Түңлігіңді ашарсың, а.
Сүтімді сонда-ай, ақтарсың.
Қарағым-ай, не айтайын,
Енді жат жұрттық болғасын,
Барарсың, қарағым-ай!

## 134. ІНІСІНІҢ АЙТҚАНЫ




Сылдырап сылдыр қамысқа
Сырғаң түсті, жар-жар-ау!
Апам үшін қабырғам-ау,
Қайысады, жар-жар-ау!

Апам үшін қайыспай,
Қалай болар, жар-жар-ау!
Қайыр қош боп тұрарсың,
Жан бауырым, жар-жар-ау!

## 135. ҚЫЗДЫҢ ӘКЕСІМЕН ҚОШТАСУЫ




И-әй! И-әй!
Көкешім менің қайда екен-ай!
А, а, а, а.

## 136. ӘКЕСІНІҢ ҚЫЗЫМЕН ҚОШТАСУЫ




Қалқам,
Артыңнан аман болсаң барып тұрармын.
Қайыр қош!

## 137. ҚЫЗДЫҢ ЗАРЫ






Ей, құрбылар-ай,
Көргенімше аман бол,
Амал қанша, ей-ау.
Өттің, кеттің деген-ау,
Соққан желдей,
Алдымдағы қара бақ,
Қазған ордай-ау.

## 138. КҮЛӘЙІМНІҢ ҚОШТАСУЫ




Айдан, айға секірген,
Күләйімсің-ай.
Бұл жалғанның қызығы,
Бұйырмады-ай.
Ай, Күләйімсің,
Аман бол, не қылайын-ай!

## 139. СЫҢСУ (II)




Қайран да елім қалады-ау,
Қарасам көзім талады-ау.
Ақылымнан қайғым көп,
Заманым қандай болады-ау.

Қызыл да салдым жеңіме-ау,
Қоспадың әкем теңіме-ау.
Қосып бір қоспай немене,
Жүргізбедің елімде-ау.

Еркелеткен жеңешем-ау,
Енді де кіммен кеңесем-ау.
Кеңесер кісі табылар,
Өз жеңешем демесем-ау.

Базардан алған тақтайым-ау,
Сындырмай қалай сақтайын.
Ақ сүтін берген анамның-ау,
Борышын қалай ақтайын-ау!

## 140. МАХАББАТ ЗАРЫ



Есіктің алды-ау ақ қайың,
Жапырағын баспайын.
Босаға аттап өткен соң,
Балалықты-ой тастайын.

Есіктің алды-оу, қараған,
Тамыры жерге тараған.
Айналайын, анашым,
Қабағым-ой, қараған.

Айналайын, анашым,
Панашым болған, анашым.
Құрдасыңа тидім мен,
Осыған қалай нанасыз.

Жағалай қонған күрке еді,
Күркеден атым үркеді.
Кешегі жүрген арысым,
Бетін топырақ бүркеді.

Сен қалай өлдің, жанарым,
Тағдырға бар ма-оу, амалым.
Бір көруге зар болып,
Арманда кетіп барамын.

Ұнатып мені-ай, сүюші ең,
Құшақтап мені-ай, жүруші ең.
Құс болып қонған қолыма,
Бақытым деп білуші ең.

Өмірлік өскен гүлім ең,
Солдың ба, шынымен.
Қалдым ғой сенен айырылып,
Бақытсыз жанмын енді мен.

Жүріп едің кеше аман,
Қор қылды-ау сені бір жаман.
Бақытсыз ғой қыз байғұс,
Неткен қатал бұл заман.

Базардан алған көк арба,
Жауын тисе оңар ма.
Айналайын, апашым,
Бақ құсың ұшса-ой, қонар ма.

Базардан алған кеселер,
Жауын жауса-оу, еселер.
Қызым-қызым деуші едің,
Қош, аман бол шешелер.

Сарыарқаның белінен,
Салқын самал еседі-ай.
Қыз байғұстың тағдырын,
Қырық бас мал шешеді-ай.

Базардан алған ілмешек,
Болмаңдар құрбым, көңілшек.
Он сегізге толмай мен
Атандым, ойбой, келіншек.

## 141. ЕСКІ СЫҢСУ




7
қош а - ман бол көр - ген - ш(е)ай.
9
Тер - ген би - дай - ау ша - шай - ын,
11
ке - зін - де кі - лем ау, ба - са - йын - ай.
13
Ай - на - лай - ын - ау, же - ңе ш(е)ау,
15
е - сі - ме сен түс - кен - де - ай,
17
қа - лай - да - ау, өк - пем - ді
19
ба - сай - ын. Ба - ла - пан ө - се - д(і)ау,
21
3
күн сай - ын. ақ - қай - ың ө - се - д(і)ау,
23
3
жыл сай - ын. Ай - на - лай - ын - ау,
25
бау - ы - рым - ай, са - ғы - на - мын - ғой күн сай - ын.

Ақ көйлегім белдемше-ау,
Ойнаушы едім өлгенше-ай.
Айналайын, жеңеше-ау,
Қош-аман бол көргенше-ай.

Терген бидай-ау, шашайын,
Кезінде кілем-ау, басайын-ай.
Айналайын-ау, жеңеше-ай,
Есіме сен түскенде-ай,
Қалайда-ау, өкпемді басайын.

Балапан өседі-ау, күн сайын,
Аққайың өседі-ау, жыл сайын.
Айналайын-ау, бауырым-ай,
Сағынамын ғой күн сайын.

## 142. ҚЫЗ СЫҢСУЫ




Ақбоз бір үйде тіреу жоқ,
Ақ күмісте іреу жоқ.
Жан-жағыма қарасам,
Бапа екемдей біреу жоқ.

## 143. ҚЫЗ СЫҢСУЫ




13
3
не - ге ту - дым, ә - кем - ді
16
ту - а - рым - да, ой, қу - ант қан -
19
мын. Ше - шем - ді ке - те рім - де,
22
ау, су - алт - қан - мын.
25
Төбеттей қы - зыл мақ - пал, ау, қы -
28
рын ки - дім, ә - кем - нің
31
қы - рын тұ - рып, ау, жү - гін жи - дым -
34
ау, ай. Ә - ке - ме қыз да бол - сам,
37
ой, ұл - дай е - дім - ау,
40
ә - кем - нің ұ - за - та - рын - ау,
43
ен - ді біл - - - - дім.

Жапанға жалғыз өзім-ау, барсам болды,
Ор қоян ашық жерден-ау, түнде қудым.
Өзім қыз, өзім жалғыз-ой, неге тудым,
Әкемді туарымда-ой, қуантқанмын.
Шешемді кетерімде-ау, суалтқанмын.
Төбетей қызыл мақпал-ау, қырын кидім,
Әкемнің қырын тұрып-ау, жүгін жидым ау-ай.
Әкеме қыз да болсам-ой, ұлдай едім-ау,
Әкемнің ұзатарын-ау, енді білдім.

## 144. ҚЫЗ СЫҢСУЫ




Базардан келген шар айна,
Бет көруге ұнай ма.
Шық деп бір халқым, зарлайсың,
Үйден бір шықпақ оңай ма-ай.
Қайран да менің, халқым-ай,
Тірі бір кетті демесең,
Өлгеннен мұның несі артық.
Қайырлы болғай артың-ай.
Қошақан қойдың тоқтығы,
Ата-анамның жоқтығы,
Артымдағы үш жетім,
Арманым соның жастығы-ай.
Ата-анаға кім жетер,
Айналайын, халқым-ау.
Артымдағы тумалас,
Ата-анадай болар ма.
Қайғыра келе қақсасам,
Ата-анамның орны толар ма.

# 145. СЫҢСУ




Отқа қойсам жез шәугім жылымайды,
Өгей емес өз шешем жыламайды.
Жыламаған шешені жылатайын,
Неден көңілің қалды деп сұратайын.

**Қайырмасы:**
Ой, елім-ау,
Енді аман бол, жерім-ау-ай.

## 146. ҚЫЗДЫҢ ЖОЛДАСТАРЫНЫҢ СЫҢСУЫ




О, о, о, о, ой,
Е, е, е, е, ай.
О, о, о, о, ой,
Е, е, е, е, ай.

## 147. ҰЗАТЫЛҒАН ҚЫЗДЫҢ КӨРІСУІ




Жеңешем келді-ау, қасыма,
Бөкебай салды-ай, басыма.
Он жетіге келгенде,
Көрсеткенің осы ма-ау.

# 148. ҰЗАТЫЛҒАН ҚЫЗДЫҢ ӘНІ




Дүниеде не мұңдық, қыз да мұңдық, ахау,
Томағасы басында, көзі жұмық.

**Қайырмасы:**
Сұлужан, артықша едің ұлдан,
Амал жоқ мойын бұрудан.

## 149. ҚЫЗДЫҢ ҰЗАТЫЛҒАНДАҒЫ ӘНІ




Екі бір торы ат көсем бол,
Сөйлерге тілім шешен бол.
Енді айналып келгенше-ау,
Қайран да елім, есен бол-ай.

Әй-әй сандық, кілтім-ау,
Қалайша жүрем, жұртым-ау,
Кілт теріске, ой, айналды-ай,
Кетуге басым байланды-ай.

## 150. ЕРІКСІЗ ҰЗАТЫЛҒАН ҚЫЗДЫҢ ӘНІ





көр - ген кү - нім - ай.

Қаратау менің жерім-ай,
Қош бол, өскен елім-ай.
Қолына түстің сылқымның,
Менің көрген күнім-ай.

Қарадан кидім шапанды,
Алам деп жатыр батаңды.
Он төрт жасқа келгенде-ай,
Қол-аяғым маталды-ай.

Қаратау менің жерім-ай,
Болмады менің сорым-ай.
Алғашында мал берген,
Құла бір атқа тай берген.

Ойнап-күліп шаптым да-ай,
Көк бестіге мал болдың.
Қаратау менің жерім-ай,
Қош-аман бол, елім-ай.

## 151. ҚОШТАСУ

**Қимастықпен**



Жүк - ке жап - қан ақ ки - із
Кө - ңі - лім - ді, а - ға-лар,

тал - дыр - ма - сы, дү - ни(е) - ай,
қал - дыр - саң да, дү - ни(е) - ай,

кө - ңі - лім - ді, а - ға - лар, қал - дыр - ма - ш(ы) - ай - ай.
А - ла - қан - дай ақ жау - лық сал - дыр - ма - ш(ы) - ай - ай.

ө - мір са - я, жал - ған - ай,

қай - ран е - лім қал - ға - н(ы)ай.

Жүкке жапқан ақ киіз талдырмасы, дүние-ай,
Көңілімді, ағалар, қалдырмашы-ай-ай.
Көңілімді, ағалар, қалдырсаң да, дүние-ай,
Алақандай ақ жаулық салдырмашы-ай-ай.
Өмір сая, жалған-ай,
Қайран елім қалғаны-ай.

# 152. ҚОШТАСУ ЖЫРЫ






Жеңешем келіп-ой, қасыма-ай,
Бөкебай салды-ау, басыма.
Жеңеше, жеңеше дегенде,
Көрсеткен сыйың-ай, осы ма.

Қара да құнан қашаған,
Алтын да менің босағам.
Жат жұрттыққа-ау, жаратқан,
Құдіреті-ау, күшті-ау, жасаған.

Базардан келген бұлындай,
Өсіп ем әке-ау ұлындай.

Санаулы-ай, күнім біткен соң,
Ұстап бір бердің құлындай.

Жылқы ішінде қара-оу, кер,
Шапқанда шығар қара-ау, тер.
Айналайын, апа-еке-ау,
Сағындырмай келе көр.

# 153. ҚЫЗДЫҢ ӘНІ




Қызыл құлып, жаным-ай, қызыл құлып,
Қалған көлдің жатады-ай суы жылып.

**Қайырмасы:**
Арман-ай,
Мен білмеймін сырыңды-ай,
Әлдеқандай қайдам-ай.

Қатар өскен қадірмен жігіттер-ау,
Мен айтайын өленді-ай қызықтырып.

**Қайырмасы:**

# 154. ҚАЙБАТА—ӨСКЕН ЖЕРІМ-АЙ






Кеседі ақ киізді түндік қылып,
Жаратты қызды құдай мұндық қылып.

Әкемнің қызы болмай ұлы болсам,
Жүрер ем өз елімде билік қылып.

**Қайырмасы:**

**Қайырмасы:**
Қайбата-өскен жерім-ай,
Қап кетті қайран елім-ай!

## 155. ҚАЙРАН ЕЛІМ ҚАЛДЫ ЕНДІ




Қызыл өрік деуші едім, қызыл өрік,
Жарасады басыма кисем бөрік-ай.

Ұлы болмай әкемнің қызы болып,
Кісі елінде жүремін қандай болып-ай.

**Қайырмасы:**
Қайран елім қалды енді,
Өз елімдей қайда енді!

**Қайырмасы:**

# 156. ҚАРАҒЫМ




Қия жерге өрмекті құрушы едім,
Шаршағанда мойнымды бұрушы едім.

**Қайырмасы:**

Қарағым, қардан аппақ тамағың,
Іздесем қайдан табамын!

Қыздай мұңдық бар ма екен жер бетінде,
Шалқи түсіп елімде жүруші едім.

**Қайырмасы:**

Қарағым, арманда боп барамын,
Сағынсам еске аламын.

**Қайырмасы.**

# 157. БӨЗ ЖАУЛЫҚ




Көк етігім қоншы тар кие алмаймын,
Әкем менен шешемді қия алмаймын-ау, еркем-ай.

**Қайырмасы:**

Базардан алған бөз жаулық,
Шетінен алдым бір баулық.
Айналайын, туысқан,
Сіздерге берсін-ау денсаулық.

Мен қайтейін ауылдан кетіп барам,
Бауырларым жас еді, көп ойлаймын-ау, еркем-ай.

**Қайырмасы:**

Қызды неге, құдайым, жаратасың,
Қолаң шашын қайырып таратасың-ау, еркем-ай.

**Қайырмасы:**

Асау тайдай алшақтап жүрген басым,
Қандай жанның қолына қаратасың-ау, еркем-ай.

**Қайырмасы:**

## 158. СЫҢСУ





Ай са - йын ке - ліп а - ман - дас.
Орамал тақтым шашақтап, Есіктің алды қарағаш,
Шашбау тақтым моншақтап, Қабығын ал да, малға шаш,
Келші бермен жеңеше-ау, Артта қалған ағалар,
Көрісейік құшақтап. Ай сайын келіп амандас.

## 159. ЖҰБАТУ

**Бірқалыпты, жұбата**



Е - сік - тің ал - ды тас - тақ - т(ы)ау, би - кем,
Тас - тақ - ты қо - ян бас - пап - т(ы)ау, би - кем.
А - та - сы бас - қа жау жең - ген, би - кем,
Боз үй - ге са - лып тас - тап - т(ы)ау би - кем.

Есіктің алды тастақты-ау, бикем,
Тастақты қоян баспапты-ау, бикем.
Атасы басқа жау жеңген, бикем,
Боз үйге салып тастапты-ау бикем.

Есіктің алды құмдақты-ау, бикем,
Құмдақтан қоян зымғапты-ау, бикем.
Атасы басқа жау жеңген, бикем,
Боз үйге салып тыңдатты-ау, бикем.

## 160. АУШАДИЯР




Ау - ша - ди - яр бір бо - лар, ма - лын бақ - қан




Аушадияр — бір болар,
Малын баққан бай болар.
Ақсақалдан бата алған,
Ақ самайлы би болар.

Аушадияр — екі,
Қыздың сұлу беті.
Әсем көйлек, он түйме —
Қыздың сұлу көркі.

Аушадияр — үш болар,
Үшып жүрген құс болар.
Екі жаман қосылса,
Өле-өлгенше өш болар.

Аушадияр — төрт болар,
Қыздың қойны өрт болар.
Қызды ауылға барам деп
Қол-аяғың мерт болар.

Аушадияр — бес болар,
Ерге садақ ес болар.
Екі жақсы қосылса,
Өле-өлгенше дос болар.

Аушадияр — алты,
Найза қолдың қарты.
Осындайда ойнап-күлген —
Бұрынғының салты.

Аушадияр — жеті,
Қыздың сұлу беті.
Қызыл беттен бір сүю —
Жас жігіттің дерті.

Аушадияр — сегіз,
Су аяғы теңіз.
Көп сұлымен жемдеген
Біздің құла ат семіз.

Аушадияр — тоғыз,
Жорғалаған қоңыз.
Ата-анасын сыйламаған,
Ақыретте доңыз.

# Той бастар



# 161. ТОЙ БАСТАР (I)




Белгісі той қылғанның отау жабар-ай,
Қиқу сап жас балалар атқа шабар-ай.
Той қылған қыз әкесі мырза болса, ай,
Жігітке той бастаған шапан жабар-ай.

**Қайырмасы:**

Ақсай деген жеріміз,
Кең жайлаған еліміз.
Үйрек ұшып, қаз қонған,
Дария шалқар көліміз.

Дегенге той қылған қыз, той қылған қыз,
Тойына тоғыз бие сойдырған қыз.
Атын ерттеп, түйесін қомдап қойып,
Бір жаққа жүрейін деп ой қылған қыз.

**Қайырмасы:**

## 162. ТОЙ БАСТАР (II)




Келеді айым туып оң жамбастан,
Құдайым айырмасын тең құрдастан.

Құдайым айырғанша тең құрдастан,
Нетеді жаратпасаң әуел бастан-ай.

## 163. ТОЙ БАСТАР



Той бастаңдар құдалар, той бастаңдар-оу,
Құтты болсын тойыңыз дей бастаңдар.
Көңіл етіп бұл жерге келген құда-оу,
Тауда жүрген бөкендей ойқастаңдар.
Ақжайлау,
Ақжайлаудай жер қайда-ау.

## 164. ТОЙ БАСТАР (I)




Той бастаңдар, жігіттер, той бастаңдар-ей.
Құтты болсын тойларың-ей, дей бастаңдар-ей.
Сәтті күні сәрсенбі — қыздың тойы.
Той жасаған қыз-жігіт көп жасаңдар-ей.

Семіз қойды той қылып, сойдырған үй-ей.
Табақ, табақ ет тартып, тойдырған үй-ей.
Сәрсенбінің сәтіне той жасапсыз-ей.
Құтты болсын тойларың, той қылған үй-ей.

Қотан толып, тойларың тойға ұлассын-ей.
Қырға қарай жамырап, қой құласын-ей.
Құтты болсын айтамыз тойларыңа-ей.
Той иесі, тойыңыз тойға ұлассын-ей.

Көсем жігіт жиында той бастасын-ей.
Айшық мүйіз ақ қошқар қой бастасын-ей.
Азғана сый-құрметке риза боп-ей,
Осыменен, ағайын, той тарқасын-ей.

## 165. ТОЙ БАСТАР (II)






Келемін төрге қарай қадам басып,
Төрдегі жақсыларға амандасып-ей.
Атасы ботасына той қылыпты,
Кең жайып дастарқанын,
шашу шашып.

Астыңдағы мінгенің Құлагерге,
Жарасар әшекейлеп айтсам терме-ей.
Екі жас қол ұстасып келген кезде,
Қонысың құтты болсын қонған жерде.

Той болса төгіледі мейіз, өрік,
Жастарға жарасады кәмшат бөрік.
Қосылған екі бота бақытты боп-ей,
Әрқашан босағасы болсын берік.

Үйіңнің ат байланған жел жағына,
Жақсының жайын ілігер қармағына.
Тойларың құтты болсын, үй атасы-ей,
Жас бота ойнақтасын жан-жағында.

## 166. ТОЙ БАСТАР (III)






Шашбауым шашым ұзын тең тастайын,
Ойынын екі жастың мен бастайын.
Ойыны екі жастың болса жақсы,
Таң атып, күн шыққанша мен қақсайын.

Басынан ана таудың тердім тезек,
Аяғы ақ боз аттың безек-безек.
Мен айтып міндетімнен құтылдым ғой,
Замандас енді келді сізге кезек.

## 167. ТОЙ ЖЫРЫ






Той бастаңдар, көпшілік, той бастаңдар, а-хоу,
Той бастаған көпшілік, көп жасаңдар, у-гай-ай,
Сәтті күні сәрсенбі той жасапсың-а-хоу,
Құтты болсын тойыңыз дей бастаңдар, у-гай-ай.

**Қайырмасы:**

Салған әні қалқаның,
Көңіліңді байқадым.
Бірің екі болған соң,
Қуанышпен айтамын.

Жан қалтама салғаным өрік болсын, а-хоу,
Балаңыздың ғұмыры берік болсын, у-гай-ай
Ағалары алдында аман болып, а-хоу
Едел-жедел артынан серік болсын, у-гай-ай.

## 168. ТОЙ БАСТАР (I)

**Шарықтата, соза**







**Қайырмасы:**






Бұл тойды баста десең, бастайтұғын,
Айтқанша біздер бастап, дариға, саспайтұғын, әл-уай.
Сұрасаң ұранымды-ау Райымбек,
Той тұрмақ жауыңнан да, қашпайтұғын.

**Қайырмасы:**
Бес кәмпит, алты жаңғақ,
Он бауырсақ,
Барамыз жылдан жылға,
Дариға, мұны да аңсап, әлу-ай.

Бастайды «бісміллә» деп тойдың басын,
Көтерер «Уа, амин!» деп, дариға, қойдың басын, әлу-ай.
Аударған ала қағаз жетік молда,
Болжайды үйде отырып, қыбыласын, әлу-ай!

## 169. ТОЙ БАСТАР (II)




Баста десең бұл тойды ақын бастар-ау,
Бастай алмай отырған есіл жастар-ау.

**Қайырмасы:**
Албыраған Гүлжамал-ай,
Осы әнге сал,
Дүние-ай.

Біз айтамыз өлеңді тыңдасаңыз-ау,
Құлақ салып тыңдасаң, мың жасаңыз-ау!

**Қайырмасы:**

Түбі шірік дүние-ау бір бәйтерек-ау,
Шыңға құлап кетеді ырғасаңыз-ау.

**Қайырмасы:**

# 170. ТОЙ БАСТАР (III)

**Шын ықыласпен**













Отағасы, кәнеки, той бастаңыз, ахоу,
Асықпай-ақ бұл тойды жай бастаңыз, жан сәулем-ай.
Қуаныш қып балаларға той жасапсыз, ахоу,
Құтты болсын тойыңыз дей бастаңыз, жан сәулем-ай.

**Қайырмасы:**

Біздің үйде мәшине,
Мәшинеде қос ине-ай.
Бүгін болған тамаша-ау,
Бола берсін осы үйде-ау.

Той құдайдың, әнеки, қазынасы, ахоу,
Қор болмайды жақсының ғазиз басы, жан сәулем-ай.
Сәтті күні балаға той жасапсыз, ахоу,
Құтты болсын тойыңыз, отағасы, жан сәулем-ай.

**Қайырмасы:**

Ойып қойған оюым-ау,
Сызып қойған сызуым-ай.
Бала-шағаң ер жетіп-ау,
Көре бергін қызығын-ай!

## 171. ТОЙ БАСТАР (IV)




Баста десең тойынды Алжан бастар, ахоу,
Жүйрік ат төрт аяғын көсіп тастар.
Гүл өзіңнен,
Артық жан таба алмадым
Бір өзіңнен-ай!
Той қылғанның иесі мырза болса, ахоу,
Той бастаған кісіге шапан тастар.
Гүл өзіңнен,
Отырған күлімсіреп
Мінезіңнен-ай!

## 172. ТОЙ БАСТАР



**Жайлата**




**Жайлата**




Ай, міне, шашу шашайын,
Есігімді ашайын.
Міне, кілем алдыңа,
Міне, шашу жолыңа.
Бақытты бол, шырағым,
Ақылды бол, шырағым.
Астыңа мінген пырағың,
Төңірегің гүл болсын,
Өмірің өскен нұр болсын,
Немереңіз көп болсын,
Шөбереңіз мол болсын.
Енеңді сыйла, шырағым,
Атаңды сыйла, шырағым.
Алды-артыңды байқастап,
Дастарханың мол болсын.
Шашуымды-ай шашайын,
Ақылыңа қосылып,
Жаныңдағы жолдасың,
Өзіңдей бір зор болсын.
Ақыл берсең жолдасың,
Бағы өскен жігіт қой.
Ақымақ болса жолдасың,
Бағы қайтқан сүлік қой,
Осыны ойла, шырағым.
Шашу тойда айтарым:
Ақылың сенің мол болсын,
Бақытың сенің зор болсын,
Көрешегің көп болсын,
Шөбереңіз мол болсын.
Шөберең өсіп жеткенде,
Ақылың сенің зор болсын.

## 173. АДАЙДЫҢ ТОЙ БАСТАРЫ




4
Қы - зыл ті - лім де өр - ме - леп,
5
Өл - ген а - дам - ға да кел - ме - дің,
6
Әр - кім - ге ке - лер бір ке - зек.
7
Құ - ла - ғың - ды сал, тың - дап қал - ай,
9
Қа - ла - ға-ның сөз болса, Біз-дің а - уыл ай-та
11
а- ла-тын ке-рі Қа-ра-ой, Біз-дің а-уыл ел бе-зе-г(і)ай, еу.
15
Ей, шы - ға - ру - ға той ке-рек,
19
Ал, шы - ға - ру - ға той ке - рек. Шы - ға - ру - ға той ке - рек,ой
21
Шы-ға - ру - ға да той ке-рек. Сөз сөй-ле-йін, жа-ран - дар,




Ей, сөз сөйлейін бір нұсқадан термелеп,
Сөйлесем сөзім кетеді-ой,
Қызыл тілім де өрмелеп,
Өлген адамға да келмедің,
Әркімге келер бір кезек.
Құлағыңды сал, тыңдап қал-ай,
Қалағаның сөз болса,
Біздің ауыл айта алатын кері Қара-ой,
Біздің ауыл ел безегі-ай, еу.
Ей, шығаруға той керек,
Ал, шығаруға той керек-ой.
Шығаруға да той керек,
Сөз сөйлейін, жарандар,
Ал нұсқадан термелеп,
Ой, сұлу қызға да бай керек,
Ханның да көркін сұрасаң,
Қара да орман мал керек,
Жұрттың жабылып ішетін,
Айдын шалқар көл керек.
Көл жағалай отыр ғой,
Көк орай шалғын жер керек-ай.

# 174. ТОЙ ӨЛЕҢІ




Өлеңшіден өленді,
Әркім алған-ау,
Қырға шығам бойымды
Салқын алған-ау, қаратас.
Өзіңсіз-ау, өмірдің,
Бар ма байлығы-ай.

Ойнағанмен ойна да,
Күлгенменен күл-ау,
Ойнамаған, күлмеген,
Қапы қалған-ау, қаратас.
Сен бір жайлау-ой, өмірдің
Бар ма байлауы-ау.

# 175. ЖЫРАУДЫҢ ТОЙ БАСТАРЫ




5
Сәр-сен-бі сәт-ті күн(і)ай,ау, той бо-лып-сың.
7
То-йы-ңыз құт-ты бол-сын, қа-рын-да-сым,
9
а- ай,
11
ау. Ай, қа-ра-ғым,
13
ай-на-ла-йын, ау, кел-дің қай-дан, ау,
15
Ал-ма мо-йын а-ла үй-рек ұш-т(ы)ау сай-дан.
17
Са-ғы-нып жар да-уы-сын, ау,
19
жүр-ге-нім-де Қи-ғаш қас құ-ра-лай
21
көз кел-д(і)ау, қай-дан, а-
23
-у




Ай, қарындас, кетуге бет алыпсың,
Тойыңыз құтты болсын, ай, қарындасым.
Сәрсенбі сәтті күні, ай, ау, той болыпсың.
Тойыңыз құтты болсын, қарындасым, а-ай, ау.

Ай, қарағым, айналайын, ау, келдің қайдан, ау,
Алма мойын, ала үйрек ұшты -ау сайдан.
Сағынып жар дауысын, ау, жүргенімде
Қиғаш қас, құралай көз келді, ау, қайдан, ау.

Ай, барады ауылым көшіп, ай, Алмалыға,
Алланың кім көнбейді, ау, салғанына.
Кеткенде, ай, ауылың басқа, ай, қарындасым
Беріп кет орамалың сағынбасқа-ау.

# Беташар

# 176. БЕТАШАР (I)




А!
Айт келін, айт келін,
Сауысқаннан сақ, келін,
Жұмыртқадан ақ, келін,
Ата-енеге жақ, келін.
Ай, жас келін, құтты болсын із-жолың.

Алдыңғы түйең тартыншақ,
Артқы түйең итіншек,
Тартыншақ деп басқа ұрма,
Итіншек деп артқа ұрма.
Ай, жас келін, қайнағаңа бір сәлем.

Қаптың аузы бос тұр деп,
Құрт ұрлама, келіншек,
Өзің жатып байыңды,
Тұр-тұрлама, келіншек.

**Қайырмасы:**
Аузы-басың сүйреңдеп,
Өсек айтпа, келіншек.
Тұр-тұр десе тұрмайтын,
Бола берме еріншек.

## 177. БЕТАШАР (II )




Оу! Ағытайын сарынды,
Ішіңдегі зарыңды.
Сыйлап ата, енеңді,
Құрметтеп күшті жарыңды.
Туған соң қызды ұзатқан,
Бұрыннан үлгі қалынды.
Келіншек болып бүркеніп,
Басыңа желек салынды.
Мен айтайын жырымды,
Той бар деп елге білінді.
Шыққан жерің үлгілі,
Елге де толық ұғулы.
Тәкаппар болма ешкімге,
Шүйіріп сөйлеп мұрынды.
О, қыздан келін болған көп,
Сіздер тұрғай бұрынғы.
Оу, мінгенде атым ақсайды,
Жамандар өнер таппайды.
Біреуменен ойнасаң,
Күйеуіңе жақпайды.
Бұрынғы жақсы келіншек
Түске шейін жатпайды.
Әдепті болсаң жайдары,
Жақсы деп сонда мақтайды.
Көрінерсің көзіме,
Ақылыңыз бар құсап.
Шарпылдаспа ешкіммен,
Мінезіңіз тар құсап,
Кей жаманның белгісі,
Сұраса жауап бермейді,
Тілі жоқ хайуан мал құсап.
Оу, ақылды бол әр іске,
Алдағанға ұтылмай.
Жіңішке сөзге ұста бол,
Лапырып сөйлеп құтырмай.
Түске шейін ұйықтап,
Жатып алма, бір тұрмай.
Оу, сарын айтып беретін,
Келіншекке батамыз.
Білгеніңді айтпай жиында,
Бекерге неге жатамыз.
Құрметтесең әдеппен,
Қолыңнан дәмді татамыз.
Оу, жарамсақ болсаң мақтаншақ,
Өнерің артып үстей ме.
Жаралған соң құл болып,
Біреуге ісің түспей ме,
Ашиды сізге жанымыз,
Бұл сөзіме наныңыз,
Қызық үшін жиылдық,
Осында келіп бәріміз.

## 178. БЕТАШАР




Айт келін, айт келін,
Атың басын тарт, келін.
Сауысқаннан сақ, келін,
Жұмыртқадан ақ, келін.
Келін келді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз,
Ала-құла демеңіз,
Түсін айтып қойыңыз!
Әне отырған атаңызға бір сәлем!

## 179. БЕТАШАР






Келін келді көріңдер,
Көрімдігін беріңдер.
Келін көрем дегендер,
Бермен қарай келіңдер.

Байлықтарың теңіздей,
Шашуды да шашыңдар.
Босағада иірілмей,
Бермен қарай келіңдер.
А, келіңдер.

Балбыраған бал келін,
Маған құлақ сал, келін.
Жұртың тосып күтіп тұр,
Жабырқама, жан келін.

Қуанышпен өзіңді
Құшақ жайып алды елің.
Жаңа түскен жеріңе
Жарқ етіп енді бір көрін.

Кәрі жүзі нұрланып,
Көгершінім келді деп.
Бауырымдағы бір бала,
Енді екеу болды деп.

Жүрегі тек жарылмай,
Тұрған шығар әрең тек.
Жақсы көрер жанындай
Ата-енеңе бір сәлем.

Самал желдей желпіген,
Салған әнім қырды ассын.
Толықсыған келінім,
Тойың тойға ұлассын.

Таныстырған әлемге,
Махабаттың жаршысы —
Маған дағы бір сәлем, бір сәлем.
Айт келін, айт келін,

## 180. БЕТАШАР




5
А - та, бе - рі шы - ғы - ңыз, Ке - лі - ні - ңіз - ді кө - рі - ңіз
7
Термелете
Ке - лін ба - сы қан - ша сом?
Glissando
9
Атасы айтар:
Ой - бай - ау, мал бер - дім,
11
3
бас бер-дім, Ме - нің жа - сым - дай жас бер-дім,
13
Жас ке - лін, ат - тай бер, Ке - лін кел - ді, кө - рі - ңіз.
15
Қа-йы-на - ға - сы, ке - лі - ңіз. Қа-йы-на - ға - сы ке - лі - ңіз,
17
Қайынағасы айтар:
Ке - лін - ге кө - рім - дік бе - рі - ңіз. Ке - лін шы - рақ жа - ра - ды,
19
Жа - ңар - та - сың жа - ғам - ды. Ор - там - ды толтыр о - рын - нан,
21
Ө - нер кел - сін қо - лың - нан.

Айт келін, айт келін,
Аттың басын тарт келін.
Келін келді, көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Ата, бері шығыңыз,
Келініңізді көріңіз
Келін басы қанша сом?

**Атасы айтар:**
Ойбай-ау, мал бердім, бас бердім,
Менің жасымдай жас бердім,
Жас келін, аттай бер.
Келін келді, көріңіз.
Қайынағасы, келіңіз.
Қайынағасы келіңіз,
Келінге көрімдік беріңіз.

**Қайынағасы айтар:**
Келін шырақ жарады,
Жаңартасың жағамды.
Ортамды толтыр орыннан,
Өнер келсін қолыңнан.
Келін келді, көріңіз,
Абысыны келіңіз,
Абысыны келіңіз,
Көрімдікті беріңіз.
Абысын келер жанына,
Жақты келін жанына.
Міне, қара асымыз,
Көбейсін біздің басымыз.
Міне, қара өңіміз,
Келіссін бізбен жөніңіз.
Енені сыйла, келін-жан,
Атаны сыйла, келін-жан.
Көрімдігің, мінеки,
Көріп алып алыңыз.
Малым да сіздікі,
Басым да сіздікі.
Көрімдіктің соңында,
Қайыныма айтам назымды.
Қайыныма айтам назымды,
Өлең менен сазымды.
Қайыны, міне, келеді:
Ойбай, жеңгей, жазылдым,
Міне, сіздің асыңыз,
Көбейсін сіздің қазыңыз.
Қазынаңыз мол болсын,
Дастарханыңыз той болсын.
Мен келгенде келін ертіп,
Көңіліңіз мол болсын.
Ал, беташар жөнімен,
Қайын сіңлі онымен.
Еркембісің, серкембісің,
Келінге әкел, көрімдік онымен.
Жеңешемнің алтыны,
Жел соққандай салқыны,
Ақылыңның молын-ай,
Амалыңның зорын-ай,
Көңіліңнің кеңін-ай,
Төңірегіңнің молын-ай,
Міне, сізге берген көрімдік.
Жаңға жайлы жас үйі,
Айтқандарын екі етпей,
Оның да жайын табыңыз,
Үйленем деп мен қашан,
Оның да қатын қайғысы.
Үйленер ол да кешікпей,
Кезіксе қыздың сайлысы,
Оған да куә бар әлем,
Қайыныңызға, қайыныңызға, бір сәлем!
Анау тұрған бикеші,
Жібектен ескен шүйкесі.
Балдырған әлі балауса,
Үйретесің білмесе,
Бикешіңе, бикешіңе, бір сәлем!
Аға мен іні үш жүзден тарап басыңа,
Атамыз енші алысқан.
Жәйі бөлек енесі,
Негізі бірге туысқан,
Әлеуметке, әлеуметке, бір сәлем!
Аға менен жеңгейлер,
Іні менен қарындас.
Айта берсең жалығар,
Сөз аяғын доғардым,
Осыған риза болыңдар.
Ендігі бізден бір тілек,
Үлкеннен бата сұраңдар.
Келіншек бетін кім ашса,
Сол ыстық деген мақал бар,
Енді өзіме, бір сәлем!
Қош айтысып, қош айтысып
доғарам.

# 181. БЕТАШАР


Төкпелі ♩ = 126
Glissando
Е - ей, мы-нау а-та-мыз қа-зақ бол-ға-лы,
ке-лін а-лып, қыз бер-ген, біз-дің қа-зақтың қа-ра жол-да-
ры.
А-та-а-наң-ның да ал-дында-ау, Ал-л(а)ау,
абы-рой-лы бол-саң шы-ра-ғым, а-та-а-на-дан да бата(а)ал-сан,
бол-май-ма ке-лін-ау, мұ-ра-дың.
Айт-қа-нымды-ғой тың-да-саң, қай-ыр-лы бол-сын-ау, тұ-ра-ғың.
А-на-ңыз бол-ған бәй-те-рек, қа-ра да жер-дің ке-ме-сі.
Ке-лін кел-ді де-ген-де, көк-ке жет-ті о-ның тө-бе-сі.
Түн-де бір тұ-рып о-я-нып, тал бе-сі-гін-де та-я-нып,


21
се-ні бір-та-лай-да е-міз-ді, е-не-ңіз-ге де, бір сә-лем!
23
А-нау тұр-ған-да қай(ы)-на-ға, бө-тен деп о-ны ой-ла-ма.
25
Ол да ө-зің-нің ғой е-гі-зің, бай-қа-саң қа-рап не-гі-зін,
27
қай-ы-на-ға-ңа да, бір сә-лем! А-на тұр-ған-да а-бы-сын,
29
а-бы-сын де-ген сөз-дің мә-ні-сі. Бі-рің-ді бі-рің аң-дыр-сың,
31
ау-ыз-да-рың-ғой бір бол-са, се-ні аң-дып не қыл-сын.
33
А-бы-сы-ның-мен а-лыс-па, ө-зі ти-се-ғой қа-лыс-па.
35
А-бы-сын(ы)-ңа да, бір сә-лем! А-нау тұр-ған да қай(ы)-ны-сы,
37
қай(ы)-ны-сы де-ген қай-ғы-сы. А-тан түй-е-де бәй-гі-сі.


39
А-ғам бір қа-тын-ау, ал-ды деп, ма-ған да ке-зек-ау, қал-ды деп,
41
шің-кіл-дей-ді де бай-құ-сы, жи(ы)р-ма бе-сін-де кү-нін-де,
43
а-лып қа-шам қыз-ды дей-ді. Қа-тын да бо-лып қай-ғы-сы,
45
қай(ы)ны-сы-на да, бір сә-лем! А-нау түр-ған-да би-ке-ші,
47
жі-бек-тей о-ның ғой шүй-ке-сі. Қа-лам-дай қа-сы-да қи-ыл-ған,
49
а-деп ө-нер-де құй-ыл-ған, той-ы-ңыз-ға да кез бо-лып,
51
кез ке-ліп кет-се-де қи-я-дан. Қай-ын жұрт, би-ке-ші-не-де, бір сә-лем!
53
Жи-ы-лып о-тыр да ха-лық-ай, қы-рық-тың бі-рі Қы-дыр-ды,
55
ба-та-сын қа-лың-ды-ғын а-лып-ай. Қай-сы бі-рін де ай-тай-ын,


57
о-сы о-тыр-ған да көп-ші-лік, бар-ша-сы-на-да, бір сә-лем!
59
Түсі-не-сің-бе, шы-ра-ғым, ме-нің бір айт-қан да сө-зі-ме.
61
Е-рін-бе-сең де сә-лем ет, шы-ра-ғым, де-ген бір сө-зі-ме.
63
Бүр-кен-шік-ті бір а-лы-ңыз, қи-я-лап жау-лық-та са-лы-ңыз,
65
қы-зыл да тас-тап, ақ сал-ған, Ал-ла-дан бол-ған-да жо-лы-ңыз.
67
Бе-тің-ді аш-тым бұ-ра-лып, а-шыл-ды бе-тің ғой түрі-ліп.
69
Ал-қа-дан жол-дас сөй-ле-ген-ай, мен бір сүй-реп-ай,
71
Жылдамдата:
ұ-ры-нып - ей, е - е ай.

Е-ей, мынау атамыз қазақ болғалы,
Келін алып, қыз берген,
Біздің қазақтың қара жолдары.
Ата-ананың да алдында-ау, Алла-ау,
Абыройлы болсаң шырағым,
Ата-анадан да бата алсаң,
Болмай ма келін-ау, мұрадың.
Айтқанымды ғой тыңдасаң,
Қайырлы болсын-ау, тұрағың.
Анаңыз болған бәйтерек,
Қара да жердің кемесі.
Келін келді дегенде,
Көкке жетті оның төбесі.
Түнде бір тұрып оянып,
Тал бесігінде таянып,
Сені бір талай да емізді,
Енеңізге де, бір сәлем!
Ана тұрған да қайынаға,
Бөтен деп оны ойлама.
Ол да өзіңнің ғой егізің,
Байқасаң қарап негізін,
Қайынағаңа да, бір сәлем!
Ана тұрған да абысын,
Абысын деген сөздің мәнісі.
Біріңді-бірің аңдырсың,
Ауыздарың ғой бір болса,
Сені аңдып не қылсын.
Абысыныңмен алыспа,
Өзі тисе ғой қалыспа.
Абысыныңа да бір сәлем!
Анау тұрған да қайнысы,
Қайнысы деген қайғысы.
Атан түйе де бәйгесі.
Ағам бір қатын-ау, алды деп,
Маған де кезек-ау, қалды деп,
Шіңкілдейді де байқұсы,
Жиырма бесінде күнінде,
Алып қашам қызды дейді.
Қатын да болып қайғысы,
Қайнысына да, бір сәлем!
Ана тұрған да бикеші,
Жібектей оның ғой шүйкесі.
Қаламдай қасы да қиылған,
А деп өнерде құйылған,
Тойыңызға да кез болып,
Кез келіп кетсе де қиядан.
Қайын жұрт, бикешіне де бір сәлем!
Жиылып отыр да халық-ай,
Қырықтың бірі Қыдыр-ды,
Батасын қалыңдығың алып-ай.
Қайсы бірін де айтайын,
Осы отырған да көпшілік,
Баршасына да, бір сәлем!
Түсінесің бе, шырағым,
Менің бір айтқан да сөзіме.
Ерінбесең де сәлем ет,
Шырағым деген бір сөзіме.
Бүркеншікті бір алыңыз,
Қиялап жаулық та салыңыз,
Қызыл да тастап, ақ салған,
Алладан болғанда жолыңыз.
Бетіңді аштым бұралып,
Ашылды бетің ғой түріліп.
Алқадан жолдас сөйлеген-ай,
Мен бір сүйреп ұрынып-ей, е-е-ай.

# Бесік жыры



## 182. ӘЛДИ-ӘЛДИ (I)




Әлди-әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.

## 183. ӘЛДИ-ӘЛДИ (II)




Әлди-әлди бөпесі,
Ояу жатыр көкесі.
Үй артында апан бар,
Тоңсаң саған шапан бар.

## 184. ӘЛДИ






Әл-әл, бөпем, әл-әл-ай,
Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Қойға кеткен апаңды,
Қайдан тауып берейін.

Қой дегенде қоя ғой,
Қойдан бағлан сояйын.
Құйрығына тойғызып,
Үйықтатып сені қояйын.

## 185. ӘЛДИ БӨПЕМ




Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Әлди-әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген аппағым.

## 186. ӘЛДИ




Әлди, әлди, әлди, аппағым,
Қозының жүні қалпағым.
Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзімнің сүйген аппағым.

Әлди, әлди, алаңға,
Жел қонады далаға.
Сүт пісіріп берейін,
Нұрланжан деген балаға.

## 187. ӘЛДИ-АЙ



Неге өсті екен қыз сорлы сылауменен,
Тал шыбықтай тал бойын қынауменен-ай, әлди-ай.
Анасынан онан да тумасашы,
Өткізгенше өмірді жылауменен-ай, әлди-ай.

**Қайырмасы:**

Жылама, көңілім, жылама,
Жас жүрегім-ай, әлди-ай.

Кім тыңдайды қыз сорлы жылағанмен,
Көздің жасын көл қылып бұлағанмен, ай, әлди-ай.
Шыңырауға түскен соң шығу қиын,
Жалбарынып тәңірден сұрағанмен, ай, әлди-ай.

**Қайырмасы.**

## 188. ӘЛДИ, БӨПЕМ

**Нәзік, сезіммен**




Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Әлди-әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген аппағым.

## 189. БАЛА УАТУ (II)




Әлди-әлди, бөпешім,
Қозының жүні кепешің.

Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген, бөпешім.

## 190. БАЛА УАТУ (III)




Әлди-әлди, ақжелең,
Шауып келдім бозбенен.

Айдарханның қыздарын
Айналдырдым сөзбенен.

## 191. БАЛА УАТУ (IV)




Үйдің арты көк тайғақ,
Жүк жиямын тақтайлап.

Шақырғаным жоқ еді,
Өзің келдің ыңғайлап.

## 192. БЕСІК ЖЫРЫ



Әлди бөпем ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Быламыққа май құйып,
Төңкерме-ай қып берейін.

Жылама, әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама.
Жылама, бөпем, жылама,
Жылама, әлди, жылама.

## 193. БЕСІК ЖЫРЫ (I)

**Тербете**




Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні баспағым.
Ел сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген аппағым.
Әлди-ай, әлди-ай.

Әлди, әлди, Абайым,
Атқа мініп шабайын.
Сенің шешең қыдырмаш,
Қайдан іздеп табайын!
Әлди-ай, әлди-ай.

## 194. БЕСІК ЖЫРЫ (II)

**Бір қалыпты, тербете**




Әлди, әлди баладан,
Тауып алдым даладан.

Далада бала жата ма,
Түсіп қапты-ау шанадан.

## 195. БЕСІК ЖЫРЫ (III)

**Бір қалыпты, тербете**




Әлди, әлди, айымыз,
Қозы қарын майымыз,
Осы бала болмаса,
Кетіп еді жайымыз-ай.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Азамат бол ер жетіп,
Мақсатыңа жет, бөпем-ай!

Асыл алма қолында,
Қыздар оның жолында.
Отыз қыз бен қырық жігіт,
Нөкерлері соңында-ай.

Менің тәттім қайда екен,
Қыздарменен тойда екен.
Тойда не қып жүр екен,
Алма теріп жүр екен-ай.

Алмасынан, кәнеки,
Жаңа теріп жүр екен.
Көтере алмай алмасын,
Ат-арба іздеп жүр екен-ай.

Тентек бала болмасын,
Ата-анасын сыйласын.
Көзі жаңа ілінді,
Біраз ұйықтап демалсын-ай.

## 196. БЕСІК ЖЫРЫ (I)

**Тезірек. Нәзік сезіммен** ♩ = 80






Әлди, әлди, Абайым,
Атыңа кілем жабайын.
Қыдырып кеткен шешеңді,
Қайдан іздеп табайын.

Әлди, әлди, аппағым,
Қозының жүні қалпағым.
Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім бір сүйген аппағым.

## 197. БЕСІК ЖЫРЫ (II)






Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Құнан қойды сой, бөпем,
Құйрығына той, бөпем.

Қоя ғой, бөпем, қой, бөпем,
Ешкі сауып, сүт берем.
Лақты сойып, ет берем,
Қоя ғой, бөпем, қой, бөпем.

## 198. БЕСІК ЖЫРЫ (III)




Айналайын Абайым,
Атқа тоқым жабайын.
Тойға кеткен шешеңді,
Қайдан іздеп табайын.

Айналайын ағымыз,
Ататұғын айымыз.
Осы ботам тумаса,
Кетіп еді жайымыз.

## 199. БЕСІК ЖЫРЫ




Е-ей, әлди балам жылама,
Көзіңнің жасын бұлама.

Жылатпаса құдайым,
Сені мұндай қыла ма.

Күндіз-түні жыласаң,
Орнынан шешең тұра ма?

## 200. БЕСІК ЖЫРЫ






Әлди бөпем, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Быламыққа май құйып,
Төңкерме қып берейін.

Шылдыр-шылдыр шылдырмақ,
Су ағады құлдырлап.
Былдыр-былдыр, былдырмақ,
Не сөйлейді былдырлап.

**Қайырмасы.**

Жылама,әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама.
Жылама, бөпем, жылама,
Жылама әлди, жылама.

## 201. БӨПЕНІҢ ӨЛЕҢІ






Қалған екем, ана уызын ембестен,
Қалған екем, ана жүзін көрместен.

Мен туған соң, сөтке толмай жерленіп,
Жатқан екен өзі-ау, анам келместен.

## 202. НӘРЕСТЕГЕ ТІЛЕК






Уа, дүние, қабылда бір ұлыңды,
О да көрмек алтын сәуле күніңді.
О да ішпек бұлағыңның мөлдірін,
О да термек қырыңдағы гүліңді.

О да сенің бауырыңда өспекші,
О да терін қойыныңа төкпекші,
О да шырқап қоңыр әнін халқының,
О да қырдан ақ тамағын өппекші.

## 203. ТҰСАУ КЕСУ ЖЫРЫ



Қаз, қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуіңді шешейік,
Тұсауыңды кесейік.

Қаз, қаз балам, қаз балам,
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.

Қаз, қаз балам, қаз жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой.
Майқұлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой.

Қаз бола ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.

Жүгіре ғой, құлыным,
Желбіресін тұлымың.
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас шегінбе.

Ала жіпті алайық,
Әжеңе алып барайық.
Ер жетті деп айтайық,
Шашуын жеп қайтайық.

# Мұң-шер әндері

# 204. ЕСТІРТУ




Құлаққа бір суық сөз отыр тиіп,
Білмеймін не қыларым ішім күйіп.
Сенбеймін әлде өтірік, әлде-ау, шынын,
Жоримын жамандыққа-ау, қалай қиып, ай.

Ағайын жақын едік бірге туған,
Кісенді бірге асынып қатар буған.
Жазбады елден дағдыр топырақты,
Жерінен кіндік кесіп, кірін жуған-ай.

Мысалы, адам пенде ұшқан қаңбақ,
Қаңбақты-ай, жел айдаса болмас салмақ.
Адам басы Алланың, ей добы дейді,
Адамзат қайда барса, сонда бармақ-ай.

Көкорай, көк топырақ күркілдейді,
Ренжіп көкте бұлттар дүрілдейді.
Қан ішіп қарны тойып қалатындай,
Жалғыз-ақ сұм қара жер гүілдейді-ай.

Қара жер, қарның мешкей, сен тоймайсың,
Қашанда құтыларлық жер қоймайсың.
Жер жүзінің жемісін жалғыз жалмап,
Алғанды өзің жеке неге ойлайсың, ай.

# 205. АНА ЗАРЫ




Қараймын сені, қараймын,
Көшеге көз сап, арайлым.
Он төрт жыл өзің кеткелі,
Басымнан өтті талай күн.

Оқыстан осы еді көргенім,
Қарадың, көңіл бөлмедің.
Осы ғой, осы, қызың деп,
Жұлқыды жүрек көнбеді.

Ұшырған едім ұямнан,
Мәпелеп бағып, қарағым.
Сен қиғанмен, мен қия алман,
Жүрегі жыртық анамын.

Сен де өзің қазір анасың,
Алыстап кетіп барасың.
Айырар мезгіл жетті ғой,
Ана мен бала арасын.

## 206. КЕЛІНШЕК ЗАРЫ




Бір сайдың, бір сай шығар бүйірінен,
Тілімнің көрдім зиян сүйірінен.

Үш күндей қу кер бие кісінеді,
Айырылып жалғыз қалып күнім сенен.

## 207. БАЛАЛАРЫМ – ЕКІ ҚОЗЫМ



Қабиденім, Қабдуали жедел қозым,
Жас толады сендерді айтсам-ай, екі-ай, көзім.
Жаңалап өлең қылдым мен сендерді-ай,
Зарығып жүргенімде-ой, жалғыз өзім.

Үшінші перзентім ет Кәмила атың,
Зарланды демеңіздер, ой, жамиғатым.
Жалғанда мақсұтына жеткен бар ма,
Әркімге берсін Алла, ниғыматын.

Төртінші перзентім ед Омарым-ай,
Жарығы дүниенің-ой, панарым-ай.
Құдайым қауыштырса мақшар күні,
Қозым деп, сонда іздеп аларым-ай.

Бесінші перзентім ед Бәтимашым,
Уақытша қалып тұр ғой, ой, жалғыз басым.
Алладан іс ақырын мен сұрайын,
Жалғанда не көрмеді бұл бір басым.

Азырақ кеңес қылдым перзент жайын,
Кеше гөр сөз қатемді-ой, бір Құдайым.
Ойласам іште қапа болғандайсың,
Дүниеге аз күн келіп-ой, құлынтайым.

Құлыным жастайынан ғұмыры-ай, біткен,
Жалғанда мұратына-ой, кімдер жеткен.
Арыстан талай сұлтан, бекзадалар,
Баласыз дүниеден, олар да өткен.

Болармыз баласыздың біз де бірі,
Кім қалар бұл жалғанда-ой, өлмей тірі.
Әуелі қысылсам, Алла, сыйындым,
Бәтима шапағат ет-әйел пірі.

Қызығы дүниенің — бала қалған,
Артында ата-мирас, ой, жолын салған.
Бір күні дағдырланып дүние салсам,
Дұға ғып, ата-анам деп қолын жайған.

## 208. МҰСАБЕКТІҢ ЗАРЫ






Жүрегім, өкпе, қолқа, бауырым-ай,
Ішінде бауырлардың тәуірім-ай.
Лаулаған жаңа ғана бір шам едің,
Сөнген соң күңгірт тартты ауылым-ай.

Артыңда анаң қалып зарлағаны-ай,
Білмеймін қандай адам қарғағаны-ай.
Жаңа ұшқан ұясынан балапандай,
Шыбын жан өтерінде зарлағаны-ай.

## 209. ЖІГІТТІҢ ЗАРЫ






Басын кессе ағаштың түбі қалар,
Біреуі өлсе, екеудің бірі қалар.
Жалғыз өлсе, артында несі қалар,
Ат пен тоны жаудырап жауда қалар.

**Қайырмасы:**

Алдым дария, артым жар,
Айналуға жерім тар.
Екі бағлан, есіңе ал.

## 210. ЖАР МҰҢЫ




Жасаған, жарымды алдың елу жаста,
Нем қалды жалғыз қозым одан басқа, ей, жалған-ай.
Жалғыз үй, жапан түзде өмір өтті,
Таусылды табаным да тау мен тастан, ей, жалған-ай.

# 211. ТӨЛЕГЕННІҢ ЗАРЫ





Қай - ғың бар мен - дей қар - тың - да.

Бисмиллә, сөздің басында,
Сөз сөйлеп едім жасымда.
Бисмилләсіз сөз сөйлеу,
Алланың болман қасында.
Алланы алсаң аузыңа,
Ерегес тұрмас қасыңда.
Мүсәпірлік қасірет,
Қайғы да түсті-ау, басыма.
Зарлады деп сөкпеңдер,
Жұтқан сөзім басыма.
Мұны естіген жамиғат,
Түсініп қолға алсын да.
Құлақ салса, жамиғат,
Тыңдарлық сөз бар осында.
Төлеген қайғы сөйлейді-ау
Қайғың бар мендей қартында.
Төлеген, неге жылайсың,
Көзіңнің жасын бұлайсың.
Тұнық едің айдынды,
Енді адам ішпес ылайсың.

Көрінгеннен жасқанып,
Қас-қабаққа қарайсың.
Бар келгені қолыңмен,
Таяқпен күлді сабайсың.
Ішімде жатқан шерім көп,
Тыңдаушым, несін сұрайсың.
Көрінгеннен жасқанып,
Біреуі жоқ ұлымның,
Кінәні қойып қайтейін,
Бәрі де кетті келіннің.
Осылар ойға түскенде,
Қабырға, қолқа сөгілсін.
Тәубеге кел, Төлеген,
Құдайдан неге түңілдің.
Тағдыр келсе Алладан,
Халық алдында көмілдің.

## 212. АҚБАЛА-БОЗДАҚ



Ақындар өлең айтар аузы тола,
Қосылмас қайнатқанмен жез бен қола.
Осы ара мен кеткенде тап-таза еді,
Қалыпты жайлауында жалғыз мола.

**Қайырмасы:**
Арарім, арара-ау, арарім-ай.

Кетті ғой осыменен арман өтіп,
Өтеді ажалды адам күні бітіп.
Басына бір батасын берейін деп,
Алыстан батыр Боздақ келіп жетті.

**Қайырмасы:**
Ақбала, жатқан жерің жеңдей ғана,
Дақ қалды ақ етіңде меңдей ғана.
Көңілім, сірә, менің басылмай тұр,
Ақжүзің көріңді ашып көрмей ғана.

**Қайырмасы:**
Ішінде ши шымылдық, шынар қасық,
Бал берген су сұраса, қайран ғашық.
Ей, Боздақ, көрімді ашып көре алмаймын.
Болмайды бұрынғыдай — денем сасық.

## 213. ДАУЫС




Ертеңгі намаз бесінді-ай,
Белдеуден тұлпар шешілді-ай,
Жайнап бір жүрген боздағым-ай,
Құбылаға қарай көсілді-ай, ах!

Мінген бір аттың қасқасы-ай,
Шұбырып тұрар таспасы-ай.
Айрылмаймын деуші едім-ай,
Шыбын бір жанның басқасы-ай, ах!

# 214. ЖОҚТАУ-ДАУЫС




Бисмиллә, сөзді бастайын,
Жалғаннан сөзді қоспайын.
Кешегі жүрген жолдасым,
Жоқтаусыз қалай тастайын.

**Қайырмасы:**
Ой, Алла, ай, жолдасым-ай.

Бисмиллә, сөздің айласы,
Иман бір жанның пайдасы.
Кешегі жүрген жолдасым,
Иманың болсын жолдасың.

**Қайырмасы:**

Бәкілі пышақ мәуелі,
Әкесі кетті әуелі.
Оңалмаған оңынан,
Балдасы кетті соңынан.

**Қайырмасы:**

## 215. АХМЕТТІҢ ҚАЗАСЫНА АЙТЫЛҒАН ДАУЫС

**Айқын**




**Көтермесі:**







А-ей!
Тыныбек маңпаң, Қырғызбай —
Бұрынғының ері еді,
Әлиаскар, Жанғазы —
Қарақолдың белі еді.
Садықожа, Сейдалым —
Бозбаланың зерегі.

Нәдірқа мен Нұрқожа —
Артынан ерген көмегі.

**Көтермесі:**
Ай-ой! Қормалым-оу,
Ұялы терек ордалым-ай.

## 216. ДАУЫС

**Сабырмен.**









А-ей!
«Бісміллә» деп бастайын,
Әуелі бұрын ғаламнан.
Атамыз Адам пайғамбар,
Топырақтан жаралған.
Қимылдаған пенде көп,
Жер жүзіне таралған.
Уақтысы біткен соң,
Қалмайды жазу қаралдан.
Қандай күні айрылдым,
Көлеңке болған панамнан.
Жиырма бір жас екен,
Жазғаны өлшеу әзәлдан.
Қолқаға таңдап қол салып,
Алғаны қайғы жағамнан.
Жетемін ғой деп жүрсем,
Тозғызды-ау Алла табаннан.

Не болғаны білінбей,
Жыласам көзім ағарған.
Құтылуға шара жоқ,
Үйқыда көрген түс артық,
Мұндай боп өткен заманнан.
Дүниенің білмеп пе ең,
Қымбаты мен арзанын.
Үстап едің қозғалтпай,
Бір үйдің түгел мал-жанын.
Қысқа қылып өмірін,
Мезгілсіз тұман шалғанын.
Басып кеткен із тұрмақ,
Көре алмай қалдым шаңдағын
Қандай күні айрылдым,
Көлеңке болған панамнан.

## 217. ҚАСТЕЙ ТАҒАЙ БАЛАСЫНЫҢ ҚАЗАСЫНА АЙТЫЛҒАН ДАУЫС






Уай-ей! «Бісмілла» деп бастаймын,
Әуелі бұрын сабақтан
Он сегіз мың Әлемді,
Құдіретпен жаратқан.

Құдайымның сүйгені,
Мұхаммед көшкен арабтан.
Төрт жар өткен дүниеден,
Ислам дінге жағатын.

Шариғатын үйретіп,
Әлейім жұртқа таратқан.
Алуына келгенде,
Аумайды минөт, сағаттан.

Жоқтау бізге сын бопты
Атамыз өстіп қазақтан.
Бүйірімді таянтып,
Сарғайтып теріс қаратқан.

**Көтермесі:**

Ай, ей, асылым-ай,
Артыңда қалып жасыдым-ай.

## 218. ӨЗБЕК БАЛАСЫ НҰРЖАУДЫҢ ҚАЗАСЫНА АЙТЫЛҒАН ДАУЫС




А-ей!
Енді бір сөйлеп өтейін,
Сөзімнің келді кезегі.
Қайғы түсіп басыма,
Келді бір сөзім кезі енді.

Бір ауылдың сүйенген,
Жығылды шынар терегі.
Бір біз емес, бар еді
Ағайынға керегі.

**Көтермесі:**
А-ей! Орманым!
Ұялы терек ордалым!

## 219. ЖОҚТАУ (I)



Тауға бір шықтым таласып.
Жүруші едім жарасып.

Жарасып та жүрген бауырым,
Қайда бір кеттің адасып?

## 220. ЖОҚТАУ (II)

**Баяу, асықпай**




Бісміллә сөзді, оу, бастайын,
Көп теріп-ау айтып-ау, созбайын-ау.
Жиналып-ау халқым келгенде-ау,
Кешегі-ау кеткен ой бауырымды-ау
Әр бері- ау, айтып-ау, халқым жоқтайын-ай.

## 221. ЖОҚТАУ (I)






Әй, Ақ үйге салған үзігім,
Қолыма салған жүзігім.
Қырық та- ау жасқа келгенде,
Қара жер көрді-ау қызығын.

## 222. ЖОҚТАУ (II)




Есіктің алды талды ғой,
Төрінің алды қалды ғой.
Кеудеден жаның шыққан соң,
Қарада-ау жерге-ау салды ғой.

## 223. ЖОҚТАУ (III)




Алдында есігімнің қызыл татыр,
Ішінде қызыл татыр қоян жатыр.
Өсірген сылап, сипап құлындарым,
Астында қара жердің неғып жатыр.

## 224. ЖОҚТАУ (IV)




Сәниям кетті-ау бел асып,
Беліне белбеу жарасып.

Жылады деп сөкпеңдер-ай,
Отырмын Сәниядан адасып.

## 225. ЖОҚТАУ (I)




Әуеден ұшқан топ үйрек,
Тобыңды жазбай қон, үйрек.

Жұбайым еске түскенде,
Солқылдайды қос бүйрек.

## 226. ЖОҚТАУ (II)




Шамшырақ сөніп басымнан,
Бәйтерегім құлаған.
Дүние түлкі ойласаң,
Біз пәндені алдаған.

Білген кісі түсінер,
Бұл сөзімнің парқына.
Алшаңдаған жақсының
Қалмады-ау бала артында.

## 227. ЖОҚТАУ (III)




Алтын бір сүйек тірегім,
Ақылға дихан зерегім.

Іші күміс, түбі алтын
Құлады-ау, жұртым, терегім.

## 228. ЖОҚТАУ (IV)




Пистонды мылтық берендей,
Асылдан соққан егеудей.

Аяулымнан айрылдым,
Алтын бір сүйек зерендей.

## 229. ЖОҚТАУ (V)




Пайғамбар қызы Мәрия,
Көзімнің жасы дәрия.

Аузымнан шықпас ләбізім,
Естілді-ау жұртқа жәрия.

## 230. ЖОҚТАУ (VI)



Жер бауыры солқылдар,
Хаса бір тұлпар желгенде.

Аңсап бір, әже, мен жүрмін,
Иіскеп бір емшек емгенді-ай.

## 231. ЖОҚТАУ (VII)




Ей, төр жапсарын ояйын,
Төрге бір сандық қояйын.
Төредей болған, алғаным-ау,
Орныңа кімді қояйын-ай.

Алғаным-ау, алғаным,
Қарадан бүркей салғаным.
Жүсіптей болып қосылып-ау,
Зылихадай қалғаным-ай.

## 232. ЖЫЛАУ




Өксігім менің басылмас,
Көңілім қамық, көзім жас!
Жылады деп сөкпе, жұрт,
Жыламай көңілім басылмас.

Мінгенде атым боз тарлан,
Көкіректе көп арман.
Айтып айтпай немене,
Өте шыққан сұм жалған.

## 233. ЖОҚТАУ (VI)




Жетім де жесір болған соң
Қайғымен жүзім солған соң.
Сабыр еттім ақырына,
Уақыт осылай болған соң.

## 234. ЖОҚТАУ (II)






Қара бір бешпент-ай қынама-ай,
Халқым-ай мені-ау сынама-ау!
Сынағанға-ау сықпын,
Тыңдағанға-ай тықпын!
Сонша бір жаннан қалған,
Бейшара болған-ай мұңлықпын-ah!

Ақ Арқаш бойын жайлармын,
Жағалай бие-ау байлармын.
Артында қалған құлынның,
Не боларын-ай ойлармын.

Есіктің алды-ай қызыл жар,
Қырмызы-ай тонның жеңі-ай тар.
Жайнап-та жүрген басым, халқым-ай,
Бір көруге-ай болар зар.

Есіктің алды қарағай,
Қабығын алдым тарамай.
Сылап та сипап өсірген
Екі де құлынымның-ай,
Көре алмай барам қызығын.

## 235. ЖОҚТАУ (III)




Қарағай найза түзеттім,
Белімді шешпей күзеттім.
Белбеудің табы белде жоқ,
Менен де сорлы елде жоқ.

Жетімді жетім деп пе едің,
Жетімнің хақын жеп пе едің,
Артында қалған қос қарған,
Жетім де қалсын деп пе едің.

## 236. ЖОҚТАУ (VII)




Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жияйын.
Салалы саусақ, жез тырнақ
Қызыл қанға бояйын.
Жаудыраған қара көз.
Жас пенен оны ояйын.
Албыраған ақша бет
Жас пенен оны жуайын.
Төредей болған алғаным,
Орныңа кімді қояйын!

## 237. ЖОҚТАУ (VIII)




Әуелеп ұшқан ылашын,
Ылашын жаяр құлашын,
Мұңдылар келіп жыласын,
Мұңсыздар келіп тыңдасын!

## 238. КҮЙЕУІН ЖОҚТАУ




3
мұңым - ды ай - тып ша - ғай - ын.
5
Дос жар - ла - ры кел - ген - де,
7
шер тар - қа - тып,ай а - лай - ын.
9
Ас - пан - нан түс - кен төрт кі - тап,
11
бі - реу(і) құ - ран қа - лам - д(ы),ай
13
то - пы-рақ - тан тән, ой - лап
15
жа - ра - тың, ал - лай, а - дам - д(ы),ай
17
ор - та жас - қа кел - ген - де,
19
3
көр - сет - тің мұн - дай за - ман - д(ы)ай.
21
Ай - та бер-сем тау - сыл - мас,
23
жал - ғы - зым - ның - ай ар-ман(ы), ай.

Жанашырым ағайын,
Мұңымды айтып шағайын.
Дос-жарлары келгенде,
Шер тарқатып алайын.
Аспаннан түскен төрт кітап,
Біреуі Құран қаламды-ай.
Топырақтан тән ойлап,
Жараттың, Алла-ай, адамды-ай.
Орта жасқа келгенде,
Көрсеттің мұндай заманды-ай.
Айта берсем таусылмас,
Жалғызымның-ай арманы-ай.
Шулап қалды-ай артында
Сені көрген жандары-ай.
Тілегім қабыл болмады.
Сорлы, тілім, зарлама!
Әбубәкір, Ер Әлі
Дүнияның-ай сәруәры.

Желеп-жебеп жүріңдер,
Біздей харип пәндені-ай.
Жиылып келген ағайын
Бұл зарымды тыңдашы-ай.
Ажалдың оғы атылып,
Болмады қабыл тобасы-ай.
Сәуірдің бұлтын көргенде,
Тай-құнан ойнар-ай секіріп.
Бұ фани дүния қайтейін,
Басымнан өттің лепіріп,
Балдақтан кетті-ай ақ берен,
Тасқа да тимей-ай кетіліп.
Біздей де мұңды бар ма екен,
Әрі жетім-ау, әм нашар.
Келмеске кеткен жалғызым,
Жолаушы емес бал ашар.
Артында қалған аз дәулет,
Болмады-ау қазір-ау миясар.

## 239. ЖОҚТАУ (II)




Ақ түйеге жүк арттым,
Аумасын деп бек тартттым.
Артында қалған баланды,
Азбасын деп кімге айттың!

Есіктің алды беткейлі,
Беткейден жылқың кетпейді.
Жеті қабат жер асты,
Шақырсам даусым жетпейді.

## 240. ЖОҚТАУ (III)




Құлыным, айналайын, Бисембайым,
Бұл күнде осылай болды сенің жайың.
Өттің ғой бұл дүниеден менің ботам,
Айрылдым көз алдымда, не қылайын.

Жоғалттым көз алдымда амал бар ма,
Осындай Алла ісіне шарам бар ма.
Арманда жиырма бірде кете бардың,
Бір Алла ғұмыр берсін қалғандарға.

Жан ботам, сені ойлап сағынамын,
Ісіне бір Алланың бағынамын.
Көргенде өзің теңді достарыңды,
Есімнен сағат сайын жаңыламын.

Әкең де сені ойлап сағынады,
Ісіне бір Алланың бағынады.
Түскенде сен есіме, қайран ботам,
Елжіреп ет-жүрегім ауырады.

## 241. ЖОҚТАУ (I)






Есік алды ырғайлы,
Өлмей адам тұрмайды.
Артында қалған балалар,
Ер атам деп жылайды.
Көкталда үлкен топ болған,
Ел жиналып көп болған,
Найманнан шыққан бір сұңқар,
Тәпеке деген бек болған.
Қырғыз-қазақ ішінде
Ер атам сөзі ем болған.

**Қайырмасы:**
А-ей, қайран да менің-ау, ер атам.

## 242. ҚАБЫШТЫҢ БАЛАСЫНА АРНАҒАН ЖОҚТАУЫ




Найманда Ақан деген жұрттан едің,
Елуден бермен қарай қырықтан едің.
Мойының бұрылмайтын, жалың қарыс,
Сен жүрген бұл өлкенің сырттаны едің.

Япырмай, бостандықтың арбағаны-ай,
Білмеймін әлде кімнің қарғағаны-ай.
Құлындай жаңа туған шыр-шыр етіп,
Жан, шіркін, шығарында зарлағаны-ай.

Жұрт күлсе қайғылы адам құр күледі,
Басына келмеген жан не біледі.
Ойласам бір қайғыға жүз қайғы боп,
Басыма әр қайғылар тізіледі.

## 243. МАТАЙДЫҢ ЖОҚТАУЫ






А-ей!
Әуелеп ұшқан ақ сұңқар,
Қанатымен жер сипар.
Артыңда қалған Зақайдың,
Маңдайынан кім сипар?
Сипамай ешкім қоймас-ау,
Жалғызым, сендей болмас-ау!
А-ей! Аяулым-ай!
Жаркентке айдарда,
Бірге неге бармадым!

Жалғызым сенен, айрылдым,
Мұнда неге алдандым!
Қайран апам, қан жұтып,
Тістеулі қалды-ау бармағың.
Жалғызынан айрылған,
Енді бізді не жан бар!
Ағайын,туған ел-жұртым,
Апашымды сыйлаңдар.
А-ей! Аяулым-ай!

# 244. ЖОҚТАУ




Ай, бисмиллә дейді-ай, сөз басы-ай,
Болмасын ауыр көз жасы-ай.
Арманда кеткен ата-екем,
Иманы болсын жолдасы-ай.

Ай, есіктің алды-ай, арба-ды-ай,
Арбаға қонған қарғаны-ай.
Қайда бір кеттің жан атам,
Қаршадай балаң зарлады-ай.

# 245. ЖОҚТАУ




Бисмиллә, сөзді бастайын, ойбай,
Асықпайын, саспайын.
Артық бір туған қозымды-ау, ойбай,
Жоқтаусыз қайтіп тастайын, ойбой, боздағым-ай.

# 246. ЖОҚТАУ




Әуелі Құдай, пайғамбар,
Екінші Омар шәдиар.
Қам көңілді кәріппін,
Көңіректе қайғым бар.

Жазым да жаттай — қыс болды,
Сәулесіз жерде жауды қар,
Қайтейін, зар болдым, боздағым-ай.

# 247. ЖОҚТАУ

**Баяу**






Жиылған бүгін ағайын,
Мұңымды-ау аздап шағайын.
Жақанның тірі шағында-оу.
Тілектес едің талайың.
Бөтен де көрмей бәріңді-ай,
Бауыр деп бірге-оу санайын.
Сондықтан төгіп зарымды,
Мауқымды басып алайын.
Таусылып әбден тиынымыз,
Бейнетпен бітті үйіміз.
Күн қағып, желге жем болып,
Дем алған бүгін күйіміз.
Үйқысыз көп күн талғаным,
Осы еді сонда арманым.
Жақанның басын қарайтып,
Орындалды ойға алғаным.
Туыстар ақтап борышын,
Жақындар беріп қол ұшын,
Құттықтап жатыр қонысын.
Тұрғызды тамды басыңа-оу,
Жалғызбын деме, жасыма.
Екі адам үшін орнатты-оу,
Қоспақ боп мені қасыңа.
61. ЕСКІ ӘН (IV) /1000, 282-б./. А.В.Затаевич бұл әнді Қамбар Медетовтен нотаға түсірген. Ол берген түсініктеме бойынша (№ 165, 484-б.). Қамбар Медетов (Қаратаев) әке жағынан атақты оралдық ақын Мұхит Қаратаевтың туысы. Орынбор реалдық училищесінің бірнеше сыныбын бітірген жасөспірім болатын. 1923 жылы мен оны жазған кезде ол юрист курстарында оқитын. Жақсы әнші, керемет домбырашы, ол қазақ халық музыкасының білгірлерінің бірі. Оның берген сирек күйлері Ақтөбе, Орынбор және Түркістан топтарында орын алған.

*Қосымша дерек:* Қамбар Ерғожаұлы Медетов (1901–1942) Ақтөбе облысы, Мәртөк аулында туған, 1942 жылы Амур облысында айдауда жүріп, қайтыс болған. Аса дарынды күйші-әнші, ұлт аспаптар оркестрінің негізін қалаушылардың бірі, А.В.Затаевичке көптеген музыкалық фольклордың үлгілерін жаздырған. Қ.Медетовтың репертуарында «Ақсақ құлан», «Боғда», «Арғынғазы», «Шалқыма», «Алтынай», «Қарасайдың қуанышы» және т.б.; күйлер, Мұхиттың әні «Дүние-ай», халық әндері «Қайғылы», «Еркем-ай», «Дәурен-ай», «Аллам жар» және т.б. әндер. Қара: Замана сазы. Алматы: Дайк-пресс, 2002.

62. ЕСКІ ӘН (V) /1000, 379-б./. А.В.Затаевич бұл әнді торғайлық Бүркітов Кенжеғұлдан жазып алған. К.Бүркітовті А.Затаевич музыкалық қабілеті бар, жақсы әнші, Орынборда сот курстарын тыңдаушы дейді.

63. ЕСКІ КҮЙ (VIII) /1000, 426-б./. Бұл әуенді А.В.Затаевич Шорықов Қожаханнан нотаға түсірген.

64. АРҒЫМАҚТАН АТ ЖАҚСЫ. (Нотаға түсірген Б.Ысқақов). Семей облысы, Аягөз

ауданы, «Қазақстан» совхозы, Зейнелғабыл Нұрғожановтан 1978 жылы жазылып алынды.

## АҚЫНДАР САРЫНЫ

65. ҚИССА ӘНІ, САРЫН (VIII) /500, 183-б./. Батырлар жырының мақамы. А.В.Затаевичтің айтуы бойынша: Қаныш Сәтбаев, жас қазақ-инженер. Жоғары білімді Томск технологиялық институтында алған. Ол Баянауылдың әндерінің тамаша білгірі және орындаушысы. Сонымен қатар, ол бұл жинаққа әндер мен әуендер туралы көптеген құнды мәліметтер беріп, олардың өлең шумақтарын айтып, орыс тіліне аударды.

*Қосымша дерек:* Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (12.04.1899 — 31.01.1964) — аса көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік (1942) және Лениндік (1958) сыйлықтарының иегері, қазақ ұлттық Академиясының негізін қалаушы, тұңғыш президенті. А.В.Затаевичке 25 қазақ әндерін жаздырған. Бұл фольклорлық үлгілер жеке жинақ ретінде 1999 ж. «Білім» баспасынан Алматы қ., «Қаныш және сұлу саз» атымен жарық көрді. (Қара: Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы, 1977, 79–83-бб.)

66. ШАҚАРДЫҢ САРЫНЫ /ҚМФ, 94-б./. Ақындар өздерінің өлеңдерін орындағанда бұрыннан дәстүр болып келе жатқан «сарын» деп аталатын терме сазын пайдаланады. Ол ақындардың әрқайсысына тән сарындары және авторлық интонациялық түйіндерден құралады. Өз сарындары арқылы ақындар суырыпсалма шығарған немесе күні бұрын дайындалған өлеңдерін орындайды немесе сол өлең мазмұнына сәйкес әуенді түрлі мәнермен әшекейлеп отырады. Көптеген сарындар ақындардың жиі орындауларына байланысты сол авторлардың есімімен аталып кеткен. Осы және келесі сарындар XIX ғасырда өмір сүрген ақындардың ішінде көп тараған. Аталмыш сарындар 1944 жылы Семей облысы, Абай ауданында Әбенов Шәкірдің орындауынан Б.Г.Ерзакович жазып алған болатын. Қолжазба этнографтың мұрағатында сақтаулы. Қазақстанның солтүстік шығыс облыстарында «сарын» сөзі бақсы сарыны және тұрмыс-салт әндері терминдеріменен бірігіп, қоса қолданылады. Мысалы, «Жар-жар» сарыны, «Беташар» сарыны, «Қыз сыңсу» сарыны, т.б. Басқа сарындар «1000» жинағының № 228, 229, 966; «500» — № 296, 327, 329, 340, 341 — нөмірлерінде жарық көрген.

67. ЖАНАҚТЫҢ САРЫНЫ /ҚМФ, 91-б./. — 66-шы түсініктемені қара.

*Қосымша дерек:* Жанақ Сағындықұлы (1770–1856) Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында туған атақты айтыскер ақын, жыршы. Оның өлеңдерін Ш.Уәлиханов, М.Әуезов жоғары бағалаған. Жанақ көптеген өлең-толғау, дастандардың авторы. Солардың ішінде «Шұбарым, арғымағым, кер маралым», «Баласы Санияздың атым Қамбар», «Мен едім Айдаболға келген Жанақ» және т.б. Жанақтың жырларын алғаш рет Ы.Алтынсарин, В.Радлов жинаған. Қара: Қазақ әдебиеті. Энц. — Алматы: Білім, 1999, 248 -б.

68. ҚУАНДЫҚТЫҢ САРЫНЫ /ҚМФ, 91-б./. 66-шы түсініктемені қара.

69. АЖАРДЫҢ САРЫНЫ /500, 178-б./. Ажар деген соқыр әнші-қыздың аты, Қарқаралы уезінде тұратын, ол осы әнді өзі шығарған. Міне, сол әннің мәтінінің басты сөздері:

Әкем аты Жұртыбай, атым Ажар.
Жүрген жер-ай, Ажардың күнде базар.
Үш жасымда Құдайым көзімді алып,
Сол себептен атандым соқыр Ажар.

*Қосымша дерек:* Ажар (Соқыр Ажар) Жұртыбайқызы (1865 ж. қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, ө.ж. белгісіз, сонда) — әнші-ақын, суырыпсалма айтыс өнерінің көрнекті өкілі. Жапар, Уақит, Шашубай және тағы басқа ақындармен айтысқа шығып, көптеген жеңістерге ие болған. Оның ақындық, домбырада ойнаудың шеберлігін А.Янушкевич күнделіктерінде жазған. Қара: Қазақ әдебиеті. Энц. — Алматы: Білім, 1999, 25-б.

70. ОРЫНБАЙДЫҢ САРЫНЫ /Б.Г.Ерзаковичтің жеке мұрағатынан алынған/.

*Қосымша дерек:* Орынбай Байқожаұлы (1813–1891) қазіргі Көкшетау облысы, Володар ауданында туып, өмір сүрген атақты айтыскер ақын. Көптеген өлеңдердің авторы; Орынбайдың кейбір өлең-жырларын Ш.Уәлиханов, А.Янушкевич, В.Радлов, Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллиндер жариялап, оның ақындық шеберлігін жоғары бағалаған. Қара: Қазақ әдебиеті. Энц. — Алматы: Білім, 1999, 536 -б.

71. БАЛУАН ШОЛАҚТЫҢ САРЫНЫ /1000, 123-б./. Сарынның бұл үлгісін профессор Б.Г.Ерзакович Кенен Әзірбаевтың айтуынан 1948 жылы Отар станциясында нотаға түсірген. Қолжазбасы ғалым-фольклористің мұрағатында.

*Қосымша дерек:* Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлы (1864–1919) — атақты ақын, дарынды халық композиторы, аты аңызға айналған балуан. Ол «Ашулы-айырық», «Балуан-Шолақ», «Діңкілдек», «Желдірме», «Қосалқа», «Ғалия» және т.б. көптеген әндердің авторы. Шығ.: Балуан Шолақ.—Алматы: Жалын, 1998, 347–348- бб.

Әзірбаев Кенен (19.06.1884 жылы Жамбыл облысы, Красногор ауданы, Киров совхозы 1976 ж. қайтыс болған) — халық ақыны, Қазақ ССР-ның өнер қайраткері (1956), Қазақ ССР-ның халық ақыны (1961). К.Әзірбаев — 200-ден астам әндердің — арнау, толғау және тағы басқа шығармалардың авторы, көптеген айтыстарға қатынасып, жеңістерге ие болған. Ауыз әдебиетінің ірі өкілі. Оның репертуарында батырлық дастандар ерекше орын алған, сонымен қатар өз заманының өзекті тақырыптарын шебер жырлаған. Қара: Қазақ әдебиеті. Энц. — Алматы: Білім, 1999, 115-б.

72. САРЫН (II) /1000, 123-б./. А.В. Затаевичтің түсініктемесінде былай айтылған: "Сарын — бұл сөздің тура, нақты мағынасын мен анықтай алмадым. Шындығында, кейбір қазақтар маған: «Сарын» — бұл қайғылы ән деп айтқан болатын. Бірақ, олай болса, осында келтірілген екі ән де (№№ 228,229) бұл түсінікке мүлде сәйкес келмейді. Және де керісінше, Балуан шолақтың «Сарыны» шалқыған, төгілген өзінің құлашы және темпераменті тұрғысында жинаққа енген бүкіл әндерден шоқтығы биік тұр. № 229 «Сарыны» да, менің ойымша, қайғылы көңілді сипаттамайды. Керісінше, көңілдің толық салқынқандылығын және де қанағаттанғандығын паш етеді."

73. ЖАРЫЛҒАПТЫҢ САРЫНЫ (VI) /500, 179-б./.

*Қосымша дерек:* Жарылғап — Баянауылдың атақты ақыны, XIX ғасырдың соңында қайтыс болған. Халық арасында кең тараған «Қанафия», «Топайкөк» әндерін Жарылғап шығарған, — деген мәлімет бар. «Жарылғап сарынының» сөзі:

А-ай! Торыны жайраңдатып мінген қандай,
Сыртынан қызды ауылдың жүрген қандай.
Болғанда ақшам мезгіл сумаң етіп
Үйіне ақ білектің кірген қандай,
Ха-ля-ляй, ля-ля-ляй-ляй-ляй-ляй-ляй-ля!!!

74. ШӨЖЕНІҢ (II) САРЫНЫ (VII), /500, 182-б./.

*Қосымша дерек:* Шөже Қаржаубайұлы (1808–1895) қазіргі Көкшетау облысы, Қызылту ауданында туып, өмір сүрген ірі айтыскер ақын, домбыра, қобызда шебер ойнаған, көптеген эпостарды (мысалы, «Қозы-көрпеш — Баян-сұлу») жырлаған. Оның асқан өнерін Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, С.Торайғыров кеңінен насихаттаған. Қара: Қазақ әдебиеті. Энц. — Алматы: Білім, 1999, 696-б.

75. КӘМЕШТІҢ САРЫНЫ /ҚМФ 89- б./. № 66-шы түсініктемені қара.

76. КЕМПІРБАЙДЫҢ САРЫНЫ /ҚМФ 89-б./. № 66-шы түсініктемені қара.

77. САБЫРБАЙДЫҢ САРЫНЫ /ҚМФ 90-б./. № 66-шы түсініктемені қара.

78. БАЙКӨКШЕНІҢ САРЫНЫ /ҚМФ 87-б./. № 66-шы түсініктемені қара.

79. БОРАНБАЙДЫҢ САРЫНЫ /ҚМФ, 87-б./. № 66-шы түсініктемені қара.

80. БАЙБАЛАНЫҢ САРЫНЫ /ҚМФ 88-б./. № 66-шы түсініктемені қара.

81. ТҮБЕКТІҢ САРЫНЫ (I) /ҚМФ 92-б./. № 66-шы түсініктемені қара.

*Қосымша дерек:* Түбек Байқошқарұлы (1780–1870) қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, «Үшбиік» теміржол бекетінің маңында туып, «Жалғызтал» қыстағында қайтыс болған. Қазақ айтыс өнерінің аса көрнекті өкілі. Абай, Жамбыл, А.Янушкевич Түбектің талантын жоғары бағалаған. В.Радлов, Ы.Алтынсарин оның өлеңдерін басып шығарған.

Қара: Қазақ әдебиеті. Энц. — Алматы: Білім, 1999, 644-б.

82. ТҮБЕКТІҢ САРЫНЫ (II) /ҚМФ, 93-б./. 66-шы және 82-ші түсініктемелерді қара.

83. КӨЗБЕННІҢ САРЫНЫ /ҚӨ, 101–102-бб./ Бұл күйді Б.Қосбасаров «Қазақ аспапты музыкасының антологиясы» күйтабағынан қобызшы Д.Мықтыбаевтың орындауында жазып алған. Алғаш рет «Қоңыржай» (30–31-бб.) жинағында 1988 жылы жарық көрген. Қызылорда қаласында (Ақмешіт) XIX ғасырдың бастапқы кездерінде Көзбен деген зағип қобызшы өмір сүрген. Ол қобызға дауысын қосып, сарнатып отырады екен. Сарынның басы былай басталады:

Құдай-ау, көзімді алдың көрмесін деп,
Әзәзіл, жын-шайтанға ермесін деп.

## ЖАР-ЖАР

84. ЖАР-ЖАР. /ҚХӘ, 22-б./. 71-ші түсініктемені қара.

85. ЖАР-ЖАР. /БӨӘ, 9-б./. Сақып Сүйменбаеваның (1910 ж.т) айтуынан жазылып алынды. Ол Қарағанды облысының «Тасарал» колхозында балық шаруашылығында еңбек еткен. Қазір құрметті демалыста. Жиын-тойларда әрдайым қазақтың тұрмыс-салт әндерін айтады. «Жар-жар» әнінің ырғақтық желісі қарапайым, композициялық нұсқасының бұрынғы айтылып жүрген «жар-жар» әндерінен көп өзгешелігі бар. Өлең шумақтарының әрбір тармақтары қысқаша «жар-жар-ау» деген қосымша сөзбен аяқталып отырады. «Жар-жардың» мұндай түрі әзірше Қазақстанның басқа аймақтарында кездескен емес. Ән ауыспалы жай өлшемдер бойынша нотаға түсірілді.

86. ЖАР-ЖАР (I). /КӘ, 47-б./. Мағрипа Мақованың (1913 ж.т.) орындауынан жазылып алынды. Ол Көкшетау облысы, Рузаев ауданында тұрады. Ата-тегі тегіс әнші, өлеңші болған. Өзі де күшті дауысты, кей уақытта әнді алқымын керней, кеңірдегінің дірілімен орындайтын әнші, ақын адам. Ән айтқанда халықтың бар ынтамен тыңдағанын ұнатады. М.Мақова аштық жылдары Магнитогорскіде тұрған, концерттерге қатысып, ол қалың көрермен алдында өнер көрсеткен. Латынша сауаты болғандықтан қазақтың батырлар жырларын, өлең-қиссаларын

оқығанды жақсы көреді. Әнші бізге 19 ән айтып берді, оның көпшілігі өзінің шығармалары.

87. ЖАР-ЖАР (II). /КӘ, 48- б./. Көкшетау облысы, Ленинград ауданындағы «Чистяков» совхозында тұратын Гүләйім Мухадиеваның (1930 ж.т.) айтуынан жазылып алынды.

88. ЖАР-ЖАР (I). /200, 30-б./. Ақышев Әнуарбектен жазылды. 1916 ж. Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, «Айыртау» деген жерде туған. Сауда қызметкері. Бұл «Жар-жарды» Ақышев Х.Қанжекеновпен бірге қосыла айтып берді. Қанжекенов Хамза 1915 ж. Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, «Қарымсақ» деген жерде туған.

89. ЖАР-ЖАР (II). /200, 31-б./. Бұйрабаева Биғайшадан жазылып алынды. 1905 ж. Алматы облысы, Іле ауданында туған.

90. ЖАР-ЖАР (III). /200, 31-б./. Хасенова Баяннан жазылып алынды. 1909 ж. Семей облысы, Аягөз ауданында туған.

91. ЖАР-ЖАР (IV) /200, 31-б./. Әндіржанов Көпбайдан жазылып алынды.

92. ЖАР-ЖАР (V) /200, 32-б./. Молдабаева Бибіштен жазылып алынды. 1907 жылы Алматы облысы, Іле ауданы, «Қотырбұлақ» деген жерде туған.

93. ҮКІ-АУ! /200, 32-б./. Әділжанов Сейітханнан жазылып алынды. 1911 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, «Шорға» деген жерде туған. «Үкі-ай» қыз ұзату өлеңдері циклінен. Шығыс Қазақстанның кейбір аудандарында «жар-жар», «аужар» орнына айтылған. Үкінің балақ жүнін қазақтар қасиеттеп балаға, қыздардың тақия, бөркіне, сал-серілердің киіміне қадайтын болған. Ал қызды күйеуіне берген соң, күйеу ауылына қалыңдық үкілі тақия орнына, сәукеле киіп түскен. Сәукеле өте ауыр болғандықтан, жас келін бір жылға шейін әшекейлі желең жамылатын болған.

94. БИКЕ-АУ(I). /ҚМФ,50-б./. Қыз ұзату хикаясымен байланысты айтылатын ән.

95. БИКЕ-АУ(II). /ҚМФ, 51-б./. 1971 жылы Т.Бекхожина Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы, Шыңғыс ауылындағы Бекбаева Бижамаштан (1906 ж.т.) жазып алған.

96. ЖАР-ЖАР (I). /ҚМФ, 51-б./. Б.Ерзакович 1944 жылы Жамбыл облысы, Красногор ауданы, «Киров» колхозында Төрткен Кененовадан (ақын Кенен Әзірбаевтың қызы) жазып алған. Қолжазба этнографта сақтаулы. «Жар-жардың» басқа нұсқалары «1000 әнде» (№ 682, 794); «500 әнде»(№420,421); «200 ән» №23,24,25,26,27,190-сандарында жарық көрген.

97. ЖАР-ЖАР (II). /ҚМФ, 51-б./. 1971 жылы Т.Бекхожина Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы, «Топқайың» ауылында, зейнеткер Сәменов Әліптің (1895 ж.т.) айтуынан жазып алған.

98. ЖАР-ЖАР (III). /ҚМФ, 52-б./. 1971 жылы Т.Бекхожина Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Мәтенова Нұрбикенің орындауынан (1906 ж.т.) нотаға түсірген.

99. ЖАР-ЖАР (IV). /ҚМФ, 52-б./. 1971 жылы Т.Бекхожина Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы, «Топқайың» ауылында, Борықбаев Ләшкеден (1895 ж.т.) жазып алған.

100. ЖАР-ЖАР. /ҚӘҒТСӘ, 149–154-бб./. 1985 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, «Қанай» селосында тұратын Нәбиев Әзмұхаметтен (1913 ж.т., Отан соғысының ардагері, зейнеткер) жазылып алынған. Нотаға түсірген Қ.Шілдебаев.

101. ЖАР-ЖАРҒА ЖАУАП. /ҚӘҒТСӘ, 155-б./. Сарыағашта Мұхамеджанова Мәкеннен жазылып алынған. Нотаға түсірген – Б. Дәлденбаев.

102. АУЖАР (I). /200, 29-б./. Ахметова Ханымбүбіден жазылып алынды. 1925 ж. Семей облысы, Ақсуат селосында туған.

103. АУЖАР (II). /200, 29–30-бб./. Базарбаев Қошқардан жазып алынды. 1928

жылы Солтүстік Қазақстан облысы, «Преснегорков» ауданында туған. Казақ ССР Ғылым академиясы экономика институтының ғылыми қызметкері.

104. АУЖАР. /ҚӘҒТСӘ, 171–172-бб./. Нотаға түсірген Н.Лебедева, жетекшісі Б.Дәлденбаев.

105. АУЖАР (жігіттің әні). /ҚӘҒТСӘ, 165–166-бб./. Нотаға түсірген А.Райымқұлова, жетекшісі А.Темірбекова.

106. АУЖАР (қыздың әні). /ҚӘҒТСӘ, 161-162-бб./. 1981 жылы Х.Жүзбасов басқарған экспедиция, Талдықорған облысы, Алакөл ауданы, «Көктұма» совхозында Ибраева Зейнелден (1907 ж.т.) жазып алған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

107. АУЖАР (қыздың жауабы). /ҚӘҒТСӘ, 163–164-бб./. Орындаған Әсімова Сапархан (1925 ж.т.), нотаға түсірген С.Бекболатова, жетекшісі А.Темірбекова.

108. АУЖАР /КӘ, 46-б./. Ұмсынай Ережепованың (1921 ж.т.) айтуы бойынша жазылып алынды. Ол — Сәрсенбай бақсының қызы, Көкшетау облысы, Чистополь ауданының «Чистополь» совхозында тұрады. Әкесі де, ағалары да ойын-сауық, тойдуманға ертіп ала жүреді екен. Кішкене кезінен бастап естігендерін ұмытпай, есінде сақтаған оның қазір репертуары аса бай, аудан көлеміне фольклор білгірі ретінде танымал жан.

109. АУЖАР (қыз бен жігіттің әні). /ҚӘҒТСӘ, 167–169-бб./. Нотаға түсірген Е.Татаринова, жетекшісі Б.Дәлденбаев.

## СЫҢСУЛАР

110. ҚҰДАЛАРМЕН АЙТЫСУ. /ҚМФ, 61-б./. 1971 жылы Т.Бекхожина Шығыс Қазақстан облысы, Таврия ауданы, «Азово» селосында Қайназарова Бәзила мен (1925 ж.т.) Жақиянова Нұржамалдың айтуынан (1925 ж.т.) нотаға түсірген.

111. ҚҰДА НАЗЫ. /КӘ, 42-б./. Биғайша Сарманованың айтуынан жазылып алынды. Бұл кісі қазақтың құда келгендегі құйрық-бауыр асататын дәстүрін былайша сипаттайды: бір әйел суырып салма өлеңмен құттықтай жүріп, құдалардың алдына құйрық-бауыр тартса, екінші әйел құйрық-бауыр рәсіміне тасталған ақшаны жинайды. Бұл дәстүр әзіл, айтыс, сықақтармен өте қызықты өтеді.

112. СӘУКЕЛЕ (I). /КӘ, 37-б./. Роза Мұқановаңың (1938 ж.т.) айтуынан жазылып алынды. Ол Омбы облысында туған, қазір Қызылту ауданындағы «Өндіріс» совхозының «Жұмысшы» бөлімшесінде тұрады. Көкшетау облысының шығыс аудандарында үйлену тойларында айтылатын өлеңі бір тектес «Сәукеле» атты әндерді кездестірдік. Бұл әнді айтуға қыз жағынан сәукеле киген әнші-ақын әйел шығып, құдаларды ән-жырымен еліктіріп, көңілдендіре түседі. Бұл қызыққа қазақтың ескіден келе жатқан ғұрпын қадірлегені үшін құдалар ақша тастайды.

113. СӘУКЕЛЕ (II). /КӘ, 37-б./. Көкшетау облысы, Ленин ауданындағы «Жаңа ауыл» совхозының «Жеті үй» бөлімшесінде тұратын Фарида Қожинаның (1932 ж.т.) айтуынан жазылып алынды.

114. СӘУКЕЛЕ (III). /КӘ, 38-б./. Үміт Махамбетованың айтуынан жазылып алынды.

115. СӘУКЕЛЕ (IV). /КӘ, 40-б./. Биғайша Сарманованың (1928 ж.т.) айтуынан жазылып алынды. Ол Омбы облысында туған, қазір Ленинград ауданындағы «Айсары» совхозында тұрады. Әншілік қасиет анасынан дарыған ол 17 жасынан бастап өлең шығарған. Әннің тарихын адамды өзіне еліктіре отырып, тартымды әңгімелейді. Әнші бізге сahар, сәукеле, жоқтау, сыңсу жанрындағы он шақты ән айтып берді.

116. АРЫЗ ӨЛЕҢ (I). /200, 32-б./. Молдағалиева Жәмиладан (1890–1969) жазылып алынды. Орал облысында туып өскен.

117. АРЫЗ ӨЛЕҢ (II). /200, 33-б./. Жұбаниязова Жәмиладан жазылып алынды.

1907 ж. Қазақ ССР Орал облысы, Шыңғырлау ауданы, «Любинка» селосында туып өскен.

118. СЫҢСУ (I). /200, 34-б./. Әбдірахманова Шолпаннан жазылып алынды. 1937 жылы Семей қаласында туған. Сыңсу, танысу, қыз ұзату өлеңдері циклінен. Салт бойынша, ұзатылатын қыз кетер алдында жақын жеңге, құрбы-қыздарын ертіп туыстарын, сыйлас көршілерін аралап танысу, сыңсу айтатын болған. Қыздың сәукелесін жеңгесі киіп жүрген. Қыз келген үй оларды сыйлап, күтіп, қалыңдыққа жасау ретінде текемет, түскиіз тағы басқа сыйлықтар берген.

119. СЫҢСУ (II). /200, 34-б./. Бөлекенова Зәкірадан жазылып алынды. 1939 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, «Аманкелді» совхозында туған.

120. СЫҢСУ (III). /200, 34-б./. Мыңбаева Ағибаштан жазылып алынды. 1921 жылы Ақтөбе облысы, «Қобда» ауданында туған.

121. СЫҢСУ (IV). /200, 35-б./. Тілеубаева Жұмақыздан жазылып алынды. 1896 жылы туған. РСФСР-дың Орынбор облысы, Бөрте ауданы. Ақпа ақын, мелодист-композитор.

122. СЫҢСУ (V). /200, 28-б./. Бердібаева Балдырғаннан жазылып алынды. 1906 ж. Қарақалпақ АССР, Қоңырат ауданында туған. Талантты ақын және жоқтау айтатын адам. Қарақалпақстанда тұратын қазақтарда өлікке сырттан жоқтау айтатын адам шақыру салты бар. 1962 жылғы экспедицияда Бердібаева Балдырған шығарған бірсыпыра жоқтау мәтіндерін жазып алдық. Бірақ Балдырған «Ырымға жаман деп» әуенін қосып айтпады.

123. КӨРІСУ (I). /200, 36-б./. Сәтмұрина Шашақтан (1895–1968) жазылып алынды . Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, «Құмкөшу» деген жерде туған.

124. КӨРІСУ (I). /ҚМФ, 52-б./. 1958 жылы Алматыда Т.Бекхожина Егеубаева Зейнептен (1909 ж.т.) жазып алып, нотаға түсірген.

125. КӨРІСУ (II). /ҚМФ, 53-б./. 124-ші түсініктемені қара.

126. АНАСЫНЫҢ ҚЫЗЫМЕН КӨРІСУІ. /ҚӘҒТСӘ, 206-б./. Қанатбаева Сәниядан (1932 ж.т.) жазылып алынған. Нотаға түсірген Б.Дәлденбаев.

127. ҚЫЗДЫҢ ӘКЕ-ШЕШЕСІМЕН КӨРІСУІ. /ҚӘҒТСӘ, 202-203-бб./. Красноводск қаласында Ермағамбетова Алуаштан (1912 ж.т.) жазылып алынған. Нотаға түсірген Б.Дәлденбаев.

128. СЫҢСУ (I). /КӘ, 49-б./. Зұлқия Исинаның (1938 ж.т.) айтуы бойынша жазылып алынды. Ол Көкшетау облысы, Қызылту ауданындағы «Амангелді» совхозының Жамбыл бөлімшесінде тұрады. Бізге әр түрлі жанрдағы он шақты ән жаздыртты.

129. СЫҢСУ (II). /КӘ, 50-б./. Күлшара Айтжанованың айтуынан жазылып алынды.

130. СЫҢСУ (III). /КӘ, 51-б./. Үлпәр Мәдиеваның (1929 ж.т.) айтуы бойынша жазылып алынды. Ол Көкшетау облысы, Ленин ауданының «Колос» совхозында тұрады. Құлаққа жағымды, әдемі дауысымен 5 ән айтып берді.

131. СЫҢСУ (V). /КӘ, 53-б./. Зияда Рыспаеваның (1910 ж.т.) айтуынан жазып алынды. Көкшетау облысы, Володар ауданындағы «Дәуқара» селосында тұрады. Ән үйлену тойы болып жатқан жерде жазылды. Осы селоның тұрғыны Сәдуақасов Көшекпай (1905 ж.т.) сыңсуды орындап беруге өзі тілек білдіріп, 5-6 шумақ өлең жаздырған еді. Осы кезде топ ішінен суырылып шыққан Зияда Рыспаева сыңсудың өзіне тән шумақтарын орындап, бізді елең еткізді.

132. ҰЗАТҚАН ҚЫЗДЫҢ ЖЫРЫ. /ҚӘҒТСӘ, 216-б./. 1975 жылы студент Бағлан Балтабева Павлодар облысы, Железі ауданы, «Үрімтөбе» совхозында Ахметов Муфтиден (1918 ж.т.) жазып алған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

133. ШЕШЕСІНІҢ ҚЫЗЫНА АЙТҚАНЫ. /ҚМФ, 56-б./. 1970 жылы Қызылордада З.Жанұзақова мен Б.Қарақұлов А.Кенжебаеваның айтуынан жазып алған. Кенжебаева А. 1888 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, "Шаған" колхозында туған.

134. ІНІСІНІҢ АЙТҚАНЫ. /ҚМФ, 57-б./. 133-ші түсініктемені қара.

135. ҚЫЗДЫҢ ӘКЕСІМЕН ҚОШТАСУЫ. /ҚМФ, 58-б./. Осы әнмен келесі әннің мәтіндері жеке одағай сөздерден құрылады. 133-ші түсініктемені қара.

136. ӘКЕСІНІҢ ҚЫЗЫМЕН ҚОШТАСУЫ. /ҚМФ, 58-б./. 133-ші түсініктемені қара.

137. ҚЫЗДЫҢ ЗАРЫ. /ҚМФ, 59-б./. Әнді Т.Мерғалиев 1962 жылы Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданы, «Атасу» поселкасында Өскембаева Балтамақтан (1895 ж.т.) жазып алған.

138. КҮЛӘЙІМНІҢ ҚОШТАСУЫ. /ҚМФ, 59-б./. 137-ші түсініктемені қара.

139. СЫҢСУ (II). /БӨӘ, 8-б./. Құсния Жанбөлекованың (1903-1988 жж.) орындауынан жазылып алынды. Ол көп жылдар бойы «Жаңа тілеу» балық колхозында балықшы болып істеп, еңбегімен ел құрметіне бөленген жан болатын.

140. МАХАББАТ ЗАРЫ. /ҚӘҒТСӘ, 107-б./. Сыңсудың аңызы: Ертеде бір кедейдің айдай сұлу, ақылды жалғыз қызы болыпты. Оны жастайынан айттырып қойған бір сараң бай жары бар екен. Қыз өз теңім деп кедей жігітті сүйеді. Екі ғашық тұрмыс құрмақшы боп жүргенде, бай жігіттері сезіп қалып, қыздың жігітін өлтіріп, қызды тоқалдыққа алады. Сол қорлыққа шыдамаған қыздың зары. 1982 жылы Р.Құспанова басқарған экспедиция Жезқазған облысы, Приозер ауданы, «XXII партсъезд» совхозында Сәдуақасов Талғаттан (1958 ж.т.) жазып алынған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

141. ЕСКІ СЫҢСУ. /ҚӘҒТСӘ, 173–174-бб./. Қалыңдықтың елімен, жерімен, туған-туыстарымен, жора-жолдастарымен сыңсып қоштасуы. Ауыл-ауылды жеңгелерімен, жолдастарымен аралап жүріп айтады. Түлкібаева Бибіштен (1937 ж.т.) жазылып алынған .

142. ҚЫЗ СЫҢСУЫ. /ҚӘҒТСӘ, 177-б./. Күлжанова Бибізададан жазылып алынған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

143. ҚЫЗ СЫҢСУЫ. /ҚӘҒТСӘ, 180–181-бб./. Оразмұхамбетова Рупиядан жазып алған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

144. ҚЫЗ СЫҢСУЫ. /ҚӘҒТСӘ, 182-б./. 143-ші түсініктемені қара.

145. СЫҢСУ. /ҚӘҒТСӘ, 184-б./. Талдықорған облысы, Алакөл ауданы, «Көктұма» совхозында Құсайынова Нұрдыханнан (1907 ж.т.) жазылып алынған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

146. ҚЫЗДЫҢ ЖОЛДАСТАРЫНЫҢ СЫҢСУЫ. /ҚӘҒТСӘ, 185-б./. 1962 жылы М.Қойшыбаев пен А.Серікбаева экспедициясы. Целиноград облысы, Қорғалжын ауданы, «Қорғалжын» совхозы, № 6 бөлімшеде Нөшербекова Шакеннен жазылып алынған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

147. ҰЗАТЫЛҒАН ҚЫЗДЫҢ КӨРІСУІ. /ҚӘҒТСӘ, 199-б./. Сарыағаш ауданы, «Ленин» колхозында Жұмабаева Гүлжамалдан (1907 ж.т.) жазылып алынған. Нотаға түсірген Б.Дәлденбаев.

148. ҰЗАТЫЛҒАН ҚЫЗДЫҢ ӘНІ. /ҚӘҒТСӘ, 200-б./. Абдуллаева Әселден (1912 ж.т.) жазып алған. Нотаға түсірген Б.Дәлденбаев.

149.ҚЫЗДЫҢ ҰЗАТЫЛҒАНДАҒЫ ӘНІ. /ҚӘҒТСӘ, 201-б./. Нотаға түсірген Б.Дәлденбаев.

150. ЕРІКСІЗ ҰЗАТЫЛҒАН ҚЫЗДЫҢ ӘНІ. /ҚӘҒТСӘ, 207-б./. 1967 жылы А.Серікбаева басқарған студенттер экспедициясы Жамбыл облысы, Шу ауданы, «Жамбыл» атындағы колхозда Т.Юсуповадан жазып алынған. Нотаға түсірген Б. Дәлденбаев.

151. ҚОШТАСУ. /ЖӘ, 16-б./. Орындаған Ілімхан Молдабаева.

152. ҚОШТАСУ ЖЫРЫ. /ҚӘҒТСӘ, 208-209-бб./. Қыздардың тұрмысқа шығып кетерде ата-анасымен, туған-туысымен, сіңлілерімен көрісуі. 1975 жылы

Н.Қыдыршина басқарған студенттер экспедициясы, Қостанай облысы, «Наурызым» совхозында Карменова Қарамырзадан (1928 ж.т.) жазып алған. Нотаға түсірген Б.Дәлденбаев.

153. ҚЫЗДЫҢ ӘНІ. /ҚӘ, 76 -б./. Тасбике Жалмырзаевадан жазылып алынды.

154. ҚАЙБАТА — ӨСКЕН ЖЕРІМ-АЙ. /ҚӘ, 77-б./. Әсемгүл Өтеновадан жазылып алынды.

155. ҚАЙРАН ЕЛІМ ҚАЛДЫ ЕНДІ. /ҚӘ, 78-б./. Райымқұл Темірбаевтан жазылып алынды.

156. ҚАРАҒЫМ. /ҚӘ, 79-б./. 155-ші түсініктемені қара.

157. БӨЗ ЖАУЛЫҚ. /ҚӘ, 80–81-бб./. 155-ші түсініктемені қара.

158. СЫҢСУ. /АӘКМ, 633–634-бб./. Орындаған А.Жұматова. Нотаға түсірген Б.Тұрмағамбетова.

*Қосымша дерек:* Ақзер Жұматова 1942 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы Құлсары қаласында дүниеге келген. Қазір осы жердің тұрғыны.

159. ЖҰБАТУ. /ЖӘ, 17-б./. Орындаған Қанағат Қарашев. Ұзатылған қызға жеңгелері, құрбылары айтатын жұбату өлеңі. Әуендік құрылымы қарапайым. Тұяқтастың сүйемелдеуімен орындалады.

160. АУШАДИЯР /БӨӘ, 27-б./. Алтынбек Досмағамбетовтың (1919–1982) айтуынан жазылып алынды. Алтынбек Балқаш өңірінде аты шыққан тамаша күйші, көптеген ән-күй шығарған әуесқой композитор. «Аушадияр» — терме дәстүрінен, 2/4 өлшеміндегі ойнақы екпінде, құбылмалы түрде айтылатын ән. Ол, әсіресе, домбырамен айтқанда өте әсерлі естіледі.

## ТОЙ БАСТАР

161. ТОЙ БАСТАР (I). /200, 28 -б./. Молдабаева Іңкәрдан жазылып алынды. 1903 ж. Алматы облысы, Қаскелең ауданында туған. Қазақтың ойын-тойы тойбастардан басталған (қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана, сүндет той). Той бастарды ата баласы, яки, ақын, немесе өлең білетін адамдар бастап айтқан. Той иесі тойбастар айтқан адамға бағалы сыйлықтар берген.

162. ТОЙ БАСТАР (II). /200, 28-б./. Бүркеева Алтыннан жазылып алынған. 1938 ж. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданында, «Таутүрген» деген жерде туған.

163. ТОЙ БАСТАР. /ҚМФ, 49-б./. 1971 жылы Т.Бекхожина Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы, «Верхняя Березовка» (Ошағанды) селосында колхозшы Сәрсенбаева Таңсық (1908 ж.т.) және Елімсарина Зейнептің (1918 ж.т.) орындауынан жазып алған.

164. ТОЙ БАСТАР (I). /КӘ, 43-б./. Фарида Қожинаның айтуы бойынша жазылып алынды.

165. ТОЙ БАСТАР (II). /КӘ, 44-б./. Бәдәр Отызбаеваның (1912 ж. т.) айтуы бойынша жазылып алынды. Ол Көкшетау облысы, Рузаев ауданының «Рузаевка» селосында тұрады. Бізге 5 ән айтып берді. Өзі де өлең шығарады.

166. ТОЙ БАСТАР (III) /КӘ, 45-б./. Бақия Әлібаеваның (1995 ж. т.) айтуынан жазылып алынды. Ол Көкшетау облысы, Рузаев ауданындағы «Париж Коммунасы» совхозының «Мұқыр» бөлімшесінде тұрады. Бізге 3 ән жаздыртты.

167. ТОЙ ЖЫРЫ /БӨӘ, 15-б./. Жықыш Бейсембаеваның айтуынан жазылып алынды. Бұл әннің өзіндік ерекшелігі — негізгі ән шумақтары 12–13 буындық өлең сөздерімен жылдам екпінде, ал қайырмасы 7 буындық өлең сөздерімен баяу екпінде

айтылады. Ән ерекше сарындылығымен дараланады. «Той жыры» жас нәрестенің шілдеханасында орындалады.

168. ТОЙ БАСТАР (I) /ЖӘ, 23-б./. Орындағандар Емелбай Айнақұлов, Қалшахан Жәніпова. Той алдында, көбінесе той соңында «той аяқталмасын, тағы да тойға ұлассын» деген ниетпен айтылатын өлең. «Той бастардың» мәтіні де, әуені де сан алуан болып келеді. Кейде көпке ортақ әуенмен бұрыннан белгілі ән мәтіні айтылса, кейде тыңнан жаңа сөз қосылып орындалады. Солардың ішінде Жетісу өңіріне кең тараған той бастардың әуендік-әуездік құрылымы ерекше. Олардың әлі еш жерде жарияланбаған нұсқаларын іріктеп алдық.

169. ТОЙ БАСТАР (II). /ЖӘ, 24-б./. Орындағандар: Ырымхан Әділбекова, Аятхан Әбдібекова.

170. ТОЙ БАСТАР (III). /ЖӘ, 25-б./. Орындаған Рабиға Досымжанова.

171. ТОЙ БАСТАР (IV). /ЖӘ, 26 -б./. Орындаған Қанағат Қарашев.

172. ТОЙ БАСТАР /ҚӘҒТСӘ, 129–131-бб./. Заманына лайықталып жазылған дейді орындаушы. 1976 жылы Бақдәулет Аманов басқарған экспедиция Шевченко қаласында Өскембаев Мұраттан жазып алған. Нотаға түсірген М.Костерина.

173. АДАЙДЫҢ ТОЙ БАСТАРЫ /ҚӘҒТСӘ, 136 -б./. 1977 жылы Ә.Байғаскина, Б.Аманов, А.Құнанбаевадан құрылған экспедиция Красногорск қаласында Дүйсембаева Балымнан жазып алған. Нотаға түсірген О.Комолова.

174. ТОЙ ӨЛЕҢІ /ҚӘҒТСӘ, 140–141-бб./. Қаратас ауданы, Шарапхана колхозында Кәрімбаева З. (1942 ж.т.) мен Қыстаубаевадан жазған. Нотаға түсірген З.Есімбаева.

175. ЖЫРАУДЫҢ ТОЙ БАСТАРЫ /ҚМФ, 54-б./. Орындаған А.Кенжебаева. Нотаға түсірген З.Жанұзақова.

## БЕТАШАР

176. БЕТАШАР (I). /ҚМФ, 60-б./. 1948 жылы Б.Ерзакович Жамбыл облысы, Красногор ауданы, «Киров» колхозында, атақты ақын, жыршы, композитор-әнші Кенен Әзірбаевтың (1884–1976) айтуы бойынша жазып алған.

177. БЕТАШАР (II). /ҚМФ, 60-б./. 1971 жылы Т.Бекхожина Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы, «Топқайың» ауылында есепші Нұрыскенов Нығметтен (1916 ж.т.) нотаға түсірген, бір нұсқасы «200 әннің» 42-санында жарияланған.

178. БЕТАШАР. / 200, 37-б./. Егеубаева Зейнептен жазылып алынды. «Беташар» — қыз ұзату циклінің ақырғы өлеңі. Той аяқталған соң қызды шешесі бастаған топ күйеу ауылына шейін апарып салады. Күйеу ауылының жастары келінді екі-үш шақырым жерден қарсы алып, басына сәукелесін кигізіп, алдынан шымылдық ұстап ауылға жаяу апарады. Адыраспан атты шөпті өртеп келінді аластап, отқа май құяды. Келінді отқа тәжім еткізеді. З.Егеубаева туралы 5-ші түсініктемені қара.

179. БЕТАШАР. /БӨӘ, 10-б./. Мұрат Дәкібаевтың (1943 ж.т.) айтуынан жазылып алынды. Ол қазір Балқаш қаласындағы орта мектепте оқытушы болып істейді. Оның есімі Жезқазған облысында кеңінен танымал. М.Д.Балқаш қаласының «Сарыарқа» халық ансамблінің таңдаулы әншісі, бүкілодақтық халық творчествосы фестивалінің лауреаты. Әсіресе, халықтың лирикалық әндерін жақсы орындайды. Мұраттың өзі де ән шығарумен айналысады. Оның «Беташары» халқымыздың дәстүрі бойынша речитативтік сипатта айтылады.

180. БЕТАШАР. /ҚӘҒТСӘ, 239–240-бб./. 1985 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында Көкеев Ораздан (1942 ж.т., Орталық мәдениет үйінің көркемдік басқарушысы) жазылып алынған. Нотаға түсірген М.Пивень.

181. БЕТАШАР. /ҚӘҒТСӘ, 228–236-бб./. Р.Темірбаевтан жазылып алынған. Нотаға түсірген Р.Саламониди.

## БЕСІК ЖЫРЫ

182. ӘЛДИ-ӘЛДИ (I). /200, 43-б./. З.Егеубаевадан жазылып алынды. 4-ші түсініктемені қара.

183. ӘЛДИ-ӘЛДИ (II). / 200, 43-б./. Жұбаниязова Жәмиладан жазылып алынды. 117-ші түсініктемені қара.

184. ӘЛДИ. /ҚӘҒТСӘ, 259–260-б.б./. 1974 жылы Ә.Байғаскина басқарған экспедиция Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданының тұрғыны Әжікейден жазып алған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

185. ӘЛДИ БӨПЕМ. /ҚӘҒТСӘ, 268-б./. 1974 жылы Ә.Байғаскина, А.Құнанбаева, Б.Аманов экспедициясы Түркменстанның Пахтаарал ауданында жазып алған. Нотаға түсірген – Р.Құспанова.

186. ӘЛДИ. /ҚӘҒТСӘ, 261-б./. 1974 жылы Ә.Байғаскина, А.Құнанбаева, Б.Аманов экспедициясы Түркменстанның Пахтаарал ауданында жазып алған. Нотаға түсірген – Р.Құспанова.

187. ӘЛДИ-АЙ. /ҚӘҒТСӘ, 264-б./. Орындаған Ералиев. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

188. ӘЛДИ, БӨПЕМ. /ҚӘҒТСӘ, 267-б./. 1975 жылы Б.Балтабаева Павлодар облысы, Ертіс қаласында Мүфти Ахметовтан жазып алған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

189. БАЛА УАТУ (II). /200, 44-б./. З.Егеубаевадан жазылып алынды.

190. БАЛА УАТУ (III). /200, 44-б./. Қосақова Үміттен жазылып алынды. 1894 ж.т. РСФСР, Орынбор облысы, «Доңыз» деген жерде туған.

191. БАЛА УАТУ (IV). /200, 44-б./. Даңылбаева Нұрлықыздан жазылып алынды. (1909 жылы Алматы облысы, Қаскелең ауданы, «Терісбұтақ» — «Бағанашыл» деген жерде туған).

192. БЕСІК ЖЫРЫ /ҚХӘ, 20-б./. 1948 жылы Б. Ерзакович Жамбыл облысы, Красногор ауданы "Киров" колхозында атақты ақын, жыршы, композитор-әнші Кенен Әзірбаевтың (1884–1976) айтуы бойынша жазып алған.

193. БЕСІК ЖЫРЫ (I). /ЖӘ, 7-б./. Орындаған Ұятқан Әбілқызы. Сәбиді жұбату, тербету, ұйықтату мақсатымен айтылатын әуез. Қазір де ел ішінде әр түрлі нұсқалары көп. Әуездік-әуендік құрылымы өте қарапайым.

194. БЕСІК ЖЫРЫ (II). /ЖӘ, 8-б./. Орындаған Аятқан Әбдібекова.

195. БЕСІК ЖЫРЫ (III). /ЖӘ, 9-б./. Орындаған Камал Тұрғалиева.

196. БЕСІК ЖЫРЫ (I). /КӘ, 60-б./. Үмсынай Ережепованың айтуынан жазылып алынды.

197. БЕСІК ЖЫРЫ (II). /КӘ, 61-б./. Уәзипа Рамазановның (1927 ж.т.) айтуынан 7 ән жазылып алынды. Ол Көкшетау облысы, Чистополь ауданындағы «Жаркөл» совхозында тұрады, ардақты ана.

198. БЕСІК ЖЫРЫ (III). /КӘ, 62-б./. Күлкен Қуанбекованың (1933 ж.т.) айтуынан жазылып алынды. Ол Көкшетау облысы, Чистополь ауданындағы «Жаркел» совхозында тұрады, ақын Шәкен Отызбаевтың немересі; әдемі, мәнерлі даусы бар, өзі де өлең шығарады.

199. БЕСІК ЖЫРЫ. /ҚӘҒТСӘ, 254-б./. 1958 жылы Фольклор зертханасының экспедициясы Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы, «Көпбірлік» совхозында Есембаева Нұртөлеуден жазып алған. Экспедиция жетекшісі Е.Рахмадиев,

мүшелері — А.Темірбекова, С.Күзембаева, Т.Базарбаев. Нотаға түсірген А.Серікбаева.

200. БЕСІК ЖЫРЫ. /ҚӘҒТСӘ, 255-б./. Белгілі халық ақыны Кенен Әзірбаевтан 1948 жылы Б.Ерзакович жазып алған.

201. БӨПЕНІҢ ӨЛЕҢІ. /ҚӘҒТСӘ, 278-б./. Орындаған Сәт Есенбаев (1894 ж.т.).

202. НӘРЕСТЕГЕ ТІЛЕК. /ҚӘҒТСӘ, 279–280-бб./. Қайырғалиева Болғаннан жазылып алынды. Нотаға түсірген – Р.Құспанова.

203. ТҰСАУ КЕСУ ЖЫРЫ. /ҚӘҒТСӘ, 281-б./. Орындаған Садық Қасиманов. Садық Қасиманов (1902 ж. Семей облысы, Абай ауданында туған. 1977 ж. Алматыда қайтыс болған.) — ақын, педагог, этнограф, абайтанушы. Әл-Фараби атындағы Казақ мемлекеттік ұлттық университетін (1938) бітірген. 1923–1960 ж.ж. мұғалім болып істеген. 1960–1970 жж. ҚР ҰҒА Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері. Қасиманов қазақ ауыз әдебиеті мұраларын, ақындардың шығармаларын жинаған, ұлттық өнер, ойындар және т.б. фольклордың түрлері туралы көптеген кітаптар шығарған.

*Шығармалары:* Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1962 ж., Қазақтың ұлттық ойындары (басқа авторлармен бірлесіп жазған), Алматы, 1963 ж. Қара: Қазақ әдебиеті. Энц. — Алматы: «Білім», 1999. — 409–410-бб.

## МҰҢ-ШЕР ӘНДЕРІ

204. ЕСТІРТУ. /ҚӘҒТСӘ, 84-б./. 1967 жылы Б.Ерзакович басқарған студенттер экспедициясы Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, «Қ.И.Сәтпаев» атындағы совхоздың № 1 бөлімшесі, – Теңдікте Қалымова Рахимадан (1904 ж.т.) жазып алынған. Нотаға түсірген – С.Апасанова.

205. АНА ЗАРЫ. /ҚӘҒТСӘ, 110-б./. Жезқазған қаласы, Мир көшесінің 5 үйінде тұратын Барменбаева Нұрсәлиден (1914 ж.т.) жазылып алынды. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

206. КЕЛІНШЕК ЗАРЫ. /ҚМФ, 65 -б./. Т.Мерғалиев 1962 жылы Қарағанды қаласында Абдуллахатов Камалдан жазып алған.

207. БАЛАЛАРЫМ — ЕКІ ҚОЗЫМ. /ҚӘҒТСӘ, 103-б./. 1975 жылы Н.Қыдыршина басқарған студенттер экспедициясы Қостанай облысы, Наурызым ауданы, «Қостанай-комсомолец» совхозында Қонақбаева-Смағұлова Бөпелектен (1907 ж.т.) жазып алған. Ұлы Отан соғысы кезінде күйеуі мен бес баласы бірінен соң бірі қайтыс болып, жалғыз қалған ана мұң-шерін зарлайды. Нотаға түсірген – Р.Құспанова.

208. МҰСАБЕКТІҢ ЗАРЫ. /БӨӘ, 21-б./. Әшірбек Мүсәпіровтің айтуынан жазылып алынды. Әшірбектің бала кезінде ауылында Мұсабек дейтін қадірлі ақсақалдың ең жақсы көретін туған інісіне аяқ астынан «жай» түсіп, қайтыс болғаннан кейін қайғырып шығарған әні екен. Әшірбек кейін сол ақсақалдан үйреніп, халық арасына таратқан. Ән ауыспалы жай өлшемдер бойынша нотаға түсірілді.

209. ЖІГІТТІҢ ЗАРЫ. /БӨӘ, 22-б./. Рысбек Жәкеновтің өз айтуынан жазылып алынды. Дүниеден өткен адамға арнап шығарылған осы тәрізді әндер жоқтаудың бір түріне жатады. Бірақ олар Балқаш өңірінде «Жоқтау», «Дауыс қылу» сияқты ешқашан да көпшілік алдында айтылмайды. Зарлы әндерді ер адам ен далада шөп шауып немесе мал іздеп жүрген кезде айтады. Ал, мұңды әндерді әйелдер де айта береді. Қазақта оны мұңын шағу дейді. Мұңды әндер — жоқшылықтың тауқыметін әбден тартқан кезде қолғабысын тигізсін деген мақсатта ең жанашыр адамының алдында ғана жылап отырып айтатын, халық фольклорында өте сирек кездесетін шығармалар.

210. ЖАР МҰҢЫ. /БӨӘ, 23-б./. Рысбек Жәкеновтің орындауынан жазылып алын-

ды. Бұл әнде балалары мен ерінен айырылып, жалғыздық көріп, еңіреп жүрген жесір әйелдің қайғылы өмірі көрсетілген. Балқаштағы шағын бас қосу кештерінде Рысбек қарттың өзі ғана орындайтын.

211. ТӨЛЕГЕННІҢ ЗАРЫ. /ҚӘҒТСӘ, 92–93-бб./. Ұлы Отан соғысында (1941 ж.ж.). Төлегеннің алты ұлы хабарсыз кетеді, үш келіні тұрмыс құрып, тоғыз немерелерін ала кетеді. Алты ұлы, тоғыз немересі, үш келіні — он сегіз бастан айырылған қария мен кемпір екеуі ғана қалады. Ішін өртеген қайғысын Төлеген осы зары арқылы сыртына шығарады. 1976 жылы А.Серікбаева мен Б.Дәлденбаев Қима ауданы, Терісқаққан совхозында Тойшыбеков Зейнелден (1902 ж.т.) жазып алған. Нотаға түсірген – Р.Құспанова.

212. АҚБАЛА–БОЗДАҚ. /ҚӘҒТСӘ, 99-б./. Жұматов Бейсембайдан (1905 ж.т.) жазылып алынды. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

213. ДАУЫС. /200, 40-б./. Б.Молдабаевадан жазылып алынды. (1907 жылы Алматы облысы, Іле ауданы, «Қотырбұлақ» деген жерде туған).

214. ЖОҚТАУ-ДАУЫС. /ҚӘҒТСӘ, 55-б./. Ауылдың ересек тартқан әйелдері ел азаматы қайтыс болғанда айтатын жыры. 1972 жылы Н.Қыдыршина басқарған экспедиция Қарағанды облысы, Жаңа-Арқа ауданы, «Жаңа-Арқа» совхозында Өскенбаева Балтамақаннан (1902 ж.т.) жазып алған. Нотаға түсірген – Қ.Шілдебаев.

215. АХМЕТТІҢ ҚАЗАСЫНА АЙТЫЛҒАН ДАУЫС (үзінді түрде) /ЖӘ, 28-б./. Қастей Тағай баласының қазасына айтылған дауыс. Орындаған Гүлжахан Мырзахметқызы. Адамның қазасына байланысты жоқтау немесе дауыс айту түрлері. Жетісу өңірінде жоқтау мен дауыс айтудың өзіндік айырмашылығы бар. Мұнда, әсіресе, Албан руы мекендейтін ауылдарда бұл дәстүр қазірге дейін сақталып келеді: а) дауыс шығару; ә)дауыс көтеру; б)жылау; в)жоқтау; г)дауыс айту — бір-бірімен байланысып жатқан азалы рәсімдер.

216.ДАУЫС. /ЖӘ, 30-б./. Орындаған Тұрсын Құдиярбекқызы. 274-ші түсініктемені қара.

217. ҚАСТЕЙ-ТАҒАЙ БАЛАСЫНЫҢ ҚАЗАСЫНА АЙТЫЛҒАН ДАУЫС. /ЖӘ, 31-32-бб./. Б. Орындаған Гүлжахан Мырзахметқызы. 274-ші түсініктемені қара.

218. ӨЗБЕК БАЛАСЫ НҰРЖАУДЫҢ ҚАЗАСЫНА АЙТЫЛҒАН ДАУЫС. /ЖӘ, 34-б./. Орындаған Ілімхан Молдабаева. 180-ші түсініктемені қара.

219. ЖОҚТАУ (I). /КӘ, 57-б./. Көкшетау ауданының «Қызылсая» совхозында тұратын Мүслима Әбенованың (1922 ж.т.) айтуынан жазылып алынды.

220. ЖОҚТАУ (II). Орындаған А.Құлшықова /1931–2004/, нотаға түсірген Б.Тұрмағамбетова /жеке мұрағаттан алынған/. Ақжол Құлшықова Атырау облысы, Жылыой ауданының «Қараарна» ауылдық советінде дүниеге келген. Халық әндері мен тұрмыс-салт жырларының жетік білгірі. Құнды материалдар жазғызып, халық өнерпаздары туралы ақпараттар жеткізді. Руы –Кіші жүз — Әлім Шүрен (Жекей). Әншінің айтуына қарағанда, бұл өнер өз әкесі Төлеуов Смағұлдан дарыған.

221. ЖОҚТАУ (I). /АӘКМ, 628-б./. Орындаған Атырау қаласының тұрғыны А.Қаналиева. Нотаға түсірген Б.Тұрмағамбетова.

*Қосымша дерек:* Ақан Қалдыбекқызы Қаналиева 1916 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданы, Томан ауылында дүниеге келген. Суырып салма ақындығы анасы Бексұлудан дарыған. Халық әндері мен қара өлеңдердің білгірі.

222. ЖОҚТАУ (II). /АӘКМ, 628-629-бб./. Орындаған А.Қаналиева. Нотаға түсірген Б.Тұрмағамбетова. 221-ші түсініктемені қара.

223. ЖОҚТАУ (III). /АӘКМ, 629-б./. 221-ші түсініктемені қара.

224. ЖОҚТАУ (IV). /АӘКМ, 630-б./. 221-ші түсініктемені қара.

225. ЖОҚТАУ (I). /200, 37-б./. Жұбаниязова Жәмиладан жазылып алынды. Жоқтау, жылау, дауыс — өлген адамға арналған өлеңдер. Көбіне жоқтауды әйелдер өздері шығарып айтатын болған. Ақын, әншілер шығарған жоқтаулар да бар. Олардың формасы көбіне не терме, не лирикалық әнге жақын. Салт бойынша өлікті жоқтап, оның артын күту — қалған туыстарының міндетті ісі. Өліктің жылы толғанша күніне 3 рет айтылатын болған.

226. ЖОҚТАУ (II). /200, 37-б./. Ж.Тілеубаевадан жазылып алынды.

227. ЖОҚТАУ (III). /200, 38-б./. Байсеңгірова Қантбаладан жазылып алынды. 1901 ж. Талдықорған облысы, Сарыөзек станциясында туған. Бұл жоқтауларды Қантбала 1922 жылы күйеуі өлгенде шығарса керек.

228. ЖОҚТАУ (IV). /200, 38-б./. 227-ші түсініктемені қара.

229. ЖОҚТАУ (V). /200, 38-б./. Қанапиянова Күлжәмиладан жазылып алынды. 1875 ж. Семей облысы, Аягөз ауданында туған.

230. ЖОҚТАУ (VI). /200, 38-б./. Шортанов Ырзадан жазылып алынды, 1898 ж. Ақтөбе облысында туған. Бұл жоқтау 11 жасар немересі Күлпариза атынан айтылады. Жоқтаудың авторы Шортанов Ырза.

231. ЖОҚТАУ (VII). /200, 39-б./. Сәдуақасова Уәштен жазылды. 1917 ж. Талдықорған облысы, Ақсу селосында туған. Республика қуыршақ театрының әртісі.

232. ЖЫЛАУ. /200, 39-б./. Исмағұлова (I). /ҚМФ, 61-б./. 1944 жылы Б.Ерзакович Кенен Әзірбаевтың орындауынан жазып алған. Кененнің айтуынша ән 1886 жылы қаза болған батыр Кебекбай Байтөриевтің өліміне арналып шығарылған.

233. ЖОҚТАУ (VI). /ҚМФ, 63-б./. 1958 жылы Алматыда Т.Бекхожина Егеубаева Зейнептен (1909 ж.т.) жазып алып, нотаға түсірген.

234. ЖОҚТАУ (II). /ҚМФ, 62-б./. 1970 жылы З.Жанұзақова нотаға түсірген. А.Кенжебаеваның айтуынан жазылып алынған.

235. ЖОҚТАУ (III). /ҚМФ, 62-б./. 1958 жылы Алматыда Т.Бекхожина Егеубаева Зейнептен (1909 ж.т.) жазып алып, нотаға түсірген.

236. ЖОҚТАУ (VII). /ҚМФ, 64-б./. 1958 жылы Алматыда Т.Бекхожина Нұртазина Гүлбанудан (1918 ж.т.) жазып алып, нотаға түсірген. Бұл жоқтаудың авторы Көкбаева Қалыш (1880–1952) — әрі ақын, әрі композитор болған. Қалыш — белгілі ақын Көкбай Жанатаевтың (1864–1928) қызы.

237. ЖОҚТАУ (VIII). /ҚМФ, 64-б./. Т.Бекхожина 1958 жылы Алматыда Қожанова Меңжамалдың (1900–1961) айтуынан жазып алған.

238. КҮЙЕУІН ЖОҚТАУ. /ҚМФ, 64-65-бб./. Дүйсембаева Ж. өзінің күйеуінің өліміне арнап шығарған.

239. ЖОҚТАУ (II). (КӘ.58 –б). 1927 ж. Көкшетау облысы, Чистополь ауданында туған, "Баррикада" совхозында тұратын Омарова Наушарбаннан жазылып алынды. Ол 6 әуенді сөзімен қоса (негізінен салт-жора әндері – сыңсу, жоқтау) ауызша айтып берген.

240. ЖОҚТАУ (III). (КӘ. 59 -б). 1937 ж. Омбы облысында туған, Ленинград облысы, "Менжинский" совхозының Байтас бөлімшесінде тұратын Бекбаева Бәтимадан жазылып алынған. Бұл жоқтау Б.Бекбаеваның өміріндегі қасіретті оқиға – 21 жасында көз жұмған ұлының қайғылы қазасына орай шығарылған.

241. ЖОҚТАУ (I) (КМФ, 61 б.). Б. Ерзакович белгілі ақын, әнші, сазгер Кенен Әзірбаевтың өз аузынан жазып алған. Кененнің айтуынша, бұл ән 1886 жылы қаза болған батыр – Кебекбай Байтөриевтің өліміне арналып шығарылған көрінеді

242. ҚАБЫШТЫҢ БАЛАСЫНА АРНАҒАН ЖОҚТАУЫ. /ҚӘҒТСӘ, 105 -б./. Семей облысы, Бесқарағай ауданы, «Семияр» совхозында Ақжігітов Мұхамедқалиден (1925

ж.т.) жазылып алынған. Қабыш Исаұлы XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын әрі әнші. 1929 жылдары суға кеткен баласына шығарған. Нотаға түсірген Р.Құспанова.

243. МАТАЙДЫҢ ЖОҚТАУЫ. /ЖӘ, 33-б./. Орындаған Әтен Майлықызы.

244. ЖОҚТАУ. /ҚӘҒТСӘ, 51-б./. 1976 жылы А.Серікбаева мен Б.Дәлденбаевтың экспедициясы Торғай облысы, Аманкелді ауданы, «Крупская» атындағы совхоздың 2- бөлімшесінде Мақажанова Қантайдан жазып алған. Нотаға түсірген Қ.Шілдебаев.

245. ЖОҚТАУ. /ҚӘҒТСӘ, 42-б./. 1960 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильичев ауданы, Абай атындағы колхозда Абдоллаева Әселден (1917 ж.т.) жазылып алынған. Нотаға түсірген Қ.Шілдебаев.

246. ЖОҚТАУ. /ҚӘҒТСӘ, 45-46-бб./. 1983 жылы А.Райымбергенов басқарған студенттер экспедициясы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, «Коммунар» совхозында Дәуірбаева Үржәдәдан жазып алған. Нотаға түсірген – В.Сиротина.

247. ЖОҚТАУ. /ҚӘҒТСӘ, 47-48-бб./. 1982 жылы Р.Құспанова басқарған студенттер экспедициясы Жезқазған қаласы, Мир көшесі, 5 үйде тұратын Н.Барменбаевадан (1914 ж.т., өзі шығарған, үй иесі) жазып алған. Өз облысының белгілі ақыны. Нотаға түсірген Т.Нүсіпбаева.

248. КӨШЕНДІ ЖОҚТАУ. /200, 40-42-бб./. Жақсылықов Ауғаннан жазылып алынды. 1885 ж. Семей облысы, Үржар ауданында туған. Импровизатор ақын, сатирик, мелодист, күйші-домбырашы. «Көшенді жоқтау» — бір бай өзінің өлген туысын мадақтау үшін Ауған ақынды шақыртып алып: «жоқтау шығар!» деп бұйырады. Ақын сонда өлген байдың сараңдығын, тар пиғылын суреттеп осы «Көшенді жоқтау» атты шығармасын айтады.

249. БАЛАНЫ ЖОҚТАУ. /ҚӘҒТСӘ, 81-82-бб./. Асырап алған баласы қайтыс болғанда айтқан. Нотаға түсірген – Б.Ройтблат.

250. ӘКЕСІН ЖОҚТАУ. /ҚӘҒТСӘ, 69-71-бб./. Аманкелді селосындағы Құтжанова Нүрзәдадан (1957 ж.т.) жазылып алынған. Нотаға түсірген – Қ.Шілдебаев.

251. ҚАЙЫНАҒАҒА ШЫҒАРҒАН ЖОҚТАУ. /ҚӘҒТСӘ, 57-66-бб./. 1977 жылы Ә.Байғаскина басқарған экспедиция Түлкібаева Бибіштен (1937 ж.т.) жазып алған. Нотаға түсірген Қ.Шілдебаев.

## СЫБЫЗҒЫ КҮЙЛЕРІ

252. ЖҰБАТУ /БӨ, 115-б./. Қ.Кәлектен жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. Күй туралы аңыз: бір ханның жалғыз баласы болады. Бала ер жетіп, жігіт болып өсіп келе жатқанда қайтыс болады. Жалғыз баласының мезгілсіз қайтыс болғанына қайғырған хан екі өңірін көз жасымен жуып, басын көтермей жатып алады. Қаралы қайғыға тап болып, ақылы құмдай шашылған ханды уату үшін елдің игі-жақсы, атқамінерлері келіп, көңіл айтып жігер бере сөйлегенмен, хан ешбірінің ақылын алмайды. Сол жылаған күйі тірідей солып, төсек тартып жатып қалады. Хан басындағы осы халді естіген бір сыбызғышы ел қолынан келмесе, менің қолымнан келер, мен барып уатып келейін деп сыбызғысын алып, хан ордасына беттейді. Сыбызғышының бұл сәуегейлігіне ел болып таңданысады, құр әурешілік деп ойлайды. Сыбызғышы хан ордасына кіріп, төсекте жатқан ханның қасына келеді. Қайғымен тозған хан сыбызғышының сәлемін де алмайды. Бірақ сыбызғышы сәлемі өтпегені үшін өкінбейді. Жайланып отырып тамағын кенеп дем алады да, сыбызғысын тарта жөнеледі. Сыбызғышы күйін аяқтаған кезде, хан төсектен басын көтеріп, жасын тыйып, сыбызғышымен амандасады, рахметін айтып, киіт кигізіп қайтарады. Бұл күй «жұбату» деп содан аталған екен.

253. ХАНДЫ ЖҰБАТУ /ККайнары, 59-б./. Күйдің аңызын айтып, орындаған К.Құмақайұлы. Күй туралы аңыз: Ерте кезде бір хан болыпты. Ханның жалғыз баласы жаугершілікте қаза табады. Ұлының қайғысын көтере алмай, бүк түсіп жатып қалған ханды жұбатуға ешкімнің дәрмені жетпейді. Бұл хабарды ел аралап, күй тартып жүрген бір сыбызғышы ақсақал естиді. Ол хан сарайының алдына келіп, сыбызғысын тартады. Сыбызғы үнін естіген хан басын көтеріп, уәзірлеріне: "Мына сыбызғы тартып отырған адам кім екен, бері шақырыңдаршы, — деп әмір етеді. Сыбызғышыны ханның алдына алып келеді. Хан оның сыбызғы тартуын өтінеді. Сыбызғышы қарт көңіл толқытатын мұңды күй тартады. "Бұл күйдің аты не?" — деп сұрайды хан. "Күйімнің аты "Жұбату" — еді", — деп жауап қатады сыбызғышы. Хан сол күйді сыбызғышыға қайта-қайта тарттқызып, бірнеше күн қонақ қылып, астына ат мінгізіп, үстіне шапан жауып аттандырған екен. "Хан жұбату" күйі осыдан қалыпты.

254. САРЫ БЕЛ /БӨ, 131-б./. Сыбызғышы Байсалдан жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз:* байлардың жемқорлығын өткір тілімен шенеп, сыбызғыдағы күйімен әжуа-сықақ еткен сыбызғышыны елдің игі жақсылары бірігіп алып, көзін құртпақ болады. Оған түс-түсынан қысым жасап, тілін тигізіп, тікенегін қадайды. Ел ішін аралап сыбызғы тартып, әзіл-сықақ айтуды қойып, қаршадай қара күркесінде, бала шағасының қасында, отының басында көңілді өмір сүруіне тосқауыл жасап, басқан ізін бағатын аңдушы қояды. Осынау қапас өмірден құтылуды армандаған сыбызғышы таңы рауандап ататын, күні күліп бататын, адамдары ала-құла бай мен кедей болып бөлінбейтін, зәбір-жапасы жоқ елді іздеп жолға шығады. Әділдіктің ордасын іздеп талай елді аралайды, талай жолды басады, талай белден асады. Бірақ ондай елді таба алмай арман тауы шағылған сыбызғышы арып-шаршап, қара күркесіне қарай қайта оралады. Қайда барса да, еңіреген елді, шерменде болып сорлап, қапас өмірде қан жұтқан кедейді көреді. Бостандықта өмір сүруді армандағын сыбызғышы ұзақ жол жүріп, еліне бет алып келе жатады да, көлбеп жатқан құба белге келіп, сыбызғысын тартып отырып қаза болады. Ел арасында жүрген тағы бір сыбызғышы жігіт жол жүріп келе жатып, құба белде сыбызғысын сүйеу етіп қаза болған жігітке тап болады. Жігіт аттан түсіп қайтыс болған жігітті сол жерге жерлейді. Оның кейіп-кескінінен шаршағандықтың, арманына жете алмаған мұң мен зардың белгісін көреді. Жол-жөнекей ауыр жайға, өкініштің оқиғаға тап болған сыбызғышы жігіт айналаға ойлана көз жүгіртеді. Шегі жоқ, шеті жоқ дала. Дала төсінен тіршіліктің жөнкіген дүрбелеңі де, қызған өмір әні де көрінбейді. Тек о жағы мен бұл жағы тұманданып көрініп ыстық демін ішіне тартып жатқан, мынау сияқты қаншама қыршын жасты қапас құшағына алған төңірек сарғыштанып, зілденіп көрінеді. Дәл мына қалпымен жаңбыр жаумаған, шуақ көрмеген, қайғыдан басқаны білмейтін керенаудай сезіледі. Осы тылсым тіршілікке ішқұса болып қайғырған сыбызғышы сары белде отырып, қаза болған сыбызғышыға арнап "Сары бел" күйін тартады.

255. КЕЛІНШЕКТІҢ ЗАРЫ /БӨ, 121-б./*. Сагсай сұмындық Б.Тарлаубайдан жазып алған. Нотаға түсірген – А.Хабыкей.

256. ҚЫЗ АЛЫП ҚАШҚАН /БӨ, 125-б./. Күй Қ.Кәлектен жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз:* жалғыз қызы бар бір баймен жалғыз ұлы бар бай екеуі құда болады. "Екі жарты бүтін болсын, сән-салтанаты келіскен түтін бол-

* №№ 259, 260, 266, 267, 272, 288, 307, 310, 318, 321 – бұл күйлердің өзімен бірге айтылатын аңыздары бізге жетпей қалған.

сын! Біреуміз келінім демейік, біреуіміз күйеуім демейік. Екеуміздің ортамыздағы екеумізге ортақ отау болсын" — деп келіседі. Берік сөз байласқан екі байдың бесікте құдалық сөйлескеннен кейінгі қарым қатынасы күн өткен сайын нығая береді. Екі бай іргелес жайлап, іргелес қонып, екі ауылдың ортасына дәнекер боп тігілетін сәнді отауды асыға күтеді. Қыз бен бала бірге ойнап, біте қайнасып өседі. Сәби жүрек бірінің-біріне құдалық жолымен таңылғанын да сезбейді. Олар күні ертеңгі бір-бірінен бөлінбес бір бүтін болғандықтан емес, балалық жетелеуімен ойын қызығына ерумен де тату өседі. Ұл ер жетіп, қыз бойжеткеннен кейін аралары алыстай бастайды. Қолаң шашты салықалы қыз жігіт жүрегін баурап, жүрегіне от тастағанымен қыз жігітті сүймейді. Жігіттің ештемеге икемі жоқ дөрекі қимылы, шөп басын сындырмайтын еріншектігі, дүңк мінезі қыз сезімін аулақтата береді. Бірақ бесіктен құда боп, қысқа арқан, тар тұсау сап қойғанын естіген жігіттің қыздың жақтыртпағанымен шаруасы да болмайды. Отау қамытшылығы бітіп, той дайындығы әзір болса, ақ төсіңді аймалармын дейді де, жүре береді. Бай да қыз жайын естігенде, балалықтың әсерінде деп етегін жимайды. Аруақ жолын сыйламай, ата жолын бұзып, ақ басты ана мен ақ сақалды әкенің қолынан шығып, қайда барады дейсің деген тұжырымға келеді. Өстіп құда да тыныш, құдағи да тыныш жатқан бір күні той істеу қамытшылығы бітіп, ақ отау әзір болған күні «қыз қашып кетіпті» деген суық хабар дүңк ете түседі. Байдың тоғышар ұлын ұнатпаған қыз жылқышы жігітке ереді де тайып тұрады.

Қашып келе жатқан қыз бен жігіт ауылдан алыстағаннан кейін бұтаның арасын паналайды. Осы кезде қыз жігітке өзінің сырын айтады: "Дәулеті мен әулеті сай, салулы төсек, тігулі үй дайын бай баласынан неге қаштым? Оның себебі, ол – тоғышар. Бір күн мал шетіне шығып көрген жоқ оның қолынан келер де жоқ. Шоқпардай үкі тағып, күмістеген белбеу буынып, жорға мініп жортқанды ғана біледі. Сен еңбекке құштарсың еңбектің балын жеген өмір, нағыз өмір. Екінші де сен сыбызғышысың. Өнер өлмейді. Сондықтан сені сүйдім. Осы жүрісімізді сыбызғыға қосшы, — асықпай тыңдайын" — дейді. Жігіт сыбызғысын тарта жөнеледі, қыз бойы балқып тыңдайды. «Қыз қашып кетті» деген хабарды естігеннен кейін екі жақ бірігіп түс-түсқа құғыншы аттандырады. Ат сабылтып, үзеңгі қағыстырып келе жатқан бір топ құғыншы сыбызғы дауысын естиді де, шілік ішінде сайрандап отырған қыз бен жігітті қолға түсіреді. Ашу кернеген топ жігітті өлмеші қып сабап, сол жерге тастайды да, қызды өңгеріп ауылға алып келеді. Жігіттің қыз тілегі бойынша тартқан күйі "Қыз алып қашқан" атанады.

257. ҚАЛАЖАН ҚАШҚАН /БӨ, 123-б./. Күйді орындаған сыбызғышы Жұмайхан. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз*: ертеде біреудің Қалажан деген келіншегі болады. Қалажан көрікті, сымбатты болса керек. Ол тұрмысқа шыққаннан кейін қосағына көңілі толмай, ауыл арасының Кит деген жігітімен күйеуінен жасырын көңілдес болады. Қалажанның күйеуі үйде жоқта Кит келіп-кетіп жүріп екеуінің көңілі одан әрмен жақындаса береді. Ақыры екеуі қашуға келісіп, келісімді күні Кит келсе, Қалажанның күйеуі тағы да жоқ екен дейді. Киттің жетектей келген атына Қалажан мініп, Кит өз атына мініп қашады. Екеуі ауылдан шыға бере үйге жеткен күйеуі қашып бара жатқан екеуін көреді де, есік алдындағы бақанды ала сап арттарынан қуады. Қашып бара жатқан жолдарында әжептәуір терең өзен бар екен. Егер өзеннен аман-есен өтіп кетсе, онда бұларды ұстай алмайды. Екеуі өзенге келеді де тіреліп қалады. Неде болса өту керек болады. Қалажан атына қамшы басады да өзенге түсіп кетеді. Аты малтып отырып аман-есен ар жаққа өтіп, артына қараса, Кит әлі тұр екен. «Құғыншы кеп қалды, тез өт», — деп дауыстайды. Бірақ Кит өтуге батпайды. Өстіп тұрғанда құғыншы келіп Китті ұстап алады. Жүрексіз Кит Қалажанның

күйеуіне де күш көрсетіп, қарсыласа алмайды. Күйеуінен безіп, қолынан ұстап ере қашқаны Киттің әлсіздігін көрген Қалажан іштей күйіп, қайта өтіп келеді де қолы байлаулы жатқан Китке қарап: "Абыройымды айрандай төгіп жылы орнымды суытып ере қашқаным Кит пе десем Ит екен ғой" — деп бетіне түкіріпті. Қалажанның күйеуі сыбызғышы екен; менсінбей қашқан әйеліне арнап осы күйді тартып, "Қалажан қашқан" атапты да, аңсағаның Кит болса арам өлерсің, осыңмен-ақ кете бар деп аулына қайтқан дейді.

258. ЖАМАЛ-АЙ /ККайнары, 52-б./. Күйді орындап, аңызын айтушы Ш.Ауғанбаев. *Күй туралы аңыз*: жастайынан қатар өскен байдың қызына қойшы кедейдің баласы ғашық болады. Балалар ер жеткеннен кейін бір-біріне деген сезімдері арта түседі. Мұны байқаған бай баланы үй-ішімен басқа жаққа көшіріп жібереді. Сонда бала:

Жамал-ау, сіз қалайсыз мен дегенде,
Қоямын ішкен асты, Жамал-ау, сіз дегенде... —

деп сүйген қызын қимай, оған деген сүйіспеншілік сезімін сыбызғы сазымен күй етіп тартқан екен.

259. КЕРБЕЗ ҚЫЗ (I) /БӨ, 120-б./. Күй Қ.Кәлектен жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. №255-ші түсініктемені қараңыз.

260. КЕРБЕЗ ҚЫЗ (II). /БӨ, 120-б./. Сыбызғышы Кәбетайдың орындауынан жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. № 255-ші түсініктемені қараңыз.

261. АРБИЯННЫҢ ЖАСТЫҚ ШАҒЫ /БӨ, 101-б./. Нотаға түсірген А.Хабыкей. Күй туралы аңыз: Арбиян деген монғол жігіті қазақ қызына ғашық болады да, сүйгеніне қосылып қазақ ішіне сіңіп кетеді. Сол өмірі туралы өзінің жастық шағы туралы сыбызғымен тартқан күйі деседі.

262. АРБИЯН-ҚОҢЫР /БӨ, 102-б./. Күй Қ.Кәлектен жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз*: Арбиян қазақ қызына үйленгеннен кейін бір балалы болады. Баласы көз тартарлықтай көріктеніп өсіп келе жатқан кезінде бір күні Арбиян аң аулауға кетеді. Осы кезде суға міне құлап жатқан қарағайдың үстінде жүгіріп ойнап жүрген баласының аяғы тайып кетіп суға кетіп өледі. Арбиян аңнан келгеннен кейін баласының қайтыс болғанын естіп бүк түсіп отыра қалады да сыбызғысын алдырып, қоңырлата тарта жөнеледі. Бұл күй әйеліне жұбатуы және ұлының өліміне деген еңіреген зарын білдіргені екен дейді.

263. ОЙБАЙ, БЕГІМ БЕР /БӨ, 119-б./. Күй Қ.Кәлектен жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз*: Бай баласы мен кедей баласы серіктесіп бек теруге шығады. Ішер ас пен мінер көлікке қысылып көрмеген бай баласы ер-тұрманы келіскен атқа мініп шығады да, аяқ артары жоқ кедей баласы жаяу шығады.

Бірақ бай баласы артынан еріп жаяу салпақтап, болдырып келе жатқан кедей баласына байлығы мен салтанатын көрсеткендей ат үстінде шалқалай отырып, оны мінгестіріпте алмайды. Туғаннан тақыршылық азабын көріп өскен кедей баласы аттылы бай баласынан қалыспай жүріп отырып бек теретін жерге де жетеді.

Туғаннан шөп басын сындырып көрмеген бай баласы маңдытып бек тере алмайды, кедей баласы одан әлдеқайда артық бек теріп алады. Даяр тұрған бекті теріп алудан ерінген бай баласы кедей баласының дорбасындағы бекке көзін сүзіп қарайды, соны олжалаудың амалын қарастырады. Бек теріп болғаннан кейін екі бала келген ізімен қайтады. Залым бай баласы кедей баласының бегін алудың жолын ойлап, дорбадағы бегін көтеріп жаяу келе жатқан кедей баласының бірде соңынан еріп, бірде қатарласып аяңдайды да отырады. Жол ортасынан асқан кезде жаяу баламен қатарласып келе жатқан бай баласы кедей баласының бегін іліп алады да атын тебі-

ніп қап, шаба жөнеледі. Біршама жер жүріп шаршаған кедей баласы оның артынан "Ойбай, бегім бер" — деп айқайлап қуады. Аттылы жаяуға қайдан жеткізсін. Бай баласы бекті сол күйі алып қашып кетеді. Кедей баласының: "Ойбай, бегім бер", — деп айғайлағанын естіген күйші бала зарын бейнелеп, осы күйді шерткен екен дейді.

264. БЕГІМ БЕР /ККайнары, 61-б./. Күй аңызын айтып, жеткізуші К.Құмақайұлы. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. *Күй туралы аңыз*: баяғыда бір жесір кемпір болыпты. Мал-жаны, дүние-мүлкі жоқ кемпір бек қазып алып, жан сақтайды екен. Бір күні кемпір екі қап бекті сүрлеп, кептіріп қойғанда екі қу, ұры жігіт келіп, қаптап қойған бегін ала қашады. Сонда кемпір: "Ойбай, бегім бер, бегім бер!" — деп зарлап артынан қуған екен. Сыбызғыдағы "Бегім бер" деген күй осыдан қалған деседі.

265. ТОҚТА БАЯУ /БӨ, 128-б./. Бұл күйді Сагсай сұмындық Б.Тарлаубайдан жазып алған. Нотаға түсірген А.Хабыкей. Кейбір сыбызғы тартатын қариялар бұл күйді "жетімнің зары", — деп тартады екен. Шын мәнісінде, күйдің өне бойы зар, қайғы-мұң, еңіреген, егілген көз жасы сияқты. *Күй туралы аңыз*: әке мен шешеден жастай айрылған екі бала байдың қозысын жайып, тезегін теріп, қалған құтқанын жеп, ескісін киіп күн көреді. Халық аузындағы қай дастан, қай әңгіме-аңызда болсын байлар қатыгез болады. Олар үшін бір баланың қарны ашып, киімі жыртылып, көз жасының сел боп ағуы бір тоқтының маңырағанындай әсер етпеген. Керісінше тоқты-серкеш маңыраса жүрегіне шаншу боп қадалып, қолына қамшы ұстатқан. Екі жетім де байдың осы қатыгездігін көріп, жігері құм боп өседі. Өлі таяқ өршіл жүректі өкпедей езіп, жас өмірді жасық өмірге айналдырады.

Шілденің аптап ыстығында байдың ауылы көшеді. Баяғы әдетімен бай екі жетімге қозыны тағы да жаяу айдатады. Көш жеткен күндік жолда қозы айдаған екі бала әбден шаршайды. Ересегі буыны құрып, табаны таусылғанын інісіне білдірмесе де, інісі шаршағанын жасыра алмайды. Шөлден діңкесі құрыған кішісі қозы айдаған ағасына ілесе алмай жылайды, жылап келе жатып "тоқта баяу", "тоқта баяу", — деп жалынады. Баланың сол жалынышын сыбызғышы сыбызғыда осылай тартқан екен.

266. КЕҢЕС /ҚХАМ, 208-б./. № 255-ші түсініктемені қара.

267. КЕҢЕС КҮЙ /БӨ, 108-б./. Сыбызғышы Ж.Ыбырайдан жазылып алынды. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. № 255-ші түсініктемені қара.

268. ҚОШ-ЕСЕН БОЛ /ККайнары, 54-б./. Айтушы Ш.Ауғанбаев. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. Күйдің аңызы көне эпостық «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жырымен байланысты айтылады.

269. ҚАЗАҚТЫҢ КҮЙІ /ККайнары, 55-б./. Күйді жеткізуші Ш.Ауғанбаев. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. *Күй туралы аңыз*: бұрындары қазақ пен қалмақ биенің сүтіне таласып, сонда қазақ сүтті бұрын ішіп қойған екен. Содан екеуі араздасып, екі таудың басына отырып алып сыбызғыларымен күй тартқан екен. Мынау сондағы қазақтың тартқан күйі дейді.

270. ҚАЛМАҚТЫҢ КҮЙІ /ККайнары, 55-б./. Айтушы Ш.Ауғанбаев. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. Ал мынау қалмақтың тартқан күйі екен.

271. ЕСІК АЛДЫ БАЛҚУРАЙ /ККайнары, 53-б./. Жеткізуші Ш.Ауғанбаев. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. Қазақтың "Есік алды балқурай" атты халық әнін сыбызғышылар сыбызғыға салып, оны күй қылып сызылта тартқан екен.

272. ЖҮНДІБАЙДЫҢ САЗЫ /ККайнары, 65-б./. Орындаған М.Оңғаров. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. № 255-ші түсініктемені қара.

## ШАҢҚОБЫЗ КҮЙЛЕРІ

273. ҚЫЗ МҰҢЫ /ҚМА, 90-б./. Бұл күйлер өнертанушы Б.Сарыбаев, және А,Қонысбаев, Т.Өтебаев және Г.Піржановалардың орындап беруімен жазылып алынған.

274. ҚЫЗ ҰЗАТУ /ҚМА, 188-б./. 273-ші түсініктемені қара.

275. ҚЫЗДЫҢ ЗАРЫ /ҚМА, 189-б./. 273-ші түсініктемені қара.

276. ЖОҚТАУ /ҚМА, 192-б./. Талғат Сарыбаев Гүлсара Піржанованың орындауында 1972 жылы жазып алған.

## ДОМБЫРА КҮЙЛЕРІ

277. БЕСІК КҮЙ /ЖК, 63–64-бб./. Орындаған С.Рысқұлұлы. Нотаға түсірген – Б.Мүптекеев. Күй туралы аңыз: Бір күйші батыр жортып келе жатса, алдынан жау шауып кеткен жұрттан жалғыз қараша үй шығады. Әлгі үйге жақындаса, іңгәлап шырылдап жатқан баланың үні естіледі. Жақын келіп үйге кірсе, бесікті құшақтаған күйі бір әйел өліп жатыр екен. Анасын жерлеп болғанша бесіктегі бала шырылдап жылауын қоймайды. Сонда күйші-батыр айдалада жалғыз қалған бесіктегі баланы тербетіп тартқан күйі екен.

278. КЕҢЕС (I) /ҚКТ, 84-85-бб./. Халық күйі. Нотаға түсірген – М.Көпелбаев. Күй туралы аңыз: «Кеңес» атты бұл күйлерден басқа «Кеңес» деп аталатын тағы да ондаған күйлердің тарихи нұсқасы біздің заманға жетті. «Кеңес» күйлерінің негізгі мазмұны ел аузындағы «кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деген ойды меңзейді. Мұндай күйлер тобының «кеңес» сөзімен аталу себептеріне ой жүгірткенде, оның төркіні өте ерте замандарда жатқанын көрсетеді.

Ертеде, Қытайдың «Тарихи естеліктер» деп аталатын әйгілі кітабында бұдан үш мың жарым жыл бұрын Ғұндардың арғы ата-бабасы Шоң би (Қытайша — Шүн Вей) деген адам болғанын айтады. Ә.Марғұлан осы Шоң би туралы: «Олардың қария сөзін ақтара келіп, ескі дәуірдегі Ғұндардың ұлы қариясын Шоң би (Шүн Вей) деп келтіреді. Ол қариядан бастап біздің заманымыздан бұрыңғы III-ғасырға дейін Ғұндардаң мың жылдам аса тарихы өтеді»,-дейді, («Қазақ тарихынан»170-б.). Байырғы замандардың өзінде-ақ ру-тайпа көсемдерін халық кеңесінде сайлап, маңызы зор келелі істерді де сол кеңесте шешетін болған. Ал Шоң би бабамыз осындай үлкен кеңесті бастаған данышпан кісі, дана қария болса керек. Тарихта небір әйгілі кеңестер болғанын дәлелдейтін дерек көздері орасан көп сақталған. Солардың бірі — Ғұндардың ұлы тәңірқұттары Тұман мен Мете (Моде) қағандары тұсында болған, бір ұлы кеңес туралы аңыз сақталған. Бұл аңызды Бahhадин Өгелдің «Ұлы Хун империясының тарихы» атты кітабының 129 -130-шы беттерінен табуға болады.

279. КЕҢЕС (II) /ҚКТ, 86 -б./. Күйдің бұл түрі сыбызғыдан алынды. Күйді тартқан Ж.Ыбырай, нотаға түсірген А.Хабыкей. Күйді қумай орташа екпінде қуанышты, көңілді серпінмен тартқанда ажары кіреді. Ұлттық бояуды ашатын аспаптар: сыбызғы, қобыз, домбыра, саз сырнай, т.б. топтап қосылып ойнаса, бұл күйдің тыңдаушыға әсері күшті болады. 346-шы түсініктемені қара.

280. МҰҢЛЫ ҚЫЗ (II) /БӨ, 100-б./. Күй Р.Байысқаннан жазылып алынды. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. «Мұңлы қыз» күйінің шығуы туралы үш түрлі әңгіме нұсқасы айтылады. *Бірінші әңгіме*. Қол, аяғы кемтар қыз жастайынан кемтарлықтың бейнетін көріп бұйығы болып өседі. Өзі теңдес балалар қозы жайып, күрке тігіп, өзен бойлай жүгіріп көбелек қуып дегендей балалықтың базарының ортасында жүріп, өскенде тауда кемтар қыз оның біріне де ілесе алмай қапада өмір сүреді. Балалықтың ба-

зарына ілесе алмаудан басталған қайғы өскен сайын өсе түспесе ортаймайды. Өзі теңдес қыз-бозбаланың бірі тұрмысқа шығып, бірі тұрмыс құрып, өз алдында түтін түтетіп, бала өсіріп отырғанда кемтар қыз баяғы сол күйі от басынан ұзап шыға алмайды, мұңнан сейілмейді. Сол қыздың құрбыларына қызықтай қарап, өз мұңына қапалануын көрсеткен күй дeседі.

*Екінші әңгіме.* Бір байдың 60 жасқа келгенде жастай отасқан бәйбішесі дүние салып шалқыған дәулетті, жиһазы келіскен үйі иен қалады. Бай төсек жаңғырту үшін бір кедейдің балам дегенде жалғыз қызына құдалық сөйлеседі. «Шал-екең алмайды, мал-екең алады» — дегендей, байдың қалың малға атаған ақтылы қой, алалы жылқысын қимаған қыз әкесі жалғыз қызын байға тоқалдыққа береді. Әкенің қатігездігіне өзегі өртеніп, заманының әділетсіздігіне күйінген қыз ұзатыла жатып: «Қаракер аттың тоқтығы-ай, жалынан ұзын шоқтығы-ай. Мені малға сатқаны, әділеттің жоқтығы-ай», — деп зарлаған екен. Қыз ұзатуға жиылып, қыз зарын естіп тұрған көпшілік «О, мұңлы, сорлы-ай!», — деп өкініседі. О баста қыз ұзату салтанатын күйге қоспақ болған күйші адамның іш-бауырын елжіреткен мына қайғылы халге іштей елжіреп, қыз зарына арнап, «Мұңлы қыз» күйін шертіпті.

*Үшінші әңгіме.* Ертеде өз заманында даңқы асқан керейдің бір байы қайтыс болады да, байдың асына ат аяғы жетер жердегі аяқ артар жалғыз аты бар кедей-кепсектен бастап, ұлы кәрінің бәрі жиылады. Асқа өзен бойын жағалата өңшең ақбоз үй тігіліп,қатар-қатар жер ошақ қазылады, қоралы қой, үйірлі жылқы сойылып, қымыз сел боп ағады. Аста бүткіл керейге байлығын танытуға талпынған байдың балалары дәулеттерін аямайды. Бірінші болып келген аттың бәйгесіне ат басындай алтынға қоса, тоғыз ақбас атан жетектетіп, атанға бір қыз мінгізіп беретіндіктері туралы бір жыл бұрын сарын айтады. Осы сарын бойынша бірінші атқа жоғарыдағы сыйлықтарын береді. Ат бәйгесіне тігілген жетім қыздың зарына байланысты «Мұңлы қыз» күйі осылай шығыпты дeседі.

281. КЕРБЕЗ ҚЫЗ /ҚКТ, 114-115-бб./. Халық күйі. Нотаға түсірген – М.Әубәкіров. Күйдің аңызы: Бір байдың үш ұлы, бір қызы болады. Байдың балалары келбетті, сұлу болады. Бай шалқыған дәулетінің арқасында сұлу атанған үш ұлына еліндегі ең сұлу қыздарды таңдап қосады. Қора-қора қалың мал беріп, ел таңданарлық той жасайды. Әкесінің ашық қолдығына риза болған балалары да, келіндері де алдынан қия өтпейді, төбесіне хан көтеріп, құрмет көрсетеді. Байдың кенже қызы да көрікті екен. Ең айыбы – қыз сылтыма болады. Бірақ ол өзінің сылтып басатынына қарамай, әкесінің мол дәулетіне арқаланып жігіт таңдайды.

Ғашық болған талай жігітке теңім емессің деп жауап береді. Сөйтіп жүргенде жасы егделеп, енді жігіт таңдау былай тұрсын, жігіттің сөз салуына зар бола бастайды. Бала жігіт күнінде осы қызға сөйлесіп, одан теңім емессің деген жауап естіген, ел ішінен өмірлік жар боларлық сұлуға таңдап қосылған бір жігіт қыз егделеп қалған кезде байдың аулына келеді. Келсе баяғыда күйеуге шығып кетті ғой деп жүрген қыз әлі орнынша екен. Денесі толысып, сылтымасы ұлғая түскендей болып көрінеді. Жігіт қызға қарап өз жарымен салыстырып ойласа жарының шалымына да келмейтіндей «Япыр-ау, теңім емессің деп, маңына жолатпап еді, менен қай жері артық. Менің бұдан қай жерім кем», — деп толғанады. Жігіт сол ауылдағы бір құрбысынан қыздың өтпей отырғандығын естиді. Оның сылтымасына қарап, кербез-ақ қыз деп кекетеді. Осы кекесінді күлкісін қызға тура айтуға қам көңілін одан ары қамықтырып қайтем деген жігіт домбырада шертеді де, менің осы сәлемімді қызға жеткіз деп құрбысына тапсырып жүре береді. Құрбысы жігіттің шерткен күйінің сырын толық білмесе де, жігіттің өзі шерткендей дәрежеге жетті-ау дегенге дейін жаттығады. Содан бір күні қызға: бір жігіт саған сәлем жолдады, — дейді. Жігіттен үміткер қыз бұл кім

болды екен деуге де шамасы келмей сәлемді естуге асығады. Уағдалы мезетте сылти басып келген қызға жігіт қасынан орын береді де лəм-мим демей күйді шертіп ала жөнеледі. Қыз домбыраға әуес, күй сырын айыруға бейім екен. Әлгі жігіт күйді шертіп, аяқтап қалғанда шерткізбей тоқтатқызып тастайды. Содан соң мұны кім жолдағанын сұрайды. Өңі бұзыла қалған қыздың бұл қылығына таң-тамаша болған жігіт, сырды жасырмай айтып береді. Жігіт әңгімесін естіп болған соң қыз: «асқанға тосқан» деуші еді. Бірақ осы құрлы мұқататын не істедім мен оған. Бір кезде оның да қолы жетпес биіктегі арманы болып едім. Енді бүгін мазағына айналыппын. «Кербез қыз» деп кекетіпті-ау мені, — деп жылаған екен дейді. (Күй аңызы «Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» жинағынан алынды. 46-б.).

282. КЕРБЕЗ ҚЫЗ (I) /БӨ, 45-б./. А.Жұқаның орындауынан домбырашы апай Бұлғын сұмындық жазып алған. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз*: құба жонда жылқы бағып жүрген жылқышы жігіт жақын маңдағы ауылдардың біріне қыдырып барса, үйде тұлғасы көз тартып, көңілді баурарлықтай, ақ тістері тізілген, алма мойны үзілген, қос бұрымы өкшесін соққан бір қыз отырады. Қыздың көркіне мінезі сай. Жылқышы жігіттің аман-сәлеміне ашық-жарқын үнмен жауап қайтарады да, орнынан тұрып, от жаға бастайды. Жігіт төр алдына жайғасып отырады да жүкке сүйеулі тұрған домбыраны алып, ақырын ғана шерте отырып, екі көзін қыздан аудармайды. Қыздың мүсіні қандай сұлу болса, қимылы да сондай сұлу. Кербез қимылдап от тамызып, шәйнек асады, қолына түйір кіршік жуытпайды, ыдыс-аяғы да мұнтаздай. Дастархан дайындап тұрған қыз жігіттің шертіп отырған бірдің басы, бірдің аяғы араласқан берекесіз күйін естіп мырс етіп күліп жібереді. Мұны көзі шалған жігіт талғамсыз шертіп отырған домбырасын қоя салып қыздан:

— Неге күлдің құрбым? Мазағың болдым-ау, — деп өкінеді.

— Қыран ғана мекендеген асқар тауда жүрген жігіт талғампаз болмас па еді. Қайран домбыраның қор болып, сөйлей алмай, не айтарын біле алмай тілі күрмеліп отырғанына жаным ашығаны да. Сіздей жігітті неге қорлайын, — дейді әзілдеп.

Қыз сөзінен ұтылған жігіт білегін түріп, домбырасын көктейді де, жаңа бір күйді шертіп ала жөнеледі. Жігіттің тартқан күйін қыз ұйып тыңдап, күй аяқталғанша қозғалмастан мелшиіп тұрып қалады. Күйді бітіп қыздың шын беріле тыңдаған мына тұрысына разы болған жігіт: — Күй сырын ұққан адам сендей-ақ болар! Сыртың сұлу, қимылың кербез бе десем, нағыз сұлулық пен кербездік ішінде екен. Сол кербездігіңе тартқан сыйым осы күй «Кербез қыз» — күйі болсын депті.

283. ЖЕТІМ ҚЫЗ (I) /ЖК, 42-43-бб./. Айтушы М.Сәлбенбекұлы. Нотаға түсірген Б.Мүптекеев. *Күй туралы аңыз:* Ертеде бір байдың ауылында өте сұлу қыз бойжетіпті. Әлгіні көрген адам көңілі кетіп, үйленуге құмартады екен де, сөз салады екен. Сонда қыз: — Мен — әке-шешесі жоқ жетім қызбын, — деп қана жауап береді екен. Мына сөзді естігендер: «Ой, жетім екен ғой?» — деп ынтықтық райынан айнып, қайтып кете береді екен. Сондағы қыздың: — Оу, жетім қыз, жетім қыз, көрген жанды ынтықтырды бетің, қыз. Әкесі жоқ жетім қыздың кәдісі жоқ. Шешесі жоқ жетім қыздың некесі жоқ. Ағасы жоқ жетім қыздың бағасы жоқ. Інісі жоқ жетім қыздың тынысы жоқ. Өз-өзіңмен жетіл, қыз, сүйгеніңмен кетіл, қыз! — деп мұңайып, арман қып тартқаны екен.

284. ЖЕТІМ ҚЫЗ (II) /ЖК, 44-45 -бб./. 283-ші түсініктемені қара.

285. ҚОС КЕЛІНШЕК /БӨ, 77-78-бб./. Бұлғын сұмындық А.Қызырдың орындауынан жазып алған. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз*: бір бай өзінің екі ұлына елдегі қыздарды түгелдей таңдап жүріп, баламның теңі осы болар-ау деген екі қызды келін ғып түсіреді. Байдың қос келіні де байдың өзі дәрежелес дәулетті адамдардың қызы болады. Жасынан өмір тауқыметін көрмеген қос келіннің дене бітімі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы да бір-бірінен аумайды, бір қалыпқа соққандай, бір анадан

туып, бірдей тәрбие алған адамның баласындай болып сәйкеседі. Қос келін қимыл-әрекеттерімен, ашық-жарқындығымен байдың салтанатын толықтырып, сәнін-есән, абыройына атақ қосады.Қос келінді көрген әркім-ақ таңдай қағып тамсанады, аузының суы құрып мақтап қызығады, сүйсіне қарайды. Бір-бірінен бөлінбестей ұқсас қос келінде таңдап тапқан байдың тапқыштығына дән риза болады. Дүйім елдің назарын аударған қос келін боз балалардың да жүрегіне шоқ тастап, сезімін қытықтайды. Қос келінге деген ынтызары ауған бозбалалардың сонда да жолы болмайды. Күндіз жолығып, тіл қатудың орайы келгенмен, түн жастап жолығудың сәті түспейді. Сезімнің ыстық лебімен жүрегін жалын шарпып келіндеріне деген бөтен қолдың созылып, жат құшақтың ашылуынан күдіктенген бай, қабаған ит ұстайды. Қабаған ит есіктердің құлыбы, келіндердің күзетшісі іспетті болады. Күндіз атты кісіні аттатпайтын иттер түнде ауыл маңына ешкімді де жолатпайды. Қос келіншекке созған қолы жетпеген жігіттер олардың сұлулығын мақтап және оларға деген арман сағынышын білдіріп «Қос келіншек» күйін шығарыпты.

286. ЖАҢЫЛТПАШ САЙҚАЛ /ЖҚ,25-27-бб./. Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы. Нотаға түсірген – Б.Мүптекеев. *Күй туралы аңыз:* ертеде бір қыз бен жігіт домбыра тартысады. Бірін-бірі жеңе алмайды. Бірінің күйін бірі қайыра тартып ұзақ жауаптасады. Ақыры қыздың күйі артыла бастайды. Сонда жігіт: — Мен бір «Жаңылтпаш сайқал» деген күй тартамын. Соны қайталасаң жеңесің, — деп күй тартады. Тартқанда, саусағымен «сенікі анау», «менікі мынау» деп көрсетіп тартады. (Бұл өзі ұят қой). Қыз жұрттың көзінше әлгінің қол қимылын қайталай алмайтын болған соң, домбыраны тастап, бетін басып шығып кетіпті.

Күйдің ырғағында сайқымазақтық көңіл-күй бар күлкі, әзіл, әжуа, ішекті сол қол саусақтарымен іліп-босатып, оң қолмен шынашақты былқ-былқ қағып, қағысты доғарып, қарсы алдындағы адамға ишара көрсету беріледі. Фольклорда, ауыз әдебиетінде бәдік өлең, бәдік айтыс бар. Музыкалық фольклорымызда күймен бәдік тартысу да болғандығын дәлелдейтін бұл күй алғаш кездесіп отыр. Күйдің дыбыстық ауқымы бес пернелік жүйе, теріс бұрауда тартылады.

## СЫБЫЗҒЫ КҮЙЛЕРІ

287. ЖЕЛМАЯ /ҚХАМ, 204-б./. Бұл жинаққа енген осы күйдің сюжетіне — жер жүзінде әуенді алғаш жаратушы, қобызшылардың атасы — Қорқыт пен оның Желмаясы туралы аңыз алынған.

Аңыздың мазмұны А.Қ.Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» (221-б.) атты кітабында толық баяндалған. «Халықтың айтуына қарағанда, Қорқыт деген аттың қойылуы кездейсоқ емес көрінеді. Қорқыт туған кезде жиналған жұрт бала орнына пішінсіз «құбыжықты» көріп, қорқып қашады. Анасы бала туғанын сезіп, пішінсіз «құбыжықтың» қабығын жарып жібергенде, жылаған баланың дауысы естіледі, әлгі қорқып қашқандар қайта келіп, бұл баланың атын «Қорқыт» қою керек деседі. Бір заманда біреулер түсінде Қорқытқа: «40-ақ жыл жасайсың!» — деп аян беріп кетіпті, содан кейін Қорқыт желден жүйрік Желмаяны жазылап мініп, мәңгілік өмір іздеп шығады. Әлемнің бүкіл елдерін аралап, бәрінде де өлім бар екенін көрген соң, Сырдарияға қайтады. Желмаясын құрбандыққа шалып, өзі судың үстіне кілем төсеп отырып, Қорқыт қобызымен өмір әнін шығарыпты. Осы ән айтылып тұрған кезде өлім Қорқытқа жақындай алмайтын болыпты. Қалжыраған Қорқыт бір мезет қалғып кеткенде, ажал оны жылан болып шағып, өлтірген екен. Бірақ Қорқыт күйі ажалмен айқасын тоқтатқан емес. Күй тартылған жерге ажал бара алмайды-мыс. Сол заман-

нан бастап Қорқыт бейнесі өмір үшін өлімге қарсы күреспен байланысты».

288. МҰҢЛЫҚ-ЗАРЛЫҚ. /ДНС, 181-б./. 255-ші түсініктемені қара.

289. ЖОРҒА АЮ /ҚХАМ, 207-б./. *Күйдің аңызы:* Бір мерген аю атуға кетеді. Оның артынан әкесіне көрінбей кішкене баласы ереді. Бірақ бала әкесінен көз жазып, адасып қалады. Адасқан бала аюға тап болады, аю баланы өлтіреді. Мерген оның ізіне түсіп іздеп келе жатып, баланы өлтіріп жерге көміп жатқан аюдың үстінен шығады. Содан барып күй «Жорға аю» атанады. (А.Жұбанов. Ғасырлар пернесі, 261 б.)

290. ЖОРҒА АЮ (I) /БӨ, 111-б./. Күй Қ.Кәлектен жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. 289-шы және 292-ші түсініктемелерді қара.

291. ЖОРҒА АЮ (II) /БӨ, 112-б./. Тұлба сұмындық сыбызғышы Г.Жұмайқаннан жазылып алынды. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. 289-шы және 292-ші түсініктемелерді қара.

292. ЖОРҒА АЮ /ККайнары, 67-68-бб./. Орындаған К.Құмақайұлы. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. *Күй туралы аңыз:* Бір аю аралға апан салған екен. Бірде қонжықтарына жем іздеп тауға шығып кетіпті. Сол уақытта нөсер жаңбыр жауып, сел жүреді. Тасқын су аюдың апанын құлатып, күшіктерін шайып әкетеді. Судың бетінде қалқып кетіп бара жатқан қонжықтарын көрген аю таудан жорғалап түсіп, оларды құтқарып алып қалады. Содан аю жорға боп шыққан екен дейді. Бұл күй сондағы аюдың жүрісін бейнелейді.

293. АҚСАҚ ҚОЙ /ҚХАМ, 201-б./. Күй соңында ақсаңдап келе жатқан қойдың жүрісін суреттейді.

294. АҚСАҚ МАРАЛ /БӨ,103 -б./. Тұлба сұмындық У.Кәбетайдан жазып алған. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. *Күйдің аңызы*: Аяғына оқ тиіп ақсаңдай қашқан маралдың жүрісі дескеді. Ақсақ қаз, ақсақ құлан күйлері де олардың жүрісін, мұң-зарын суреттейді.

295. БОЗІНГЕН /ҚХАМ, 203- б./. Бұл музыкалық шығарманың негізіне — халықтық жыр «Боз інген» туралы аңыз алынған. Боз інгенді иесі ботасынан айырып керуеншілерге сатып жібереді. Бозінген ботасын жоқтап, зарлайды. Тұтқыннан құтылудың амалын іздейді.

Қазақтың талантты ақыны Ілияс Жансүгіров бала кезінде «Боз інген» жырын естіген екен. Кейіннен бұл аңыз — ақынның «Күй» деген поэмасында аса көркем дәрежеде көтеріле суреттелінеді.

Бір ұры бұл ботаны ұрлап апты,
Бай дағы, бақташы да білмей қапты.
Ботаны ел аулаққа буып тастап,
Енесін керуенге әкеп сапты.

Боздағыр ботасына зар илеген,
Қозғалған қоңыр іңірді әлдилеген.
Екі көз жасты өзендей сорғалатып,
Төрт табан құмды қосып нан илеген...

296. БОЗІНГЕН /БӨ, 106 -б./. Күй Қ.Кәлектен жазылған. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. Ботасы суға кеткен іңгеннің боздағаны деп тартады.

297. ҚЫЗЫЛҚАН /К.Қайнары, 63-64-бб./. Орындаған М.Оңғаров. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. *Күй туралы аңыз:* Жылда көктемде, солтүстікке құс келетін уақытта, көп құс шөлден жол таба алмай, қырылып қалады екен. Содан құс әміршісі — Қызылқан деген қаз жаратушы тәңірге барып, аспаннан жол салып бе-

руін өтінеді. Тәңірі құстарға аспаннан жол салып береді. Осы күнгі аспандағы құс жолы содан қалған екен деседі.

298. БӨКЕН ЖАРҒАҚ. /К.Қайнары, 51-52-бб./. Орындаған Ш.Ауғанбаев. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. *Күй туралы аңыз:* баяғыда екі жетім бала болыпты. Олар аң аулап, күн көреді екен. Бір күні екеуі аңға шыққанда, алдарынан бір топ бөкен кезігеді. Олар аңның жел жағынан шығып қалған екен. Сонда ағасы інісіне: «Сен ар жағынан үркітіп маған қарай айда, мен атып алайын», – дейді. Інісі бөкендерді үркітемін дегенде, олар кері қашады. Соның арасында құмды дауыл соғып, екеуі бір-бірінен адасып қалады. Ағасы інісін іздеп келе жатса, бір жерде мойнын қайырып ұйықтап жатқан бөкенді көреді. Мерген бөкенді ұйықтап жатқан жерінен атып алайын деген оймен, садағын қолына алып тартып жібереді. Жанталасып, тыпырлап жатқан аңды бауыздайын деп жүгіріп келсе, бөкен деп атқан өзінің бауыры екен.

«Бөкен жарғақ» күйі інісін байқаусызда атып алған ағасының зары деседі.

299. ЖАРАЛЫ АҚ БӨКЕН /БӨ, 110- б./. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз:* Құралайды көзінен атқан мерген жігіт аң аулауға шығады. Не кезіксе құтқармайтын, нені атып алам деп аттанса соны қанжығалап келетін мерген бұл жолы ақ бөкен атып әкелу ниетімен шығады екен. Ол жол-жөнекей кезіккен басқа аңдардың ешбіріне оқ шығармай неше күн сарылып тек ақ бөкен іздейді. Ақ бөкеннің терісі саудагерлер үшін табылмайтын қазына, қалта толтырар байлық болса керекті. Жігіт неше күн сарылып іздеп жүріп жонда жайылып жүрген бір топ ақ бөкенге тап болады. Қанжығам майланды, табан терім ақталды деп ойлаған мерген баспалап келіп ақ бөкеннің біреуін нысанаға алып, өлер жерің осы деп басып қалады. Бөкендер үрке жөнеліп қыратты асып кетеді. Мергеннің жықтым-ау деп атқан ақ бөкен де ақсаңдай басып топ бөкеннің артынан еріп, қашып қырқаны асып кетеді. Жігіт артынан қуса да бөкенге жете алмады, жаралы ақ бөкен өлімнен құтылып кетеді. Мергеннің оғы қалт тиюін бөкеннің киесінен деп ойлаған күйші, ақсақ бөкеннің жүрісін қосып осы күйді тартыпты-мыс.

300. БАЛЖЫҢКЕР /ҚХАМ, 202- б./. Ас па, той ма, әйтеуір, бір ұлы дүбір жиында «Балжыңкер» деген жүйрік Марқакөлді сүт пісірімде айналып шауып келеді. Сол жүйрікке арналып «Балжыңкер» күйі шыққан деседі.

301. ТЕПЕҢКӨК /БӨ, 127-б./. Күй Кәбетайдан жазылып алынды. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. Күй туралы аңыз: Тепеңкөк мың салса бір баспайтын шабан әрі алдына ат салмаған жүйрік болыпты. Жәй уақытта шабан аталған Тепеңкөкті бәйгеге қосу үшін ерекше баптау қажет болмапты. Бәйгеге қосардың алдында 2 қап құм теңдеп алып арлы-берлі шауып әбден қыздырады екен де, тері шығып, адымы ашылған кезде пышақпен екі қаптың түбін тіліп жіберіп шаба береді екен. Өстіп барып бәйгеге қосқанда алдына ат салмаған Тепеңкөктің жүрісін күйде суреттеген.

302. ӨРЕЛІ КӨК /ҚХАМ, 246-б./. *Күй туралы аңыз:* Ертеде бір кедей бай аулында болатын бәйгеге жүйрік көк атын қосуға келеді. Түнде өрелеп қоя берген атын әлдекімдер ұрлап кетіпті. Таңертең кедей байғұс ауыл адамдарынан «Өрелі көк көрдіңдер ме?» деп сұрастырса, ешкім көрдік деп айтпапты. Сонда маңдайға басқан жалғыз атынан айырылған әлгі байғұс қолына сыбызғысын алып зарлапты. Сол бір кедей зарын халық «Өрелі көк» күйі деп атап кетіпті.

303. ӨРЕЛІ КЕР (І) /БӨ, 117-б./. Күй Т.Жұмайқаннан жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз:* «Өрелі кер» күйінің тарихын күйші Қытайбай былайша баяндайтын еді. Бай есігінде күн көрген бір кедей жігіттің шапса да, жорғаласа да алдына ат салмаған кері аты болады. Мал мен дәулет бермесе де, елге атағын жайған әрі жүйрік, әрі жорға ат берген тәңірге жігіт іштей риза. Қайда думан, қайда той болады, қайда бәйге мен жорға жарысы болады, сол топ алдымен

кері атқа көз сүзе қарап, сәйгүлік деп осыны айт десіп таңданады. Ер қанаты ат дегендей, кедей жігіттің маңдайына біткен жалғыз атқа көзінің құрты түскен талай бай мен әкім қолқа салады. Жігіт оның ешқайсысына көнбейді. Жігіттің бұл «сараңдығына» ішқұса болған әкімнің бірі тартып алуға бел буады да «шаңырағын шағып, өзін шабыңдар да, кері атты тартып әкеліңдер», — деп үкім береді де, бір топ сойыл соғарларын аттандырады. Шаш ал десе, бас алған сойылсоғарлар іргелі жаумен шайқасып, ел кегін қайырардай-ақ қақарланып, атқа қонады.

Келе жатқан сойылсоғарлардың хабарын естіген біреу қалыңдығына ұрын келіп жатқан кері аттың иесіне суық хабарды жеткізеді.

Әкімнің сойылсоғар ұрдажықтарына қарсы тұрар дәрмені жоқ жалғыз жігіт, тек қашып құтылуды ойлайды.

Әділдігі жоқ қараң заманның надан биінен құтылудың басқа жолын таба алмай дал болады.

Тарыққан жігіт атын іздеп шықса, бекітіп қойған аты жоқ. Ауыл маңындағы сайсаланы тінтіп, өрелі керін іздеп діңкесі құрыған жігіт қойшыға кезігіп:

– Ой, қойшы ау?! Өрелі кер көрдің бе, өрелі кер көрдің бе? — дейді жалынышты үнмен. Қой соңына түсіп ұзақты күн далада жүрседе қойдан басқаға назарын салмаған қойшы:

— Ой, жезде-еке-ау! «Өрелі кер көргем жоқ», «өрелі кер көргем жоқ», дейді ағынан жарылып. Өрелі керін таба алмай дал боп жүрген жігіттің алып ұшқан көңіліне, «Үй деймін! Өрелі кер мұнда тұр. Өрелі кер мұнда тұр» — деп дауыстаған қалыңдығының үні сабыр береді. Сөйтіп, жаяу жүгіре-жүгіре тұралап шаршап, алқына ентіккен жігіт екі етегін қайырған күйі атына келсе үркіп аты ұстатпайды. Сонда «так-так жаным, так-так» деп атын шыр айнала жүгірген екен.

Жігіт атын ұстап алады. Қуғыншылардың будақ-будақ шаңы көрініп, таяп қалғандықтан, жігіт атының өресін алуға да сабыр қылмай қалыңдығын мінгестіріп, өрелі кермен қашады.

Шапса алдына ұшқан құс түсірмейтін кер ат қуғыншыларға жеткізбей аман құтылады. Жау қарасы алыстаған соң жігіт пен қалыңдық аттан түсіп дем алып, аттың өресін босатып қайтадан ілгері құйғытып, еліне келеді. Өрелі кердің осы жүрісіне риза болған күйші «Өрелі кер» күйін шығарады.

Әңгіменің екінші нұсқасы бойынша әңгіме жүйесі де осылайша айтылады. Онда ағайынды екі жігіт туралы сөз болады. Күйді орындаған Т.Жұмайқан.

304. ӨРЕЛІ КЕР (III) /БӨ, 118-б./. Күй Қ.Кәлектен жазылып алынды. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. 303-ші түсініктемені қара.

305. КӨК БҰҚА /ҚХАМ, 209-б./. *Күй туралы ауыз:* Бір кедейдің жалғыз сиырының жас бұзауын қалмақтар ұрлап әкетеді екен. Бұзау өсіп, бестіге шыққан уақытта аулына бір қора малды бастап қашып келеді. Сондай ақылды жануарға риза болған жұрт осы күйді шығарыпты.

306. АҚҚАБАНЫҢ ТОЛҚЫНЫ /ҚХАМ, 222-б./. Бұл күй туралы екі дерек бар. Оның бірі — З.Қоспақов нотаға түсірген сыбызғыға арналған қысқаша түсінік. Онда: «Күй Аққаба өзенінің ағысымен көтерілген толқынын суреттейді» делінген. Екіншісі — С.Бегалиннің мәліметтерінен (қазір ҚР Ғылым академиясында сақталады). Күйде Керей руынан шыққан асқан сыбызғышы Мұса туралы баяндалады. Ол кісі жалғыз қызын ұзатқанда өзінің жақсы көретін атын қоса беріп жібереді. Арада біраз уақыт өткен соң, Мұса қызының амандығын білуге бара жатып жолда «Аққабаның толқыны» деген күйін ойнайды. Мұны жылқыда жүрген Мұсаның аты естіп, жылқыдан бөлініп, қуанышын білдіре ауылды айнала шаба бастайды. Тек Мұса ауылға келгенде ғана тоқталады. Аттың сырын білетін Мұсаның қызы: «Аттың

ойнақтауына қарағанда, менің әкем келе жатқан болу керек», — деген екен дейді.

307. МАЙДА ҚОҢЫР /БӨ, 129-б./. Күй Ж.Ыбырайдан жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. 255-ші түсініктемені қара.

308. БЕЙЖІН САРЫ /БӨ, 107-б./. Күй Кәбетайдың орындауынан жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз:* ертеде малмен ғана күн өткізген қазақ халқы тіршілікке қажетті басқадай заттарды алу үшін басқа елдермен сауда-саттық жасап тұрған. Басқа елдерге малдардың даяр өнімдерін бергенде ол елдерден әртүрлі бұл шай, қант сияқты заттар алған. Сондай сауда-саттық жүргізген қалаларының бірі Бейжін (Пекин) болса керек. Бейжінге дейін түйемен барып қайтатын болған. Сауда-саттық жасау ниетімен аттанған бір топ керуен талай шөлді, талай белді басып ұзақ жол жүреді. Адамдар да қажиды, мал да қажиды, бөтен жерді жерсінбеген мал жол-жөнекей бірлеп-екілеп өліп те отырады. Қажыған керуен жол ортасынан астық-ау деген мөлшерде тағы тынығады. Керуеншілер түйені матап-байлап, жүктерін жиып тастайды да, өздері ұйықтайды. Керуеншілер жол бойында артына жиі-жиі қарап, ұзақ жолды боздаумен өткізген сары атанды осы қашып кетуі мүмкін деп ойлайды да, жүгімен қойып, мұрындығынан қазандай тасқа байлап тастайды. Түн ортасы болған мезетте сары атан байлаған тасты тісімен көтеріп, жүгімен қашады. Өскен жерін сағынған сары атан осылайша туған жеріне келеді. Түйе екеш түйенің туған жерге деген сағынышына таңданған сыбызғышы осы күйді шығарыпты.

309. БЕЙЖІН САРЫНЫҢ ЖЕЛІСІ /БӨ, 108-б./. Күй сыбызғышы Ж.Ыбырайдан жазып алынды. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. 308-ші түсініктемені қара.

310. САЛҚҰЛА /БӨ, 132-б./. Күй С.Тотайдың орындауынан жазылып алынды. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. 255-ші түсініктемені қара.

311. АТ КЕЛДІ /БӨ, 105-б./. Күй Ж.Кәлектен жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. Қазақтың күйлерінің көпшілігі ат мақтауға, ер қанаты аттың сымбат-пішінін, жүрісін көрсетуге арналған. Бұл күйде жүйрік аттың жүрісін суреттейді. *Күйдің аңызы:* бір тойда тұс-тұстан келген халық атпен бірге бәйгеге Көгалай дегеннің көк аты қосылады. Көк ат ұзақтан келген екен де, той істеген елдің ешкімі оның сырын білмейді. Сондықтан оған назар да аудармайды. Қазақта тойдың сәні жүйрік пен жорға болғаны мәлім. Ат кеткеннен кейін қайтып оралғанға дейінгі әңгіме тек ат туралы болады. Бірақ көк ат туралы ешбір сөз болмайды. Ат келеді деп ақтарыла тосқан халық, ат келер мезетте төбенің басына жиылады. Өстіп отырғанда аттың шаңы да шығады. Біреу ананы біреу мынаны айтып елпілдеген халық еліре сөйлеп алдыңғы аттың кімнің аты екенін білмейді, бірақ көк ат екенін толық айырып, сыбызғымен «көк ат келеді, көк ат келеді» деп күй шертіледі. Көмбеге бірінші боп Көгалайдың көк аты келеді де, сыбызғышының күйі «Ат келді» аталады.

312. ЖЕТІ АТЫМ /БӨ, 116-б./. Күй Т.Жұмайқаннан жазылып алынды. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз:* өзі кедей, өзі сыбызғышы Делдал деген адам болыпты. Делдалдың бірінен-бірі өтетін жүйрік жеті аты болады. Бір күні жеті ат ұры қолына түседі де, жеті жүйрікті ұрылар алып кетеді. Жеті атын іздеп шыққан Делдал бүкіл елді араласа да, жеті атын таба алмайды, қай жақтан келген ұрыларға қолды болғанын да білмей тарығады. Жүре-жүре дымы құрыған Делдал иен далада жалғыз торығып отырады да, белінe қыстырған құрай сыбызғысын қолына алып, өзінің осы өкінішті қалін сыбызғыға түсіреді. Тағы да ел аралап аттарын іздейді, енді сыбызғысын тартып, жаңа күйін көпшілікке естірте жүріп іздейді. Ел аралап бейсауат жүрген, сыбызғыдағы зарлы күйін тоқтатпай тартып, торығып жүрген Делдалдың әрекетіне таң болған төре сырын білу үшін шақыртып алып, жайын сұрайды. Дел-

дал барлық жағдайды айтады. Сыбызғышының мүсәпір халін көріп жаны ашыған, өнеріне рахмет айтқан төре жан-жаққа кісі аттандырып оның атын ұрлағандарды тауып әкелуді бұйырады. Жан-жаққа аттанғандар елді аралап жүріп жеті атын ұрлаған ұрыны тауып, атпен қоса алып келеді. Төре жеті атты Делдалға қайтарып береді. Сол Делдалдың жеті атын іздеп жүргендегі күйі «жеті атым» — деген күй екен.

313. ЖЕТІМ ҚЫЗ /ҚХАМ, 247-б./. *Күйдің аңызы:* ата-анасынан ертерек айрылып, жетімшілік жағдайға душар болған қыз інісін ертіп, басқа ауылға кетпекші болады. Жолда келе жатып бір өзеннен өткен уақытта інісі суға кетіп қалады. Бұл күй сондағы інісін жоқтаған қыздың зары дееді.

314. ЖЕТІМ БАЛА /ҚХАМ, 205-б./. Қасында ата-анасы, басында баспанасы жоқ, өңі түтеген, көрінгеннен түрткі көрген баланың мұңды өмірін бейнелейді.

315. ЖАЛҒЫЗ ЖІГІТ (I) /БӨ, 113- б./. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. *Күй туралы аңыз:* қоралы жылқы біткен жалғыз жігіт жылқысын бағып жүргенде, тосыннан келген жау жылқысымен қоса қолға түсіреді. Жау қолынан құтылудың амалын таппай торыққан жігіт, жаудан жылқысын аралатуды өтінеді. Жаулар жанына бірнеше бақылаушы ертіп, жылқысын аралауға рұқсат береді. Қолы байлаулы жігіт жылқыларын аралап жүріп, өткен өмірін ойлап, толғанғандағы толғанысы күй сазына негіз болған.

Жалғыз ұлы жау қолына түскенін естігенде шешесі мен келіншегінің зарлауы дейді.

316. ЖАЛҒЫЗ ЖІГІТ (II) /БӨ,114-б./. Күйді орындаған – Т.Жұмайқан. Нотаға түсірген А.Хабыкей. 315-ші түсініктемені қара.

317. ЖАЛҒЫЗ ЖІГІТТІҢ ШЕШЕСІ /БӨ, 114-б./. Күй Қ.Кәлектің орындауынан жазылды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. 315-ші түсініктемені қара.

318. ҚОС МЕРГЕН /БӨ, 126-б./. Күй Қ.Кәлектен жазылған. Нотаға түсірген – А.Хабыкей. 255-ші түсініктемені қара.

319. КҮЙ САНДЫҚ. /ҚХАМ, 210-б./. *Күйдің аңызы:* жаугершілік заманда бір ақсақал адам торғауыттардың қолына түседі. Торғауыттар оны ауылына әкеліп, аяқ-қолына кісен салып тастайды. Сол кезде ауылға бір сыбызғышы келеді. Ауыл адамдары жиналып, сыбызғы тыңдайды. Сыбызғышы «Күйсандық» күйін тартқанда тұтқын шал: «Мен осы күйге билейтін едім», — дейді. Кісенді шешіп, шалды билетеді. Шал шебер биші екен. Оның өнеріне сүйсінген торғауыттар басына бостандық береді және алтын тон сыйлайды. «Күйсандық» — торғауыттардың би күйі екен.

320. ЖАЯУ ДЕЛ-ДАЛ /БӨ, 109-б./. Күй Қ.Кәлектің орындауынан жазылып алынды. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күйдің аңызы:* Ертеде бір сыбызғышы бай болыпты. Сыбызғының назды қоңыр үнін есті-есті жылқылары да сыбызғы дауысына әбден үйреніп алыпты. Бай сыбызғы тартқанда өрісте жатқан жылқылары шұрқырап қораға келеді екен. Күндердің бір күнінде ұрылар тобы келеді де, байдың жылқысын айдап кетеді. Бай ұры айдап кеткен жылқыларының ізіне түсіп артынан қуады. Бірақ көзіне ештеңе шалына қоймайды. Жылқысының қарасын көре алмай торыққан бай бір төбенің басына шығып алады да дағдысына басып, сыбызғысын тартады. Ұры қолында иіріліп айдалып бара жатқан жылқы сыбызғы дауысын естіп ұрылардың қайыруына бой бермей қайырыла қашып сыбызғы тартып отырған байдың қасына келеді. Таң тамаша болған ұрылар жылқының соңынан қуа келсе қалың жылқы байды қоршап тұрғанын көреді. Ашуланған ұрылар байдың қолын байлап тастайды да, сыбызғысын бөліп лақырып жіберіп, жылқыны айдап жүре береді. Қолы байлаулы бай жүріп отырып үйіне келіп, дел-дал боп отырып осы күйді тартыпты-мыс.

321. САРЫ ӨЗЕН /ҚХАМ, 212- б./. 255-ші түсініктемені қара.

322. ҚОРҚЫТ /Е, 33-36-бб./ Бұл күй алғаш рет М.Жарқынбековтың «Ғасырлар үні» оқу құралында 1986 жылы жарық көрген. Аңызын айтып, күйін тартып берген Н.Шәменұлы (1883-1979), жазып алған М.Жарқынбеков.

«Аңыз бойынша, Қорқыт VIII — IX ғасырларда Сырдарияның жағасында өмір сүрген көрінеді. Қызылорда облысының «Қорқыт» станциясынан 5 км. жерде Қорқыттың моласы дейтін күмбез бар болатын, мұны жергілікті жұрт киелі орын санап, басына көп уақыт бойы шырақ жағып келген. Сырдарияның тасқын суынан мүжілген Қорқыт күмбезінің өзен жақ қабырғасы қопарылып, 1952 жылы құлап қалды. 1980 жылы сол ескі зиратқа жақын жерге архитектор Б.Ыбыраев пен физик-акустик С.Исатаевтың жобасы бойынша төрт қобызды біріктіру арқылы ерекше архитектуралық келісімде құрылған ескерткіш орнатылды.

Ел аузындағы аңыздардың бірі Қорқыттың жаратылыс заңынан тыс, елден ерекше боп дүниеге келуі және оған Қорқыт есімінің берілуі жайында сыр шертеді.

Қорқытты туарда анасы құланның жаясына жерік болады. Жыл сайын бір рет толғатып, баланы үш жыл тоғыз күн көтереді. Бір күні нәрестенің дүниеге келер сәті жетеді. Ана толғатқан кезде күн күркіреп, найзағай жарқылдап, қатты дауыл тұрады. Жер дүниені қара түнек басып, ел-жұрттың үрейін ұшырады...

Бала анасынан туа тіл қатып, сөйлей бастайды. Алғашында бұл бір жеті басты жалмауыз болар деп қорыққан жұрт оның адам нәсілі екенін көргеннен кейін ғана көңілдері жайланады. Шілдеханасына жиналғандар: «Бұл ерекше қасиетті боп өмірге келуі арқылы біздің бәрімізді қорқытты ғой, сондықтан аты Қорқыт болсын», — деп, нәрестенің есімін Қорқыт қояды.

Қорқыт туған кезінде,
Қара аспанды су алған,
Қара жерді құм алған,
Ол туғанда ел қорқып,
Туғаннан соң қуанған, –

деген оның өмірге келуі жайында жыр да бар.

Келесі аңызда Қорқыттың қобыз аспабын ойлап табуы туралы баяндалады. Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құйма құлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде керемет ойнайды екен. Алайда ол оған қанағаттанбай, адам мен жануарлардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін жаңа бір аспап жасағысы келеді. Он ойланып, тоғыз толғанады. Қарағай ағашын кесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ, ары қарай қалай, не істерін білмей қиналады. Күндер осылай өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіп, түс көреді. Түсіне періште енеді. Ол балаға: «Қорқыт, жасап жатқан қобызың 6 жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған нар түйенің терісінен жасалған шанақ, ор текенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен», — деп кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна сала, осы айтылғандардың бәрін жасайды.

Қарағайдың түбінен
Қайырып алған қобызым,

Үйеңкенің түбінен
Үйіріп алған қобызым,
Желмаяның терісін
Шанақ қылған қобызым,
Ор текенің мүйізін
Тиек қылған қобызым,
Бесті айғырдың құйрығын,
Ішек қылған қобызым,
Құлағыңды бұрайын,
Осы айтқаным болмаса,
Қайырып жерге ұрайын, –

деп, қобызды қолына алған кезде аспап боздап қоя беріпті. Қобыз үнін бар табиғат, ұшқан құс, ескен жел, жүгірген аң бәрі тоқтай қалып, құлақ түре тыңдапты (Е, 5-10- бб.).

«Қорқыт» күйіне, Қорқыт Атаның есіміне байланысты негізгі аңызының бір түрі ҚҚ (28-б.) кітабында келтірілген: «Қорқыт жиырма жасқа толғанда түс көріп, қырық жыл ғана жасайтындығы жайында бір құдірет аян береді. Ол адам баласы мәңгілік өмір сүретін жерді іздемекші болып, Желмаясын жазылап мініп, ұзақ сапарға аттанады. Жолда Қорқыт жер қазып жатқан адамдарды жолықтырады. Оның: «Не істеп жатырсыңдар?» деген сұрағына адамдар: «Қорқыттың көрін қазып жатырмыз», — деп жауап береді. Бұл жерден де өлімнен қашып құтыла алмайтынын сезген Қорқыт әрі аттанып кетеді. Сөйтіп, ол осылайша дүниенің төрт бұрышын шарлап шығады. Бірақ қайда барса да, алдынан қазулы тұрған көр шығады. Өлімнің құрығынан қашып құтыла алмайтынын білген Қорқыт Сырдарияға қайтып оралады. Ол тұңғыш рет қобыз аспабын (шырғайды) ойлап тауып, астындағы Желмаясын сойып, терісінен соған шанақ жасайды. Қорқыт суда ажал жоқ деп, Сырдарияға кілем жайып, соның үстінде отырып қобызын күндіз-түні ойнай береді. Сол уақытта жер-жиһан, ұшқан құс, жүгірген аң — барлық тіршілік иесі дарияның жағасына анталап келіп, Қорқыттың күйін тыңдап тұрады екен. Қорқыттың қобызы күй төгіп тұрған кезде оған ажал да батып келе алмайтын көрінеді. Қорқыт дарияның бетінде қобызын тартып отырып, осы күйді шығарған екен».

323. ҚОРҚЫТ (I) /ҚӨ, 43-46-бб./ Бұл күйді «Қазақ аспапты музыкасының антологиясы» күйтабағынан» Д.Мықтыбаевтың (1905-1976) орындауында Б.Қосбасаров нотаға түсірген. Алғаш рет Б.Қосбасаровтың «Қоңыржай» (17-18-бб.) жинағында жарыққа шықты. М.Жарқынбеков пен Б.Қосбасаров түсірген «Қорқыт» күйлерінің стильдік, әуендік ұқсастығымен қатар, орындаушылық айырмашылықтары бар, сол себептен осы күй бөлек келтірілген.

324. ҚОРҚЫТ (II) /ҚӨ, 47-50-бб./ Бұл күйді Қазақ радиосының қорынан Б.Қосбасаров өз орындауында нотаға түсірген, алғаш рет «Қоңыржай» (18-20-бб.) жинағында 1988 жылы жарық көрген.

325. ҮШАРДЫҢ ҰЛУЫ /Е, 23-24-бб./ Бұл күй Қорқыттың авторлығында жеткен. Алғаш рет М.Жарқынбековтың «Ғасырлар үні» оқу құралында 1986 жылы жарық көрген. Антологияға кірген күйдің осы түрі нотаға неғұрлым нақты түрінде түсірілген. Аңызын айтып, күйін тартып берген Н.Шәменұлы (1883 –1979), жазып алған М.Жарқынбеков. *Аңызы:* «Бір жесір кемпірдің жалғыз баласы болады. Ол құс салып, ит жүгірткен саятшы екен. Қашқан аңды құтқармайтын «Үшар» деген тазысы, желмен жарысқан жүйрік аты бар екен. Күндердің күнінде жігіт кенеттен қайтыс болады. Сол кездегі елдің әдет-ғұрпы бойынша, өлікті жерлегеннен кейін жұрт қоныс

жаңартып, басқа жерге көшеді екен. Жаңа орынға көшіп келгеннен кейін кемпір баласынан қалған көз — тазыны іздесе, ол ұшты-күйлі жоқ боп шығады. «Ескі жұртта қалған болар!» — деп, ана бұрыңғы қоныстарына қайтып келсе, айтқандай-ақ, Ұшар иесін қиып кете алмай, мола басында сай-сүйекті сырқырата аспанға қарап ұлып отыр екен. Мұны көрген ана:

Жалғызымнан айрылдым,
Қанатымнан қайрылдым,
Ұшар, Ұшар, кә, кә... —

деп аңырайды. Иен далада жалғызының артында қалған ана мен иесінен айрылған тазы — қос мұңлық қосылып күңіренеді. Қорқыттың осы оқиғаға байланысты шығарған күйі «Ұшардың ұлуы» деп аталады».

326. ЖЕЛМАЯ /Е, 38-39-бб./ Бұл күй Қорқыттың авторлығында жеткен. Желмая бейнесі қазақтардың байырғы бабаларының мифологиясы мен өнерінде кеңінен дамыған. Бұл бейне көшпелі халықтардың аңыздарында құрбандыққа салатын жануар ретінде діни нышанды мағынаны қамтыған. Желмая — аты аңызға айналған Қорқыттың жан серігі мен қосшысы. Қобызды жасағанда оның терісімен аспаптың шанағын жабады. Халықтың арасында қалыптасқан наным-сенім бойынша, түйе малы о дүниеге сапар шегуге пайдаланатын бақсының көлігі болған. «Ондай түйелер әрі желдей ескен жүйрік, әрі жүрісі жанға жайлы құйындай жылдам» (ҚҚТ, 102-б).

Аңызын айтып, күйін тартып берген Н.Шәменұлы (1883-1979), жазып алған М.Жарқынбеков. *Аңызы:* «Қорқыттың бала күнінде нағашылары оған бәсіреге бір тайлақ береді. Қорқыт оны өзі бағып-қағып өсіреді. Тайлақ табынға қосылмайды. Қорқыттың соңынан бір елі қалмай, ілесіп жүреді. Иесінен басқа жанды маңына жолатпайды. Ол ұшқан құс, ескен жел жетпейтін, алты айлық жолды алты-ақ күнде аттайтын, ешқашан арып-талмайтын жүйрік Желмая болып өседі. Қорқыт өлімнен қашып, дүниенің төрт бұрышын түгел шарлағанда серігі әрі қанаты болған Желмаяға арнап осы күйін шығарады».

327. ТАРҒЫЛ ТАНА /Е, 25-26-бб./ Бұл күй Қорқыттың авторлығында жеткен. Аңызын айтып, күйін тартып берген Н.Шәменұлы (1883–1979), жазып алған М.Жарқынбеков. *Аңызы:* «Қорқыт қырық жасқа келгенде оған ажалының жақын екендігі жайлы бір құдірет аян береді. Қорқыт жарық дүниені қимай, адам баласы мәңгілік жасайтын Жерұйық іздемекші болып, Желмаясына мініп, жолға шығады. Мұны көрген тәңірі періштелерімен ақылдасып: «Егер бұл адам өлімді ешқашан аузына алмайтын болса, онда мәңгілік өмір сүреді. Жанын олжалағанына тәубе қылса, еркіне жіберейік, қанша өмір сүрсе де, жүре берсін», — депті. Бұл сөзді естіген Желмаяға тіл бітіп: «Егер ешбір дүниеге мойын бұрмай, тек қана өмірді ойласаң, мен сені өлімнен алып шығамын», — деген екен. Бұдан кейін Қорқыттың көңілі жайланып, өлімді ешқашан ойына алмауға тырысады.

Бір күні Қорқыт Желмаясымен ел аралап келе жатып, далада мал бағып жүрген жас баланы ұшыратады. Қорқыттан үркіп, бір тарғыл тана табыннан бөлініп тұра қашыпты. Оны қайтарам деп қуа жөнелген баланың аяғына шөгір кіріп, танаға жете алмай, жылап отыра кетеді. Баланы аяған Қорқыт оны өзі қайтармақшы болады. Бірақ қанша қуса да, тана жеткізбейді. Әбден ыза болған Қорқыт: «Өлсем де жетемін!» — деп өршелене қуады. Мұны естіген тәңірі тарғыл тананы тасқа айналдырып жібереді. Денесі тасқа айналып, жаны шығарда танаға тіл бітіп:

Менің өзім қара едім,
Қарадан туған ала едім.
Туған жерім — Қазалым,
Мына тау болды-ау ажалым, —

деп ыңыранады. Тананың жарық дүниемен қоштасардағы осы қиналысын көрген Қорқыт сол жерде қобызын қолына алып, «Тарғыл тана» күйін шығарған екен. Сыр бойында, Қорқыт бейіті тұрған жерден терістікке қарай жүз шақырымдай жерде, Тарғыл деп аталатын тау бар. Бұл жаңағы аңызға қатысты тау. Қорқыт қуғанда тас болып қатып қалған тарғыл тана бірте-бірте тауға айналыпты-мыс».

328. БАШПАЙ /Е, 37- б./ Бұл күй Қорқыттың авторлығында жеткен. Аңызын айтып, күйін тартып берген Н.Шәменұлы (1883–1979), жазып алған М.Жарқынбеков. *Аңызы:* «Башпай» күйі Қорқыттың өмірінің соңында шығарған ақырғы күйі дейді аңыз. Қорқыт өлімнен қашып, дарияның бетінде отырғанда қарындасы тамақ апарып беріп тұрған екен. Күндіз-түні өмір күйін тартып, өліммен алысып шаршаған күйші бірде қарындасының әкелген тамағын ішкеннен кейін бойы маужырап, қалғып кетеді. Тамақ салынған дорбамен қарақұрт болып ілесіп келген ажал қобыздың үні шықпай тұрған кезде күйшіні шағып алады. Әзірейіл қарақұрттың уы бойына жайылып, әлсіреп бара жатқан Қорқыттан соңғы тілегін айтуды өтінгенде ол: «Бұл өмір опасыз жалған екен. Өзіңнен қанша жыл қашсам да, бәрібір тапқаның ба, сұм ажал? Менің өмірімде екі күнәм бар деп білемін. Бірі — өлімнен қырық жыл бойы қашқаным. Кілем жайып, Сырдың бетінде отырғанымда бірде алай-дүлей дауыл тұрған еді. Сол кезде қарындасыма башпайым тиіп кеткен болатын, екінші күнәм — сол. Сол себепті де мені көмгенде осы екі башпайымды ашық қалдырыңдар», — деп ең соңғы «Башпай» күйін тартқан екен. Қарындасы ағасының тірі қалмасын сезіп, оны өлімге қимай: «Аға, ағатай, алтыным», — деп еңіреген: «Жылама, жылама, жылағанмен бола ма? Бұл мәуріттен ешкім де қашып құтыла алмаса керек, ажалдың құрығы ұзын екен», — деп жұбатып, басу айтады. Әзірейіл Қорқыттың жанын алады да, өзі айтқандай, оны жерлегенде екі башпайын ашық қалдырып, қобызын бейітінің үстіне қойыпты. Содан көп жылдар бойы Қорқыттың қобызы өзінен-өзі мұңды күй тартып, күндіз-түні: «Қорқыт, Қорқыт», — деп күңіреніп тұрыпты деседі».

329. ӘУППАЙ /Е, 28-29-бб./ Бұл күй Қорқыттың авторлығында жеткен. Алғаш рет М.Жарқынбековтың «Ғасырлар үні» оқу құралында 1986 жылы жарық көрген. Аңызын айтып, күйін тартып берген Н.Шәменұлы (1883-1979), жазып алған М.Жарқынбеков. Аңызы: «Бұл күйдің де өзіндік сыры бар. Қорқыт қасиетті кілемін төсеп, су бетінде отырғанда, Сырдарияның жағасына бала көтерген бір әйел келеді. Өзі арып-ашқан әйелдің емшегінен сүт шықпай, аш бала уанбай жылай береді. Ол дарияның ортасында ағып келе жатқан Қорқыттан көмек күткендей телміре қарап, баласын: «Әуппай, әуппай», — деп жұбатып тұрады. Сонда қолынан келер қауқары, жәрдем берер халі жоқ күйші:

Айналайын балам-ай,
Жас балаңа аландай,
Аш болсаң да ойында
Аман сақтау баланды-ай, —

деп тебіреніп, ананың перзентіне деген ыстық махаббатын күй тілімен сөйлеткен екен».

330. БАЙЛАУЛЫ КИІКТІҢ ЗАРЫ /Е, 40-б./ Бұл күй Қорқыттың авторлығында жеткен. Тек қана бір рет жарыққа шыққан. Аңызын айтып, күйін орындаған Манат Қошаев, жазып алған Мұсабек Жарқынбеков.

1980 жылы М.Жарқынбеков Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Самсоновка селосында тұрған, жасы елулерге келген Манат Қошаевпен кездесіп, одан осы күйді жазып алған. М.Жарқынбековтың айтуынша, «қобызшылық оның ата-бабасынан келе жатқан өнер көрінеді, сонау тоғыз атасынан бері қарай түгелдей қобызшы екен. Үйінде жетінші атасының жасалғанына екі ғасырдан асқан кішкене ғана қалақтай қобызы сақтаулы тұр. Бұл қобыз туралы ол былай деді:

— Менің атам — Ермен, бабам — Қошай, оның бабасының аты Қоспан. Сол кісінің бабасы бірде Сайрамда өткен үлкен бір жиынға қатысыпты. Ел жан-жақтан түгел жиналып болғанша біраз уақыт өтеді. Бабамыз сол жерде қарап жатқанша деп, бір шеберге өрік ағашынан осы қобызды жасатып алып, жиын басталғанша халықтың көңілін көтерген екен. Кейін өзімен бірге ала келіпті. Мынау басында ескі араб әрпі ма, қайдам, жазылған сөздер бар, біраз кісіге көрсетіп едім, ешкім айыра алмады, — деп қобызды бізге ұсынған еді, жазу желініп, өшіңкіреп қалған екен, оқи алмадық. — Ермен атам қобызда да, домбырада да өте керемет ойнайтын. Кешқұрым ақсақалдар жиналып, қисса, әңгіме айтып, қобыз тыңдайтын. Күйлердің шығу тарихы мен аңыздарын әңгімелейтін. Бала кезімізде, әсіресе, сол кісілердің аузынан Қорқыт туралы көп еститін едік, — деп есінде қалған әңгімелерін айта отырып, қобызда «Сарын», «Жетім қыздың мұңы» және «Байлаулы киіктің зары» деген күйлерді орындап берді.

«Аңыз бойынша, «Байлаулы киіктің зары» күйінің тууына мына бір оқиға себеп болса керек. Қорқыт жер бетіндегі жан-жануарлардың барлығының тілін біледі екен. Бір күні Желмаясымен келе жатса, бір киіктің маңыраған даусы құлағына шалынады. Ол: «Қос лағым жетім қалады-ау, шөпке ауызданбаған сорлылардың күні не болмақ?! Тым болмаса, соңғы рет емізіп, иіскеп, мауқымды басып та қала алмадым», — деп зарлайды. Қорқыт жан-жағына бағдарлап қараса, бел астында тігулі тұрған қараша үйді көреді. Киік сол үйдің алдында көгендеулі тұр екен. Киікке жаны ашыған Қорқыт үй иесіне: «Мына жазықсыз жануарды жібер, өз бетімен тамақ тауып жеуге ауызданбаған егіз лағы бар екен, обалына қалма», — дейді. Қорқыттың бұл сөзіне ол құлақ аспайды. «Онда мен киікті босатқаның үшін ақысын төлейін», — десе, үй иесі: «Жоқ, мен мұның сүтін сауып ішіп отырмын, кешке сойып жеймін», — деп оған да көнбейді. Басқа амалы қалмаған Қорқыт: «Болмаса киіктің орнына мені кепілдікке ал, оны босат. Лақтарын тауып алып, емізгеннен кейін қайтып келеді. Егер сол кеткеннен оралмаса, менің Желмаямды сойып же», — дейді. Үй иесі киікті босатып жібереді. Киік байлаудан босана салысымен, тау-тасты кезіп жүріп лақтарын тауып алады. Оларды емізгеннен кейін қас қарая қайтып келеді. Осы оқиғадан кейін Қорқыттың «Байлаулы киіктің зары» күйі дүниеге келген екен. Бұл шығармасында күйші қаталдық пен мейірімділік, жауыздық пен қайырымдылық жайында толғанады».

331. ЕЛІМ-АЙ, ХАЛҚЫМ-АЙ /Е, 26-27-бб./ Бұл күй Қорқыттың авторлығында жеткен. Алғаш рет М.Жарқынбековтың «Ғасырлар үні» оқу құралында 1986 жылы жарық көрген. Аңызын айтып, күйін тартып берген Н.Шәменұлы (1883-1979), жазып алған М.Жарқынбеков. *Аңызы:* «Қорқыттың «Елім-ай, халқым-ай» күйі терең толғауға құрылған. Ол жаугершілікте талан-таражға ұшырап, қуғын-сүргінде жүрген халқының тағдырына қабырғасы қайысады, елінің бақыты мен тыныштығын аңсайды. Қорқыт: «Елім-ай, халқым-ай, қолыңнан найза, үстіңнен сауыт түспеді-

ау. Ел басына мамырстан заман туып, шат-шадыман өмір сүрер күндерің болар ма екен?!» — деген өзегін өртеген мұң-шері мен арман-тілегін осы күй арқылы толғаған екен».

332. ҚОҢЫР (I) (Жолаушының қоңыр күйі) /ҚХАМ, 185-186-бб./ Бұл күй Д.Мықтыбаевтың (1905-1976) орындауындағы күйлердің арасынан, 1958 жылы Б.Г.Ерзакович магнитофон лентасына жазып алған, сол жазылған күйлерді 1959 жылы З.Жанұзақова нотаға түсіріп, өзінің жинағына енгізгеннің бірі. Күйдің орындаушылық және позициялық ерекшеліктері сақталмаған. Бұл күйді Д.Мықтыбаев тартқанда, Ықыластың «Жолаушының қоңыр күйі» деп орындайтын» — дейді шәкірті Ә.Жұмабекұлы. Осы күйді Антологияда көне күйлердің санатына кіргізілуінің себебі әуені, ырғақтылығы көне күйлердің сипаттамаларына типтес.

333. ЖОЛАУШЫНЫҢ ҚОҢЫР КҮЙІ /ҚӨ, 78-81-бб./ Бұл күйді «Қазақ аспапты музыкасының антологиясы» күйтабағынан қобызшы Д.Мықтыбаевтың орындауында жазып, нотаға түсірген Б.Қосбасаров. Алғаш рет «Қоңыржай» жинағында 1988 жылы жарыққа шыққан. Ықыластың авторлығында сақталып жеткен, бірақ әуені, тақырыптық белгілері көне сипаттамасын аңғартады. Оған дәлел — Антологияға кірген «Абыз-толғау», «Қорқыт» және осы күйдің ортақ ұқсастығы. Бұл үш күй бірбіріне мазмұны, орындалу ерекшелігі жөнінен өте жақын.

334. ҚОҢЫР (II) /Е, 31-33 -бб./ Күйді орындаған Ж.Қаламбаев (1909-1969), нотаға түсірген М.Жарқынбеков. Алғаш рет «Ғасырлар үні» оқу құралында 1986 жылы жарық көрген.

Ж.Қаламбаев 1909 жылы Шымкент облысының Созақ ауданына қарасты Талап аулында дүниеге келеді. Әкесі Қасымбек әнші, гармонь, домбыраны көп тартқан кісі екен. Жастайынан өнерге әуес болып, домбыраны жақсы меңгереді. Табиғи дарын мен өнерге құштарлықтың арқасында Жаппас өз бетінше қобызды да үйреніп алады. Осы ауданда тұратын белгілі Қаратау күй мектебінің өкілі, әйгілі Ықыластың шәкірті Сүгір күйшімен кездеседі. Сүгір Қорқыт және Ықыластың күйлерін домбырада өте шебер орындайтын. Жаппас сол кісіден бұл күйлерді түгел үйреніп, қобыз ішегінде қайта жаңғыртты.

1925 жылы Жаппасты Түркістандағы балалар үйіне береді. Бір жылдан кейін мектеп жабылып қалады. Жаппас ауылына қайтып келіп әр түрлі қызметтер атқара жүріп Қорқыт, Ықылас күйлерін халық арасына кеңінен таратады.

1943 жылғы Алматыда өткен бүкілқазақстандық өнерпаздар слетіне белгілі домбырашылар: Л.Мұхитов, Қ.Жантілеуов, У.Қабиғожин, Ғ.Матов. қобызшы — Д.Мықтыбаев, сыбызғышы — Ы.Уәлиев, әнші Ғ.Құрмаңғалиевпен бірге Ж.Қаламбаев та қатынасып, 1934 жылы үлкен өнердің есігін ашып, сол жылы ұйымдаса бастаған Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптар оркестрінің құрамына қабылданады. Мұнда ол жастарға ұстаздық етіп, қобыз үйретеді.

1936 жылғы Москва даласында өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігінде Жаппас Қаламбаев Құрманғазы атындағы оркестрдің жеке орындаушысы және оркестр әртісі ретінде қатынасады. Сол жылы мамыр айының 23 жұлдызында академик А.Жубановтың басқаруымен оркестр «Сары-арқа», «Адай», «Серпер «, «Көбік шашқан», «Қосалқа», т.б. күйлерді үлкен шабытпен нақышына келтіре орындайды. «Концертте оркестр мен әншілер емес, екі тізенің арасына қойып ысқымен ойнайтын қобыздар ән салды» деп жазды сол кезде орталық газеттер. Москва сапарынан соң Жаппас нота сауатын үйренеді, өзі қобызға, домбыраға арналған бірнеше шығармалар жазады.

1941 жылы Отан соғысы басталғанда филармонияның көптеген әртістердің

құрамын толықтыру мақсатымен оркестрдің белгілі артисі Қ.Жантілеуов, Л.Мұхитов, Ж.Қаламбаев республика түпкірлерінен талантты жастарды іздестіреді. Ол бір күні Алматы қаласында мектеп аралап жүріп, № 38 мектептің көркемөнерпаздар үйірмесін тыңдап, концертте өнер көрсеткен Ф.Балғаеваға музыкамен айналысуына кеңес береді. Осы кездесуден кейін қазірде Қазақ ССР халық әртісі, профессор Ф.Балғаева Құрманғазы атындағы оркестрге келеді. Орта Азия және Қазақстан өнер шеберлерінің 1944 жылы Ташкент қаласында өткен онкүндігінде қобызшының өзі де, шәкірттері де өнерімен көпшілікті риза етеді. Құрманғазы атындағы оркестр осы сапарда бірінші орында болады. Соғыс жылдарындағы толассыз еңбегі және оркестрдің юбилейіне байланысты филармонияның бір топ әртістеріне құрметті атақ берілді. Осы жолы Жаппас Қаламбаев Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері деген құрметті атаққа ие болады.

1949 жылғы Москва қаласында өткен қазақ өнерінің онкүндігіне Ж.Қаламбаев альт қобызшылар тобының концертмейстері ретінде қатынасады. Одан кейінгі жылдары өзі ұстаған өнер жолын қастерлеген қобызшы Құрманғазы оркестрінің жеке орындаушысы ретінде оның болашағын ойлап, шәкірттер тәрбиелейді, республика халқының алдында, шет елдерде өз өнерін көрсетеді.

Оркестрде ойнай жүріп, Жаппас аз уақыт ішінде үш ішекті, кейінірек төрт ішекті қобыз ойнауды меңгереді. Көп жылдар бойы оркестрде альт қобызы тобының концертмейстері қызметін атқарады. Бірақ қолынан байырғы қылқобызы түспейді. Оркестрдің қай концертінде болсын, жеке орындаушы ретінде қыл ішекте небір күйлерді сайратты.

Жаппас Қаламбаевтың халық музыкасын жинастыруға сіңірген еңбегі де айтарлықтай. Ол Ықыластың, Сүгірдің, Динаның және басқа да көптеген халық композиторларының күйлерін нотаға түсірді. Өзі де күйлер шығарып, халық әндері мен күйлерін қылқобыз бен фортепианоға арнап өңдеді.

1968 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар кафедрасында қылқобыз класы ашылғанда, ол жастарға қобыз өнерінен дәріс берген алғашқы оқытушылардың бірі болды және өмірінің соңына дейін осы оқу орнында қызмет істеді.

1969 жылы Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясының залында Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген өнер қайраткері, қобызшы Жаппас Қаламбаевтың 60-жасқа толуына арналған салтанатты кеш өтіп жатты.

Жаппас Қаламбаевтың қобызбен орындаған «Жез киік», «Қасқыр» , «Қоңыр», «Мұңлық-Зарлық», домбырамен орындаған «Тоғыз тарау», «Жұман», (өзінің Жұман деген баласына арнаған күйі), «Аққу», өзі шығарған «Марш» күйі, «Кең өлке» әні, «Күй толғау» романсы, т. б. туындыларын жинастырып, үлкен бір күйтабақ шығаруға болар еді. Бұл туындылардың бәрі біздің аспапты музыка орындаушылық өнерінің алтын қорына қосылуға лайық.

Жаппас Қаламбаев Қорқыт, Ықылас, Сүгірлерді өзіне ұстаз санаған. Оның қазақ өнерінің алдындағы өлшеусіз рөлі осы үш алыпты жалғастырып, қобыз үнін біздің заманымызға қайта жаңғыртуында. Қобыздың кереметін дүйім жұртқа танытқан, замандар сазымен табыстырған, қобыз кереметін жан-тәнімен түсінген, шалқар шабыт, тамаша дарын иесі ұлттық өнердің өсіп, гүлденуіне осылайша ат салысқан.

Жарияланған еңбектерде аталған күй Қорқыттың авторлығына жазылған. Біздің ойымызша, «Қоңыр» дегеніміз — қазақ халқының көнеден келе жатқан жанры, себебі «қоңыр» сөзінің синонимдері «қоңыр дауыс», «қоңыр үн», «қоңыр ән» — бір қалыпты ырғақпен айтылатын жайлы үн, жайлы дауыс, баяу, мұңлы ән мағыналарын білдіреді. «Қоңыр» компоненті басқа да кейбір сөзге қосылып, тиянақты тіркес құрамына

енеді. Ыңғайына қарай орташа деген ұғымды білдіреді» — деп Ісмет Кеңесбаев жазған (Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1977. — 350-б., 712-б). Бұл күйдің интонациялық тұрғысында алдыңғы Қорқыт күйлеріндегі саздың даму элементтері жалғасып, өзгеше көрініс тапты.

335. АҚҚУ /ҚҚайнары, 16-20-бб./ Аңызын айтып, күйін орындаған Д.Мықтыбаев (1905-1976), нотаға түсірген Б.Қосбасаров. Алғаш рет аңызымен «Қоңыржай» (14-15-бб.) жинағында 1988 жылы жарық көрген. «Аққу» күйінің «үзінді» түрінің құндылығы — аңыздың баяндамасы мен күйі алмасып орындалады. Аңызы мен ноталық үзінділері Антологияда нөмірленген, жалпы 8 сюжеттік үзінділер күй тілінде бейнеленеді. Әр музыкалық үзіндінің алдында мазмұнына сәйкес аңызы айтылып отырады. Аққу құсының киелі саналатынына орай және осы күйлердің өзіндік құрылымдық қалпына байланысты, сонымен қатар домбырадағы «Аққу» күйлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы «Аққу» күйлерін халықтық аспапты музыкадағы жеке жанр деуге әбден болады.

336. ШЫҢЫРАУ /ҚХАМ, 187-188-бб./ Д.Мықтыбаевтың (1905-1976) орындауында 1958 жылы Б.Г.Ерзакович магнитофон лентасына жазып алған, ал 1959 жылы З.Жанұзақова нотаға түсіріп, келтірген түсініктемесінде (220-б.) былай деген: «Қазақ халқының арасында жыланның құсты арбауы жайындағы аңыз кең таралған. Оның негізіне — өлімге, жауыздыққа қарсы күресетін белгілі тақырыптар жатады. Бұл тақырып әрбір шығармада нақты шешімін тауып отырады.

М.О.Әуезов «Эпос және қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген мақаласында «Бозторғай» күйінің аңыз боп таралған осы сарындас мазмұнын келтіреді. Бұның да ақыры құс анасының балапандары үшін жыланға жем болуымен бітеді.

Ал, «Шыңырау» күйінде, керісінше, жыланды құс жеңіп шығады. Бұл жолы жыланды өлтіріп, құс пен балапандарына болысушы адам болады.

Аңыздың бұл нұсқасы А.Жұбановтың «Ғасырлар пернесінде» (248-бет) келтірілген. «Ықылас қобызшы жол жүріп келе жатып, бір өзеннің жағасындағы жалғыз ағаштың түбіне тоқтаған екен дейді. Астындағы атын отқа қоя беріп, ағаштың көлеңкесінде дем алмақ болған. Кенеттен шырылдап бәйек болып, ағашты айнала ұшып жүрген торғайға көзі түседі. Ықылас ағаштың басына көз жіберсе, әлгі ағаштың бұтағында ұя бар екен, содан бастары қылтиып-қылтиып тұрған балапандар көрінеді. Олар да жанұшыра шырылдайды. Сөйтсе, ағаштың бойымен ұяға қарай жылан өрмелеп бара жатыр екен. Балапандарға жаны ашып кеткен, Ықылас қамшымен жыланды ұрып өлтіріп, суға тастайды. Сол кезде құс та ұясына жетіпті. Сонда Ықылас: «Жыртқыштың аты жыртқыш деген осы-ау. Адам да, жылан да өзінен әлсізге зорлық қылады. Өмірдегі осындай қарау-қиянаттың қасіретін қобыз күйімен халыққа жеткізсем» деп ойлаған екен».

Д.Мықтыбаевтың орындауындағы «Шыңырау» күйінің тарихына негізгі арқау болған тақырып — шыңырау құстың балапандарын айдаһар жыланнан қорғап, аспанда шырылдап жанұшыра зарлауы. Бұл аңыздардың бірінде өте үлкен алып қара құс десе, бірінде кішкене ғана шыңырау құс дейді. Бірінде айдаһар десе, бірінде жылан дейді. Бірақ бәрінің қимылы, әрекеті бірдей.

Бір батыр немесе жолаушы ұзақ жолдан шаршап келе жатып, күн ыстықта жапандағы бір өсіп тұрған алып бәйтеректің көлеңкесіне келіп демалады. Маужырап ұйықтап кеткен ол бір кезде тынымсыз шырылдаған дауыстан оянып кетеді. Бұл не екен деп басын көтеріп жоғары қараса, бәйтеректің жоғарғы жағында шырылдап зар қағып ұшып жүрген шыңырау құсты көреді және бәйтеректің басындағы шыңыраудың ұясында балапандардың шырылдаған дауысын естиді. Бұларға не

болды деп тағы да айналасына қараса, төменде оларды жеуге өрмелеп бара жатқан үлкен әбжыланды (немесе айдаһарды) көреді. Шыңырау құс оны ұясына жібермеу үшін арпалысып жүр екен. Жаңағы адам дереу қынабынан қылышын суырып алып жыланды (немесе айдаһарды) шауып өлтіреді. Сөйтіп, құстың балапандарын ажалдан аман алып қалады. Осыдан кейін шыңырау құс батырмен мәңгі дос болуға уәде береді. Осы аңыздарға байланысты дарынды композитор Ықыластың атымен жеткен «Шыңырау» күйінде «Қорқыт» күйінің ескі сарыны бар. Бұл — «Шыңыраудың» Қорқыт дәстүрінде шығарылып, көне қыл-қобыз музыкасының сипаттамаларына типтестігінің дәлелі.

## ДОМБЫРА КҮЙЛЕРІ

337. ЖЕЛМАЯ /ҚКТ, 103-104-бб./. Халық күйі. Күйді сыбызғыда тартқан О.Қожабергенов. Нотаға түсірген З.Қоспақов. *Күй туралы аңыз:* Түйе малының ішінде мініс көлігі ретінде бағаланатын арнайы түрлері болады. Ондай түйелер әрі желдей ескен жүйрік, әрі жүрісі жанға жайлы құйындай жылдам, алыс сапарларға аттанғанда барар жерге қиналмай жеткізеді. Қазақта түйенің мұндай түрін желмая дейді. Осындай желмаялар жайлы ел аузында небір аңыздар, әдемі қызық әңгімелер көп айтылады. Солардың бірі — Қорқыт атаның желмаясы. Қорқыттың анасы Қыпшақ қызы болса керек. Бала кезінде Қорқыт нағашы жұртына қыдырып барғанда, оған аса жүйрік түйенің ботасын нағашылары сыйға тартады. Кейін өсе келе осы бота желден де жүйрік желмая болады. Бұл жөнінде: «Қорқыттың бала күнінде нағашылары оған бәсіреге бір тайлақ береді. Қорқыт оны өзі бағып-қағып өсіреді. Тайлақ табынға қосылмайды. Қорқыттың соңынан бір елі қалмай, ілесіп жүреді. Иесінен басқа жанды маңына жолатпайды. Ол ұшқан құс, ескен жел жетпейтін, алты айлық жолды алты күнде аттайтын, ешқашан арып-талмайтын жүйрік Желмая болып өседі. Қорқыт өлімнен қашып дүниенің төрт бұрышын түгел шарлағанда серігі әрі қанаты болған Желмаяға арнап осы күйін шығарады», — делінген (Айтушы: Н.Шәменұлы. Қорқыт «Елім-ай», 1987, 38-б.). Мұндай желмаяны Асанқайғыда өзінің сүйікті мініс көлігі етіпті-мыс делінеді. «Желмая» деп аталатын бұл күйде түйенің тайпалтып желіп келе жатқан жүрісі әдемі суреттелген.

«Желмая» күйінің сазы бірнеше әуен-ырғақтардың қайталануынан тұрады. Күй сазында бүлкілдеп, желіп келе жатқан «Желмаяның» жүрісі бар.

338. ЖЕЛМАЯ /ККеруен, 15-16-бб./. Орындаған Т.Мерғалиев. Нотаға түсірген А.Есенұлы. Бұл күй қазақтың әлеуметтік санасында үлкен із қалдырған дала философы атанған, өмірде шын болған тарихи тұлға — әз Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген Асанқайғының атымен тартылады. Қазақ әдебиетінде Асанның шығармалары көп сақталмаған. Алайда, Асан айтыпты деген жердің сыны жайлы толғаулар көптен кездеседі. Аңыз бойынша, Асанқайғы адам уайым-қайғысыз, құғын-сүргінсіз, соғыссыз, алаңсыз, барлық пен байлыққа, мамыражай күн кешетін ғажайып жер — Жерұйықты іздейді. Бірақ қанша жыл жортқанымен, қанша заман жер шалғанымен, халқына құтты қоныс болатын Жерұйықты таба алмайды. «Жерұйық аспанда да жерде де емес, Жерұйық адамның ізгі ниетінде, кіршіксіз таза жүрегінде, тәубашыл қанағатында» деген қорытындыға келеді кемеңгер Асан. «Желмая» күйі Асан бабамыздың ұшы-қиыры жоқ сардаланы кезіп, халқына жер жанатын іздеп жүрген кезіндегі сарғайған сары үмітін, қасіреті мен қайғысын бейнелесе керек. Күй ең көне бұрау болып саналатын «шалыс» (секунда) бұрауда орындалады.

339. АҚСАҚ ҚАЗ (I) /БӨ, 17-18 бб./. Нотаға түсірген А.Хабыкей. Домбырашы

қариялардың айтуына қарағанда. «Ақсақ қаз» күйінің төрт нұсқасы бар. Ал шығу тарихы туралы осы төрт вариантқа ортақ бір-ақ түрлі әңгіме шертеді. Жазғы жасыл жайлаудың көз құртын тартар сәнінің бірі — көл жағалай, өзенді бойлай жүретін, жайлау тосін думанға бөлеген қаз болса керек. Ақ қанат балапандарын артынан ертіп, өзіне тән үнімен өмір әнін шырқаған бір топ қазға ат мініп, ел қыдырудан басқа шаруасы жоқ мергенсымақ жігіттің көзі түседі. Ол бейғам жүрген қаздың шырқын бұзып, шырапатын шығаруды ермек санайды, ерлік көреді. Қазды атып олжалауды армандаған жігіт, бір күні мылтығын алады да көл жағалай бірі ұшып, бірі қонып өз қызығына масаттанып жүрген қаздарға бет түзейді. Қамыс жиегін паналай келген мергенсымақ қазға оғым дариды-ау деген межелі жерге тоқтайды да, бір топ балапанын артынан ерткен ене қазды қарауылға алады. Балапандарының тәй-тәй жүрісін қызықтап тұрған қаздың тұрысы жігіт дегбірін қоздырады. Мылтық даусы тарс ете түседі де, ойында қуаныштан басқа ештеме жоқ ене қаз қанатын қағып-қағып жіберіп, ұшарға дәрмені жоқ екенін білгеннен кейін көлге түсіп жүзе жөнеледі. Жаңа ғана қанатын қомдап жүрген балапандар шулай ұшып аралға өтіп кетеді. Ене қаз да аралға ілінеді. Қазды қанжығасына байламаса да оғы тигеніне масаттанған жігіт атына мініп, ауылға тартады. Балапандарын ертіп аралды мекендеген ұшарға дәрмені жоқ ақсақ қаз уайыммен солады. Күн артынан күн келіп, күз болады. Құс қайтады. Барлық құс сәнді сап құрып, ән маржанын төгілтіп, оңтүстікке бет алғанда, бейшара болған ақсақ қаз ғана мұң мен зарын төгіп үйірінен айырылып аралда қала береді. Күйші ақсақ қаздың осы мұңын күйге қосқан екен дейді.

340. АҚСАҚ ҚЫЗ. /АтаМ, 43-45-бб./. Халық күйі. Айтушы және орындаушы М. Шәутиев. Нотаға түсірген Е.Тұңғышұлы. *Күй туралы аңыз:* Баяғы өткен заманда шал мен кемпір болады. Олардың ақсақ қызы бар екен. Мал дегенде жалғыз өгізі болады. Кедейшілік, жоқшылықтан әбден жауыр болады. «Ұлынабалы-Ысынабалы» деген жер екен, жаугершілік кеп қалып көшіп жатқан ел екен! Жау кеп қалып, жалғыз өгізіне қараша үйін, керекті мүлкін артып, шал кетейін десе, кемпірі мен қызы қалады, кемпірі мен қызын алайын десе, баспанасы қалады. Сонымен, жансауғалап, өгізге мініп шал кетіп қалады. Жұртта қалған қызы «енді көрген күніміз не болады, беу-беу құдай-ай?», — деп жылап жатқан кезі...

Осы кезде бір тылсым күш көк бұқа ретінде келіп, кемпірдің көз алдында тұрады. Кемпір сол зарымен көк бұқаға отырған сәтте жау да төніп қалады. Бірақ көк бұқа ешбір жеткізбестен кемпірді аман-есен шал мен қызына қосқан екен.

341. БОЗАЙҒЫР /ҚКТ, 91-94-бб./. Орындаған М.Мерхадина. Нотаға түсірген Т.Мерғалиев. *Күй туралы аңыз:* Өткен заманда бір байдың жылқыларының ішінде Бозайғыр бар екен. Бозайғыр жылқылардан ұзап алысқа кетпей, шет жағында жайылып жүретін. Бір күні жылқыны ұрлар айдап кетеді. Бозайғыр үйірімен бірге ұрлардың қолында үш күн болып, төртінші күні өздерін айдап келе жатқан адамдардың бөтен екенін сезіп, ауылға қарай қашып үйге келеді. Бозайғырдың үйірінен бұлайша бөлініп келуі тегін емес екенін сезген байдың баласы, айғырды жүгендеп жылқының соңынан қуады. Жылқыға жетіп, алдын орап, үйірді кейін қайырады. Ұрлар баланы тірідей ұстап жәбірлегісі келеді. Бірақ олардың бұл ойына бала да, Бозайғыр да көнбей ұрлардың тағы екеуін құлатып, кейін қарай бет бұрғанда, ұстай алмасына көздері жеткен ұрлар садағымен баланы атып, санынан жаралайды. Бала жаралы санын белбеумен таңып алып, ұрыларға өшіге қайта тиісіп, тағы да екі-үшеуін құлатып, кері қайтады. Жолшыбай бір төбенің басына жетіп, өзі аттан түсіп, жүруге шамасы келмей қансырап жатады да, атты қоя береді. Боз айғыр босанған бойда ауылға тартады.

Боз айғырды көрген бай қамығып: «Балам өлген екен, енді не болса да ізіне түсіп іздейін», — деп айғырға мінген де, Бозайғыр байға бас бермей, тауда қалған балаға қарай ала жөнеледі. Келсе, шынында да, бала өліпті. Баласының өліміне қайғырып, жылап-еңіреп бай далада отырғанда қасында тұрған Бозайғыр оқыранып қоя береді. «Тағы да ұрылар келіп қалған екен», — деп бай зәресі кетіп орнынан ұшып тұрса, бір салт атты жалғыз жолаушы екен. Ерінің қасында домбырасы бар. Әлгі жолаушыға бай болған жағдайды түгел баяндайды. Сонда жолаушы: — Шіркін, Жануарым-ай! Ат болса осындай, ер болса сенің баладай болсын. Жақсы ат жаман жігітті де ер етеді деген бар ғой. Мына жағдай дәл соған сай келеді екен, — деп қолына домбырасын алып бір күйді тарта беріпті. Күй күңірене барып аяқталғанда күңзын үнсіз отырған бай: — Замандас! Мына тартқаның қайғылы саз болды ғой? Атын не дейсіз? — депті. Сонда күйші: — Жануар мына тұрған Бозайғырға разы болып, соған арнап тарттым. Өйткені бұл айғыр болмаса сенің балаң қайда қалар еді, сен балады қайдан табар едің, — депті. Осыдан бастап бұл күй ел арасында «Бозайғыр» аталып, тараған көрінеді.

«Бозайғыр» күйін шебер домбырашы Меруерт Мерхадиннің тартуында нотаға түсірген Тмат Мерғалиев. Күй туралы толық дерек «Домбыра сазы» кітабында айтылған. Күй сазы әуенді жырдың әуелгі кездегі мақамынан бунақталып құрылғанын көрсетеді. Өзінің о бастағы тарихи нұсқасына жақын, әуен-ырғағын толық сақтаған, өте сұлу, әдемі туынды.

342. БОЗАЙҒЫР /АтаМ, 46-49-бб./. Халық күйі. Айтушы және орындаушы М. Шәутиев. Нотаға түсірген М.Нүкеев. Бұл күйді орындаған күйші Мәді ақсақал күй аңызын домбырасымен сабақтай отырып орындайтын. *Күйдің аңызы:* ертеде бір байдың бозайғыры бар екен. Күндердің күнінде жылқыға жау тиіп, үйірді айдап әкетіп бара жатқанда бозайғыр үйірден қашып шығып байға кісінеп хабар береді (домбыра тартылады). Содан бай жылқыға жау тиді деп, айғырдың күшіне сеніп, атқа қамшы салып жауға аттанады (домбыра орындалады). Айғырдың күшімен жылқыны босатып алады. Сондағы айғырдың мақтанып жорғалап келе жатқан жорғасы (домбырада орындалады). Атына разы болып, көңілі көкке көтеріліп, байдың бозайғырына масаттанып, мақтанған өлеңі (домбырада орындалады).

343. ШҰБАР КИІК /ККеруен, 12-13-бб./. «Шұбар киік» көп тарамаған, аса сирек күй. Бұл да күйменен аңыздың ажырауының мысалы бола алады. Күйдің өз басы жезқазғандық домбырашы Досан Торғайұлынан алынды (Ермұрат Үсеновтің жеткізуінде), ал хикаясы Сыр бойының ақиық жырауы Шәмшат Төлеповадан алынды (жырау Алмас Алматовтың жеткізуінде). Күйде Шұбар киікке кепіл болған Мұхамбет пайғамбар бейнесінің ұшырауына қарап, біз бұл күйді архаикалық күй емес, керісінше, сахара мәдениетіне ислам эстетикасы ықпал ете бастаған заманда тууы мүмкін деп жорамалдаймыз.

*Бірінші аңызы:* ертеде көздегенін жібермейтін бір мерген аңшы болыпты. Күндердің күнінде, сар даланы кезіп аң аулап келе жатып, жайылып жүрген жалғыз шұбар киікті көреді. Баспалап келіп тақағанда киіктің желіні шертіп тұрған ұрғашы екенін көреді. Бірақ, аңшы «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ», — деп қолы қалтырамай садақ кезенеді. Әлдебір қатерді сезген шұбар киік селт ете басын көтеріп алады да, садағын кезеп тұрған аңшыны көреді. Жайдың оғындай жебеден құтыла алмасын сезген шұбар киік аңшыға қиыла сөйлейді. «Ей, Сұрмерген, жаныма сауға сұраймын. Әлі бауыр көтеріп үлгермеген егіз лағым бар еді. Сол панасыз лақтарымды аңсап, жүрегім елжіреп, желінім дертіп келемін. Мені атпа. Тілімді алсаң, «атқан оғың жерге түспесін», — деп батамды берер едім. Сонда сен ұшқан

құс пен жүгірген аңды құтқармас несібелі аңшы боласың. Өле-өлгенше тарықпай өтесің! Жаныма сауға сұраймын, атпа!», — дейді. Бірақ аңшы сөзге құлақ аспайды. Садақты тартып жібереді. Сол сәтте киелі киік шұбар тасқа айналыпты дейді. Осыдан кейін мергеннің аңшылықта жолы болмапты.

*Екінші аңыз:* ертеде бір аңшы болыпты. Бір күні аң аулап жүріп жаңа ғана лақтаған, желінінен сүті тамшылап тұрған шұбар киікке жолығады. Шаршап, аңсырап келе жатқан мерген садағын оқтап кезеніп тұра қалады. Осы кезде Шұбар киік адамша сөйлеп қоя береді: «Ей, Сұрмерген, мені атпа! Жаңа ғана туған егіз лағым бар еді. Жүрегім елжіреп, желінім сыздап келеді. Сен маған рұқсат бер, лақтарымды соңғы рет бір емізіп, соңғы рет бір иіскеп шерімді тарқатайын. Содан кейін өзіңе қайтып келемін», — дейді. Аңшы дағдарып тұрып қалады. Сенбейін десе хайуан адамша сөйлеп тұр. Сенейін десе кепіл болар ешкім жоқ. «Мен сені атпай жіберер едім, бірақ қайтып келетініңе кім кепіл болады?», — дейді аңшы. Осы сәтте араға кенеттен ақ киінген Мұхамбет пайғамбар түседі де: «Киікке мен кепілмін!», — дейді. Бұдан кейін аңшы киікті қоя береді. Кепілдікке келген Мұхамбет пайғамбар аңшының жанында күн батқанша отырады. Несібесінен айрылған аңшы кейіп: «Сіз мені бүйырған ризығымнан қақтыңыз. Киік мені алдап кетті», — дейді. Сонда Мұхамбет: «Сабыр ет, аңшым, он сегіз мың ғаламда мені әлі ешкім алдаған емес!», — дейді. Пайғамбардың осы сөзді айтуы мұң екен, ентігіп шұбар киік те жетеді. Мұхамбеттің сөзінің хақтығына, хайуанның мәрттігіне тәнті болған аңшы киікті атпай қоя беріпті.

Бұл күй ислам мифологиясының қазақ топырағында тамыр жайып, қазақтың байырғы мифологиясымен үндесе келе, жаңа деңгейге көтерілгендігінің көрінісі. Аңыз құран этикасымен үндес болғанымен күй — қазақтікі. Бұл болашақта қазақ музыка зерттеушілері үшін жол салынбаған тың жазира.

344. НАР ИДІРГЕН /ККайнары, 95-100-бб./. Орындаған Н.Жәлімбетов. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. *Күйдің аңызы:* ертеде бір кісінің түйесі боталап, қос күндік болғанында ботасы өледі. Қазақтың әдеті бойынша, оны сойып, келісін тұлып қылып қойса да, тұмса түйе ыңыранып, ботасын іздей береді. Иесі бір күні сыртқа шығып қараса, түйенің екі көзінен жас парлап ағып тұр екен. Сол ауылда Әуелбек деген білгір адам болады. Түйенің иесі соған барады. Сонда Әуекең: «Оны тек сазбен иітуге болады. Бұл шебер домбырашы-сазгеншінің ғана қолынан келеді. Сен елге жар сал. Маяны иіткен адамға үлкен сый-тарту бересің»,-деп ақыл-кеңес береді. Содан әлгі адам: «Егер сазгенмен маяны иіте алатындай өнерпаз табылса, тарту берумен бірге жалғыз қызымды да соған қосар едім»,-деп елге жар салады. Қыздан үміткер болып, өздерінің бақтарын сынамақшы оймен хабар жеткен жерден талай домбырашы келеді. Бірақ мая иімейді. Бірде түйені иітуге келген домбырашылар бірінші кезекті жасы үлкен шалға береді. Шал домбыраның үнін «Кәуіс-кәуіс», — деп келтіріп, түйенің боздағанын салып тартқанда, маяның алпыс екі тамыры босап ий бастайды. Нардың иігенін сезген қыз оның емшегін қатты қысып тұра береді де, күйінің ортасынан аса бергенде — Иімеді. Домбыраны келесіге беріңіз, — дейді. Бұл шалға бармау үшін істеген әрекеті екен. Кезек жас жігітке келеді. Қыз өз ісін сол жердегі отырғандарға сездірмес үшін, жігіт күйін біраз тартқаннан кейін түйенің емшегін босатып, сауа бастайды. Қыздың бұл қулығын сезген шал кәрілігінің келтірген кеселіне қайғырып, «Өттің, қайран күнім», — деп әлгі жерде күй тартады. Күйді тартып болған соң өз өнеріне сенімі мол шал қызға қарап: — Шырағым, маяны иіткен менмін, сен зорлық жасап отырсың. Егер осы айтқаным бекер десең, біз әлгі күйлерімізді екеуіміз екі жерде тұрып тарталық. Сонда осы тұрған жануар кімге еміреніп келер екен,-дейді. Қыз маяны кім иіткенін біле тұрса да, шалдың талабын орындауға мәжбүр болады. Шал бағанағы күйін тағы да тартады. Айтқандай-

ақ түйе шалдың шапанын иіскеп, ере беріпті. Мұны көрген халықтың маяны кім иіткеніне көзі жетеді. Шал: –Қарағым, бұдан былай құлық пен өтірікке үйір болма. Қосағыңмен қоса ағарып, бақытты өмір сүр, — деп батасын беріп, қызды домбырашы жігітке қосады.

345. ЕРКЕ АТАН /АтаМ, 35-38-бб./. Айтушы және орындаушы М. Шәутиев. Нотаға түсірген Е.Тұңғышұлы. *Халық күйдің аңызы:* Баяғыда шал мен кемпір болады. Олардың жалғыз қызы, мал дегенде, боталаған түйесі бар екен. Қыз бала ерке атанға бауыр басып, әбден үйренісіп кетеді. Күндердің-күнінде қыз бой жетіп, оған құда түсіп, қыз ұзату рәсімі басталады. Ол уақытта қызға: «Не қалайсың?» — дейді екен. Сонда қыз: «Кішкентайдан бірге өскен ерке атанды қалаймын», — дейді. Бірақ, әкесі «малымның басы» дей ме, әйтеуір, атанды қимайды. Сонымен, қыз әке-шешесін, елін, жұртын тастап сыңсуға салып кете барады. Қызға әбден үйреніп, бауыр басқан ерке атан қыздың көшінің артынан жүгіріп бара жатып дарияға түсіп кетеді. Сүйікті жануарына жаны ашыған қыз: «Әке-ке-ау, әке-ке-ау, ерке атан кетті, қайтейін», — деп жылайды.

346. БОЗІНГЕН /ҚКТ, 102-б./. Халық күйі. Орындаған О.Қожабергенов. Нотаға түсірген З.Қоспақов. Қыз туралы аңыз. Ертеде мал өсіріп, соны кәсіп етіп көшіп-қонып жүретін ру-тайпалардың өмірінде түйе малы ерекше қадірленетін жануардың бірі. Біріншіден, түйе шөлге төзімді, ұзақ сапар жолға шыдамды көнбіс мал. Екіншіден, түйенің еті дәмді тағам болса, сүтінен ашытылып жасалатын шұбаты қымыздан кейінгі ең дәмді, әрі емдік қасиеті бар сусын. Түйенің жүні мен терісінен жасалған тұрмысқа қажетті әр түрлі заттар сапасы жағынан жоғары, әрі берік келеді. Өз заманында жүк таситын ең мықты көлік түйе болды.

Ертеде саудагерлер Қытайдан Византияға дейін Ұлы Жібек жолымен жүздеген, мыңдаған шақырымға созылған керуендерін жүк тиелген түйелермен тасымалдаған.

Түйе малы туралы ертедегі тайпалар өмірінде көптеген жазбаша деректер кездеседі. Б.ж.с. дейінгі III-ғасырда өмір сүрген ірі тайпалардың бірі — ұлы иозылер (ұлы жүздер — авт.) қос өркешті және жалғыз өркешті түйелер өсірген. Хан әулеті дәуіріндегі жазбаларда: «ұлы иозы елі жалғыз өркешті нар түйелер өсіреді». «Асылында түйе екі өркешті болады, ол жалғыз өркешті нар-түйенің ішіндегі асылы», — дейді («Қазақтың көне тарихы», 1993, 60-б.).

Халық сазгерлері түйенің жүрісіне, ботасын жоқтап боздағанына т.б. қасиеттеріне арнап көптеген күй шығарған. Солардың бірі — осы «Бозінген» күйі.

«Бозінген» күйінің аңызы. Қазақтың бақташылық өмірінен туған ғажап ертегілердің бірі — «Бозінген» сюжеті. «Мұндағы Бағланбай малының құты болған Бозінгенді тумады деп, бір шал мен кемпірге бақтырады. Бозінген басы алтын, құйрығы күміс бота туғанда, кемпір мен шал інгенді бір керуеншілерге сатып жіберіп, ботасын алып қалады. Қысқа ғана ертегінің көп жері ботасын жоқтап жылаған Бозінгеннің зарлы дауысына құрылған. Бағланбайдың екі баласы Бозінгеннің дауысын танып, оны ботасына қосады. Бозінгеннің жоқтауы:

Жаралғаннан жасымнан,
Күйіп, жанып сабылдым.
Тартып беру бала үшін,
Үстіме кілем жамылдым.
Көрер күнім бар ма екен,
Мен ботамды сағындым.

Бұдан әрі өзі жат қолына түскен Бозінген ұшқан құстардан, түнде жортқан жапалақтан ботасының дерегін сұрайды. Иесі түйені құтқарып, ботасына алып келе жатқанда да Бозінген оны көруге асығып, адамша мұңданып, көз жасын төгеді». Қара: Ә.Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы». 1991, 111-б.

347. ҚҰЛАННЫҢ ТАРПУЫ /ҚКТ, 110-111-бб./. Халық күйі. Бұл күйді өнертану ғылымының докторы Болат Қарақұлов Орал облысы, Фурманов ауданында тұратын Ылыман Рақымов деген домбырашыдан жазып алып, нотаға түсіріп, өзінің «Асыл Мұра» атты еңбегінде жариялаған. (Б.Қарақұлов. «Асыл Мұра». Алматы, 1981, 16-б.). Күйдің «Құланның тарпуы» жайлы аталу себебінен деректеме берілмеген. Бірақ күй сазындағы әуен-ырғақтың сәл-пәл өзгерістерімен домбыраның әр буынында дөңгелене қайталануы, көне үндерден хабар береді. Әсіресе, күйде оқ тиген құланның шошынуы, ызалануы, алдыңғы екі аяғымен тарпып, артқы аяғымен тебінуі, жараланған аяғымен ақсаңдап басса да, дұшпанынан кек алуға ұмтылуы суреттеледі.

«Құланның тарпуы» күйіндегі әуен-ырғақтар өте ерте заманда өмір сүрген тайпалар сазынан хабар береді. «Құланның тарпуы» өзінің атына сай суретті бейнелейді. Күй құрылымы оның құрамы әдемі бунақтардан тұрады.

348. АҚҚУ /ҚКТ, 99-101-бб./. Халық күйі. Күйді тартушы С.Әлімбеков. Нотаға түсірген М.Айтқалиев. *Күйдің аңызы:* Ежелгі наным-сенім бойынша Аққу құс атаулының ішіндегі ең киелісі, сұлулық пен әдемілікті тәңірісі деп түсіндіріледі. Сондықтан да аңшыларға Аққуды атуға тыйым салынған. Қазақтың көне аспабы қобыздың да Аққу құсқа ұқсайтыны жайлы аңыздар сақталған. Аққу күйлерінің сыбызғыда, қобызда, домбырада тартылатын бірнеше нұсқалары кездеседі. Олардың кейбіреулерінің әдемі аңыздары да бар. Осы «Аққу» күйінде ертедегі жыраудың Аққу құс туралы бір әдемі жыр-толғау айтып отырғаны баяндалған. Мұның өзі осы күйдің әуен-сазындағы жыр мақамына ұқсас сарынды бунақтар мен тармақтардан анық сезіліп тұр.

349. АҚҚУ (жеке мұрағаттан). Халық күйі. Орындаған Қызырбек Жанасұлы. Жазып алған Қ.Ахмедияров. Аққу күйлерінің тұрмыстық көне түрлеріне жатады. Бұл күйдің бірнеше нұсқалары бар. Беріліп отырған нұсқада бізде кездесе бермейтін өзіндік әуен, сирек орындаушылық амалдар көрініс береді. Орындаушы күй сазын бұлжытпай қайталайды. Екі ішекте саумалдай, жеңіл орындалады. Күй аңызы жалпы «Аққу» аңыздарына ұқсас келеді. Күйдің сарыны көне қобыз әуендеріне жақын. Бір қызығы, бұл күйді оң немесе теріс бұрауларда кезек орындауға болады. Күй құрылымы сол әдіске негізделген.

350. САУ ҚАЗ (жеке мұрағаттан). Халық күйі. Орындаған Қызырбек Жанасұлы. Жинап, нотаға түсірген Қ.Ахмедияров. Күйдің нақтылы айтылатын аңызы жоқ. Ел арасында айтылатын «Ақсақ қаз», «Жалғыз қаз» күй аңыздарымен үндес келеді. Көбінесе тотемдік мағынада айтылады. Қытайдың, Шыңжаң-Ұйғыр ауданында осындай күйлердің түрлі нұсқалары кеңінен орындалады. Әсіресе, әдет-ғұрыптық үрдісте көп қолданылады. Күй сарыны байырғы кезеңді меңзейді.

351. САМҰРЫҚТЫҢ ЗАРЫ (жеке мұрағаттан). Халық күйі. Орындаған Қызырбек Жанасұлы. Жазып алған Қ.Ахмедияров. Күймен қоса айтылатын аңызы жоқ, дегенмен, халық күйлерінде айтылатын, әсіресе, тотемдік Самұрық құс жөніндегі ертегі-аңыздарға сәйкес келеді. Күй халықтың әдет-ғұрыптық шараларында, той-томалақ, жиын-отырыстарда жиі орындалады. Бұл күйдің бірнеше нұсқалары бар. Беріліп отырған нұсқада бізде кездесе бермейтін өзіндік әуен, сирек орындаушылық амалдар көрініс береді.

352. САРЫ ӨЗЕН (II) /ҚКТ, 96-99-бб./. Орындаған Ә.Дәулетхан. Нотаға түсірген

С.Бүркітов. «Сары өзен» қазақ арасына ең көп тараған күй. Әсіресе, бұл күй Орталық Қазақстан, Семей, Шығыс Түркістан, Моңғолияда ерекше мәшһүр болған. Күйдің көптеген нұсқалары, соған сәйкес түрлі аңыздары бар. Ол аңыздарға сайсақ, оқиға қазақ тарихының кез келген кезеңінде болуы мүмкін. Бір аңызда қалмақтың тұтқынына түскен қазақ жігіті өзінің сыбызғышылық өнерінің арқасында ханға жағып, бостандық алады. Енді бір аңызда (Баян-Өлгий қазақтарының «Домбыра және сыбызғы күйлері» жинағында) бай қызының күні ретінде жат елге ықтиярсыз аттандырылған домбырашы қыз өзінің биік өнерінің арқасында басына бостандық алып еліне қайтады. Біздің ойымызша, бұл күйге әр заман өз таңбасын салып, өз проблемаларын жүктеп отырған. Мысалға, алдыңғы нұсқа қалмақ пен қазақтың арасындағы жаугершілік заманда туған сияқты.

Ал екінші нұсқада қалмақ халқының сағы сынып, тарих сахнасынан кеткеннен кейінгі жердегі қазақтың ауыр тағдырының елесі бір шытырман саяси-әлеуметтік теңсіздік мәселесі көтерілген. Т.Мерғалиевтің «Домбыра сазы» атты кітабында (Алматы, 1972) «Сары өзен» күйінің *мынадай бір аңызы* келтіріледі (бұл аңыз Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, 1-Май колхозының тұрғыны Мерхадин Меруерттен алынған): «Ерте заманда, қалмақтың бір шапқыншылығы кезінде, топ ішінде Саймақ есімді жылқышы тұтқынға түседі. Қалмақ еліндегі бір той кезінде Орда сыртынан Саймақтың сыбызғысының үнін естіген хан елең етіп: «Ол кім? Менің алдыма келтіріңдер», — дейді. Ханның алдына келген Саймақ өзінің биік өнерімен жұртты таңқалдырады. Риза болған хан Саймақтың басына бостандық беріп еліне қайтарады. Ел шетіне жетіп, Сары өзеннің жағасына келгенде, Саймақтың астындағы аты оқыранады. Сонда аңсап жеткен елін көріп, Саймақ осы күйді шығарған екен»,– дейді. Сөз жоқ бұл, халық әфсанасының талқысына түсіп, қарабайырланып кеткен үлкен шежіре-хикая. Бұл хикаяның тарихи шындыққа жанасатын ескі нұсқасын зерттеуші Таласбек Әсемқұловтан таптық. Бұл аңыз сорабында Саймақтың асыл тегі қазақ емес — қалмақ. Қазақтың жасаған жойқын бір жорығының кезінде, қалмақ ордасынан алынған тұтқындардың ішінде бір жүкті әйел келген екен. Қазақ жеріне келгеннен кейін босанып, ұл туады. Атын Саймақ қояды. Уақыт өтеді. Тұтқындар қолдарынан кісендері алынып азат етіледі, байырғыланып қазаққа сіңіп кетеді. Саймақ алдымен қозышы бала, қойшы бала болады. Есейе келе қолына құрық ұстап, жылқы бағады. Кейіннен әскер қатарына алынып, көптеген жорықтарға қатысады. Соғыс үстінде үлкен ерлігімен көзге түсіп, ақыры жылжи-жылжи үлкен әскербасы дәрежесіне жетеді. Күндердің күнінде қазақ пен шүршіттің арасында (ал шүршіттің қытайлар екеніне ешқандай күмәніңіз болмасын) жойқын соғыс басталады. Осы соғыста Саймақ қазақтың ең таңдаулы әскерін басқарады. Алайда қазақ жеңіледі. Тіршіліктің көзі — Ұлы Сары Өзенді, оның бойындағы шұрайлы қоныстарын тастап шығады. Міне осы кезде, елмен бірге жеңілістің, сұмдық қорлықтың күйігін тартқан Саймақ, қолына қобызын алып, өлмес жыр — ұлттық намысқа, кекке, атақонысы үшін күреске шақырған «Сары өзен» күйін шығарыпты.

Бұл аңыздың бір дәлелін Л.Гумилевтың Ғұндар туралы жазған тарихи кітаптарынан табамыз. Ғалымның айтқандарына келетін болсақ, Ғұндар мен қытай жұртының арасындағы этникалық соғыс — пәленбай мың жылдан бері келе жатқан соғыс. Өзен мен көл, жайылым үшін, сауда жолдары үшін, қалалар үшін кезек шабысқан екі жұрт бұл жолда миллиондаған адамды харап қылды, теңіздей қан төкті. Ал әңгіменің өзегі болып отырған Сарыөзен қазіргі Қытай жеріндегі Хуанхэ өзені (қытай тілінде «Сары өзен» деген мағынаны береді). Гумилевтың «Хунну в Китае» деген кітабында, бүгінгі моңғолдың арғы атасы деп, Сяньби деген тайпа аталады. Сяньбилер ғұндармен бі-

рігіп, Қытайға қарсы жасалған бірнеше жойқын жорыққа қатысады. Ойымызша, Саймақ тағдыры, не өмірде шын болған оқиғаны белгілейді, не ғұн мен сяньбилер арасындағы болған әскери одақ, достық қарым-қатынастардың жиынтық көркем бейнесі.

353. АҚСАҚ ҚҰЛАН /ККайнары, 83-93-бб./. Орындаған М.Өскенбаев. Нотаға түсірген А.Райымбергенов. *Күйдің аңызы:* Бұрынғы өткен заманда Жошы хан болыпты. Оның сенімді бас уәзірі бар екен. Жеті жыл жер бетін шарлап, алыс сапардан оралған оны Жошы хан шақыртып алып, көрген-білгенін сұрапты. Сонда уәзір:

— Саруалдың арығы деген жерде көп ордалы құландар жатыр екен. Соның ішінде киелі ақсақ құлан бар екен, оған ешкім жоламайды. Өзіне тиген адамды құлан не теуіп, не таптап өлтіреді, әйтеуір, ажал қармайды екен. Сол ордалы құланды көрдім, — дейді уәзірі. — Оу, ақсақал, мен адамды жылқы не құлан теуіп өлтіреді дегенге сенбеймін, — дейді сонда Жошы ханның қасында отырған баласы. Содан ол қырық жігітке келіп: — Уәзірдің айтқан жеріне біз де барып, көзімізбен көріп қайтайық, — дейді. Қырық жігітті көндіріп, құлан атуға аттанып кетеді. Жігіттер Саруалдың арығына келсе, уәзір айтқандай-ақ, көп құлан жайылып жүр екен. Ханның баласы қызыл шекпенін киіп, мылтығын қолына алады да, құландарға қарай жүгіреді. Сонда көп құланның ішінен бір ақсақ құлан үйірінен бөлініп шығып, одағайлап келіп жер тебініп, пысқырып қалғанда айналаны қап-қараңғы тұман басып кетеді. Мергендер бір-бірінен көз жазып қалады. Бір кезде тұманның арасынан: «Қу шақайлыдан қаша жүріңдер, қызыл шекпендінің үстін баса жүріңдер» деген бір дауыс естіледі. Жігіттер тұман сейілгеннен кейін қараса, құландар да, ханның баласы да ізім-ғайым жоқ болып шығады. Олар үш күн бойы іздеп жүріп, хан баласының жалғыз шынашағын тауып алады. Үстінен шұбырып өткен көп құлан оны таптап кеткен екен. Мергендер елге келеді. Баласын жоғалтқан хан қайғыдан қан құсып, басын көтермей жатып қалады. «Кімде-кім менің алдыма балаң өлді деп келетін болса, соның құлағына қорғасын құямын», — деп жарлық етеді. Мұны естіген халық ханға баласының өлімін естіртуге қорқады. Сөйтіп, ел-жұрт мұның еш амалын таба алмай, дал болады. Сонда ноғайлыдан шыққан Кербұқа деген домбырашы тәуекелге бел буып, хан сарайына келеді. Ол келе домбырасын тарта бастайды. (Сонда домбыраға алғаш салғаны құланның жүрісі екен)... Хан басын көтерместен жата береді. Домбырашы әрі қарай толғайды. Домбыра «Балаң өлді, Жошы хан» деп күңіренеді. Сонда хан басын көтеріп алып: — Әй, сенің тартар күйің емес, менің естір күйім емес екен бұл, «Балаң өлді, Жошы хан» деп тұр ғой мына күй, — дейді. Сол уақытта Кербұқа: -Тақсыр-ай, балаңыздың өлгенін өзіңізден естіп тұрмын, — дейді. — Өз қолымнан өлтірер едім, әттең, мынау сөз тауып кетті-ау. Бәлен жерде айдаһар жылан бар. Домбырашыны соның алдына апарып тастаңдар, — деп әмір етеді хан. Кербұқа: — Тақсыр, оған да құлдық, тек домбырамды өзіме беріңіз, — дейді. Ханның нөкерлері оның қолына домбырасын беріп, аяғына кісен салып, айдаһардың алдына апарып тастайды. Айдаһар адамды көріп, жұтайын деп қасына келгенде, Кербұқа оның алдына отыра қалып, күй тартады.Сонда айдаһар күй біткенше тыңдап жатқан екен. Күй аяқталған соң іниіне кіріп, ат басындай алтынды домбырашының алдына домалатып әкеліп тастайды. Кербұқа алтынды құшақтап еліне қайтады. Ол ханның қаһарынан да, айдаһардың аузынан да осылайша аман құтылып, мұратына жеткен екен.

354. АҚСАҚ ҚҰЛАН (I). /ККеруен, 40-б./. Орындаған Қабыкей. Нотаға түсірген А.Есенұлы. «Ақсақ құлан» — қазақ сахарасына ең көп тараған күй. Бұл күйдің аңызы да сол себепті сан-саналы. Хикаясының түрлі нұсқаларында өмір сүрген замандары бір-бірімен еш жанаспайтын тарихи тұлғалар қатар келе беруі мүмкін. Оқиға негізінен өзгермей қайталанып отырады. Аңыздың бір саласында өзінің үлкен

ұлы Жошының бағынбай бара жатқанынан секем алған Шыңғысхан оған у беріп өлтіртеді. Тағы бір хикаяда қыпшақ жерін жақсы көріп қалған Жошы, бұл өлкені шапқыншылықтан сақтап қалу үшін, ұлы аңшылық кезінде өзінің әкесі Шыңғысты өлтірмек болады. Бұл жәйтті біліп қойған Шағатай Шыңғысханға келіп бәрін айтып қояды. Бұл аңызда да Шыңғысхан Жошыға у бергізіп өлтіреді. Артынша аңшылық кезінде Жошыны құлан шайнап өлтірді деген лақап таратады. Бірақ қаһарлы хан қаралы хабарды жеткізген адамның көмейіне қорғасын құям деп жарлық шашады. Алайда ел ішінен бір тапқыр домбырашы шығып, сол адам Шыңғысханға хабарды домбырамен жеткізеді. Хикаяның тағы бір нұсқаларында Шыңғысханның баласы Жошы емес, керісінше Жошының өз баласы (аты аталмайды) құланнан мерт болады. Кейбір нұсқаларда оқиғаның кейіпкері тіпті Әз-Жәнібек ханның өзі болып шығады. Мінеки, өзіміз көріп отырғандай, сюжет көп өзгеріске түспеген, тек заманына лайық кейіпкерлері өзгеріп отырған. Қазақ зерттеушілері (мыс. С.Райымбергенова) бұл хикаяның тамырын өте тереңнен тартады. Бұл оқиғаны (мифтік) зерттеуші ескі наным — ақсақтар культімен байланыстырады. Себебі тәні жарадар, кембағал жан иесі о дүниемен бұл дүниенің арасын байланыстырып тұрған қасиетті медиатор. Ал ол өз кезегінде өлілер дүниесінің алдындағы қорқыныштан туған құбылыс. Адам мәйітінің аяғын байлап тастау, немесе әдет-салттық жарақат салу, өліктің жіліншігін сындырып ақсақ қылып тастау дағдысы осы нанымнан келіп шыққан. Сондай-ақ, бұл аңызда аңшылықтың ежелгі қағидаларын бұзған адамның нендей зауалға жолығатындығы көрсетілген.

355. АҚСАҚ ҚҰЛАН (II) /ККеруен, 40-41-бб./. Орындаған Қабыкей. Нотаға түсірген А.Есенұлы. 354-ші түсініктемені қара.

356. АҚСАҚ ҚҰЛАН (III) /ККеруен, 41-б./. Орындаған Қабыкей. Нотаға түсірген А.Есенұлы. 354-ші түсініктемені қара.

357. ОРТЕКЕ. /ККеруен, 72-74-бб./. Орындаған Б.Құбайжанов. Нотаға түсірген А.Есенұлы. «Ортеке» қазақ сахарасына біршама тараған ең көне күйлердің бірі. Бұл күй қазақ фольклорында кең орын алған кейіпкер — Құламерген аңшының атымен тартылады. Бұл күйдің хикаясының ұзын-ырғасы мынадай: аңшы Құламерген таутекені көп атқан екен. Құламергеннің анасы баласы әрбір саяттан қайтқан сайын бір жапырақ етті кесіп қыл арқанға кигізіп қояды екен. Күндердің күнінде арқан етке толады. Сол күні оған түсінде аян болады. Таутекенің киесі қыз бейнесінде келіп «О, ана, сенің балаң неге бізді сонша есепсіз қырады? Тәңір оның ісіне ырза емес. Адам өзінің керегінен артық алуға қақысы жоқ. Құламергенге сәлем айтыңыз — оның шелегі толды. Енді бір тамшы қан төксе қарғысқа ұшырайды», — дейді. Шошып оянған анасы баласына: «Қарағым, сен арқан үстіне шықтың, ендігі жердегі саят жақсылыққа апармайды. Садағыңның бауын шешіп, аңшылықты тоқтат енді»,–дейді. Алайда, таутекенің терісін саудагерлерге сатып, пайдаға құныққан алған Құламерген анасының айтқан сөзіне құлақ аспай, тағы да аңшылыққа шығады.Сол күні күн бұлт болады. Тау ішіне кірген Құламерген бірде-бір текені таба алмайды. Әбден шаршап шөлдеген аңшы бір тастың тасасына от жағып, шай-су ішпек болады. Осы кезде жанынан бұрын көрмеген сүттей аппақ, мүйізі алтын бір теке көлденеңдеп өте береді. Әккі Құламерген садағын жұлып алып, қандыауызға жебені салып жіберіп шірей тартып жібереді. Жалп етіп құлаған текені дереу бауыздап жіберіп, етін мүшелеп бұзады. Терісін тұздап орап, бір асым етті қазанға салып демалуға отырады. Сол отырған бойы қалғып ұйықтап кетеді. Бір уақытта дүрс еткен әлдебір дыбыстан шошып оянады. Қараса, бағанағы өзі бұтарлап тастаған ақ теке түк болмағандай, оққа ұшпағандай, сойылмағандай қарсы алдында бүп-бүтін тұр екен. Көзінен от

шашқан теке қатты қорыққан Құламергенді үш рет айналып басынан бір қарғиды да жайылып кете береді. Ертеңіне Құламергеннің аты үйіне бос қайтады. Аңшының анасы атты ары-бері айналып қайран қалады. Ертоқым бүтін, қару-жарағы аман, тек Құламергеннің өзі жоқ. Білгір әйел атты зерлей қарап жүріп оның бауырының күйгендігін байқайды. Байқайды да, «балам арасанға түскен екен» деп жорамалдайды (арасан — қайнап жатқан ыстық бұлақ). Атқа мінген ана өзі білетін арасандарды аралап жүріп біреуінің ішінен әбден пісіп, сүйегі езіліп кеткен баласының мәйітін табады. Осы хикаяны естіген бір домбырашы «бұдан былай аңшылар жөн-жосықты бұзбасын, керегінен артық алмасын» деп, осы өнеге күйді шығарған екен. (Бұл аңыз зерттеуші Т.Әсемқұловтан жазылып алынды).

358. СҰР ТЕКЕ /ЖК, 30-б./. Нотаға түсірген Б.Мүптекеев. *Күйдің аңызы*: баяғыда бір мерген болыпты. Бір күні баласын аңға ертіп шығады. Баласына: — Сен мына ну тоғай, қалың құрайдың ар жағына өтіп, аң болса бері айда, — дейді. Бала тапсырманы орындау үшін тонын теріс айландырып киіп, тоғайды аралап, қалың құрайдың арасымен келе жатқанда, аңдып отырған әкесі «теке екен» деп атып жібереді. Жетіп келсе, баласы өліп жатады.Сонда: — Қалың құрай, сұр теке, Мені алмадың, қу теке, — деп зар еңіріп тартқан күйі екен.

359. КӘРІ БОЗ /БӨ, 49-б./. Улаан-хус сұмындық Қ.Рияннан жазылып алынды. Нотаға түсірген. *Күйдің аңызы:* Бұрын біреудің Кәрі боз деген жүйрігі болыпты. Кәрі боз құнанынан бастап қартайғанға дейін рулы елдің ішінде болған ірілі-уақты барлық тойда алдына ат салмаған жүйрік аталады. Кәрі бозды көріп талай той иесі бәйгесін шаппай беріпті. Кәрі боз қартайып, алжыған шағында Салторының атағы жайылады. Салторы көмбеден ат шыққан жерде-ақ, суырылып алдына шығып, сол күйі шаңын көрсетпестен көш бойы бұрын келеді екен. Кәрі боз қырық жасқа келіп, жүрісінен жаңылып, қырқылжың тартқанда бір үлкен той болып, бәйгеге Салторы қосылады. Сағымдай сылаңдап, шұлғып басып, ауыздықпен алысып кетіп бара жатқан бәйге аттарын көрген Кәрі боз өрістен шапқан күйі иесінің үйіне келеді де жабыққа басын салып, тықыршып тұрып алады. «Қасиетті жануарым алжыған екен», — деп ойлаған иесі Кәрі боздың тықыршығына төзе алмай тағы бір шауып келгісі келіп тұрма дейді де жүгендеп, бір баласын мінгізіп, бәйгеге кеткен қалың аттың соңынан қоя береді. Үйден шыға құйғыта жөнелген Кәрі боз ілезімде-ақ бәйге аттарды қуып жетіп, қатарға қосылады. Аттар межелі жерге барғаннан кейін қайтарылады. Салторы дағдылы әдетімен ә дегеннен-ақ оқ бойы атылып шығып, көпке дейін алдына ат салмайды. Осы сәтте: — Мен бекерге жарыспан. Мен қалғам жоқ жарыстан. Алыспан да, салыспан. Салторыдан қалыспан, — деп Кәрі боз да топ ортада келе жатыпты. Қыза шыққан Кәрі боздың қадамы қарыштай түседі. Сөйтіп көмбелі жерге Кәрі боз Салторыдан бұрын келеді де, келе сап пышаққа ілінеді. Тойға жиналғандар «Қасиетті жылқы еді» — деп Кәрі боздың етін бір-бір жапырақтан бөліп алады.

360. ТЕЛКҮРЕҢ /ҚКТ, 111-112-бб./. Халық күйі. Күй нотасын М.Әубәкіров Монғолияда жүрген кездерінде жазып алған. Күйдің саз-сарыны ерте замандарда шыққан әуен-ырғақтарға құрылғаны байқалады. Күй өзінің бітім-болмысы тұрғысынан жинақы, қалыпталған тұлғасы бар саз-сарындардың қатарына жатады. Күйдің шығу тарихы жайлы аңыз-әңгімесі әр қилы. Ал күйдің «Тел күрең» атауы екі түрлі мағынада қолданылады. Бірі — «егіз туған екі күрең құлын — жұп өскен қос күрең» деген мағынада айтылады. Екіншісі — ат иесінің астындағы «Тел күреңінің» жүрісіне разы болғанда, «Тел күреңім» деп шалқыған көңіл күйінің сәтін көрсететін мағынада да қолданылады. «Тел күрең» халық сазгерлерінің сүйіп тартатын күйі

болғандықтан, жоғалмай ескерткіш болып, ұрпақтан ұрпаққа жетті.

361. ТЕЛҚОҢЫР /ДСБМ, 44-45-бб./. *Күйдің аңызы*/ БӨ, 87-б., кітабынан алынды/: Дәулеті шалқыған, елге беделі артқан бір ұлығының төскейді қаптаған қалың жылқысы ішінен мәпелеген қоңыр аты болыпты. Қоңыр ат қамыс құлақ, тік бақай, сіңірлі, алыс адымды, зор денелі аттың сұлуы атанады. Ұлық қоңыр жүйрікті кермеге байлап, сылап-сипап мәпелеп күтетін күтуші қойып, түнде күзеттіріп бақтырады. Ауыл арасындағы көлікке емес, ұзақ елдің о шетімен бұ шетіндегілер бас қосатын ұлы дүрмекке ғана мінеді, ауыл арасындағы кішігірім той емес, ру-руды қамтыған тойларда бәйгеге қосады Қаншама сайгүлікке арнап шығарған халық күйлерінің бірде-бірін қоңыр жүйріктің сұлулығы мен жүйріктігіне пара-пар көрмеген ұлық: «Қоңыр аттың жүрісін күйге түсірген домбырашы болса атан жетектетіп, ат мінгізіп, киіт кигіземін», — деп бүкіл елге жария шашады. Талай күйді тамылжыта шерткен күйшілер ұлықтың жариясына құлақ түріп қана қоймай, хал-қадірінше күй шығарады. Бірақ күйшілердің күндіз-түні сергелдеңге түсіп, көп ойланып-толғанып шығарған күйлері ұлық көңілін таппайды. Ел ішіне аңызға айналған бұл оқиғаға құлақ құрышы қанған көршілес рудың ұлығы қоңыр жүйрікті ұрлап алмақ ойға келеді де, бір қу жігіттің қасына бір домбырашы қосып, қоңыр жүйрікті ұрлап әкелуге аттандырады. Ұзақ жол жүріп шаршаған екеуінің ел шетіне іліне мақсаттары дал болады. «Онда не бар дейсің тәйірі! Аламыз да қайтамыз», — деген ойлары құр үміттің бұлаңы болады да шығады. Ұлық ордасының қасындағы кермеге байланған қоңыр жүйрік күндіз-түні күзетулі. Күндіз күтуші басы-қасынан ұзамайды. Түнде қой күзеткен қыз-келіншектер айнала қоршап алақанда ұстайды. Қу жігіт пен домбырашы әлденеше күн торып, ала алмайтындарына көзі жетеді. Домбырасын жастанып төмен қарап мұңайып отырған домбырашыға қу жігіт өзінің ойлап тапқан әдісін айтады. — Бөтен ел, бөтен жерде бүйтіп не марқадам табамыз. Ел жатып, қыз-келіншектер қой күзетіп шыққан кезде сен ауылдың ар жағындағы дөңге шығып домбыраңды шерте бер. Ет-жүректі елжіретіп сезімді баурап алатын тәтті күйге құмартқан қыз-келіншектер сенің қасыңа баруы мүмкін. Жолымыз боп олар сені қоршаса әдемі күйлермен айналдыр. Осы кезде мен күзетсіз қалған қоңырды жетектеп алып шығайын. Екі жігіт осыған келіседі де, ел ұйқыға кете бере бөлінеді. Қой күзетіп, қысыр әңгімемен таңның атуын күткен қыз-келіншектер күтпеген жерден төгіле шығып, бойды тербеп алған домбыра үніне құлақ түреді. Бірінен соң бірі үзіліс таппай шертілген күй даусына елегізген қыз-келіншектер жарыса тұрып домбырашы қасына барады. Домбырашы: «Көршілес ауылдың жігітімін, жоқ қарап шығып ем, жолым болмай, торыққан соң домбырамен сырласып отырмын», — дейді де күйді шерте береді. Қолайлы сәтті пайдаланған қу жігіт еппен келіп кермеде байлаулы тұрған қоңыр жүйрікті жетекке ап межелі жерге тартады. «Ендігі алып үлгірген шығарсың», — деп топшылаған күйші домбырасын қолына ап, қыздармен қош айтысып жолға түседі. Манадан тәтті күйден таусылмастай нәр алған қыз-келіншектер оралса кермедегі қоңыр жүйрік жоқ. Маужыраған тыныш түнде ұзақ үйқыда жатқан ұлық та, ауыл адамдары да «қоңыр жүйрік жоқ» — деп айнала жүгіріп шулаған қыздардың даусымен оянады. «Қайтіп айрылдыңдар?» — деген сұрауына қыздар болған оқиғаны айтып жауап береді. — Домбырашы қандай күй щертті? — дейді ұлық. – Домбырашы мынадай күй шертті, — деп күйді ұғып қалған бір қыз шерте жөнеледі. Алып қашқан ат жүрісін, аттың сұлу шабысын елестеткен күй тыңдаушыларды баурап алады. Күйді беріле тыңдап, егіліп тұрған ұлық күй біте бере басын көтереді де зор үнмен: — Қоңыр аттың шабысы мен сұлулығын аумаған қалпында қос ішекте ойнатқан домбырашы бар ма еді бұл елде?! Бар бол-

са, баяғыдан қайда жүрген ол. Бұл елдің күйшісі емес. Көршілес руда бәлен деген төренің асқан шебер домбырашысы бар деуші еді. Мынау соның күйі. Атты ұрлатқан да сол төре. Талай рет сұратқанда бермеген едім, егескен екен, — депті де отыра кетіпті. Ұлық күйініп аз отырады да, сенімді деген екі жігітін шақырып алып: — Атқа қоныңдар да, сол төреге барыңдар. Ат басындай жамбы төреге сәлемдемем. Қолекі тапсырып, сәлем беріңдер. Қоңыр жүйрікті сұрамаңдар, берсе алмаңдар, — дейді. Төре екі жігітті құрметті қонақ етіп, ұлықтың сәлемдемесін қуана алады. Екі жігіт аттанарда төре бұйымтайларын сұраса, «ұлығымыз сәлем деді» — дегеннен басқа ештеңе айтпады. Өш-араздығы, алым-берімі жоқ, бірақ қоңыр жүйріктің қолды болғанына қынжылмай сәлем жолдаған ұлыққа риза болған төре қоңыр жүйріктің қасына одан аумайтын тағы бір қоңырды қосып береді де: — Ұлықтарыңа сәлем де! Айыбымды кешкен екен мен де аяғына жығылдым. Егіздей көрінетін екі қоңыр екеумізде тұрмай біріне-бірі сән беріп сонда тұрсын! — деп қос қоңырды жетектетеді.Сөйтіп бір қоңыр ат екеу болып оралады да, ұлықтың ордасының қасындағы кермеге байланады. Бір-бірінен аумайтын қос қоңырдың пішініне, сымбатына, жүйріктігіне құмартқан күйшілер «Тел қоңыр» күйін шығарады. Күйді нотаға түсірген М.Әубәкіров.

362. ТЕПЕҢКӨК /АтаМ, 39-42-бб./. Халық күйі. Айтушы және орындаушы М. Шәутиев. Нотаға түсірген Е.Тұңғышұлы. *Күйдің аңызы:* Ертеде бір ханның қойшысы бар екен. Сол қойшы ханның жалғыз баласымен бір жаққа барып келе жатса, өзеннің жағасында жылқының басы жатыр екен. Сонда қойшы: «Мені Торыбай сыншының баласы деп кім айтады, сені көкорақ тұлпар деп кім айтады», — деп жылқының басын құшақтап жылайды. Осы уақиға жайын ханның баласы әкесіне айтып келеді. Мұны естіген хан қойшыны шақырып алып: «Сен сыншы болсаң, менің 500 жылқымның ішінен шабатын тұлпар бар ма, айқындап бер», — дейді. Қойшы ханның жылқыларын аралап, ешбір жылқыға көңілі толмай, ханға: «Сіздің жылқыларыңыздың ішінде шабатын тұлпар жоқ», — дейді. Хан қойшыға қаражатын, керек-жарағын беріп, тұлпар тауып келуін сұрайды. Қойшы шаһардан-шаһар кезіп, базарларды түгел аралап, ешбір тұлпар таба алмай, бір қойшыдан жауыр, жүні түскен қотыр тайды сатып алып ханға келеді. Хан қойшыға: «Бір айдан кейін болатын бір бәйге бар соған осы тайды қосасың», — деп бұйырады. Қойшы мақұл деп, тайды бір табын жылқыға қосып жібереді. Аска он күн қалғанда ханның баласы үйірге барып қараса, әлі сол қалпында, жауыр арық тайды қойшы мініп жүр екен. Қойшыдан: «Ханның бәйгеге қосатын тұлпарын» мініп жүргенің қалай», — десе, ол: «ханның 500 жылқысының ішінде осыдан басқа ұшығына шығатын жылқы көрмедім», — дейді. Содан бәйге болып, тепең көк бәйгені алып келеді. Сонда қойшы тепеңкөкті: «Кекіліңе болайын күлтеленген жібектей, сауырыңа болайын, түбі түскен шелектей», — деп еркелеткен екен.

363. ШЫҢЫРАУ /ККеруен 7-9-бб./. Күйді орындаған, нотаға түсірген Б.Ысқақов. «Шыңырау» аз нұсқада кездескенімен, қазақтың ең көне күйлерінің қатарына саналады. Бұлай деудің екі үлкен себебі бар: біріншіден, күйдің фактурасы, әуені (әсіресе, қобызбен тартылатын «Шыңырау») ескі; екіншіден, бұл күйдің аңызы қазақтың көне мифологиялық «Ертөстік» (қырғыздың «Ертөштік» жыры) ертегісімен толығымен сәйкес келеді. Қобызбен тартылатын *«Шыңырау» күйінің қысқаша аңызы мынадай:* бір жолаушы алыс жолдан шаршап келе жатып, айдалада тұрған жалғыз теректің түбіне жатып ұйықтайды. Шырт ұйқыда жатқан адам, қатты айғайдан шошып оянады. Қараса өзі түбінде ұйықтаған теректің бойымен жорғалап бір үлкен жылан жоғары шығып бара жатыр екен. Теректің басында құстың ұясы бар екен. Ол ұяда

шиеттей жас балапандар отыр екен. Сұмдық көріністен жаны түршіккен жолаушы ер-тоқымның алдыңғы қасында ілулі тұрған қынаптан қылышын суырып алады да жыланды ортасынан қақ бөледі. Көп ұзамай балапандардың анасы алып құс– Шыңырау ұшып келеді.

Аңыздың басқа бір нұсқасында жолаушы жыланмен Шыңыраудың алысып жатқан кезінде оянады да, Шыңырауға көмектесіп жыланды шауып өлтіреді.

Ел арасында бұл күй шыңырау құзға түсіп кеткен халықтың ауыр тіршілігін суреттейді деген де аңыз кездеседі. Қазір күйдің бірнеше нұсқасы белгілі.

364. ҚАРА ЖОРҒА /ККеруен, 68-69-бб./. Орындаған Т.Момбеков. Нотаға түсірген А.Есенұлы. *Күйдің аңызы:* Қазақ тіршілігінің көзі жылқы екені белгілі. XVIII ғасырда өмір сүрген қазақтың белгілі жырауы Ақтамберді өзінің бір толғауында: «Қыздың көркі — құлпыда, жігіттің көркі — жылқыда», — дейді. Көшпелі қазақ тұрмысы жылқы малымен тығыз байланысты. Халық даналығы жылқыны: «Қусаң жетесің, Қашсаң құтыласың, Ішсең сүт, Жесең ет, Кисең киім», — деп марапаттайды. Сондықтан, бұл қасиетті малдың әдеби шығармалардың кейіпкері (Тайбурыл, Байшұбар, Шалқұйрық, Керқұла, Қарақасқа), әннің кейіпкері (Жалаукөк, Сұржекей), күйдің кейіпкері (Бозайғыр, Бозшолақ, Бозжорға, Ақсақ құла, Торы ат, Көк ала ат) болуында ешқандай ғажап жоқ. «Қара жорға» да осы тақылеттес шығарма. Күй өзінің атынан көрініп тұрғандай жорғаның жүрісін бейнелейді.

365. АҚ БОРАН /ҚКТ, 115-116 -бб./. Халық күйі. «Ақ боран» (Қара жорға) күйінің тарихи нұсқасын Көрпебай Егінбаев деген домбырашыдан А.Затаевич нотаға түсірген. «Қара жорға» деген күйді дәл осы күйдің сазымен бірдей Л.Хамиди да нотаға түсіріп «Домбыра үйрену мектебіне» кіргізген. Кім тартқаны көрсетілмеген. Екі күйдің де әуен-ырғағы, сарын-сазы бірдей болғанымен дыбыстарында (жеке) өзгерістер бар.

366. ҚАРҚАРА /ККеруен, 66-67-бб./. Күйді бізге жеткізген Т.Момбеков. Нотаға түсірген А.Есенұлы. Бұл күйдің шағын аңызын біз музыка зерттеушісі Уәли Бекеновтің «Күй табиғаты» атты кітабынан алдық. Бұл аңыз бойынша «Қарқара» атты жерден басқа жаққа қоныс аударып бара жатқан жетім қыз бен оның анасы: «Үш Қарқара — Көк төбе, енді бізге жоқ төбе?», — деп туған жерімен қимай қоштасып жылайды. Күй осы жетім мен жесірдің зарын бейнелейді.

367. МАЙДА ЖАЛ /БӨ, 96-99-бб./. Ховд сұмындық А.Күлжіктен жазып алған. Нотаға түсірген А.Хабыкей. *Күйдің аңызы:* Қазанғап деген адамға мыңдап жылқы бітсе де, соншама жылқының ішінен небір жүйрік, небір жорға бітпепті. «Ат шаппайды, бап шабады. Қаз мойынды жүйрігі, жол жұмсатар жорғасы жоқ. Барға бағымы, малға қыры жоқ адам» — деседі екен қариялар Қазанғап туралы. Қариялардың айтқанына іштей күйінген, әрі алдына жан салмас жорға мен жүйрікті армандаған Қазанғап уайымдайды да қояды екен. Сөйтіп жүргенде бір күні оған: «Ел мені мал танымайды, — деп сөгеді. Мал танитындарды әкеп таңдатайын, қалың жылқының ішінен бірі болмаса, бірі табылар», — деген ой келеді де, ат таниды-ау деген білгіш атаулыны ертіп кеп, жылқысын жиып бір-бірден көрсетеді. Бірақ қанша адамға көрсетсе де, жорға мен жүйрік шықпайды. Қазанғап шынымен-ақ жорға мен жүйрікті маңдайыма жазбаған екен деп, торығып отырған бір күні ауылға жалбыр шапанды жігіт келе қалады. Бай үйінен орта құрсақ тамақ ішкен жігіт бай әдейілеп сұрамаған соң нендей шаруамен келгенін де, қайдан келгенін де айтпайды. Тысқа шыққан баймен ере шығып желі басына барады. Мама бие, жалды айғырлар мен желідегі құлындарға тесіле қарап тұрған жігіт бір мезетте байдан бөлініп шығып, желінің орта шенінде байлаулы тұрған сары құлынның қасына барып, ар жақ,

бергі жағына шығып, көп қарайды да байдың қасына келеді. Жалбыр шапанды жігіттің бұл әрекетіне таңданған бай одан құлынға неге қарағанын сұрайды. Сонда жігіт «Жорғаның жорғасы болатын жануар екен», — дейді. Бай қуанып кетеді де жігітті үйіне ертіп келеді, қойын сойып құрметті қонағы болдырады, құлынның жорға болатын қандай белгілері барын, күту жолдарын сұрайды. Жігіт барлығын да асықпай отырып айтып береді. Бай сары құлынды сол күннен бастап жігіттің айтуы бойынша баптап бағады. Сары құлын тай болғанда майда жалы жер сызады, құнанынан бастап, өле-өлгеніне дейін алдына шаң түсірмеген жорға болады. Қазанғап жорғасын «Майда жал» атайды. Майда жалдың жорғалауына таңданған домбырашы оны мақтап осы күйді шығарады.

368. ӨРЕЛІ КЕР (I) /БӨ, 85-86-бб./. Дәлүүн сұмындық С.Тотайдан жазып алған. Нотаға түсірген А.Хабыкей. Бұл күйдің шығу тарихы туралы екі түрлі әңгіме айтылады. *Бірінші түрі.* Бір байдың өріс тола жылқысын жау айдап кетеді. Жаудың шапқыншылары қалың жылқыны қораға айдап келгенде байдың көзі ең алдымен қамыс құлақ кері атқа түседі. Бай жал-құйрығы сүзілген, басқа жылқылардан зор кері атты ұстатады да шідерлеп бөлек баққызады. Күндердің күнінде кері аттың аяғындағы шідердің бір тиегі ағытылып кетеді де кері ат өресімен қалады. Өрелі кері ат қалың жылқы үйіріне келеді де жылқыларды бастап еліне жетеді. Жау қолында кеткен қалың жылқысын неше рет шапқыншы жіберіп ала алмаған бай кері атқа риза болады да, ел ішіндегі күйшілерді жиып кері ат туралы күй шығаруды тапсырады. Күйшілер күй атын «Өрелі кер» деп қояды да, жаңа күй шығарады.

*Екінші түрі.* Байдың жылқысын шауып алған бай кері атты шідерлеп бөлек бақтырады. Жылқы соңынан қуа келген жылқышылар жылқыны тартып алғаннан кейін кері аттың жоқ екенін біледі. Сөйтіп, екі жігітті байдың ауылын торып, кері атты алып келуге жібереді. Екі жігіт ел ішінің адамы боп ел қыдыра жүріп, байдың ауылының малын байқастап кері аттың шідерлеулі тұрғанын көреді де, ымырт жабыла атқа келеді. Кері атты жүгендеп, енді шідерін ағыта бергенде байдың қуғыншылары шу көтеріп, бұларға қарай құйғытып келе жатады. Шідерді ағытуға шамалары келмей сасқалақтаған екі жігіт шідердің бір тиегін ағытады да өрелі керге мінгесе қашады. Өрелі кер өресімен шапқанда қуғыншыларға жеткізбейді. «Өрелі кер» күйі осыған байланысты шығарылыпты деген аңыз бар.

369. ЖАЛҚЫ ЖІГІТ /ККеруен, 70-71-бб./. Орындаған Ж.Шәкәрім және күйші С.Торсықбаев. Нотаға түсірген – А.Есенұлы. *Бұл күйдің аңызы былайша өрбиді:* Қоралы жылқы біткен жалғыз жігіт жылқысын бағып жүргенде тосыннан келген жау жылқысымен қоса өзін де қолға түсіреді. Жау қолынан құтылудың амалын таппай, торыққан жігіт жаудан жылқысын аралатуды өтінеді. Жаулар жанына бірнеше бақылаушы ертіп беріп, жылқысын аралауға ұлықсат береді. Қолы байлаулы жаяу жігіт жылқыларын аралап жүріп өткен өмірін ойлап толғанғандағы толғанысы екен дейді. Бұл күй. жалғыз ұлы жау қолына түскенін естігенде шешесі мен келіншегінің зарлауы да бар мұнда.

370. АЛЫП ҚАРА ҚҰС: *а) Аңшының естіртуі; ә) Кемпірдің зары; б)Аңшының жылауы мен жұбатуы* /ЖК, 52-57-бб./. Айтушы С. Рысқұлұлы. Нотаға түсірген Б.Мүптекеев. *Күйдің аңызы:* Баяғыда кемпір мен шал мал бағыпты. Тоғыз ұлы бірінен соң бірі ес біле бастағанда, шетіней береді екен. Оныншы ұлы дүниеге келгенде, шілдехананың үстіне құдайы қонақ келіп қоныпты. Қонақ кетерінде: — Сіздің балаларыңыздың иесі алып қара құс. Сол иесіне жетпей, тіл көзден өледі екен. Бұл ауылдан жыраққа кетіңдер. Ұлыңыз ер жеткен соң ораларсыздар, — дейді. Кеткен соң: «Қонақ–Қыдыр, айтқаны жөн болар», – деп кемпір мен шал бір түнде көшіп, бір тоғайдың шетіне ба-

рып үйлерін тігіп, сонда өмір сүре бастайды. Бала үш-төрт жасқа келеді. Күндердің күнінде шал аңға шығып, жебесіне еш нәрсе ілінбей, арып-ашып қайтып келе жатса, аспаннан бір алып қара құс көрінеді. Тырнағына қыстырған қызарғаны бар. Мұны көріп шал: — Дәу де болса, сен еліктің лағын әкетіп бара жатсың ғой, — деп көздеп тұрып үш мәрте атады. Сонда құс қалықтап барып үлкен дарияның ар жағына құлайды. Шал олжаға кенелдім деп масаттанып, сал жасап дарияның ар жағына әрең өтіп, құсқа жетіп барса, қасында сұлап өзінің баласы жатады. Тасқа ұрылған алып қара құста жан жоқ. Шал жылап-еңіреп, етегі жасқа толып отырғанда, құсқа жан да, тіл де бітіпті: — Ей, аңшы, сенің ұлдарыңның көктегі иесі мен едім. Тоғыз ұлыңды елің өлтірді. Соңғы оныншы ұлды да көктегі иесінен айырдың, — деп өледі. Сонда барып шалдың есіне баяғы құдайы қонақтың сөзі түседі де, бармағын тістейді. Баласын шекпеніне орап үйіне оралады. Үйінде бәйбішесі жоқ екен. Баланы күндегі жататын орнына жатқызып қойып, домбырасын қолына алып, теріс бұрап отырғанда кемпірі кіріп келеді: «О, құдай-ай, аспаннан алып қара құс көріп, балама бірдеңе болды ма деп, өкпемді қолыма алып жүгіріп келмеймін бе? Сен неғып қабағыңды түйіп отырсың? «Таңғы нәсіп тәңірден», «Өлмегенге өлі балық жолығар». Елден, жұрттан айналайын, сәлемдеме беріп жіберді», — дегенде, шал: «Балаң өлді, бәйбіше», – деп естірту күйін тартқан екен. Күйді тыңдап бола бере кемпірі: — Әй, шал, сен мұндай күйді тартпаушы едің. Мынауың суық хабар айтып тұр ғой, — деп, жүгіріп барып шалдың шекпенін көтеріп қалғанда, ұзыннан түскен ұлы сұлық жатыр екен, домбырасын қолынан жұлып алып, «Құлыным!», «Құлыным!» деп зарлап, солқылдап, өксіп күй тарта жөнеледі...Кемпірдің күйі тым зарлы, зәрлі, ащы болып, шал да шыдай алмай домбыраны қолына қайыра алып, «Ойбай, ботам!» деп егіле тартады да, соңынан «Жылама, қатын, жылама» деп жұбату күйін шертеді... Сөйтіп, кемпір мен шал баланың өлігін көтеріп елге оралыпты. (*Ескерту:* Тағы бір нұсқасында күй соңында бала тіріліп, көзін ашып алыпты, — делінеді).

371. ҚОҢҚАЙДЫҢ ҚОҢЫРЫ (жеке мұрағаттан). Халық күйі. Орындаған Қызырбек Жанасұлы. Жазып алған Қ.Ахмедияров. Қытайда тұратын қазақтарға кеңінен тараған. Екі ішекті теріп ойнайтын бұл күйде би ырғағы да білінеді. Кейбір күйшілер түрліше дамытып орындайды. Нотаға алғаш рет түсірілді. Күймен бірге айтылатын аңызы жоқ. Қоңқай атты есімі елге тараған адамға арналғаны анық.

372. ҚҰР ОЙНАҚ (I) /БӨ, 82-б./. Күй Ж.Қасиқаннан жазылып алынды. Нотаға түсірген М.Әубәкіров. «Құр ойнақ» күйі туралы қариялар түрлі әңгіме айтады. Қайсысы рас, қайсысы өтірік ол беймәлім, бірақ екі әңгіме де құр деген ойыншыл құс туралы *Бірінші әңгіме:* құр деген құс ойынға әуес екен. Топтала жүріп ойынның қызығына бір еніп алса таңның атқанын, күннің батқанын білмесе керек. Құрдың осы ойын құмарлығына таңданған күйші «Құр ойнақ» күйін шығарыпты. *Екінші әңгіме:* тобымен жүріп кешке дейін ойнайтын құрдың ойынына қызыққан байдың бір баласы үйде де көріп отыру үшін ойнайтын жеріне тұзақ құрады.Сөйтіп, құрды бір-бірден ұстап үйіне әкеле береді. Бірақ ешбірі қолға үйренбей өле береді. Ұсталған құрдың бәрі өліп, ұсталмаған жалғыз-ақ құр қалады. Бала оны да ұстап үйіне әкеледі. Ол қолға тез үйренеді. Жемін жеп алғаннан кейін байлап қойған жерінде ойнап отыра береді. Осыған таңданған ауыл арасының күйшісі «Құр ойнақ» деп атапты бұл күйін.

373. ҚҰР ОЙНАҚ / ҚКТ, 112-114-бб./. «Құр ойнақ» күйінің бұл түрін Мәлгеждар Әубәкіров Моңғолияда жүрген сапарында ел ішіндегі домбырашылардан (кім тартқаны айтылмайды) нотаға түсіріп алған. Күй сазының құрылысы өзіндік қалыпқа түскен, қайталанбас шығарма. 446–шы түсініктемені қара.

374. САЛ КҮРЕҢ /ККӘ, 125-126-бб./. «Сал күрең» күйі туралы пәлен жерде пәлен жағдайда шығыпты немесе пәленге арналыпты деген әңгімесі жоқ. Қазақтың жылқы малына арналған көп күйлерінің бірі. Сал күрең деген өне бойында бір меңі жоқ шымқай күрең жылқыны айтады. Бұл тұқым, әсіресе, үйсін мен арғынның байларында көп шығатын болған. Ш амасы, күй осы тұқымнан шыққан жүйрік яки жорға атқа арналған. Күйдің бірнеше нұсқасы бар. Орындап, нотаға түсірген У.Бекенов.

# НОТАҒА ТҮСІРУШІ ЖӘНЕ АНТОЛОГИЯНЫ ҚҰРАСТЫРУШЫ АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

**Ахмедияруллы Қаршыға** (шын аты — Қаршымбай; 25.03.1946 ж.т., қазіргі Атырау облысы, Махамбет ауданы, «Таңдай» ауылы) — күйші-домбырашы, ұстаз, композитор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1982), ҚР халық әртісі (1991). Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетін бітірген (1967–1972). Осы оқу орнында 1974 жылдан педагогикалық қызметпен шұғылданып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. «Шашақты найза, шалқардай күй» (1983), «Шынар» (1999), «Табыну» (2000) жинақтардың авторы.

**Ахмедияруллы Хабыкей** (15.06.1924 жылы, Баян-Өлгий аймағының Бұлғын өлкесінде дүниеге келді) — зерттеуші-этнограф, композитор, дирижер, Монғолиядағы қазақтардың театр, музыка өнерінің қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосқа тұлға. Оның жинақтаған және нотаға түсірген 328 халық әні мен 120 домбыра және сыбызғы күйлері «Моңғолия қазақтарының халық әні» (1965), «Ән» (1972), «Моңғолия қазақтарының халық әндері» (1984), «Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» (1977) атты жинақтарында жарық көрді. Моңғолиядағы қазақ музыка драма театрындағы ұлт-аспаптар оркестрінде дирижерлік, жетекшілік, ұйымдастырушылық қызметінің нәтижесінде қазақ, моңғол, батыс классиктерінің 200-ге жуық шығармаларын өңдеді. Композиторлық шығармашылығында 25 ән мен 30-дай домбыра күйі бар (олар: «Бөбегім» әні, «Сарыала қаз», «Құлжагер», «Асау Күрті»).

**Бәйтенова Гүлсім Ерқанқызы** (11.06.1960 ж.т., Көкшетау қаласы) — музыка зерттеушісі. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының музыка теориясы бөлімін бітірген (1982–1987). «Көкшетау әуендері» (1993), «Өртеңге өскен қызғалдақтар» (1995), «Духовное наследие казахского народа» (1999) ғылыми зерттеу жұмыстарының және бірнеше ғылыми-теориялық мақалалардың авторы.

**Бекхожина Талиға** (11.12.1919 ж.т., қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ. — 17.09.1995 ж. Алматы қ. қ. б.) — музыкатанушы, музыка фольклоршысы, әнші. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. Еңбектері: «Қазақтың 200 әні» (1972), «Қазына» (1979), «Шәкәрім» (1989), «Даланың назды саздары» (1996).

**Ерзакович Борис Григорьевич** (30.05.1908 ж.т., қазіргі Астана қ., — 02.05.1997 ж. Алматы қ.қ.б.) — музыка зерттеушісі, композитор, педагог, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, өнертану докторы, ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі. *Еңбектері:* «Творческие связи казахской и русской музыки» (1962), «Музыкальное искусство Казахстана» (1962), «Песенная культура казахского народа» (1966), «В созвездии музыкальных культур» (1978), «Музыкальное наследие казахского народа» (1979), «У истоков казахского музыкознания» (1987), «Қазақ халқының ғашықтық әндері» т.б. (1994).

**Жайымов Айтқали Тілепқалиұлы** (05.05.1974 ж.т., қазіргі Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қ.) — күйші-домбырашы, композитор, дирижер, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері (1994). 1978 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетін бітірді. «Домбыра үйрену мектебі» (1990), «Шалқыма» (1996), «Шаттанамын» (1996). А.Жайымов ән-күй шығарумен де айналысады. Оқу-әдістемелік жинақтардың авторы.

**Жанұзақова Зәуре Бейсенқызы** (25.03.1932 ж.т., — Тәшкент қ.) — музыкатанушы, фольклоршы. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік консерваториясының теориялық-композиция факультетін бітірді. *Еңбектері:*

«Қазақтың аспап музыкасы» (1964), «Туған өлке» (Ғали Дүйсеновтың әндері) (1975), «Казахский музыкальный фольклор» жинағының бөлімдерін дайындаған (1982) т.б.

**Жарқынбеков Мұсабек** — 1954 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында дүниеге келген. Қобызшы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері. Қобыз өнерін насихаттаушылардың бірі, күйлерін Нышан Шәменұлынан жазып үлгерген. Ол туралы автор былай дейді: «1975 жыл июль айында, фольклоршы Мардан Байділдаев академик Әлкей Марғұланның жөн сілтеуімен Нышан ақсақалды іздестіріп тауып, күйші қазынасын алғаш рет магнитофонға жазып алды. Күйшіге қобыз тарту етеді. Мардан Байділдаев магнитофонға жазып алған Қорқыттың күйлерін үйреніп, нотаға түсіру үшін Мұсабек Жарқынбековке берген. Нышанның қобыз ойнау стилінің өзгешелігінен, нотаға жазуға келмейтін тосын дыбыстардың көптігінен бұл күйлерді үйреніп, нотаға түсіру өте қиын болды. Сондықтан ол Нышан қобызшының ойнау шеберлігі мен саз шақыру құпияларын көзбен көріп, құлақпен есту үшін арнайы іздеп барып, күйлер мен аңыздарын жазып алды. М.Жарқынбеков қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан облысы концерттік бірлестігінің көркемдік жетекшісі әрі халық аспаптары оркестрінің бас дирижері. Шымкент қаласындағы әл-Фараби атындағы Гуманитарлық институтының халық сазы кафедрасының меңгерушісі, профессор. *Жарияланған еңбектері:* Жарқынбеков М. Ғасырлар үні /Қылқобыз үйренушілерге арналған методикалық оқу құралы. — Шымкент, 1986. — 43-бет.; Қорқыт. Елім-ай: Күйлер/ Кіріспе, түсініктемелер, күйлерді нотаға түсірген, редакциялаған М.Жарқынбеков — Алматы: Өнер, 1987.- 48-бет.

**Жұмабекова Лаура Әбдіманапқызы** — (11.08.1975 ж. Алматы қаласында туған) — этномузыка танушы. 1982-1993 жж. К.Байсеитова атындағы республикалық музыка мектебінде оқыды. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының теория тарихы факультетін бітірген (1993–1998). *Жарияланған мақалалары*: «Қазақ халқының көне қобыз дәстүрі» //II Әуезов оқулары (Жас ғалымдардың II халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары). — Алматы: «Academia» баспасы, 2004. — 264-б. Қазіргі кезде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспиранты, «Қазақтың дәстүрлі қобыз өнері» тақырыбын зерттейді.

**Затаевич Александр Викторович** (20. 03. 1869, Болхов, қазіргі Орел облысы — 06.12.1936 ж. қ.б., Мәскеу қ.) — орыс музыка этнографы, композитор, ҚазКСР-нің халық әртісі (1923). 1886 ж. Орел қаласындағы әскери гимназияны бітірді. 1904-1915 ж. Варшава консерваториясы жанынан шығатын "Варшавский дневник" газетінің музыкалық редакторы. 1915 ж. Москва мен Петербург қалаларында болды. 1920 ж. Қазақстанның орталығы Орынборға келді; қазақтың музыкалық фольклорын жинап, оларды нотаға түсіріп, жүйелеуде үлкен қызмет атқарды. Ол қазақтың профессионалдық музыкасының ("Қазақ музыкасы" атты фортепьянолық шығармалары) негізін салушылардың бірі. 1925–27 ж. фортепьянолық пьесалар циклін жазды. 1930 ж. жазған "Балқаш құрылысы" (сөзі С.Мұқановтікі) – Кеңес тақырыбына жазылған тұңғыш әндердің бірі. Бұл әнінде Затаевич қазақ музыкасының интонациялық үндерін сәтті пайдалана білді. Ол Абай, Құрманғазы, Жаяу Мұса, Біржан, Мұхит, Дәулеткерей, Үкілі Ыбырай, т.б. халық композиторларының шығармашылығына бірінші болып талдау жасап, баға берді. "Қазақ халқының 1000 әні" (1925, 2-басылымы, 1963) және "Қазақтың 500 ән мен күйлері" (1931) атты жинақтар шығарды. Сондай-ақ, ол қырғыз, татар, ұйғыр, дүнген, т.б. халықтардың музыкаларын да жинады (Песни разных народов, А.-А., 1971). Затаевич бұл еңбектерімен халық музыкасына ғылыми тұрғыда қараудың, онымен терең шұғылданудың негізін салды. Сөйтіп, Қазақстанда музыкалық фольклорлық туындыларды жинау дәстүрі қалыптаса бастады. Композиторлар А.Қ.Жұбанов,

Е.Г.Брусиловский, Б.Г.Ерзакович, Д.Д.Мацуцин, М.Төлебаев, Л.А.Хамиди нотаға түсірген халық ән-күйлері мен қазақ музыкалық этнографиясын одан әрі дамытты.

*Шығармалары:* "Казахские песни в форме миниатюр, для фортепьяно" (пять серии, 75 пьес), М., 1925-28; "Песни Казахстана" (20 пьес для фортепьяно), М., 1932; "Песни казахстанских татар", М., 1932; "250 киргизских инструментальных пьес и напевов", М., 1934. *Әдебиеттер:* Ерзакович Б.: Собиратель и исследователь казахской народной музыки, "Изв. АН. КазССР. Сер. филологии и искусств", 1954, вып. 1-2; его же: "Выдающийся собиратель казахских песен и кюйев" в книге "Музыкальная культура Казахстана", А.-А., 1955.

**Қазтуғанова Айнұр Жасағанбергенқызы** (17.09.1979 ж.т., Қызылорда облысы, Арал қаласы) — музыка зерттеуші. 1990–1997 жж. А.Жұбанов атындағы Республикалық музыка мектеп-интернатында оқыды. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын музыка зерттеуші және педагог мамандығы бойынша бітірген (1997–2002). 2002 жылдан бастап М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкер міндетін атқарады. *Жарияланған мақалалары:* «Қазақтың күйшілік өнеріндегі арнау күйлері» // II Әуезов оқулары (Жас ғалымдардың II халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары). — Алматы: «Academia» баспасы, 2004. — 264-б.; «Науайы күйлерін зерттеу мәселесі» // Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі өнері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. — Алматы: «Үш қиян», 2004. — 688 бет.

**Қарақұлов Болат Ишанбайұлы** – 1942 жылы Алматы қаласында дүниеге келген, өнертану ғылымдарының докторы, профессор. Мәскеу консерваториясын (1967) бітірген. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспиранты, кіші ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі (1970–1989 және 1994–1998 жж.). Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының кафедра меңгерушісі, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры (1989–1998 жж.) болып қызмет атқарған. Қазір осы консерваторияның профессоры. *Жарияланған еңбектері:* «Асыл мұра» (Алматы, 1989 ж.) этнографиялық жинағына енген мақаласы, әуен жөніндегі «Симметрия музыкальной системы» атты монографиясы. Автордың көптеген мақалаларының ішінен «О перспективах развития музыкальной тюркологии в Казахстане» («Известия НАН РК», 1995 г., стр. 54-59), «Музыкальная письменность и современная музыкальная культура» (Журнал: «Рух-Мирас», 2004 г., №2, стр. 78-90), т.б. деп аталатын ғылыми-теориялық еңбектерін бөліп көрсетуге болады.

**Қоспақов Зейнұр Қоспақұлы** (шын аты — Зайнақұл; 20.12.1932 ж.т., қазіргі Жамбыл облысы, Қордай ауданы, «Қарасай» ауылы) — музыка зерттеушісі, фольклоршы, өнертану ғылымдарының кандидаты (1969), ҚР мәдениет қайраткері (2002). 1973 жылдан Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі. *Еңбектері:* «Әнші тағдыры» (1971), «Жаяу Мұса» (1977), «Қазақ музыкасының тарихнамасы» (Б.Г.Ерзаковичпен бірге, 1986), «Ақсиса» (1985), «Сыр тартсаң тарихынан әншіліктің» (1996); «Қазақтың әншілік өнері» (1998), т.б.

